

**Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу
Университеті**

**Е.А. ТУРКЕБАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ ИНСТИТУТЫ
ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ**

**Казакский Национальный Исследовательский Технический университет имени
К. И. Сатпаева**

**ИНСТИТУТ УПРАВЛЕНИЯ ПРОЕКТАМИ ИМ. Е. А. ТУРКЕБАЕВА
КАФЕДРА ОБЩЕСТВЕННЫХ ДИСЦИПЛИН**

**Kazakh National Research Technical University named after
K. I. Satpayev**

**E. A. TURKEBAYEV INSTITUTE OF PROJECT
MANAGEMENT
DEPARTMENT OF SOCIAL DISCIPLINES**

«РУХАНИ ӘЛЕМ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ – ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОҒАМ» атты
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық
жаратылыстану ғылымдары академиясының, ҚР педагогика ғылымдары академиясының,
Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі
Ұлықпан Есілханұлы Сыдықовтың мерейлі 75 жасқа толуына арналған
10.01. 2023 ж.

«ДУХОВНЫЙ МИР И ИНФОРМАЦИОННО – ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБЩЕСТВО»
Материалы республиканской научно-практической конференции посвященной
75-летию заслуженного деятеля Казахстана, доктора философских наук,
профессора, академика Национальной академии естественных наук РК, Академии
педагогических наук РК, Международной академии информатизации
Улыкпана Есилхановича Сыдыкова

«SPIRITUAL WORLD AND INFORMATION TECHNOLOGY SOCIETY»
materials republican scientific and practical conference dedicated to the 75th anniversary of the
Honored Worker of Kazakhstan, Doctor of Philosophy, Professor, Academician of the National
Academy of Natural Sciences of the Republic of Kazakhstan, Academy of Pedagogical Sciences
of the Republic of Kazakhstan, International Academy of Informatization
Ulykpan Yesilkhanovich Sydykov

АЛМАТЫ 2023

**УДК 60
ББК 3
Р87**

**Под общей редакцией к.ф.н., профессора
КазНИТУ им. К.И.Сатпаева
К.Т.Анасовой**

Редакционная коллегия:

Д.И.Салкынбек., А.С.Мургабаева (отв.секретарь оргкомитета),
С.И.Манапова (отв.секретарь сборника).

«Рухани әлем және ақпараттық – техникалық қоғам»= Духовный мир и информационно– техническое общество= Spiritual World and Information technology Society:мат-лыресп.науч.-прак.конф.- Алматы: КазНИТУ, 2023.-234 с. Каз, Рус.

ISBN 978-601-323-361-1

В сборник вошли научные статьи казахстанских ученых, подготовленные на основе докладов, заслушанных на республиканской научно-практической конференции. Организатором конференции выступила кафедра общественных дисциплин Сатпаевского университета. В статьях освещены актуальные проблемы духовного мира и информационного, технического общества, а также инженерной мысли и глобализации, информатизации и национального воспитания. Издание рассчитано на научных работников, преподавателей ВУЗов, студентов, магистрантов, докторантов.

Материалы, публикуемые в сборнике, не обязательно отражают точку зрения редакционной коллегии. За достоверность и содержание публикуемых материалов ответственность несут авторы статей.

**УДК 60
ББК 3**

ISBN 978-601-323-361-1

© Satbayev University 2023

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Ұлықпан Есилханұлы Сыдықов өзінің алтын ұясы, білім алған өсіп өркендеген, қызмет істеген қасиетті, киелі орны, еліміздің жоғарғы техникалық білімінің қара шаңырағы Қаныш Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің өсіп өркендеу жолына, бүгінгі келбетіне, осы білім ұясынан ұшып шығып, еліміздің әлемдік деңгейге көтеріліп күш-қуатының артуы жолында тер төгіп келе жатқан тұғырлы тұлға. Қазақтың ұлттық рухының асқақтауына үлес қосқан, ел мақтанышына айналған, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеп қарайтын ардақты ағамыз Бүгінгі мерей тойыңыз құтты болсын! Мың жасаңыз! Шәкіртке берер ұстаздық тәліміңіз таусылмасын!

Ұлықпан Есилханұлы сегіз қырлы бір сырлы азамат. Зиялылығы бір төбе болса екінші бір жағы дүниежүзіне әйгілі «Дос-Мұқасан» ансамблінің негізін қалаушылардың бірі. Ұлықпан Сыдықов «Қазақ эстрада аңызы» деген атаққа ие болған адам. «Дос-Мұқанның» бүгінгі дейінгі орындап келе жатқан әндерінің көбінің сөзін жазған Ұлықпан аға «Той жыры», «Әсем жұлдыз», «Алау сезім» Бір ғана «Той жырының» өзі қазақ жастарының арасында әлдеқашан махаббат гимніне айналған..

Ұлықпан Есилханович жан-жақты адам. Мұны мен тектіліктің белгісі деп білемін. Атам қазақ «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуалайды» деп бекер айтпаса керек сірә.

Жәутіков Бахыт Ахатұлы
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің
Басқарма – мүшесі, оқу ісі жөніндегі проректоры

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

Мейірбаев Б.Б.
ҚазҰУ доценті, фил.ғ.к.

Ұлықпан Сыдықовтың ғылыми еңбектеріндегі руханият және технократия: қабысуы мен қайшылықтары

Қ. И. Сәтбаев университетінде 10 жылдан астам уақыт дәріс беру кезінде инженерлік техникалық бағыттағы студенттермен алғашқы танысу мен «Философия» курсының әлқиссасы әдетте философияның «технарларға» не үшін керектігін түсіндіруден басталатын. Одан бері 20 жылдан астам уақыт өткенімен технократиялық ойлау үрдісі мен рухани-гуманитарлық құндылықтарды дәріптеу мәселесі күн тәртібіндегі өзектілігін жоғалтпай отыр.

Тар мағынасында технократия (гр. techne – кәсіп, өнер, шеберлік және kratos – билік) тұтас қоғамды ғылыми-техникалық ұтымдылық қағидаларымен басқаруға болады деп тұжырымдайды. Ол қағидаларды жүзеге асырушылар ретінде инженер-техник ғалымдардың қолына билікті беру керектігін айтады. Бүгінгі ақпараттық қоғамда біз бигдата болсын, смарт технолгия болсын ғылыми-техникалық өркениеттің қажеттілігін, шынайы болмыс пен виртуалды кеңістіктің етене араласуының өмір талабы екенін түсіне отырып, және бұл жағдайды барынша адами басымдылықтарға тиімді студия жолдарын қарастыру заман талабы екені сөзсіз.

Әрине Басқарудың технократтық нысанын енгізудің артықшылықтары орасан зор:

Барлығына кепілдендірілген тауарлар мен қызметтерді тұтынудың жоғары және үнемі өсіп отыратын деңгейі болсын, Білімнің жоғары деңгейі, адамдардың бейімділігі мен ұмтылыстарын ескеру, Денсаулық сақтаудың жоғары деңгейі болсын, Ауыр физикалық еңбекті жою, жұмыс уақытын қысқарту және демалу мүмкіндіктерін кеңейту және сол сияқты...

Алайда бұл құбылыстың, философиялық талдаудағы секілді, өмірдегі кез келген феномен тәріздес екінші жағы бар – ол технократиялық ойлау үрдісі. Қоршаған орта мен табиғатқа деген тұтынушылық әрекет. Бұл қазіргі саяси өмірге тән демагогия емес. Бұл сайлауалды бағдарлама емес, жарнама емес. Өкінішке орай – бұл қазіргі қоғамның ащы шындығы.

Өйткені, компьютерленген және роботтық техникаланған қоғамға тиімді шешімді математик, программист, экономистер ғана қабылдауға құзырлы. Философияның, жалпы жоғарғы білім беру жүйесі дайындайтын техникалық интеллигенцияны машина тәрізді біртекті, жүйелі, догматты ойланады, түпкі мұраттары – бәсекеден жеңу, байлыққа жету секілді басымдылықтар мен ұстанымдардың жетегінде қалыптасып жатқан қоғамдық құндылықтар қалыпты жағдайға айналуға. Адам машина іспеттес белгілі бір іске мамандануы, өз қызметін механизациялауы, ал ақпараттық технология мен өзін-өзі жетілдіретін смарт-жүйелер әлеуметтік мәселелердің шешілуін және рухани жаңаруды қамтамасыз етеді деген ұстаным өмір шындығы болып бара жатыр. Технократтық ойлау типі саясаттың болсын, қоғамның кез келген басқа саласында болсын этикалық-рухани өлшемдерін ескермейді, мәдениеттің, өнердің, рухтың маңызын жоққа шығарып, гуманизмге жат қылықтарға негіз жасайды. (1Қазақ энциклопедиясында)

Ұлықпан Еселханұлы, өзінің «Егемен Қазақстанға» Ғылым биігіндегі беделді із Атты сұхбатында: «Адам да, техника да – табиғаттың туындысы. Ал табиғат қисын мен заңдылыққа толып тұр. Симметрия және гармония – сұлулық. Объективті заңдылық адамның санасынан тысқары. Қардың жауып, аяздың болуын ешкім басқара алмайды, тек көріп, сезінген соң ғана жылырақ киініп қамданамыз. Адам, соның ішінде қазақ –

табиғаттың төл баласы. Біз кейінгі ғасырларға дейін табиғаттың бір бұтағы сияқты өмір сүріп келдік. Біздің керемет рухани дамығанымыз, шешен сөйлеуіміз, сөзге тұруымыз, ұлттық қадір-қасиетіміздің бәрінің арғы жағында табиғатпен етене жақындығымыз тұр. Техникаға келсек, оны жасайтын адам. Ал техника тек қана заңдылыққа бағынады. Руханилық та белгілі бір дәрежеден кейін табиғаттан қол үзеді де, өзінің жеке заңдылығына бағынып кетеді. Руханилық техникамен ұштасқан кезде арасынан келісім де шығады, қайшылық та шығады.»

Профессор Сыдыков технократия мен руханилықтың өзара үйлестірудегі ізденістері студенттік кезден бастау алып «Автоматика және есептеу техникасы» факультетінің 2-курсы студенті кезінде ғылыми конференциясында «Ойлау жүйесін модельдеу» деген тақырыпта республикалық бәйгеден бірінші жүлде алған, кейінірек Мәскеуде өткен Бүкілодақтық бәйгеден жүлделенген баяндамасынан бастау алғандай. Екі бірдей үлкен бәйгеден жеңіс сыйлаған осы баяндама ҰЕ болашақ тағдырымның бағытын анықтады.

Техника мен руханилықтың үйлесімді дамуының отандық мәдениетке қосқан айқын үлесі – біздің «Дос-Мұқасан» вокальды-аспапты ансамблі!

Ал отандық ғылым мен білім беру саласындағы бұл бағыттағы сіңірген еңбегіңіз, тәрбие ісі мен қоғамдық жұмыстарда үлгі жолыңыз да өзгелерге өнеге. Іргелі зерттеушілігіңіздің нәтижесінде жазылған 9 монография, әрсалалы 20-дан астам оқулық, 11 брошюра сынды 350-ден астам ғылыми-публицистикалық, оқу-әдістемелік еңбектеріңіз жарық көрді. Академик Д. Кішібековпен бірігіп, мемлекеттік тілде алғашқы «Философия» оқулығын шығардыңыз. Бұл жерде атап өтетін жәй Досекеннің сізді аспирантураға шақырып, сіздің философияға деген қызығушылығыңызға ерекше екпін бергенінде: «Сен математиканы да, физиканы да, әдебиетті де, тарихты да, дәстүрді де, салтты да, бәрін де білетін жігіт екенсің. Бұл өте керемет. Екіншіден, сен техниканы оқыған мамансың. Таза философияны оқығандар шеңберден шыға алмай қалады. Басқа салаға тісі батпайды. Әлемде даңқы жер жарған атақты философтардың бәрі басқа мамандықты игергендер. Техниканың аты озып бара жатқан заманда, техника мен руханилықтың арасын зерттейтін маман жоқ, ақылымды тыңдасаң, сен осы салада ізденіп, жұмыс істе», деген бата тілегі осы күнге дейін Сіздің руханият пен техниканың арасындағы проблемаларды күні бүгінге дейін зерттеулеріңізге рух беріп отыр деп ойлаймын.

Бүгінгі көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымының докторы, профессор, ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Педагогика ғылымдары академиясының академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі. «Қазақ эстрадасының аңызы» халықтық атағының иегері, Қазақстан шығармашылық академиясының мүшесі, Мәдениет қайраткері Сыдыков Ұлықпан Есілханұлының туғанына 75 жыл толуына орай өтіп жатқан «Рухани әлем және ақпараттық – техникалық қоғам» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, ағамыз бастаған өзекті руханият және технократия мәселесін шешуде жаңа с.

УДК 32
МРНТИ 11.01

Нұрғалым К.С.
с.ғ.к. кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Халықаралық
құқық кафедрасының доценті, Алматы қ.

Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану саласындағы халықаралық
ынтымақтастық

Жиырма бірінші ғасырдың басында қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) азаматтардың қоғамдық санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оларда мемлекет органдарды және қоғамдық ағзаның жасампаз және жойғыш күші болады. БАҚ аудиторияны біріктіріп, оны ажырата алады. Бұқаралық ақпарат құралдары кең аудиторияны және әрбір тұлғаны әлеуметтік шығармашылыққа тарта отырып, талқылауға өткір мәселелер мен әртүрлі көзқарастарды ұсына отырып, азаматтық қоғамды қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұқаралық ақпарат құралдары көпшілік сипатқа ие, яғни бәріне қатысты және бәріне қажеттілік қасиетіне ие қоғам дамуы ақпаратты жылдам алуынан көрінеді. БАҚ – арнайы ақпараттың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер. Бұқаралық ақпарат құралдарын – төртінші билік деп айтсақ да болады. Оның еркіндігі адам бостандығындағы маңызды алғы шарт яғни қоғамның және мемлекеттің жоғарғы құндылығы. Себебі, бұқаралық ақпарат еркіндігінсіз, сөз еркіндігінсіз азаматтық қоғамды елестету, мүмкін емес. Біз тәуелсіз қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі мен демократия үшін маңыздылығын зерделеуге тиіспіз.

Бұқаралық ақпарат құралдарының мақсаты, бұл елде және шетелде болып жатқан оқиғаларды қоғамға нақты және кедергісіз ақпарат беруі. Әрине, қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдары болуы және оның жұмыс істеуі әрбір демократиялық мемлекеттің қажетті элементі. Ең алдымен, БАҚ - халық пен үкіметтің арасындағы байланысты ұйымдастырушы. Одан соң, баспасөз қоғамның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге жылдам үн қосып отыруы. Осы арқылы заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерінде өзара құбылмалылық жөнінде халықты хабар етеді. Оның қызметінің негізінде болып кеткен, болып жатқан, және алдағы уақытта болатын әлеуметтік өзгерістер жөніндегі тәжірбиелі түсінік алынады, және қоғамдағы өзгерістерге нақты көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

XX ғасырға тән "ақпараттық жарылыс" деп аталатын тұжырымды кездестіруге болады, бұл заңгерлерді халықаралық құқық тобының ерекше саласына трансшекаралық ауқымда бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануды реттейтін халықаралық-құқықтық нормалар тобын бөлу мәселесін алдына қойды. Ауқымды түрде әлі де "халықаралық бұқаралық ақпарат құқығы" "халықаралық ақпараттық құқық" "бұқаралық коммуникация құқығы" және т. б. ұғымдар туралы мәселелер талқыланады. Кез келген жағдайда нормативтік материалдың көптігі және заңгерлердің халықаралық қатынастардың осы саласында қолданылатын арнайы қағидаттарды тұжырымдауға талпыныстары халықаралық құқық саласының қалыптасуын куәландырады.

Ақпараттық кеңістіктің құқықтық жағдайын, жеке адамдардың оны қолдану тәртібін реттейтін халықаралық-құқықтық принциптер мен нормалар шартты түрде халықаралық ақпараттық құқық деген терминге ие кешенді институт болып табылады. Ақпараттық саланы заманауи түсіну ақпараттық қоғам тұжырымдамасымен тікелей байланыстырады - «постиндустриалды қоғам-ақпарат пен білім бірыңғай ақпараттық кеңістікте көбейтілетін өркениетті дамытудың тарихи кезеңі ретінде. Ақпараттық қоғам өндірісінің басты өнімдері ақпарат пен білім болып табылады» [1].

Бүгінгі қоғам жағдайындағы БАҚ-тың қызметі қоғамды тек әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттандырумен ғана шектелмейді, бұқаралық санаға арналған әлеуметтік ұстанымдарды қалыптастырудан басқа, айтарлықтай кең қаралады, олар саяси жарнаманың қызметін де атқарады. Ғылыми әдебиетте халықаралық ақпараттық құқық мәнін біркелкі түсінігі жоқ, ал терминнің өзі орнықты болып табылмайды. Алайда, бұл оның теориялық мағынасының маңыздылығын ешбір түрде азайтпайды, ал бұл мәселе бойынша пікірталастың практикалық мәні басқалармен қатар оны оқу пәні ретінде оқытудың қажеттіліктерімен анықталады. Халықаралық ақпараттық құқықты кодтау туралы аз дәрежеде айтуға болады, бұл халықаралық құқықтың осы серпінді дамып келе жатқан кешенді саласының ерекшеліктері салдарынан таяу болашақта екіталай болып

табылады. Осы саладағы халықаралық-құқықтық нормалардың жиынтығына саланың мәртебесін тану үшін жеткілікті қасиеттердің болуы туралы мәселе практикалық мәнге карағанда жалпы теоретикалық мәнге ие.

Соңғы уақытқа дейін, ғалым-құқықтанушылармен ақпараттық құқық мемлекетішілік құқық шеңберінде құқықтықтың дербес саласы ретінде танылмаған. Мәселенің тарихы өз тамырымен құқықты жүйелендіру және кеңестік құқықтық ғылымда белсенді жүргізілген құқықтың «кешенді саласы» туралы пікірталас құқықтың жаңа бағытта дамуына алып келді. В.К.Райхердің еңбектерінде алғаш рет ұсынылған құқық салаларын негізгі және кешенді құқықтарға бөлу тұжырымдамасы жалпы кеңестік құқықтық ғылыммен позитиві қабылданған болатын [2, 112б.].

Бұл теория одан әрі дамуды А. А. Красавчиковтың [3, 64-65 бб.] және С.С.Алексеевтің [4, 44-46 бб.] еңбектерінде орын алды. Алексеев С. С. құқық жүйесін саланың үш түрі – бейіндеуші, арнайы және кешенді салалар ретінде қарастыруды ұсынды. Кешенді саланы «құрастырудың» ерекшеліктерін анықтай отырып, аталған ақпарат «кешенді білім беруге кіретін заңды нормалар өзінің бастапқы кездерінде негізгі құрылымда, негізгі салаларда қалады және оларға тиісті негізгі салалардың жалпы ережелері қолданылады. Екінші құрылымға олар барлық уақытта, мысалы, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбек құқығы нормалары бола отырып кіреді, талдай келе құқықтық мемлекеттің негізі қалыптасады»[5, 110 б.].

Халықаралық еңбек бөлінісі ғылым, экономика, мәдениет және өнер саласындағы әр түрлі мемлекеттердің халқы арасында ақпарат алмасумен қатар жүреді. Шет мемлекеттердің тұрғындарына арналған ақпарат, үкіметтердің мемлекеттік тетіктерді пайдалануы арқылы ұйымдастырылған тәртіппен жүзеге асырылады. Бұқаралық ақпарат құралдары дүниежүзілік ауқымда қоғамдық пікірді қалыптастыру құралына айналады.

Қазіргі заманғы тарихи жағдай екі әлемдік қоғамдық жүйенің қарсы тұруымен сипатталады, оның процесінде БАҚ – ты халықаралық дәрежеде пайдалану салаларында қарама-қайшылықтары айқын көрінеді. Әрбір халықтың мәдениеті басқа халықтардың мәдениетімен байланысты қалыптасатындықтан, халықаралық байланыссыз мәдениеттің өткенін және болашағын елестету мүмкін емес. Оның жетістіктерімен алмасу адамзаттың әлеуметтік дамуына ықпал етеді. Сондықтан халықаралық қатынастардың маңызды бөлігі мәдениет саласындағы ынтымақтастық пен алмасулар болып табылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 19 бабында « Әр адам наным-сенім бостандығына және өз көзқарасын еркін білдіруіне құқығы бар; бұл құқық өз наным-сенімін кедергісіз ұстану еркіндігін және мемлекеттік шекаралар тәртібіне тәуелді болып қалмай, ақпараттар мен идеяларды еркін іздеп, кез-келген құралдар арқылы тарату бостандығын да қамтиды»[6,144б.] делінген. Көптеген ғалымдар еркін сөйлеу мүмкіндігі – адамның табиғи құқығы деп санайды. Басқаша айтқанда, табиғаттан берілген және жеке тұлғаның ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл декларация қазіргі күні де, адам құқығын жаппай құрметтеудің негізгі құжаты болып табылады. Декларация, негізінен, халықаралық келісімнің міндеттеу күшіне ие емес. Бірақ халықаралық құқықты орындамау санкциясының болмауына қарамастан, әдет-ғұрыпқа негізделген қайнар көзі мәртебесіне ие.

Сөз бостандығы құқығының табиғилығы әсіресе XVIII ғ. неміс және француз ғалымдарының философиялық тұжырымдамаларында ерекше атап көрсетілді. Олар мұндай құқықтарға ие болу барлық азаматтардың заң алдындағы формальды-заңдық теңдіктерін білдіреді деп ойлаған. Англияда және Австралияда, мысалы, сөз бостандығы құқығы соншалықты табиғи деп санағаны, бұл елдерде қағазда жазылған кепілдіктер жоқ. Ұлыбританияда да БАҚ туралы жалпы заң жоқ, өйткені сөз бостандығы адамның табиғи құқықтарының бірі болып табылады және көзқарастар мен пікірлердің ашық білдіруіне автоматты түрде қолданылады. Сонымен қатар, жекелеген нормативтік актілерді енгізу арқылы сөз бостандығын шектеуді қоюға рұқсат етілген деп саналады. Бұл шектеулер

жоғары мемлекеттік мүдделермен немесе журналистердің жеке өмірге араласуын шектеу қажеттілігімен және т.б. талап етіледі [7, 78 б.].

Әлеуметтік маңызы бар оқиғаларды хабарлау немесе белгілі бір көзқарастарды насихаттау мәселелерін қарастырғанда хабарлау мен насихат арасындағы ұқсастықтар мәселесі туындайды. Халықаралық қатынастардағы БАҚ-тың рөлі туралы көптеген көзқарастар мен пікірлер бар, бірақ халықаралық-құқықтық құжаттардың бірде бірінде хабарлау мен насихаттаудың ерекшеліктері туралы, халықаралық қауымдастық сынға алған насихат үшін жауапкершілік туралы да ешнәрсе айтылмаған. Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы БҰҰ БА қарары болып табылады және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактісіне қарағанда кепілдемелік сипатқа ие. Адамның ақпарат еркіндігіне деген құқығын анықтағанда Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 19 және 20 ережелеріне көз жүгірту қажет. Бұл келісімді бірнеше мемлекеттер ратификациялаған жоқ, ал басқа мемлекеттер ақпарат алу құқығы туралы 19 және 20 баптарға қатысты түсінік берді. Дегенмен, ақпарат алуға «шексіз» құқық беретін ішкі заңдар көбіне шындыққа жанаспайды. Себебі, әрбір мемлекет өз аумағында таратылатын ақпараттың мазмұны мен таратылу тәртібін қажетінше қадағалап, реттейді. Алайда, халықаралық құқықтың мақсаты күшіне енген заңдардың жалпы ережелерін жасап оларды топтастыру болып табылады.

Одан кейінгі өз пікірін білдіру еркіндігін одан әрі дамыту адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенцияда алынды, оны әзірлеу 1949-1950 жж. Еуропа Кеңесі жүргізді және 1950 жылғы 4 қарашада қол қоюмен аяқталды. Осы конвенцияның 10-бабында : «Міндеттер мен жауапкершілік жүктейтін осы бостандықтарды жүзеге асыру тәртіпсіздік пен қылмыстың алдын алу, денсаулық пен имандылықты қорғау, басқа адамдардың беделін немесе құқықтарын қорғау, құпия алынған ақпараттың жария етілуін болдырмау немесе сот төрелігінің беделі мен әділдігін қамтамасыз ету мақсатында Заңда көзделген және демократиялық қоғамда мемлекеттік қауіпсіздік, аумақтық тұтастық немесе қоғамдық тыныштық мүддесінде қажетті формальдылықтармен, шарттармен, шектеулермен немесе айыппұл санкцияларымен ұштастырылуы мүмкін» делінген.

Бұл жерде бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің заңдылығы, ішкі заңнамалардың халықаралық нормалар мен талаптарға арақатынасы, азаматтық қоғамдардың даму деңгейі және жалпы құқықтық мәдениет туралы мәселе туындайды. Бұқаралық ақпарат құралдарының заңнамалық базасын қарастырмас бұрын «бұқаралық ақпарат» ұғымына анықтама беру қажет. Қазақстан Республикасының заңнамасында «бұқаралық ақпарат» ұғымы «тұлғалардың шектеусіз топтарына арналған баспа, дыбыс-бейне және өзге де хабарлары мен материалдары», ал «бұқаралық ақпарат құралының өнімін тарату – мерзімді баспасөз басылымдарын сату (жазылу, жеткізу, үлестіру), радио - телебағдарламаларды эфирге шығару, кинохроникалық бағдарламаларды көрсету және интернет - ресурстарда ақпаратты орналастыруға құқы бар делінген.

Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануды халықаралық-құқықтық реттеу тәжірибесін талдау екі көзқарас тұрғысынан қызығушылық тудырады. Біріншіден, осы саладағы қолданыстағы шарттық қатынастар бұқаралық ақпарат құралдарын халықаралық пайдаланудың жалпы қағидаттарын тұжырымдау мүмкіндігі мен орындылығы туралы мәселені анықтау үшін мұқият зерделенуге жатады. Екіншіден, осы саладағы шарттық қатынастардың қазіргі жай-күйін білу. Әзірге халықаралық келісімдермен тікелей реттелмейтін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану түрлеріне ұқсас жекелеген нормаларды қолдану үшін қажет. Бұқаралық ақпарат саласындағы халықаралық қатынастарды реттеу бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланудың техникалық шарттары, материалдардың мазмұны және халықаралық ақпарат алмасу сияқты негізгі мәселелерге қатысты. Ол халықаралық қатынастарда үйлестіруші функцияны орындайды. Оның нормалары арқылы мемлекет өзара қарым-қатынастардың түрлі салаларында жалпы қолайлы мінез-құлық стандарттарын белгілейді.

Әлемде БАҚ арқылы халықаралық цифрлық жүйе егеменді мемлекеттерге қарқынды дамумен ене бастады. Қазақстан Республикасының ақпарат кеңістігінде Мессенджердегі қарым-қатынас, онлайн төлемдер, электрондық қызметтер – осының барлығы заманауи адамның күнделікті істерінің бір бөлігі болып табылады. "[Цифрлық Қазақстан](#)" мемлекеттік бағдарламасын қабылдай отырып, қазақстандықтардың өміріне қарқынды енген цифрландыру экономиканың жаңа моделін жасайды, онда тек базалық салалар мен бизнес қана емес, сонымен қатар қоғамның бүкіл өмірі де цифрланған.

БАҚ пайдалануда Жапония мемлекетінің өзіндік ерекшелігі бар, газет, кітап шығаруда әлемде бірінші орынды иеленеді, жаңа жаңалықтардың барлығы газетке жарияланады, екінші күні сайттарға шығады. Бәрлық оқу бағдарламаларында жас ерекшелігіне қарай кітап, газет оқыту міндеттелген. Нәтижесі ұлттық тәлім тәрбиенің қалыптасуына, саналы ойлауға, ақпаратты ойға сақтауға оң әсер еткені анықталған.


Халықаралық құқықтың реттеуші функциясы мемлекеттердің нақты белгіленген ережелерді қабылдауында көрінеді, онсыз олардың бірге өмір сүруі мен қарым-қатынасы мүмкін емес. Халықаралық құқық мемлекетті белгілі бір тәртіп ережелерін ұстануға итермелейтін нормаларды қамтиды, және оның қамтамасыз ету функциясы осыдан көрінеді. Халықаралық құқықта БАҚ мемлекеттердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғайтын және халықаралық құқықтың қорғау функциясы туралы айтуға мүмкіндік беретін тетіктер қалыптасқан. Халықаралық құқықтың ерекшелігі халықаралық қатынастарда мемлекеттік мәжбүрлеу тетіктері жоқ. Қажет болған жағдайда мемлекеттер өздері ұжымдық түрде халықаралық құқық тәртібін қолдауды қамтамасыз етеді. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану саласындағы халықаралық құқыққа келетін болсақ, мемлекеттер оларды реттеудің арнайы нормалары мен принциптерін әзірлеген. Қорыта айтқанда бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік коммуникативтік процесс жеке тұлғадан бастап қоғамға дейінгі барлық әлеуметтік субъектілердің қалыптасуының, дамуы мен жұмыс істеуінің қажетті және маңызды алғышартын білдіреді, өйткені ол адамдар мен олардың қауымдастықтары арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Ұрпақтар арасындағы байланысты, әлеуметтік тәжірибені жинақтау мен беруді, оны байытуды, еңбекті бөлуді және оның өнімдерімен алмасуды, бірлескен қызметті ұйымдастыруды, мәдениетті таратуды қамтамасыз етеді. Әлеуметтік коммуникациялар арқылы мемлекеттік басқару жүйесін қоса алғанда қоғамды басқару да жүзеге асырылады.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Рекомендации по повышению эффективности использования электронных средств информации для обеспечения доступа общественности к экологической информации, Европейская Экономическая Комиссия, ЭКОСОС ООН, ECE/MP.PP/2005/2/Add.4. – 2005 [Электронный ресурс].
2. Райхер В. К. Общественно-исторические типы страхования. – М., 194
3. Красавчиков А.А. Система права и система законодательства (гражданско-правовой аспект) // Правоведение. – 1975 – № 2.
4. Алексеев С. С. Право: азбука – теория – философия. Опыт комплексного исследования. – М., 1999г.
5. Вернадский В.И. Научная мысль как планетное явление/Отв. ред. А.Л. Яншин. — М.: Наука, 1991г.
6. Сабитова А.А. О Международно-правовом аспекте межгосударственного сотрудничества в сфере образования // «Хабаршы» Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы., № 1-2(52-53), 2018 ж. - 144 б.
7. Воронина О. А. Гендерная экспертиза законодательства РФ о средствах массовой информации – Проект гендерная экспертиза Московского центра гендерных исследований, – М., 1998 г.

Ақпараттық қауіпсіздіктің саяси және техникалық аспектілері

Қазақстанда «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңға сәйкес ақпараттық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің алты бағытының бірі болып табылады. Ал қазіргі таңдағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тез дамуына және геосаяси ахуалдың күрделене түсуіне байланысты ақпараттық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің өзге бағыттарына, әсіресе саяси, әскери, қоғамдық қауіпсіздік түрлерінің өзегіне айналды деуге болады.



1- Сурет. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің бағыттары

Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік – елдің орнықты дамуы және ақпараттық тәуелсіздігі қамтамасыз етілетін, ақпарат саласындағы нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен мүдделерінің, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі [1].

Ал «Ақпараттандыру туралы» заңда «Ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік (бұдан әрі – ақпараттық қауіпсіздік) – электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелердің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның сыртқы және ішкі қатерлерден қорғалуының жай-күйі» деп көрсетілген [2].

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпыға белгілі үш әдісі бар: *құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық.*

Жалпы, Қазақстан Республикасында ақпараттандыру және байланыс саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті (АҚ) қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесінің ұйымдық-құқықтық және техникалық негіздері АҚ-ның құрамдас бөлігі ретінде қалыптастырылды және «Ұлттық қауіпсіздік туралы» және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақпараттық кеңістік пен байланыс инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ретінде заңнамалық түрде бекітілді.

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы АҚ-ны қамтамасыз етудің өзара байланысты әртүрлі аспектілері Қазақстан Республикасының келесі заңдары мен нормативтік құжаттарында көрініс тапты:

- Ұлттық қауіпсіздік туралы
- Мемлекеттік құпиялар туралы
- Ақпараттандыру туралы
- Ақпаратқа қол жеткізу туралы
- Дербес деректер және оларды қорғау туралы
- Электрондық құжат және электронды қолтаңба туралы
- Байланыс туралы
- БАҚ туралы
- Жарнама туралы
- ҚР Тілдер туралы заңдар
- Үкімет қаулылары
- Ведомстволық бұйрықтар мен ережелер
- Кәсіпорындардың ақпараттық қауіпсіздік саясаты
- Қылмыстық, әкімшілік, азаматтық кодекстердің жекелеген баптары.

Ал АҚ-ті мемлекет аумағында қамтамасыз етудің ұйымдастыру-техникалық шараларына келсек, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыштық өнеркәсібі министрлігінің (ЦДИАӨМ) мәліметтеріне сәйкес:

- ҚР жаһандық киберқауіпсіздік индексіндегі позициясы – 31 орын;
- АҚ саласындағы қатерлер туралы халықтың хабардар болу деңгейі – 75% құрайды;
- АҚ саласындағы қызметкерлердің қамтамасыз етілуі – 46% құрайды;
- АҚЖО (жедел орталықтар) саны - 28;
- Мемлекеттік органдардағы ақпараттық жүйелер саны - 126 құрайды.
- Сенімді программалық қамтама реестрі құрылып, 65 отандық өндірушінің 205 өнімі кірген.
- 86 509 .KZ и .ҚАЗ доменді Интернет ресурс бар;
- АҚ бойынша маман даярлайтын 8 ЖОО және 25 орта арнаулы оқу орындары бар;
- АЖ бойынша мемлекеттік білім гранты 3000-ға жуықтады (2022 жылы 564 түлек бітірген);
- 428 ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері тіркелген;
- 1 АҚ ұлттық үйлестіру орталығы, 1 салалық орталық (ОЦИБ), 4- компьютерлік инциденттерге ден қою қызметі бар (FIRST) [3].

Жоғарыда көрсетілгендей, ақпараттық қауіпсіздік дегеніміз тек мемлекет пен қоғамның, жеке адамның ақпараттық ресурстарын, дербес деректерін қорғау емес, сонымен бірге қоғамды, азаматтарды зиянды ақпарат әсерінен қорғау және олардың ақпаратқа сұранысын қамтамасыз ету. Қазақстан Конституциясына сәйкес әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Осы орайда ақпараттық қауіпсіздіктің гуманитарлық аспектілері бойынша мәселелерді қарастыруға тура келеді.

Қазақстанда мемлекет деңгейінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге уәкілетті орган ретінде ҚР ЦДИАӨМ белгіленген, ал БАҚ саласы бойынша Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (ҚР АҚДМ) жауапты.

El.kz порталының мәлімдеуінше Қазақстанда 5 мыңнан астам БАҚ тіркелген, оның ішінде 3676 баспа басылымы, 191 телеарна, 84 радио, 959 ақпараттық агенттік пен интернет-басылымдар, 279 шетелдік телеарна. Тіркелген БАҚ-тардың жалпы санының 3676-сы, оның 2180-і газет және 1496-сы журналдар болып табылатын ең көп топты баспа басылымдары құрайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында көбінесе қазақ және орыс тілдері – 1852 БАҚ, тек орыс тілі – 853, тек қазақ тілі – 693, үш және одан да көп тілде – 1512 қолданылады [4].

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2022 жылғы 6 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғырту жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей мемлекет сұранысқа ие және тәуелсіз медианы дамытуды ынталандыруға ерекше назар аударуға тиіс.

Тек 2022 жылы елімізде 460 БАҚ есепке қойылған, оның ішінде 158 мерзімді баспа басылымы, 4 –телеарна, 2- радио, (94- ақпарат агенттігі, 191 – желілік басылым) 285–интернет БАҚ. (449 - Отандық БАҚ, 11 - шетелдік БАҚ) [5]. Сонымен қатар «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабының 1-1-тармағына сәйкес уәкілетті органның нұсқамасымен 14164 интернет-ресурстар мен сілтемелерді таратуға шектеу қойылып, оның ішінде құқықбұзушылықтардың келесі түрлері анықталған:

- 64 – терроризм, діни және этникалық экстремизм идеологиясын тарату;
- 349 – есірткі құралдарын, алкоголь, темекі бұйымдарын насихаттау және тарату;
- 2747 – порнография;
- 2 – суицид;
- 101 – жалған ақпарат тарату бойынша;
- 5158 – алаяқтық;
- 12 – жеке деректер;
- 2 – ҚР тұтастығын бұзу идеяларын насихаттау;
- 127 – қорлайтын іс-әрекеттер бойынша ақпарат;
- 7 – әкімшілік құқық бұзушылық;
- 16 – айналып өту құралдары;
- 19 – авторлық құқықты бұзу;
- 126 – жарнама;
- 5387 – «Ойын бизнесі» туралы Заңды бұзу;
- 20 – құжаттарды қолдан жасау;
- 17 – ұлтаралық араздық;
- 10 – қатыгездік және зорлық-зомбылық.

Соңғы айлардағы оқиғалар ақпараттық тәуелсіздікті нығайтудың айқын қажеттілігін көрсетеді. Бұл үдерісте жаһандық медиа-өрісте күшті және төзімді ұлттық ақпараттық кеңістікті қалыптастыратын бәсекеге қабілетті және еркін бұқаралық ақпарат құралдары басым рөл атқаруы тиіс.

Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдары өзінің классикалық мағынасында қоғамның барлық ақпараттық ортасының басты жеткізушісі болуға, мемлекет пен азаматтарға әлемнің барабар және толық бейнесін жасауға көмектесуге, сондай-ақ, қоғам ішіндегі ашық диалог үшін платформа болуға тиіс, өйткені БАҚ қызметінің негізгі қағидаттары, ең алдымен, шынайылық пен объективтілік.

«Қолданыстағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңы ескірген, қазіргі заманның легіне сәйкес келмейді және масс-медиа саласындағы қоғамдық қатынастардың қазіргі заманғы талаптарын толық қанағаттандырмайды. Сондықтан сөз бостандығы құқығын нығайтуға және қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің жаңа қағидаттары мен кепілдіктеріне негізделген, сондай-ақ, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 19-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабына сәйкес, Қазақстанда осы құқықты шектеудің нақты шарттарын, ең алдымен, Интернет желісінің сегментінде қамтитын заң қабылдау қажет» деп көрсетілген «Масс медиа туралы» Заң жобасында [6].

Жаңа заңда сөз бостандығы, пікір плюрализмі мен мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен өнегесін қалыптастыруға бағытталған

қажетті шектеулер арасындағы тепе-теңдікті белгілейтін түбегейлі жаңа схеманы бекіту ұсынылады.

Цифрлық экожүйенің дамытудың 2022-2027 жылдарға арналған («Киберқалқан-2») тұжырымдамасы жобасында қауіп-қатерлер туралы хабардарлықты арттыру, адами капиталды және отандық ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының әлеуетін дамыту мақсатында:

Қазақстанның жоғары оқу орындарының АҚ саласында білім беру және зерттеу міндеттерін іске асыруда маңызды рөлді қамтамасыз ету, бұл мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы мемлекеттік органдардың техникалық мүмкіндіктерін кеңейтеді және тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын талдамалық және ғылыми-зерттеушілік сүйемелдеу деңгейін арттырады;

неғұрлым күрделі киберқылмыстарды құқық қорғау органдарының тергеуіне қатысуға ғылыми-зерттеу ұйымдарын тарту арқылы кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейін және киберқылмысқа қарсы іс-қимылға техникалық әзірлікті қалыптастыру және қолдау жөніндегі міндеттерді шешу;

ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шоғырландыру үшін ғылыми, ғылыми-техникалық және білім беру қызметі саласындағы қазақстандық әлеуетті арттыру көзделген.


Осы орайда Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті жанынан құрылған «Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері» ғылыми-техникалық орталығында ҒЗЖ мемлекеттік қаржыландыру аясында орындалып жатқан жобалардың бірі «Цифрлық экономиканың аса маңызды инфрақұрылымдарына жасалатын кибершабуылдарды анықтау және ескертуге арналған қауіпсіздік оқиғаларын және инциденттерін басқарудың әдістерін, модельдерін және құралдарын әзірлеу» жобасы болып табылады.

Ақпараттық технологияларды дамыту және енгізу кезеңінде көптеген мемлекеттер әуежайлар, электр станциялары, химиялық өндірістер және көлік тораптары кіретін маңызды объектілердің қауіпсіздігі туралы ойлайды. Барлық осы объектілер ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне (АКИАМО) жатады.



2 – Сурет. Хантсман теориясы бойынша критикалық құрылымдар секторлары

АКИАМО-ны қорғау үшін АКИАМО-ға жағымсыз салдарлар мен залалдардың әсер ету қаупін азайту үшін қауіпсіздік қатерлерін мониторингтеу жүйесін құру қажет. Бұл жүйенің негізіне SIEM-жүйесінің тұжырымдамасын, атап айтқанда оқиғалар мен қауіпсіздік инциденттерін басқару жүйесін (ОҚИБЖ) қою қажет. Қазақстанда өзінің SIEM-шешімдері жоқ, тек батыстық және ресейлік шешімдер қолданылады. Сондықтан оларды дамыту өзекті мәселе болып табылады. Жоба SIEM-жүйелерін құру бойынша шешімдер кешенін құруға бағытталған.



3 – Сурет. SIEM жүйесінің функционалды моделі

SIEM жүйесінің құрылымы үш деңгейден тұрады. Бірінші деңгейде ақпарат жиналады. Әрі қарай, ол сақтау және кейіннен пайдалану үшін деректер қоймасына барады. Екінші деңгейде деректерді басқару орын алады. Үшінші деңгейде есептер жасалады. Бағдарлама сервері ақпаратты қорғайды, ескертулер мен шешімдер қабылдау үшін талдайды және түрлендіреді.



4 -Сурет. SIEM жүйесінің жалпыланған иерархиялық моделі

Жүйеге келіп түсетін барлық ақпарат бірыңғай форматқа келтіріледі. Артық ақпарат жойылады, ал қалғаны әртүрлі белгілер бойынша жіктеледі және біріктіріледі.

SIEM жүйесі бес ішкі жүйеден тұрады: ақпарат жинау, өңдеу, сақтау, талдау, ұсыну.

Жүйені құру тұжырымдамасы

Маңызды инфрақұрылымдар бұлтты қызметтерде деректерді сақтайды және сол арқылы құпия ақпаратты бұлтты қызмет провайдеріне сенімін білдіреді. Сондықтан сіз өз деректеріңіздің қауіпсіздігіне сенімді болуыңыз керек. Бұлтты ортада қауіпсіздікті қамтамасыз ету провайдердің міндеті, сондықтан оның жүйесі көптеген талаптарға жауап беруі керек. Осыған сүйене отырып, киберқауіптерге байланысты ақпараттың жаппай жоғалуы маңызды ғылыми-техникалық проблема болып табылады, өйткені ақпарат тек сақталып қана қоймай, пайдаланушылармен өңделеді.

Қауіптер даму құралдарына және басқару құралдарына бағытталуы мүмкін. Қауіптер үш түрге бөлінеді: құпия мәліметтерге, интерфейске және SSH шабуылына қауіп.

Киберқауіптерді анықтаудың көптеген әдістері бар, бірақ олар негізінен теориялық және практикалық растауы жоқ.

1) Бірінші әдіс киберқауіптері бар объектілерді ішкі жиындарға бөлуге негізделген. Машиналық оқытуды қолдану керек.

2) Деректерді басқару әдісі. Ақпараттың үлкен көлемі талданады және деректер бақыланады. Бұл әдіс болашақ шабуылдарды және бұрын болған оқиғаларды болжайды.

3) Үшінші әдіс әлеуметтік желілерді талдайды.

4) Жасанды интеллектті қолдану әдісі. Интернеттегі қауіптер анықталатын және олардың алдын-алу шаралары қолданылатын өзін-өзі қорғау желісінің тұжырымдамасы.

5) Табиғи тіл мен желілік трафикті салыстыру. Алынған ақпарат өңделеді, айырмашылықтардың болуы қауіптерді анықтауға әкеледі.

6) Терең талдау әдісі жақсы нәтиже беретін танымал әдістердің жиынтығын қамтиды.

7) Ю. Малахи әдісі-желідегі ресурстарды автоматты түрде анықтау.

8) RadarServices әдісі. Желілік трафикті талдау және қалыптан тыс мінез-құлықты анықтау үшін көптеген жүйелер қолданылады.

9) Ағындарға негізделген қауіптерді анықтау жүйесі.

10) SANS компаниясының жүйесі.

11) Жүйе әртүрлі көздерден ақылды деректерді жинайды және талдау үшін өңдейді.

12) Қауіп құрылымын жоспарлау әдісі.

Бұл әдістердің көпшілігі есептеу жүйелеріне жоғары талаптар қояды. Осыған байланысты олар тек теориялық тұрғыдан сипатталған. Олардың барлығы сапалы зерттелген жоқ. Сонымен қатар, әдістердің ерекшеліктеріне байланысты барлық алгоритмдер ешқандай санатқа жатпайтын жаңа қауіптерді тіркей алмайды. Зерттеулер бұлтты жүйелерде жүргізілмеген, сондықтан қауіп-қатерді анықтауда қиындықтар туындауы мүмкін. Сондықтан бұлтты жүйелерде жұмыс істеу әдісін жасау қажет [7].

Бірнеше тұжырымдамаларға негізделген «бұлтты» есептеулерге деген сенім маңызды орын алады:

1) Қауіпсіздік және қауіпті анықтау.

2) Қосымшалар процестерін басқаруды ұйымдастыру мүмкіндігі.

3) Жалпы талаптарға сай болу.

4) Қатерлерді уақытылы жою.

Киберқауіптер KDD деректер базасында кеңінен сипатталған. Бұл интегралды мәселелерді шешуге арналған мәліметтер жиынтығы. Бұл база кемшіліктерсіз емес және қауіптерді анықтау әдістерін салыстыруға көмектесу үшін қолданылады. Бұл базаның бірқатар артықшылықтары бар: ол қайталанатын жазбаларды қамтымайды, әртүрлі әдістердің көрсеткіштері кең диапазонға өзгереді, бұл әдістерді сапалы бағалауға мүмкіндік береді.

Бұлтқа қосылған кезде желілік трафик жұмыс істей бастайды. Деректер өңделеді және желілік трафик мінез-құлық анализаторына түседі, ол мәліметтер базасына сәйкес деректерді салыстыра бастайды. Әрі қарай, қауіптің қайда жіберілгенін талдау және

анықтау. Жүйе хабарлама шығарады және дерекқордағы қауіпті тексеруді бастайды. Егер бұл бұрын болған болса, жүйе одан әрі әрекеттер туралы ақпарат береді. Қауіп туралы мәліметтер жазылады және есеп жасалады. Бұлтты жүйенің сипаттамаларын ескере отырып, бұл әдіс келесі талаптарға сай келеді:

1. Есептеу жүйелері мен деректерді өңдеу. Қауіптерді анықтау процесі адамның араласуынсыз жүруі керек.

2. Ең аз жалған іске қосылатын қауіптерді анықтау. Әдіс білім беру болуы керек. Шабуылдар саны үнемі өсіп келеді. Жүйе олармен күресудің ең жақсы әдісін танып, таңдауы керек.

3. Адамның араласуын азайту керек. Жүйе нақты уақыт режимінде жұмыс істеуі керек, проблемаларды тез анықтап, шешуі керек.

4. Жүйе өзін-өзі конфигурациялауы және конфигурация өзгерістеріне бейімделуі керек.

5. Көптеген ақпаратты өңдеу үшін әдіс ауқымды болуы керек.


6. Әдіс желінің детерминистік сипатының теріс әсерін қамтамасыз етуі тиіс.

7. Барлық ақпарат пен әрекеттер реті синхрондалуы керек.

8. Бұл әдіс өзін шабуылдардан қорғауы керек.

Жоба авторларының әзірлеген бұлтты ортадағы киберқауіпті анықтау әдісінің құрылымдық схемасы 5-суретте көрсетілген.

Аса маңызды нысандарды қорғау мемлекет үшін өте маңызды екендігі белгілі, өйткені қоғамның әл-ауқаты инфрақұрылымның жақсы жұмыс істеуіне байланысты. Жоғарыда көрсеткендей Қазақстанда бұндай нысандардың саны қазіргі таңда 458. Осы нысандарға ортақ қауіптерді анықтау әдістері қарастырылып, олардың тәжірибелік растауы жоқ екендігі анықталды. Жетілдірілген әдіс жасалды. Бұл әдіске эксперименттік талдау жүргізіліп, бұл бұлтты қызметтерде қолдану мүмкіндігін көрсетті.



5- Сурет - Бұлтты ортадағы киберқауіпті анықтау әдісінің құрылымдық схемасы

Қорытындылай келе айтпағымыз - ақпараттық қауіпсіздік бүгінгі таңда жан-жақты, үздіксіз зерттеуді қажет ететін көпқырлы күрделі процесс. Ал ақпараттық технологиялардың, экономика саласын цифрландыру процесінің жедел дамуына байланысты ақпараттық қауіпсіздікті (киберқауіпсіздік) қамтамасыз ету де күрделене түспек. Сондықтан ақпараттық технологиялар көшінен ақпараттық қауіпсіздік артта қалмауы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

[1] Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527>

[2] Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>

[3] ҚР ЦДИЖАҒМ. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai?lang=kk>

[4] https://el.kz/ru/news/obshestvo/kolichestvo_smi_v_kazakhstane_rastet/

[5] БАҚ статистикасы (ҚР АЖҚДМ сайтынан) <https://www.gov.kz/memleket/entities/inf/activities/145?lang=kk>

[6] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35440863&pos=4;-108#pos=4;-108

[7] Berdibayev R., Gnatyuk S., Yevchenko Y., Kishchenko V. A Concept of the Architecture and Creation for SIEM System in Critical Infrastructure // (2021) In: Zaporozhets A., Artemchuk V. (eds) Systems, Decision and Control in Energy II. Studies in Systems, Decision and Control, vol 346, Springer, Cham, pp 221-242; https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-030-69189-9_13

Досалы Салқынбек,
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-нің профессоры,
Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі;
Ермахан Қалмырзаев,
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-нің аға оқытушысы

Ғылым мен ғибрат тұнған ғұмыр

Бастауы бір Жаратушыға белгілі мына болмыс, мына кеңістік, мына уақыт қайда жүйткіп барады? Хәкім Абайша айтсақ:

Сағаттың шықылдауы ермек емес,

Хәмишә өмір өтпек ол білдірмек...

Замана доңғалағы жүрісінен жаңылмақ емес. Көк жүзінің кіндігі іспеттес Темірқазықты айналып сан ғасырдан бері сабырлы да салмақты қалпынан бір жазбай айналып келеді, айналып келеді һәм айнала бермек. Біқылым замандардан бері адамзат баласының қаншама сұңғыла данышпандары осы замана ағымы мен ондағы адам баласының атқарар міндеті туралы қаншама рет ойға шомып, толғанып, көкірекке түйген тұшымды көзқарастары мен даналық пайымының інжу-маржанын адамзат әлемінің кеңістігіне шашып өтті. Жүргенге жөргем ілінеді дегендей, замана ағымындағы даналықтың інжу-маржанын теретін, теріп қана қоймай оны адамзаттың игілігіне жаратуды мақсат ететін ғұламалар жетілді. Осынау әрекет мыңдаған жылдар бойында қанатын кеңге жайып, адамзат білімінің көшбасына айналған фәлсәфә ғылымына айналағалы да мыңдаған жылдар өтті. «Тетігін тапсам Жерді төңкерер едім»-дейтін, Элладалық Архимед те, «Біз бос уақытты табу үшін еңбек етеміз, бейбіт өмір сүру үшін соғысамыз»-деген, алғашқы ұстаз Аристотель де, «Бақытқа жетуге септігі тиетін кез келген іс - игілік»-деген, екінші ұстаз Әбунасыр әл-Фараби де, «Сақтықтан қатерді табасың, өмірден өлімді табасың, тәртіптен бейберекттікті табасың»-дейтін, қытайдың Күн Мині де адамзат кеңістігіне інжу-маржанды осынау фәлсәфә аясында шашып өтті.

Ал, бізді қоршаған әлемнен әрмен, ғарыш кеңістігі, ол тіптен шексіз, онда мүлдем өзгеше заңдылық, өзгеше жылдамдық. Ол біздің еркімізден тыс. Оған өту үшін үшінші ғарыштық жылдамдық қажет...

Ауыл мектебі физика пәні оқытушысы Өзбеханның айтатын ғарыштық физика V3 формулаларын қаршадай қағілез бала санасына сіңіріп алған. Жанары жалт-жұлт етіп, санасы мына кеңістікті тұтастай тіліп өтіп, галактикалардан да әрмен жатқан квазарларды кезіп кететін.

Жетінші сыныпта оқып жүрген кезінде-ақ, жеті жүз кітапты оқып шыққан, бір мектеп қана емес, бір ауданның білім бойынша талай жүлделі жарыстарда топ жарған үкілі үмітіндей болған жас-жеткіншек, тұрмыстың тауқыметінен мектепті алтын медалға бітірсе де, оқуға баруға мүмкіндігі жоқтықтан бар қасіретін ішке жұтып, үнсіз торыққан сәті еді бұл.

Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға деген қанатты сөз асылы осындайда айтылса керек. Мектеп түлектерінің жағдайы барларының бәрі қалаға оқуға кеткендігінен хабардар, мектеп директоры, өздерінің ең үздік шәкіртінің қиыншылық кесірінен оқуға бармай ауылда қалғанын естігенде, шыдап тұра алмады. Мектеп ұжымын шақырып, балаға қолдау көрсетейік, өзін шақырып, жанын жараламай, өзіміз барып отбасына атаған көмегімізді берейік деп ұсыныс айтты. Талантты шәкіртті бәрі де біледі, өздері тәрбиелеген, баршаның көңілінен шыққан сүйікті шәкіртке көмекке қол ұшын созуға бәрі де келісті. Оқытушы ұстаздар жинаған 50 сом қаражатты алған шәкірт құстай ұшып Алматы қаласына аттанды.

Біздің бүгінгі әңгімеміз осынау балаң жігіттің ғылыми-шығармашылық өмір жолы туралы болмақ. Әңгімеміздің кейіпкері фэлсәфә атты сырлы әлемнің бүгінгі қазақ кеңістігіндегі бір өкілі Ұлықпан Есілханұлы. Әрине, Архимедке құлақ асқан Гиреон патша, немесе Аристотелден аяқ тартатын Ескендір патша, Күн Минсіз шешім қабылдамайтын Лиу Би сынды патша Ұлықпан Есілханұлына кез болмады, кездескен болса елдің дамуына айтарлықтай үлес қосқан болар еді дейміз. Десек те білікті дихан еңбек еткен ұлтарақтай жерінен өзгелер гектарлаған алқаптан ала алмайтын өнімді жинайтындығын замананың қағидаға айналдырғанына да сандаған жылдар өтті емес пе?

Алматыға құстай ұшып жеткен Ұлықпан Қазақ политехникалық институтының «Автоматика және есептеу техникасы» факультетіне оқуға түседі.

Жаңа ғасыр, ғарыш ғасыры, кемелденген социализм құрылысы, әрбір азаматтың атқарар міндеті орасан зор деген ұрандардың бүкіл қоғамның санасын жаулап алған кезі болатын бұл тұс.

Арманы асқақ, мақсаты айқын, жарқын болашақтың жасампаз жастары қатарлы Ұлықпан да ұлы армандарға құлаш сермеп, қанат қақты. Таңдаған мамандығы да сол кезең үшін болашақтың мамандығы аталған тыңнан түрен салып меңгеретін құпия ілім саласындай, бүкіл болмыс бітімін баурап алғандай күй кешкенді сонда.

Техникалық институттың әр сабағы студенттер үшін ертегі әлемінің есігін ашқандай әсер ететін ол кезде. Сондай дәрістердің бірінде оқытушы студенттерден үшінші ғарыштық жылдамдық туралы не білесіңдер деп сұрайды. Мектеп қабырғасынан кеше ғана шыққан студенттер не деп жауап берерін білмей, бәрі де үнсіз аңтарылған.

Ақырын қол көтерген Ұлықпанға оқытушы аңтарыла қарайды. Қалада мектепті алтын медалға бітірген студенттер тіл қата алмай, бастарын салбыратып отырған да, ауылдың баласы не айтпақшы деген ойын бүкіл болмысы паш еткендей еді...

Өзбехан ағаның дәрістерінің жемісін бергені осы сәт, Ұлықпан ортаға шығып, тақтаға жер орбитасы, ондағы тартылыс күші мен бастапқы жылдамдық, күннің тартылыс күші, параболикалық жылдамдық, тартылыс күші сферасы, одан шығуға мүмкіндік беретін жылдамдық мөлшерінің 16,6 км/с тең екендігін, қарапайым тілде мұны үшінші ғарыштық жылдамдық деп атайтынын және формуласымен жазып, айтып шыққан да оқытушы да, студенттер де таңданыстарын жасыра алмай ду қол соқты!

«Мұны қайдан білесің?» деп сұраған оқытушыға ауылдағы физика пәнінің мұғалімі Өзбехан ағайының түсіндіріп бергенін айтып береді. Кейіннен қысқы каникулда ауылға барғанда мектеп ұжымы Ұлықпан Есілханұлын шақырып алып, сол жерде Өзбехан ағайына үлгілі шәкірт тәрбиелегені үшін алғыс айтады. Сонда барып, институттағы оқытушысы мен кафедра меңгерушісі қарапайым ауыл баласына үшінші ғарыштық жылдамдық жайында ұғым-түсінікті санасына құйып берген Өзбехан ағайына арнайы хат жазып, алғыс айтқанын біледі.

Жалпы студенттік өмір ең бақытты күндер екендігі туралы аз жазылған жоқ.

Ұлықпан сол қиялдағы бақытты, ерен еңбегімен сомдап, өзімен замандас болған, келер жас жеткіншектерге сыйға тартқан жан деп айтуға әбден болады.

Сөзіміз жалаң болмауы үшін осынау бір ақиқаттың астарына барлап, парасат биігінен назар салайықшы. Білім іздеп, ару Алматыға келген ауыл жастары үшін, қаншама ұйқысыз түндер ойға шомып, қаншама күндер еңбек еткендігіне көзіміз жетеді.

Адамның азаматтық формасы оның адамгершілік қасиетінде жатқандығына ерте көз жеткізген Ұлықпан Есілханұлы, осынау қасиеттің жастарымыздың өмірлік ұстанымы болуына барын салды. Ең алдымен, өзі секілді талантты жастарды өз төңірегіне топтастыра білді. Жастар арасындағы өмір, достық, сезім, махаббат, парасат пен пайым, ұлағат туралы сыр-сұхбаттардың өрісі кеңіп жатақхана бөлмесінен, оқу аудиторияларына алмасты. Осынау сұхбаттар бірте-бірте ұйымдық нышан тауып, жоспарлы әрекетке ұласты. Осылайша студент жастардың «Бәйшешек» әдеби бірлестігі өмірге келді.

«Бәйшешек» әдеби бірлестігі техникалық институт қабырғасында білім алып жатқан талантты жастардың басын біріктіріп қана қоймай, институт жастарын қазақ әдебиеті мен өнерінің майталман хас шеберлерімен байланыстырған нағыз қоғамдық ұйымға айналды.

Оқу ордасының бүгінде Досым Сулеев атындағы үлкен залына үздіксіз ақын-жазушылар жиналып, әр алуан тақырыпта кеңес құрып, дүркіреген жыр мерекесін өткізіп жататын. Өуелінде осы бір рухани іс-шараны Ілияс Есенберлин бастаған қаламгерлер әдебиет, мәдениет, дәстүр-салт, тарих туралы студенттермен жүрекжарды кездесулер өткізіп, аяққа тұрып кетуіне үлкен ағалық қолдау көрсетті. Осынау кездесулер біртіндеп Мұзафар Әлімбаев, Қабдеш Жұмаділов, Дулат Исабек, Смағұл Елубаев және сол тұстағы жас ақын-жазушылар Қажытай Ілиясов, техникалық оқу орнының өз түлегі Иран-Ғайып және Тынышбай Рахимов, Жұматай Жақыпбаев, Сағат Әшімбаев, Жарасқан Әбдірашев, Шөмішбай Сариев сынды алаштың айбарлы азаматтары тарапынан кең қолдау тапты. Өзге де ақын-жазушылар инженерлер шаңырағына жиі қонаққа барып, болашақ мамандарды жалынды жырмен, ән-күймен тербете тәрбиелейтін болды. Өнер адамдары жүрген жер қашанда мереке, қашанда қуаныш һәм шаттық емес пе?! Бірде кеңестік қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановпен кездесу өтеді. Сәбең өзімен кездесуге бірге барған жазушы Сәкен Жүнісов пен ақын Тұрсынхан Әбдірахмановаға ән салдырғаны бүгінде Сәтбаев университетінде аңыз етіліп айтылады. Студент жастардың қолдан-қолға жөнелтіп оқитын сол тұстағы «Мөлдір махаббат», «Ботакөз» кітаптары туралы айтқан ой-пікірлері мен авторға қойған сұрақтарынан ерекше тебіренген Сәбең кездесу соңында ұйымдастыру шебері – студент Ұлықпанға аталық батасын береді. Тартымдылығы талайға таңдай қақтырған осынау кездесулер «Бәйшешек» әдеби бірлестігінің атағын институт шеңберінен асырып Алматыға толық танымал етті. Алматыдағы жоғары оқу орындары мен техникумдардың, әр алуан кәсіптік училищелердің оқушы жастары жүздесу хабарларына асыға құлақ түріп, сол күні «Бәйшешек» клубы мекенжайына қарай ағылып жататын. Бірде театр өнерінің тарландары Серке Қожамқұлов, Сәбира Майқановалардың әзілге толы әңгімелері мен сахналық қызықты қимылдары зал көрермендерін күлкіге қарық қылса, енді бірде Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдары» қыз-жігіттердің қызу пікір-таластарына арқау болатын. Сатираның сардары Оспанхан Өубәкіров пен әріптестері студент жастарды күлкі думанына көміп, езу жимай тарқаған сәттер де көп болған. Студенттердің алтын ғұмырының осы бір шаттығының жалғас тауып, кеңге қанат қағуына сол кездегі институт ректоры, жайсаң жанды академик Әшім Омаров зор қолдау көрсетті. «Бәйшешекті» қыстың ызғарына қарамай, келер наурыздың хабаршысындай еткен Ұлықпан Есілханұлының ерен еңбегін бағалаған жандардың бірі һәм бірегейі ақылман ұстазы, академик Ақжан Машани болды...

Осылайша Ұлықпан Есілханұлы жас та болса, қатарластарының арасында жол бастар жолбасшы, сөз бастар көсемсөзші болып жетіледі. Бұл кезең әлемдік деңгейде де үлкен серпілістер мен жаңалықтар дүниені дүрліктіріп тұрған кез. Тақырыбымызға қатысты болғандықтан да осы үдеріске де бір назар сала кетейік.

60-70-ші жылдарда дүниені дүрліктіріп рок сазды әуені танымал болды. «Битлз» атты Ливерпулдық төрттіктің әуені әлемді жаулап жатқан тұс. Алматылық жастар, соның ішінде политехтың студенттері де осынау ағымнан тыс қала алмады. Саз әлемінен хабары бар жастардың бәрі де осынау әуенмен желіккен тұс болатын.

Ұлықпан Есілханұлы осы тұста «Дос-Мұхасан» тобын ұйымдастыруға білек сыбана ат салысады. Жайма шуақ күндердің бірінде эстрадалық топ құрсақ деп жүрген достары Досым, Мұрат, Хамит пен Александрға жігіттер, өнеріміз көпшіліктің көңілінен шығып, кеңге жайылсын десек, қазақ әндерін жаңа әуенмен орындасандар қалай болады? - деген ұсынысын айтады. Жігіттер ұсынысты қабыл алып іске кіріседі...

Шынында да өз дәуірінде «Дос-Мұхасан» тобы үлкен құбылыс болды. 1973 жылы Берлинде өткен Дүниежүзілік студенттердің фестивалінде Алтын медалді алды, кейін Қазақстанның Ленин комсомолы сыйлығына ие болды, Америка сапары неге тұрады... осының бәрін ердің ері ғана көтере алса керек... Олар атақ-даңққа бой алдырмады, осынау биікке самғауды жүйелі еңбектің заңды нәтижесі деп қана қабылдай білді.

Иә, «Дос-Мұхасан» Қазақстанды былай қойып, одақ көлемінде танымал топ болды. Тұтас бір буынның өміріне әсер етті десек артық айтқандық болмас еді.

Ұлықпан Есілханұлының «Дос-Мұхасан» тобын ұйымдастырудың бас-қасында жүргендігін айттық, ол жәй ұйымдастырушы немесе кеңесші емес, топтың репертуарындағы негізгі әндердің сөзін жазған талантты ақын болатын. Ол жазған әрбір әнінің өзінің шығу тарихы, мыңдаған тыңдармандарының ғұмырында атқарған өзіндік рөлдері бар екені даусыз. Ол енді жеке зерттеуді қажет ететін үлкен бір тарих. Біз зерттеуіміздің аясына шақтап бірқатар әндерді атап өткенді жөн санадық. Бұл әндер қазақ ән өнерінің алтын қорына енген әндер екені елге белгілі. «Той жыры», «Қуанышым менің», «Бойжеткен», «Әсем жұлдыз», «Ғашығым» сынды махаббат саздары қазақ эстрадасының репертуарында тұрақты сақталған әндер болып саналады.

Ұлықпан Есілханұлы үшін шын мәнінде ғылым-білімді игеру бірінші орында тұрды, өзі айтқандай:

– «Дос-Мұхасанның» шығармашылығымен қолдары бос кезде айналысты.

Егер де олар өнерді бірінші орынға қойса, «Дос-Мұхасанның» құрамынан 4 академик, 5 ғылым докторы, 7 ғылым кандидаты шықпас еді.

Сол кезде «Дос-Мұхасан» тобының жігіттерінің біразы қазақ тілін жетік білмейтінді. «Дос-Мұхасанның» құрамында өнер көрсетіп еліміздің түкпір-түкпірін аралай бастағанда Ұлықпан Есілханұлы достарына: «Жігіттер бәріміз бүкіл елді аралаймыз, көптеген адамдармен кездесеміз. Біздің қазақ тілін білмеуіміз ұят болады. Қазақ тілін үйренейік», – дегенде ешқайсысы бірауыз қарсы сөз айтпастан, қазақша үйренген. Осылайша «Дос-Мұхасан» жігіттері әр кеш сайын екі сағатын қазақ тілін үйренуге арнаған. Жігіттердің кішіпейілдігін, бетегеден биік, жусаннан аласа болғандығын осыдан-ақ аңғарса болады.

Ұлықпан Есілханұлы білім-ғылымға жастайынан зерек болғандығын жоғарыда айттық. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ математика және физика пәндерінен өткізілген республикалық, Батыс Сібір және Қазақстан аймақтық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие бола бастағандығы белгілі.

Институт қабырғасында тәлім алып жүргенде философия ғылымының тұнығына бойлай сүңгіп, ілімнің інжу-маржандарын теруде философия пәнінің оқытушысы Әбдіқадыр Искаховтың орыны ерекше болғандығын Ұлықпан Есілханұлы тебірене еске алады. Осы бір қарапайым жанның жетекшілік етумен автоматтық техникалар мен адамзат дамуының өзекті мәселелері туралы жазған зерттеу жұмысы институт, қала, республикалық байқауларда жеңіп шығып, Бүкілодақтық студент жастардың ғылыми зерттеулері байқауында жеңіске жетеді. Осы баяндаманың оның болашақ тағдырына елеуді ықпал еткенін байқаймыз. Техникалық білім мен гуманитарлық білімнің ұштасуын зерделеген осы бір студенттік ғылыми еңбек академик Досмұхамед Кішібековтың назарын аударады.

Басты байлық ретінде білімді қадір тұтқан Ұлықпан Есілханұлы қашан да әрбір ісін біліммен бағалауға тырысады. Білімін толықтыруға, дүниетанымын кеңейтуге, біліктілігін арттыруға барын салатын Ұлықпан Есілханұлы 1970 жылы институтты да үздік бітірді. Қолына дипломын алғаннан кейін институттағы ұстаздар зерек шәкірттерін жайдан-жай жібере қоймады. Ұлықпан Есілханұлына автоматтық технологиялар мамандығы бойынша аспирантураға жолдама береді. Бір қиыны аталған мамандық бойынша тек Москва және Ленинград қалаларына оқуға бару керек. Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайынан сонау Москва мен Ленинград қалаларына баруға ешқандай мүмкіндік болмады. Міне, осы тұста оны институттағы философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ҰҒА мүшесі Досмұхамед Кішібеков аспирантураға шақырды. Техникалық білім мен гуманитарлық білімді ұштастыру замана талабы екенін министрлік пен білім саласын бақылайтын партия ұйымдарының алдында сан-қайтара дәлелдеп, Ұлықпан Есілханұлы үшін жаңа бір аспиранттық орынды бөлдіртеді. Әрине, мұндай құрметке кез келген студент ие бола алмайды. Кейін аспирантураны да ойдағыдай тәмамдап, кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Өзі де ұстаз болған сәттен бастап Ұлықпан Есілханұлы шәкірттерінің мұң-мұқтажын шешуге талпынып, талай шәкірттің жолын ашты. Ұлықпан Есілханұлының айналасында жүрген жандар оның қызметіне қаншалықты адал екендігін, шәкірттеріне деген көңілінің таза екенін жақсы біледі. Қызметке қатардағы оқытушы болып келген Ұлықпан шығармашылық, ұйымдастырушылық, ұстаздық үздік қызметімен көзге түсті. Бүгінгі биігіне ақыл-парасатымен, білім-білігімен, өзінің маңдай терімен жеткен жан қарапайым оқытушыдан бастап талай сатыдан өтіп, профессор атанды.

Ұлықпан Есілханұлы орда бұзар отызға толмай тұрып, не бәрі 29 жасында өзі білім алған «Автоматика және есептеу техникасы» факультетіне декан болып сайланды. 29 жаста мұндай жетістікке жету – екіншісіне бұйыра бермейтін бақ қана емес, аса жауапкершілікті талап ететін міндет те болып табылады. Осынау міндетті оған сеніп тапсырғандар, оның «Бәйшешек» әдеби клубы мен «Дос-Мұхасан» тобын ұйымдастырудағы ерен еңбегін ескергендігі даусыз. Декандық қызметте жүріп ол кафедралардың материалдық-техникалық базасының нығаюына, білікті кадрлардың даярлануына бар күш-жігерін жұмсады. Одан кейін Қазақ политехникалық институтының тәрбие ісі жөніндегі проректоры болды. 1988 жылы елімізде ең алғаш рет халықаралық байланыс істері бойынша проректоры болып бекітілді. Ұлықпан Есілханұлы өзіне жүктелген әр міндетті абыроймен атқарды. Бұл қызметте де оның еңбегі жемісті болды. Институт қабырғасына Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінен келген студенттердің инженерлік білім алуына, қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен танысуына, сондай-ақ, халықаралық байланыстың жүйелі арнаға түсуіне өз үлесін қосты.

Осы орайда біз Ұлықпан Есілханұлының атқарған еңбектерінің алуан қырларына назар аударғымыз келеді.

Ең әуелі қоғамдық еңбек саласындағы белсенділігі мен фәлсәфалық ой-тұжырымдарының институт аясынан шығып, республикалық деңгейге самғап, көпшіліктің көкейкесті мәселелерін көтеретін ұлағаттылық сипат алуы. Біз мұны 1983-1985 жылдарда әдеби көркем сынның дарабозы, көрнекті журналист Сағат Әшімбаевпен бірігіп «Жүректен қозғайық» хабарлар циклін жүргізгенінен көреміз. Онда қоғамымыздың өркендеуіне, қазақ тілінің қанатын кеңге жаюуына, халқымыздың әлеуметтік жағдайларының шешімін табуына кедергі болып отырған қайсыбір мәселелер сын тезіне алынып, аяусыз әшкереленеді. Оған тиісті мекемелердің жауап берулері талап етіліп, өзекті жайларға қозғау салынады. Бұл ретте қоғамда орын алып отырған тоғышарлық, ұраншылдық, көзбояушылық, науқаншылдық, әсіреқұмарлық, теңгермешілік, даңғазалық, шенқұмарлық, мақтаншақтық сияқты сан алуан құбылыстардың елдік болмысымызға тигізіп жатқан кері әсерлерін ашуға тырысады. Соған орай енжарлық, бейжайлық, немқұрайлылық, немкеттілік, жалқаулық секілді кереғар құбылыстардың тіршілік салтына

бойлай еніп, үйреншікті жағдайларға айналып бара жатқаны батыл сынға алынады. Ал ұлтымыздың асыл маржандай әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі ұмытылып, инабаттылықтың орнын дөрекілік, сезімталдық пен сергектіктің орнын қарабайырлық пен қарадүрсіндік басып бара жатқаны өз алдына әңгіме нысанына айналады. Осындай құбылыстардан қайтсек арыла аламыз, барар тау, басар жеріміз қайсы болмақ деген мәселелер төңірегінде пікірлер айтылады. Осы әңгімелердің барлығының астарында ұлт тағдыры, ұлт мүддесі, ұлт рухын жандандыру сияқты айғайлап ашық айта алмайтын, бірақ жүрек түкпірінде жатқан көкейкесті ойлардың ұшқындары жалт етіп көрініс тауып жатады. Әсіресе, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу, сана-сезімдеріне жаңаша серпіліс жасау мәселелері тыңдармандардан жаппай қолдау табады. Бірақ, керзаманның кертартпа солақай, содыр басшылары тарапынан «Жүректен қозғайық» теле бағдарламасы 1985 жылдың 29-шы қазанында эфирге шығуын тоқтатқаны белгілі. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде жалындап шыққан қазақ жастарының жүрегінде ұлттық рухтың ұшқынын салуға осынау «Жүректен қозғайық» бағдарламасының да септігі болса ғажап емес.

Мұнан әрі Ұлықпан Есілханұлы тарихшы ғалым, профессор Ахмет Ержанов, ұстазы академик Досмұхамед Кішібеков – үшеуі он жыл бойы қанаттас жүргізген «Республика өмірінің өзекті мәселелері» телехабарларында да мемлекеттік тіл, ұлт болашағына қатысты көптеген таласты ой-пікірлер қаузалады. Көп кешікпей тәуелсіздік таңы рауандап, арай бере бастағаны баршаға аян.

Адамзат ғұмыры ақиқатқа апарар сан-алуан соқпақтардың тоғысқан торабы сынды. Ақиқат, ол үздіксіз ізденістің нәтижесі. Қоғамның алға дамуына менің де жауапкершілігім орасан зор деген ойға сенімнің жемісі. Осы орайда Ұлықпан Есілханұлының ғылыми ізденістерін бүгінгі күн бигінен бағамдасақ, болашақты көре білген, сұңғыла ойдың сарабалда ғұламасы емес пе, деген ойға еріксіз ерік бересің. Сөзіміз жалаң болмауы үшін бірқатар атқарған, жауабын табуға талпыныс жасаған іс-әрекеттеріне шолу жасап өткіміз келеді.

Сонау «Автоматика және есептеу техникасы» факультетінде декан болып жүрген кезінде-ақ, Қырғызстанның Политехникалық институтымен байланыс орнатып, жұмыс істейді. Кейіннен Қырғызстанның президенті болған Асқар Ақаев сол уақытта институттың электронды-есептеу кафедрасының жетекшісі-тұғын. Осылайша айырқалпақты ағайындармен бірлесіп, электронды-есептеу машиналарының өзегі болып саналатын микросхемаларды жинайтын платаларды құрастыруды қолға алып, электроника саласын дамытуға алғашқы қадам жасалады.

Қырғыздармен әріптестік қарым-қатынас орнатудың өзіндік жөні болған. Біздің Алматыда ылғал мөлшері жоғары болғандықтан өте сезімтал электронды платалар жасау қиын еді. Тек қана арнайы жабдықталған ғимараттарда жасауға болатын-ды. Ондай ғимараттар салып, оған қажетті күтім жасауға үлкен шығын кететін болған соң, жоспарды ауа-райы қолайлы Ыстықкөл жағалауында жүзеге асырғанды жөн санайды.

Бұл бағытта біраз жұмыстар атқарылғанмен кейіннен Кеңес өкіметі құлап, экономикалық қиыншылықтардың салдарынан басталған кешенді іс-шара аяқсыз қалады.

Бүгінгі таңда осынау микросхемалар мен платалар жасау қаншалықты пайда әкелетіндігін көзі қарақты оқырман білсе керек. Өзіміз қаншама жобалар бойынша кезінде осы салада көшбасында болып бүгінде әлемнің соңында шаң-тозаңға көміліп қалғанымызды ойлағанда еріксіз өкінесің.

Келесі бір іргелі зерттеулер кешені социология саласында жүзеге асырылды. Батыстық социологияның көрнекті өкілдері Джордж Элтон Мейо, Карл Раймунд Поппердің идеяларын кеңінен пайдалана отырып, Қазақстанда инженерлік социологиялық зерттеулер жүзеге асырылды. Павлодар трактор зауыты мен Павлодар алюминий зауыттарында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ондағы атқарып жатқан істерді социоинженерлік теорияның аясында сараптап саралады. Даму заңдылықтарына қайшы келетін, дағдарысқа бастайтын кемшіліктерге көз жұма қарамай өз ойын ашық жариялағандығы да бүгінде осы салада еңбектеніп жүрген зерттеуші ғалымдарға ғана

емес, көпшілік оқырман қауымға да белгілі.

Жалпы өндіріспен ғылым саласын ұштастыра білуге талпыну инженерлік еңбектің өзекті саласы екендігін ғылым әлденеше рет дәлелдеп, өмірдің өзі қабылдаған қағида.

Ұлықпан Есілханұлы кәсіби қызмет жолының өн бойында осынау қағиданының болашақ инженерлерді дайындауда өзіне лайықты орынын алуы үшін күресуден бір сәтке дамылдаған емес. Атап айтатын болсақ ғылыми таным саласындағы еңбектері бір төбе де, инженерлік еңбекті зерделеп, зерттеу саласындағы еңбектері бір төбе екендігі айқындала түседі.

Ғалым ретінде өзі таңдап алған саланың негізгі даму заңдылығын анықтау һәм осынау заңдылықтарға негізделген объективті құпиясын ашуға талпыну Ұлықпан Есілханұлы шығармашылығының басты ерекшелігі болып табылады.

Ғылым жолындағы осынау ізденістер 450-ден астам ғылыми, ғылыми-публицистикалық және оқу-әдістемелік еңбектер болып жарық көрді. 20-дан астам оқулық пен оқу құралын жазып шықты.

Жоғарыда айтқанымыздай Ұлықпан Есілханұлының шығармашылығының биік бір белесі рухани таным саласындағы еңбектері болып табылады. Осы ретте ойға ең алдымен ұстазы академик Досмұхамед Кішібековпен бірігіп жазған Философия оқулығы оралады. Сан мыңдаған тиражбен шыққан осынау оқулық Қазақстандағы ең көп басылым көрген оқулықтардың көшбасында тұр.

Ұлықпан Есілханұлының социология саласында жазылған «Инженерлік еңбектің социологиясы» оқулығы осы саладағы бірден бір ғылыми еңбек болатын. Батыстың ғылыми зерттеу орталықтары мен университеттері социоинженерия саласына миллиардтаған қаржы жұмсап жатқан кезде, бізде осынау саланы жылы жауып қойғысы келетіндерге не дерінді де білмей қиналады екенсің.

Ұлықпан Есілханұлының ғылым саласында баптаған шәкірттері де аз емес. Бүгінге дейін оның ғылыми жетекшілігімен 1 ғылым докторы, 5 ғылым кандидаты, 6 магистр даярланды. Өзі ұзақ жылдар қызмет еткен Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу университетін дамыған елдердің университеттері үлгісінде техникалық-гуманитарлық білімнің ордасына айналдырсам деген ізгі тілегі жоғары білім саласындағы шенеуніктерден қолдау таппағаны өкінішті-ақ. Қолдау тапқан күнде Сәтбаев Университеті бүгінгі таңда техникалық білімді гуманитарлық біліммен ұштастырған ондаған ғылым докторлары мен жүздеген ғылым магистрлерін тәрбиелеп шығарған болар еді. Ерте ме, кеш пе, біздегі білім жүйесі осынау идеяға қайта оралары сөзсіз. Тек қаншама уақыттың босқа кеткеніне қынжыласың. Батыстың ең даңқты университеттері, әсіресе АҚШ-ның Массачусет технологиялық институты (Massachusetts Institute of Technology, MIT) тәжірибесінде өзін-өзі ақтап, әлемдік білім беру саласының көшбасына айналған тәжірибені мойындамау ешқандай ақылға сыймайтындығы ғана қынжылтады.

Ұлықпан Есілханұлы осынау идеяға кездейсоқ келген жоқ, ол техникалық білім мен гуманитарлық білімнің бүгінгі ахуалы туарлы ұдайы ізденісте болды. Бұл істе әріптес, ұстаздар қауымымен бірқатарда, отбасы мүшелері де қолдан келген көмегін аяған емес. Әсіресе, өмірден ерте қайтқан сүйікті қызы Айнұрдың орны ерекше болатын.

Айнұр Ұлықпанқызы АҚШ елшілігінде қызмет ете жүріп, кейіннен «Шеврон» корпорациясының маманы ретінде батыстың білім жүйесі, ондағы гуманитарлық білімнің бүгіні мен болашағы туралы қажетті материалдармен ұдайы қамтамасыз етіп отырды. Озық идеялар мен жемісті тәжірибелерді біздегі білім ордасына бірте-бірте енгізе беруге кеңес беретін. Ол қашанда салихалы сұхбаттас һәм келелі кеңесші бола білді. Сөз орайы келгенде айтылады Айнұр Ұлықпанқызының әкеге тартқан жарқын бейнесі, қайтыс болғаннан соң ашыла түсті. Еліміздегі қаншама қоғамдық қауымдастықтар Айнұр арқылы халықаралық көмек гранттарын алып отырғандықтарын жария етті.

Отбасы туралы сөз айтылғанда келесі бір жәйттерді айтып өту қажет-ақ. Ұлықпан Есілханұлының қаламынан туған барша қазақтың сүйіп тындайтын әндеріндегі сұлу бойжеткен, сүйкімді қыз, адал жар бейнесінің прототипі ол – Нағима апайымыз. Бір басына

осыншама ізгі қасиеттерді үйіп-төгіп берген осынау жан, өмірде де сол қалпынан айнымаған жан. Ол қазақ қыздарынан алпысыншы жылдар легінде техникалық білімді игергендердің бірі ғана емес бірегейі десек те болады.

Әңгімеміздің басында арман құшағында Алматыға ұстаздарының жұмыла жабылып жасаған көмегімен аттанған жас жігіт Ұлықпан бүгінде толысып, кемеліне келген ел ағасы атанған азамат болды. Бір кездері өзіне сенім арта қолдау көрсеткен еліне бүгінде өзі ғана емес, бүкіл әулетімен қызмет етуде. Осы орайда тарихтың тереңінен бастау алатын бір тылсым сырдың елесі бой көрсетеді.

Қазақтың көне дәуірлерден бастау алатын ауызша тарихының жазба дәстүрінің айнасы іспеттес шежіресінде Ұлықпан Есілханұлының ата тегін Хан батыры Қабанбайға апарып тірейді. Онан әрмен қазбалап қараған жан Байжігіт пен Жанжігіт аталарына жетеді. Олар өздерін Сәйбек ханнан таратады. Орта ғасырлық жазбалар Сәйбек ханды Жошының үшінші баласы Шибаннан таратады. Қалай болғанда да еліне қызмет етуде Ұлықпан Есілханұлы хан баласынан кем тер төккен жоқ. Өзі қанат қағып түлеп ұшқан Мақаншы өңіріндегі елеулі істерге қашанда араласып, қолдан келген көмекті аянып қалмады. Сондай жүрекжарды істер қатарында Хан батыры Қабанбайға арналған ескерткішті салуға бас көз болғандығы. Осы орайда осынау шараға бауыры Қайранбақыттың қаржылық демеу көрсеткендігі өзалдына жеке әңгімеге арқау боларлықтай жәйт. Жомарттық пен патриоттық сезім елдің рухани жаңғырып жаңаруына қызмет еткенде, тарихтың ақтандақтары ашылады және оның өскелең ұрпақты жасампаз рухта тәрбиелеуге таптырмайтын қайнардың көзі екендігін осы бір әулеттің өнегелі істерінен көреміз.

Кеше ғана бабалардың ұлы көшіне ілесіп, келместің кемесіне мінген, қазақтың көсемсөзінің хас шебері Қабдеш Жұмәділді соңғы сапарға аттандырып салуға да Ұлықпан Есілханұлы бас көз болды. Марқұмның өсиеті бойынша Қабдеш Жұмәділді Шығыс қақпаны күзетіп жатқандай жота бойында, жол жиегінде арулап қойды. Қарыны тойғанға маз кейбір шенділер жерді жекшелендіріп алған ба, ырғалып-жырғалып, кергімек болғанда Ұлықпан Есілханұлы баяғының батырларындай шарт кетіп, қазақ әдебиетінің ардақты тұлғасының рухын шат ететіндей әрекетке барды. Отпен ойнамандар!-деді. Бір жағы аға, бір жағы ұзақ жылдар дос, сырлас болып кеткен аз ағаны өсиет еткен жеріне қойды. Жылына жеткізбей Қабдеш кесенесін тұрғызды. Осынау кешеннің бой көтеруіне ұлы Әсет демеушілік етті. 500 шақырым жерден 70 тонна тас тасытып, қаншама еңбекші һәм сәулетшілердің азық-түлігі мен еңбек ақысын, кешеннің құрылысына кеткен материалдар мен жұмыс техникасын қамтамасыз етуге сан миллиондаған қаржы салды.

Сайын дала төсінде халқының аппақ ниетіндей болған ар-ождан, ерлік пен елдікті жырлаған Қабеш Жұмәділдің ақ шаңқай кесенесі бой түзеді. Рухани жаңғырудың, ағаға деген адалдықтың, аруаққа деген құрметтің рәмізіндей осынау кесене көрген жанның көңіліне ұлағаттылық туралы ой салып, алыстан мен мұндалайды.

Бүгінде Ұлықпан Есілханұлы әлі де еңбек майданында, Сәтбаев Университетінің шарықтап өсуіне ерінбей талмай еңбек етуде. Бір кездері қазақ техникалық білімінің өркендеуіне үлес қосқан университеттің аға буын өкілдерін біріктірген Сәтбаев университеті ақсақалдар алқасының төрағасы, ректор кеңесшісі.

Ұлықпан Есілханұлы «Қазақстан», «Хабар» телеарналары мен «Қазақ радиосынан» әлі қол үзе қойған жоқ.

Ұлықпан Есілханұлының сан-салалы осындай еңбектері мемлекет, үкімет, тиісті министрліктер тарапынан лайықты бағасын да алды, Республика президентінің Алғыс хаты, Құрмет грамоталары мен дипломдар дүркін-дүркін табысталып жататын. Ғылым, білім, ұстаздық саласындағы жетістіктеріне «ҚР Білім саласының құрметті қызметкері», «КСРО білім саласының үздігі», «ҚР мәдениет қайраткері» атақтары берілсе, республика ұлттық ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін «ҚР ғылымына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі сондай марапаттар қатарында. Ол «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына да ие.

Шахмардан Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің, Қоқыт Ата атындағы Қызыл-Орда университетінің, дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің құрметті профессоры.

Ұлықпан Есілханұлы жас ұрпақты елін, жерін, Отанын аялаушылыққа, жүректеріне патриоттық сезім ұялатуға еңбек етуде қашан да аянып қалған емес.

Елі де елім деген азаматын ардақтауды ұмытқан емес. Туған өлкесіндегі халықтық мерекелер, жиын-тойлар ғалымның ұлағатқа толы сөз сөйлеуінсіз өтпейді. Жерлестерінің де ықыласты сыйына бөленген Ұлықпан Есілханұлы бүгінде Мақаншы ауданының құрметті азаматы.

Ұлы Отан соғысының ардагері, жоғары мектеп академиясының құрметті академигі, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер. Жоғары мектептің ұйымдастырушысы, профессор, халқымыздың ардақты перзенттерінің бірі Батырбеков Мүштай Батырбекұлы өзінің «Өмір, жылдар, кездесулер» деп аталатын естелік кітабында Ұлықпан Есілханұлы туралы жүрек жарды жақсы лебізін білдіре келіп: «Осындай адаммен қызметтес болып, бірге жұмыс істеген тағдырыма ризамын» деп, жазған екен. Бұл Ұлықпан Есілханұлының ұстаздық, ғалымдық, адамгершілік тұлғасына шын мәнісіндегі берілген әділ баға деп есептейміз.

Жұлдыздар кеңістігіне серуендеуге талпынған балаң жігіт Ұлықпан бұл күнде 75 жасқа толып, елі ардақ тұтқан, елге айтары да тартары да телейгей теңіздей даналықты меңгерген академик Ұлықпан Есілханұлы болды.

Жүз жасаңыз, жетер жетістіктеріңіз бен бағындырар белестеріңіз әлі де көп болсын. Сіз қашанда шәкіртеріңіз үшін өмір айдынында жол сілтейін бағдар шамсыз!

Жаксыликова К.Б., профессор
Үдербаев А.Ж., ассоц.профессор
Сәтбаев Университеті, Қазақстан
a.uderbayev@satbayev.university

Ұ.Е. Сыдықовтың «Тіл – ұлттық рухтың қайнар көзі» қағидасының практикалық аспектісі жайында

Еліміздегі әлеуметтану, жаратылыстану, инженерлік білім, болашақ инженер мамандарды дайындау, әдебиет, қазақтың саз өнері, сөз өнері салаларының өркендеуіне сүбелі үлес қосқан және қосып келе жатқан Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университетінің «Ақсақалдар алқасы» кеңесінің төрағасы, философия ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ҚР педагогика ғылымдары академиясының академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Сыдықов Ұлықпан Есілханұлы «сегіз қырлы – бір сырлы», ұстанған қағидаларына берік, ерекше қасиеттерге ие тұлға.

Олай дейтініміз, *бірінішіден*, қатардағы оқытушы деңгейінен университеттің кафедра меңгерушісі, есептеу техникасы және автоматика факультетінің деканы, жаратылыстану-гуманитарлық институтының директоры, халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, оқу-тәрбие ісі жөніндегі проректор лауазымдық қызметтеріне дейін көтеріліп, инженерлік саланың қыры мен сырын тереңнен танитын **кәсіби маман** күні бүгінге дейін елімізде ұлттық техникалық кадрларды даярлауды дамытуға білікті басшы ретінде ересен зор үлес қосып келеді.

Екіншііден, Ұлықпан Есілханұлы қазақтың саз өнері, сөз өнері салаларының дамуына атсалысып, өз қолтаңбасын қойған жаны жырға толы тұлға. Өйткені аты аңызға айналған «Дос-Мұқасан» вокалды-аспаптық ансамблінің негізін салушылардың бірі, әйгілі

«Той жыры», «Қуанышым», «Бойжеткен», «Әсем жұлдыз» сияқты көптеген әндердің авторы, университетте танымдық-тәрбиелік бағыттағы «Бәйшешек» өнер бірлестігін ұйымдастырушысы екенін барша қауым білетіні хақ.

Үшіншіден, жұртшылыққа республиканың білім беру саласындағы білікті ғалым, білімді тәлімгер-ұстаз, жанашыр дос, ізін басып келе жатқан әріптестеріне ақылшы аға ретінде танымал қамқор тұлға.

Бүгінгі күні Ұлықпан Есілханұлының қаламынан туған 250-ден астам ғылыми, оқу-әдістемелік, ғылыми-публицистикалық еңбектері, мақалалары, оның ішінде бес монография мен оннан астам оқулықтары мен оқу құралдары республикалық жоғары оқу орындарының, жоғары техникалық оқу орындарының, колледждер мен мектептердің оқу процесінде кеңінен қолданыс тауып келеді. Ғалымның ғылыми идеялары оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар арқылы теориялық және практикалық қырынан қолданысқа түскені, монографиялары арқылы жарық көріп, көпшілікке тарауы – еңбектің жоғары бағалануы деп білеміз. Бұл ретте «ұлттық рухтың мәні, қайнар көзі, қалыптасу және даму механизмдері, оның ақпараттық кеңістікте көрініс табу ерекшеліктері, сондай-ақ, ұлттың ұйысуындағы, өсіп-өркендеуіндегі алатын орны» [1, 11-бет] жан-жақты баяндалған «Ұлттық рух және ақпараттық кеңістік» кітабын ерекше атап өтуге болады.

Төртіншіден, Ұлықпан Есілханұлы қазіргі уақытта мемлекеттік деңгейде көтеріліп отырған Тіл саясатына қатысты жауапты іс-шаралардың жүзеге асуына белсенді атсалысып, техникалық қазақ тілінің, кәсіби қазақ тілінің қалыптасып, дамуына қомақты үлес қосып жүрген – тіл жанашыры, ұлтжанды тұлға. «Ұлттық рухты қалыптастыруға, оны дамытуға ықпал ететін құралдардың бірі – тіл. Өйткені тіл – ұлттың тарихының, мәдениетінің алтын өзегі, ұлттық рухтың қайнар көзі» [1, 14-бет] деген қағиданы ұстанған ол, университетте қазақ тілінің инженер мамандардың ұлттық сана сезімін, рухын қалыптастырып, дамыту құралына айналуын сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде практикалық тұрғыда жүзеге асыру ісін нық жолға қойды. Атап айтқанда, «Бітер істің басына – жақсы келер қасына» дегендей, Ұ.Е.Сыдықов университетте 1989 жылы алғашқы қазақ топтарының ашылып, «Қазақ тілі» қоғамдық ұйымының, кейін «Мемлекеттік тіл тірлестігінің» құрылуына мұрындық болса, 1990 жылы Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-да Қазақ тілі кафедрасының ашылуына тікелей атсалысты.

Сөйтіп, кафедрада орыс бөлімінің студенттеріне арналған «Қазақ тілінің практикалық курсы» (оқу топтары қазақ тілін бастапқы, жалғастырушы және тереңдетіп оқытатын топтарға бөлінеді); орыс және қазақ бөлімдерінің студенттеріне арналған «Қазақ тілінде іс жүргізу»; ЖОО оқытушылары мен қызметкерлеріне арналған «Қазақ тілін тереңдетіп оқыту»; «Магистранттарға, ізденушілерге арналған қазақ тілі»; «Қазақ тілі мен әдебиеті тарихының арнайы курстары» пәндері жүргізіле бастады.

Алайда, «Мемлекеттік тіл өндірістік орындар мен экономика саласында қолданылмайынша бәрі бекершілік ...» [1, 116-бет] деп санаған Ұлықпан Есілханұлы кафедра пәндерінің құрамына болашақ инженерлерді кәсіп тіліне үйрететін «Техникалық қазақ тілі», «Кәсіби қазақ тілі» пәндерінің енгізілуіне ықпал жасап, қолдау көрсетуі негізінде университетте алғаш рет қазақ тілі техника, кәсіп тілі ретінде оқытыла бастады. Содан бері ширек ғасырдан аса уақыт өтті, кафедра пәндері қатары толығып, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбие істері жаһандану ғасырының талабына сай жаңа сапаға көтеріліп, жетіле түсуде және осының бәрі күні бүгінге дейін әрдайым **тіл жанашырының** басты назарында. Бұл Ұлықпан Есілханұлының техникалық жоғары оқу орнының оқу-тәрбие процесіндегі мемлекеттік тілдің әлеуметтік-саяси рөлі мен тәрбиелік мәніне ерекше назар аударып отыратынын дәлелдейді.

Ұсынып отырған мақалада одан әрі Ұ.Е.Сыдықовтың тікелей басшылығымен ашылған Қазақ тілі кафедрасының оқу-тәрбие үрдісінде тілді деңгейлеп оқыту арқылы болашақ инженер мамандардың ұлттық сана сезімін, рухын қалыптастырып, дамыту ісінің сабақтастық жолымен, заманауи білім беру талаптарына сай даму жүйесіне қысқаша тоқталмақпыз.

Жаһандану ғасырында Сәтбаев Университетінде болашақ инженер маманды дайындаудың стратегиялық мақсаты – студенттердің кәсіби құзыреттілігін ғана емес, сонымен қатар «кемінде үш тілді» жоғары деңгейде меңгерген белсенді, шығармашыл, мәдениетті, сыни тұрғыдан ойлайтын тұлғаны қалыптастыру. Бұл сайып келгенде оның біліктілік деңгейін, бәсекеге қабілеттілігін анықтай келе, болашақ инженер маманның табысты кәсіби және әлеуметтік мансабын қалыптастыру факторларының бірі болып табылады.

Бүгінгі күні университетте бірінші кезекте инженер кадрларды әр мамандық саласы бойынша мемлекеттік тілде дайындау өрісі кеңейуде. Университет әкімшілігі мен ұжымы «ҚР Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын» [2] жүзеге асырып келеді, . Қазіргі уақытта кафедра «Қазақстан Республикасының Тілдік білім беру тұжырымдамасына» [3] сәйкес алты кредит көлемінде қазақ және орыс тілдерінде деңгейлік оқытуды жүзеге асыруда.

Диагностикалық тестілеу және ауызша әңгімелесу нәтижелері бойынша студенттердің тілдік құзыреттілік деңгейі анықталып, деңгейлер бойынша оқу топтары құрылады. Оқу жылының басында қазақ/орыс тілдерін білу деңгейін анықтау үшін студенттер университет сайтында тегін жазбаша онлайн тестілеуден және қазақ және орыс тілдері кафедрасының кеңсесінде ауызша әңгімелесуден өтеді [4].

Орыс бөлімінде оқитын студенттер үшін «Базалық қазақ тілі (A2)», «Академиялық қазақ тілі (B1)», «Іскерлік қазақ тілі (B2)» сияқты пәндер, ал қазақ бөлімінің студенттері үшін – «Базалық орыс тілі (A2)», «Академиялық орыс тілі» (B1), «Орыс тілі. Жетілдіруші деңгей (B2)» пәндері жүргізіледі.

«Қарапайым қазақ/орыс тілдері» (A1) пәні ТМД, шет елдерден келген шетелдік студенттерге арналған.

Жоғарыда аталған курстардан басқа студенттерге 3 кредит көлемінде келесі: «Іскерлік қатынас мәдениеті (қазақ/орыс тілдері) (C1)»; «Шешендік өнер негіздері (C1) (қазақ/орыс тілдері)»; «Қазақ тілі және латын графикасы» элективті пәндерін таңдау мүмкіндігі бар.

«Қарапайым қазақ/орыс тілдері» (A1) пәнінің мақсаты студенттерге күнделікті қарым-қатынас жағдаяттарында қарапайым коммуникативті қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін коммуникативті құзыреттіліктің минималды деңгейінің дағдыларын меңгерту болып табылады.

«Базалық қазақ/орыс тілдері (A2)» пәнінің мақсаты студенттерге коммуникацияның әлеуметтік-мәдени салаларындағы негізгі коммуникативті қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттіліктің бастапқы деңгейінің дағдыларын үйрету болып табылады.

«Академиялық қазақ/орыс тілдері (B1)» пәнінің мақсаты студенттерге әлеуметтік, мәдени өмірдегі негізгі коммуникативтік қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін қазақ/орыс тілдерін бейімдеу деңгейін меңгеру дағдыларын үйрету болып табылады.

«Іскерлік қазақ тілі (B2)», «Орыс тілі. Жетілдіруші деңгей (B2)» пәндерінің мақсаты студенттерге қазақ/орыс тілдерінің негізгі білім деңгейінің дағдыларын, яғни дұрыс қабылданған тілдік нормалар стандарттарына сәйкес іс қағаздарын дайындау, іскерлік қарым-қатынас саласында қазақ/орыс тілдерінің стильдік ресурстарын сауатты пайдалану, іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгеру. Бұл университетте техникалық сала мамандарын іскери құжаттарды стильдік нормаға сай сауатты жазуға үйрету және олардың сыртқы байланыстарға қатысты ресми шараларды ұйымдастыруда мемлекеттік тілді ұтымды қолдана білу дағдысын қалыптастырудың қажеттілігіне жіті көңіл бөліп отырғанының айғағы.

«Кәсіби қазақ тілі/Кәсіби орыс тілі» пәнінің мақсаты студенттерге ұжымда еркін қарым-қатынас жасауға, техникалық профильдегі маман ретінде қазақ/орыс тілінде кәсіби іс-әрекетін жүргізуге мүмкіндік беретін кәсіби қатысымдық құзыреттілік дағдыларын

үйрету. Атап айтқанда, болашақ инженер маман кәсіби қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, публицистикалық, ғылыми-көпшілік және ғылыми-әдебиет дереккөздерімен тиімді жұмыс істей білу және мамандығы бойынша қосалқы ғылыми мәтіндер (рефераттар, аннотациялар, рефераттар, рецензиялар және т.б.) жазу дағдысын меңгереді. Белгілі бір деңгейдегі толық курсты сәтті аяқтаған студенттер қазақ және орыс тілін оқыту бағдарламасының келесі деңгейіне өте алады.

Коммуникативтік-интерактивті және инновациялық технологияларды пайдалана отырып, кредиттік-модульдік технология негізінде әзірленген қазақ және орыс тілдерін оқыту бағдарламалары тілдік кедергіні жеңуге көмектеседі, әрбір студентке кәсіби тілдік қарым-қатынасқа түсуге сенімділік береді және барлық сөйлеу дағдыларын кешенді түрде дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ әр сабақта авторлық әдістемелік әзірлемелер мен әртүрлі дидактикалық аудио-бейне материалдар белсенді қолданылады.

Кафедраның «Іскерлік қатынас мәдениеті (қазақ/орыс тілдері) (C1); «Шешендік өнер (шешендік өнер негіздері – C1) (қазақ/орыс тілдері)» таңдау пәндерінің мазмұны қазақ және орыс тілдеріндегі іскерлік қатынас, шешендік өнер саласындағы тиімді сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерін, коммуникативтік дағдыларын меңгертуге бағытталған. «Қазақ тілі және латын графикасы» пәнінің мақсаты – студенттерге латын графикасына негізделген ұлттық әліпбиді құрастырудың ғылыми негіздерін түсіндіре келе, жаңа ұлттық әліпбидің емлесі мен үлгілерін үйрету. Элективті пәндердің сабақтары негізінен арнайы әзірленген шеберлік сабақтары мен тренингтер түрінде өткізіледі.

Сондай-ақ «Сәтбаев Университеті» әскери кафедрасының әскери қызметшілері үшін ұйымдастырылған «Қазақ тілі» курсының жұмысы бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда. «Қазақ тілі» курсының мақсаты – әскери қызметшілерді тілдік құралдар арқылы нақты коммуникативті мәселелерді шешуге, бейініне сәйкес мәтіндерден қажетті мәліметтерді алуға, ғылыми және кәсіби тұрғыда мәтін құрастыруға үйрету.

Қазақ және орыс тілдері кафедрасында екі үйірме: «Семсер» оқырмандар клубы орыс бөлімінің студенттерімен жұмыс істейді, оның құрамына қазақ тілі әдеби клубы мен «Сөйле» қазақ тілін ауызекі сөйлеу тілін дамыту үйірмесі кіреді. Ал қазақ бөлімінің студенттерімен «Сначала было слово ...» әдеби клубы, «Көзқарас» оқырмандар клубы жұмыс істеуде. Ұлықпан Есілханұлы айтқандай, «...қазақ тілі – еліміздегі барлық этностарды біріктіруші фактор екені әрдайым басты назарда болуы шарт» [1, 116-бет]. Кафедра үйірмелерінің жұмысы әр ұлт өкілдерінен тұратын студенттеріміздің қазақ және орыс тілдерінде қарым-қатынас жасауларына, бейнефильмдерді, фильмдерді көріп, өзара талқылауға, интерактивті негізде халықтардың дәстүрі мен мәдениетін зерттеп, зерделеуге, сол арқылы ұлттық сана сезімдерінің қалыптасып, дамуына ықпал етеді.

Кафедрада **оқу үрдісіндегі** өткізіліп жатқан осындай іс-шаралар кешені студенттің одан әрі өзін-өзі тәрбиелеуіне, коммуникативті, мәдениетті, толерантты тұлғаның қалыптасуына, практикалық кәсіптік қызмет саласында, өндіріс орындарында қазақ, орыс тілдерін тілдік қатынаста ұтымды қолдануларына мүмкіндік береді. Сондықтан осы қысқаша шолуымызды өскелең ұрпақты оқытып-тәрбиелеуде олардың бойында алдымен «ұлттық рух пен ұлттық сананы» қалыптастыру қажет деген «ар жүгі мен нар жүгін» көтеріп жүрген Ұлықпан Есілханұлының «Қазақ тілінің университеттің тыныс-тіршілігінде қолданылу аясының ұлғаюына қол жеткізу бағытында атқарылған іс те, алда атқарар жұмыс та көп. Қазақстандықтар кем дегенде үш тіл білуі тиіс. Бірақ қазақ тілі өзге тілге қарағанда басымдылықты талап етеді, мемлекеттік тіл республиканың мемлекеттік рәміздерімен қатар ұлттық қауіпсіздік факторларының бірі ретінде қаралуы тиіс» [1, 116-бет] деген тұжырымымен қорытындылаған жөн деп санаймыз. Себебі университетте, кафедрада атқарылып жатқан оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны ғалым-қайраткер, ұлтжанды азамат Ұ.Сыдықовтың «Тіл – ұлттық рухтың қайнар көзі» қағидасының практикалық тұрғыдан толық жүзеге асып жатқанының көрінісі.

Әдебиеттер:

1. Сыдықов Ұ. Ұлттық рух және ақпараттық кеңістік: Мақалалар. - Алматы, 2015. - 288 б.
2. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2019 ж.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен бекітілген. – Астана, 2022 ж.
4. <https://official.satbayev.university/kk/basic-education/krl>

ӘӨЖ 821. 512. 122 (091)

Сабырбаева Раушан Қойшанқызы

филология ғылымдарының кандидаты,
“Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті” КеАҚ,
Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының
аға оқытушысы
(Қазақстан, Семей қаласы)

Мұхамадиев Дәурен Бақдәулетұлы

филология ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, Академик С.С. Қирабаев атындағы
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы
(Қазақстан, Алматы қаласы)

Бегманова Бибіжан Сейтханқызы

филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақ әдебиеті кафедрасы
(Қазақстан, Алматы қаласы)

Академик Ұ.Е. Сыдықовтың ақындық әлемі

Қазақ руханиятына (білім-ғылым саласы, өлең сөз өнері, саз өнеріне) өзіндік қолтаңбасымен үлес қосып келе жатқан қайраткер тұлғаның бірі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, философия ғылымының докторы, профессор, ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ҚР Педагогика ғылымдар академиясының академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Ұлықпан Есілханұлы Сыдықов.

Академик Ұ.Сыдықов білім-ғылым саласына ғана емес, ұлттық әдебиетіміздің арналы бағыты поэзия жанрына да өлшеусіз үлес қосқан лирик ақын. Өзінің нәзік иірімге құрылған сыршыл туындыларына ұлттық болмыс мәселелерін ту етіп, ұлттық дүниетаным тұрғысынан ой түйіндеп, өміршең өрнекті өлеңімен қазақ әдебиетінен айшықты орнын алған туындыгер.

Ұ.Сыдықовтың поэзиялық туындыларын зерделегенде ұлттық болмыс, ұлттық сана, ұлттық рух сынды рухани категориялардан туындайтын әдеп, ізгілік, ар-ұждан сынды рухани аспектілерді үнемі өз шығармашылығына арқау етіп, туындыларының негізгі темірқазығына айналдырып отыратынын байқаймыз.

Бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймаған, әйгілі “Дос-Мұқасан” ансамблінің бойтұмарына, махаббаттың символына айналған «Той жыры» атты туындысы жоғарыда айтылған сөзімізге бірден-бір дәлел бола алады.

...Жас шаңырақ болсын бақыт бесігі
Жас жұбайлар, құтты болсын тойларын
Кең ашылсын болашақтың есігі

Орындалсын арман, тілек, ойларың... [1], – деген өлең жолдарынан нәзік лирикалық сезім, иірім, қуатты поэтикалық ой динамикасына, сөз динамикасына құрылған ұлттық рухтың тегеурінді қасиетін, баталы тілектің құдіретін ұғынамыз.

Ұлттық құндылық мәселесі сан ғасырлар қойнауынан тамыр тартып, бүгінгі күнге дейін қазақ халқының күн тәртібінен түспей келе жатқан, мәңгілікке бағыт алған өзекті тақырыптың бірі. Ақынның туындылары ұлттық қайнарға құндақталып, ұлттық рухты шығармаларының өзегіне айналдыруымен құнды және осы қасиеттерімен үлгі.

Ұ.Сыдықов шығармашылығы (ғылыми, әдеби) арқылы қазақ халқының қасиетін, салт-дәстүрін, ұлттық мінезін, сипатын әрдайым насихаттап отыратын ұлтжанды азамат. Қазақ халқының генофонындағы тектілік, қайсарлық, мораль сынды рухани аспектілер ақын назарынан тыс қалмаған. Осындай рухани құндылық ең басты орынға қойылып, негізгі темірқазық ұстанымына айналса қазақ халқының ұлттық болмысының иммунитеті қуатты болатынын оқырман қауымына насихаттайды.

Ұ.Сыдықов ұлттық құндылық, ұлттық мұрат, ұлттық мүддені жүрегімен түйсініп, аталмыш қасиеттерді ақындық ұстанымына, жырларының негізгі нысанына айналдыра білген ұлттық руханият игілігі үшін қызмет етіп келе жатқан ғалым, шығармашылық иесі. Оның әрбір туындыларында қазаққа тән ұлттық мінезді, ұлттық қасиетті ашып беріп отырады. Қазақ халқына әдептілік, ұяндық, қарапайымдылық, кеңпейілдік, намысшылдық тағы басқа мінез-құлық аспектілері ақын лирикасында көрініс тауып отырады. Қаламгердің нәзік иірім, асқақ пафос, өр екпін, шешендік толғамдарға құрылған туындылары (ғылыми, әдеби) ұлттық қасиетімен құнды.

Ұ.Сыдықовтың лирикасында ұйқас өрімі, халықтың бай тілін орынды қолдануы, елдің тұрмыс-тіршілігіне терең үңілуі, оны іріктеп, екшеп өлең жолдарында қолдануынан сөз зергерінің шеберлігін аңғарамыз. Өлең тармақтарындағы буын саны әртүрлі жырланғанымен, дыбыс үндестігі, ұйқас өрімі берік байланысып, айтар ойын ықшамды әрі нақты көрсете біледі. Мұны өлең сөз иесінің шығармашылық шеберлігінің шыңдалғандығы деп білеміз.

Ұ.Сыдықовтың болмысындағы жақсы қасиеттердің бірі нағыз шығармашылық иесіне тән дегдарлық, қарапайымдылық, еңбекқорлық, ізденгіштік. Осы қасиеттері қаламгердің біз жоғарыда тілге тиек еткен дүниетанымы мен шығармашылық лабораториясының кеңеюіне қызмет ететін негізгі фактордың бірі.

Ұ.Сыдықовтың ақындық ерекшелігінің бірі – аз сөзбен көп мағына бере алатынында. Өлең жолдарында кездесетін орынды тенеулері, бейнелеуі, кейіптеуі ақын ойының ұшқырлығын, өзіндік өрнегі мен тапқырлығын танытады.

Қаламгер қай тақырыпқа қалам тартса да шынайылығымен, тақырыпты терең аша білетін қабілеттімен, суреткерлігімен ерекшеленеді. Туындыларында өз елінің, жерінің мақсаты мен биік мұратын, әр түрлі сәттердегі көңіл-күйлерінің иірімдерін, сезім сырларын, асыл арман-тілегін айшықты да әсерлі бейнелей біледі. “Қуанышым менің” атты өлеңінде махаббат, табиғат иірімдерін параллелизм әдісі арқылы өрбітеді.

Құлпырғанда әлем өзгеше бір реңге бояғанда,

Аялаған сезім жүрегімді тербеп оянғанда,
Іңкәр көңілім асып-тасып, арнадан асқанда.

Шатық нұрын сепкен,
Бақыт гүлін еккен,
Өзің ой-арманға [2].

Адам мен туған жер, табиғат арасындағы ғажайып дәнекерді табуға ұмтылады. Осы ұмтылыс нәтижесінде ақын өлеңінде психологиялық параллелизм көрініс табады. Тылсым табиғаттың құпия сырларын адам болмысымен байланыстырып, сабақтастырып суретке көшіретін ақындық талант керек. Әр оқырман Отанын, халқын, туған жерін ақын сүйген жүрекпен сүйе білсе ақынның арманының орындалғаны деп білеміз. Бұл өлеңінде ақынның халқымыздың бойындағы асыл қасиеттерді өлең жолдарында туған жермен, тылсым табиғатпен байланыстыра жырлауы да сәтті өрнектелген. Қазақтың бойындағы бар асыл қасиет табиғат анамен астасып жатқандай. Қазақ халқының бойына біткен мінезі табиғатпен, оның ерекшелігімен тығыз байланысты. Ақын өлеңдерінде суретті сөзбен бейнеленген кең даладай дархандық, таза көлдей мөлдірлік, самал желдей еркелік, күн нұрындай қуаныш, тіпті, қайтпас қайсарлық дархан да ер қазақ мінезіне тән қасиеттер.

Ұ.Сыдықов қай тақырыпты жырласа да айтар ойын, көтерер мәселесін сайлап алып, соларға лайықты теңеулерді орынды пайдалана біледі. Ақынның тағы бір ерекше қасиеті – оқырманға әсер, өлеңге әр беретін сөз маржанынан суретті сала білуінде. Өлең жолдарында қазақ халқына ғана тән мінез бар. Адам жанын ұға білетін қасиет, сезім, сырластық – адам бойындағы қасиеттер. Ақын осы қасиеттерді өлең жолдарына айналдыра біледі.

Сөзімізге дәлел ретінде “Бойжеткен” атты туындысын мысалға алуға болады.

Ерке назды күлкің, асыл маржаның,
Шұғылалы нұрлы жарқын жанарың.
Құлпырасын гүлдей сұлуың бойжеткен,
Жайма шуақ күндей жайнап ажарың.

Мың бұралған тал шыбықтай,
Мөлдіреген таңғы шықтай,
Мөлдіреген таңғы шықтай,
Сұлу бойжеткен,

Ақ канатты арманым сен
Жүрегімнің аңсары сен
Жүрегімнің аңсары сен

Сұлу бойжеткен [3], - деп лирикалық жырларымен оқырман қауымын ыстық сезімге бөлеп, сырлы әлемге жетелейді.

Өлең жолдарынан төкпелеген бабалар толғауларын оқығандай әсер аласыз. Алайда қаламгер ескі сарынға ұрынбайды. Ата-баба толғауымен сол дәстүрді жалғастырып поэзияда әрі қарай жаңа, соны соқпақ жолға салады. Бұл поэзиядағы Ұ.Сыдықовтың ақындық қолтаңбасы, өлең өлкесіндегі тапқырлығы деп білеміз.

Поэзия – ақын жүрегінің дүрсілі. Оның әрбір соққан жүрек үнінен, алған тынысынан ақынның поэзияға деген шексіз махаббаты сезіледі. Ақын сол махаббатын жырға айналдырып, көңіл көкжиегінен ұшырады. Ақын жанын мазалаған өлең дертіне емді поэзиядан іздейді. Ақынның бар арманы, асыл сезімі, поэзияда жыр жолдарымен өріледі. Жанын жадыратар жылы шуақты да поэзиядан табады. Сол поэзия әуенмен әрленіп тәуелсіз еліміздің аспанында ән болып шалқып, қалықтап, тарихымыздың алтын қорынан өзінің құрметті орнын алады.

Ғалым, ақын Ұ.Сыдықовтың қазақ руханиятына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Тұлғаға құрмет ретінде өзі оқыған қасиетті қара шаңырақта биыл “Ұлықпан Сыдықов атындағы шығармашылық орталық” ашылды [4]. Мұны қайраткер тұлғаға көрсетілген айрықша құрмет деп білеміз.

Қорыта айтқанда, Ұ.Сыдықов ұлттық рухани мәдениетіміз бен әдебиетіміздің даму жолында үлес қосып, тағылым мен биік еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген азамат. Бұл шағын мақаламызда Ұ.Сыдықовтың ақындық, шығармашылық болмысын ашып бердік деуден аулақпыз. Өлең сөз иесінің шығармашылығына портреттік шолу ғана жасадық. Алдағы уақытта әлі талай ғылыми зерттеулерге жүк болар ақын Ұ.Сыдықовтың шығармашылығы өз зерттеушісін күтетіні анық. Ұлттық ғылымымыз, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өсіп-өркендеуіне қомақты үлесін қосып келе жатқан ардақты тұлға Ұ.Сыдықовтың шығармашылығы ұлтымыздың руханият қазынасы қорына қосылған құндылықтар деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сыдықов Ұ. Той жыры // <https://ketpe.com/dos-muqasan-toj-zhyry-tekst/>
- 2 Сыдықов Ұ. Қуанышым менің // <https://matinder.kz/song/dos-mukasan-toby/kuanysym-1>
- 3 Сыдықов Ұ. Бойжеткен // <https://guitarchords.ru/artists/dos-mukasan/sulu-boyzhetken>
4. Адырбек Н. Әйгілі «Той жырының» авторы Ұлықпан Сыдықов атындағы шығармашылық орталық ашылды // <https://aikyn.kz/193066/eygili-toy-zhyrynyn-avtory-ulykpan-sydykov-atyndagy-shygarmashylyk-ortalyk-ashyldy/> 21.04.2022.

ОӘЖ 94 (574)

Адилова Ф.А
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
аға оқытушысы, т.ғ.к.
Алматы, Қазақстан

Ұстаз Ұлы тұлға

«Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» [1, 47-бет]. - деп өз кезінде ғұлама ғалым әл-Фараби айтпақшы бүгінгі мақаламның арқауы болып отырған өмірдегі рухани ұстазым жайлы болмақ.

Оңашада отырып ұстаз туралы ойға кетсем, көз алдымнан жарқын мінезді, жылы жүзді, ақ жүректі ұстаз бейнесі көрініп мені терең ойлар мен естеліктерге жетелейді. Жаныма жақын, өзіме ұстаз тұтып жүрген Сыдықов Ұлықпан Есілханұлы биыл 75 жасқа толып отыр. Соған орай Сәтпаев университетінде үлкен мерей той, ғылыми конференция ұйымдастырылып жатқанын естіп, естеліктеріммен бөліскенді жөн көрдім. Қысқаша ұстазымның өмір баянына шолу жасап өтейін.

Сыдықов Ұлықпан Есілханұлы – 1948 жылы 10 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Шағантоғай ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Мақаншы ауданында С.Сейфуллин атындағы орта мектепті алтын медальмен бітіреді [2, 3-бет].

Ұлықпан Есілханұлы Сәтпаев атындағы қазақ ұлттық техникалық университетінде өз кезінде сирек кездесетін аса маңызды салалардың бірі болған – Автоматика және

есептеу техникасы мамандығын оқып тәмәмдап, оқуды бітіргеннен кейін осы университет қабырғасында еңбек қызметін жалғастырып қалтықсыз қызмет атқарып келеді. 1986 жылдан политехникалық институтының есептеу техникасы және автоматика факультетінің деканы, халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, 2001 жылдан Машани атындағы гуманитарлық институтының директоры, Қазақ ұлттық техникалық университеттің оқу-тәрбие ісі жөніндегі проректоры қызметтерін атқарды. 100-ден астам ғылыми жұмыстың, 10-нан астам монографияның, философия және саясаттану жөніндегі бірнеше кітаптардың авторы. Атақты «Дос-Мұқасан» ансамблін құрушылардың бірі. «Той жыры», «Қуанышым», «Бойжеткен», «Әсем жұлдыз» [2, 3-бет]. сияқты көптеген әндердің авторы.

«Тың игергені үшін», «Озат еңбегі үшін», «Білім және тәрбие ісінің үздігі» медальдарымен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамотасымен марапатталған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Құрметті профессоры», Ұржар ауданының «Құрметті азаматы» [2, 4-бет]. атақтарына ие.

Ата-анамыз біз өмірге келген күннен бастап: жүріп-тұруға, оқуға, жаза білуге, қоғамда өзімізді қалай ұстау керек екенін үйретеді. Алайда ата-ананың үйде берілген тәрбиесі жеткіліксіз, өйткені үлкен өмірге араласып, тұлға болып, өмірлік ұстанымдардың қалыптасуында ұстаздың атқарар рөлі өте зор.

«Ұстаз ұстаз емес өз шәкірті үшін күймеске, шәкірт шәкірт емес өз ұстазын сүймеске» [3, 48-бет]. - деп Жүсіпбек Аймауытов ағамыз жырлағандай, өмірімде осындай керемет тұлғамен, аңыз адаммен тоғыстырған тағдырыма мың шүкіршілік айтамын, Ұлықпан ағадай ұстаздың шәкірті болу зор бақыт. Сонымен ұстазыммен қалай таныстым?

2000 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық мемлекеттік университетінің тарих факультетінің магистратура бөлімін аяқтап, қолымызға дипломымызды алып, ендігі кезекте алған мамандығымыз бойынша жұмыс іздеп, Алматы қаласының біраз жоғарғы оқу орындарын кезіп, түйіндемелерімді қалдырып, ешбірінен тұщымды жауап ала алмай, салым суға кетіп біраз уақыт өткізіп алдым. Оңайшылықпен жұмыс табыла қоймады, ақырында Алматының көк базарына құрбымның ағасының ұсақ түйектер сататын орнына уақытша жұмысқа кіруге мәжбүр болдым. Қолымнан сауда жасау келе қоймады, ұсақ-түйек сататындықтан кешкі базар жиналған уақытта әккі ұрылар менің жаңадан сатушы болып жүргенімді білді ме, талай заттарды ұрлап кетеді, ол заттарды өзіме күнделікті төлеген жалақымен орнын толтырып қоямын, қойшы сондай қиналыста жүрген күндердің бірінде марқұм бөле ағам, сені Қаныш Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетке кафедра меңгерушісі Гелий Жұмамұратұлы деген кісі қоңырау шалып жолығуынды сұрады деп хабарласты. Бұл 2001 жылдың наурыз айы еді, ертесінде екі өкпемді қолыма алып кафедраға жеттім, қуаныш та бар, толқыныс пен үрей де бар. Сол уақыттағы «Қоғамдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі болып отырған Гелий Жұмамұратұлы өңі жылы, ақкөңіл адам болып шықты, мені бірден Институт директорына алып барды. Ол кезде «Жаратылыстану Гуманитарлық Институтының» директор қызметін атқарушы саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Сыдықов Ұлықпан Есілханұлы еді. Әр сөзін шегелеп сөйлейтін, маңғаз да байсалды, түрі қатал, әрі сұсты болып көрінген бейненің ар жағында кереметтей кең пейілді, жұмсақ жүректі, жанашыр, қамқор адам екендігін жүрегім сезген еді. Сезім алдамайды демекші қазақ халқының маңдайына біткен, бойына ата-бабасынан дарыған тектілігі бар, табиғи талантты, халқына сіңірген еңбегімен танымал болып жүрген рухани ұстазыммен ең алғаш танысуым осылай басталған еді. Әңгімелесу барысында жөн сұрап, түйіндемеммен танысқанын, КазМҰУ-дегі ұстазым Қуаныш Сүлейменұлының мен туралы оң пікір білдіргенін айтып мені 0,5 сағатқа жұмысқа қабылдады. «Орыс топтарына сабақ жүргізе аласың ба» - деп сұрады, жүрексініп тұрсамда - жақсы жүргіземін - дедім, бірақ орысша дәріс оқи алмайтынымды айтып едім, «әзірге саған дәріс бермейміз, практикалық сабақтар жүргізесің» - деп қысқа қайырып, әрі қарай құжаттарымды толықтырып алып келуімді айтып шығарып салды. Осылайша Ұлықпан Есілханұлының басшылығымен, Қаныш Сәтпаев атындағы Қазақ

техникалық университетіндегі алғашқы ұстаздық жолым бастау алған еді. Өзіме тапсырылған міндеттердің бәрін адал атқарып, ұжыммен де тез тіл табысып кеттім. Орыс топтарының студенттерімен бастапқы кездерде тілдік кедергілер болғандығынан біраз қиындықтар туындады, соған қарамастан өз кәсібім ұнайтындықтан ол мәселені де оңай еңсеріп алып кеттім. Келесі оқу жылында Ұлықпан Есілханұлы мені толық 1 жүктеме сағатқа алатынын және үлкен 150-160 бала отыратын топтарға дәріс оқитынымды айтты. Бұл ұстазымның маған жасаған үлкен жақсылығы болды, осы уақыттан бастап үлкен аудиторияларда дәріс оқуға машықтанып, университетте алған білімдерімді шыңдап, одан әрі ізденіп өсуіме үлкен септігін тигізді.

Дана халқымыздың «Ұлық болсаң, кішік бол» деген мақалы «атына заты сай» ұстазым Ұлықпан Есілханұлына арналып айтылғандай. Қоғамда өзінің ойып алар орын бар, құрмет пен беделге ие ұстазымның бойындағы ерекше кішіпейілділік пен қарапайымдылығы осының айғағы болса керек.

Айтқали Нәріков жырлағандай:

Шәкірт едім кеудем толы күш-жалын,

Алға тартқан арман жолын нұсқадың.

Кете бардым жүрегіннен от алып,

Келді-дағы бір өзіңе ұқсағым [4,57-бет]. – демекші ұстазым айтқан, үйреткен тура жолдан таймауға тырысып, өмірде біреудің ала жібін аттамай, адал еңбек етуге тырысып бағудамыз. Ұлықпан Есілханұлы: «Алдыларыңа келген әр студент ертең қоғамның бір мүшесі, әрқайсысы ерекше тұлға бүгін сендер қандай қарым-қатынас жасасаңыздар ертең өмірде бірі болмаса бірі алдыларыңыздан шығуы ғажәп емес, ол өмір заңдылығы, міне сондай кез туса ұялып, қызармайтындай дұрыс білім беріп, еңбектеріңді адал атқарыңдар» - деп әділ, тура жолға тәрбиелеп отыратын.

Қазақ тарихында мәңгі ізін қалдырған ұлт зиялыларын «ұлы тұлға» демейміз бе? Ол ұлыларымыз да ұстаз алдын көрген ғой. Оларға ұлылық, әрине, ұстаздарынан дарыған.

Ұстазым жөнінде жазылған «Ақжаннан алғыс, Сәбиттен бата алған» - атты мақалада:

« - Илияс-ау, мына бір болайын деп бұлқынып, жарып шығайын деп жұлқынып тұрған жас талантты қайдан тауып алғансың? – дейді Сәбит Мұқанов Илияс Есенберлинге.

- Менің маңайыма ыңғай таланттылар ғана жүреді ғой, Сәбит аға. Бұл да солардың бірі - Ұлықпан Сыдықов деген бауырымыз. Өткенде Политехникалық институттағы фарабитанушы академик Ақжан Жақсыбекұлы Машани телефон соғып, қабылдап, сөйлесуімді өтінген еді.

- Техниканың тілін үйреніп, инженерліктен сыр суыртпақтап жүрген бала ғой.

- Мектепте оқып жүрген кезінде-ақ физика, математика пәндері бойынша республикалық, аймақтық олимпиадаларға қатысып, бірнеше дүркін жүлдегер атанған бұл бала заман талабына сай, елімізде әзірше сирек кездесетін мамандықты меңгеруге құлшыныс жасап, Политехникалық оқу ордасының Автоматика және есептеу техникасы факультетіне оқуға түсіпті. Инженерлікке талпынысы өз алдына, жүрегі жыр жырлап тұр. Тұртпектеген талант қойсын ба, өзі сынды өлең, әңгіме жазатындарды, жинап, оқитын шаңырағы астынан «Бәйшешек» атты әдеби бірлестік құрып, соған жетекшілік жасап жүр екен» [5,4-бет]. - деп елге танымал болған қайраткерлердің көзіне ілініп, батасын алған ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері Ұлықпан Есілханұлы туралы өз пікірлерін айтқан еді.

Ұстазым тарихшы ғалым, профессор Ахмет Ержанов, академик Досмұхамбет Кішібеков жөнінде әрдайым жылы шыраймен еске алып айтып отыратын.

«Тамшысымен тас тесетін бейнебір су тәрізді» [6, 6-7-беттер]. жандарға ілтипат таныту – адамгершілігіңнің ілгері басуының бір қадамы. Өйткені, ұстазға құрмет көрсету – білімге құрмет көрсету. Білімді құрметтемеген, ұстазын қадір тұтпаған шәкірттің ғылымда нәтижеге қол жеткізе алмайтындығы, қол жеткізсе де, тиісінше кәдеге асыра алмайтындығы қасиетті табиғи құбылыс. Тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым бір ізетпен еске алғаны мәлім.

Айталық, Ескендір Зұлқарнайын - Аристотельді, Абылай хан - Төле биді, Шәкәрім - Абайды, Бердақ - Күнқожаны, Жамбыл - Сүйінбайды өзіне ақылшы әрі ұстаз тұтқан. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, олар өздерінің өмірде бағындырған зор асуларына ұстаздарының сіңірген еңбегі көп екенін жақсы түсінген. Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын өз ұстазын «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектінің бәрін алдым» [7, 5-бет]. деп еске алатын болған екен.

Менде ұстазым Ұлықпан Есілханұлын әкемдей көріп, жаныма жақын тартып, қуанышымды да қиыншылығымды да бөлісіп, ақыл кеңесіне құлақ асып, талай өмірдің өткелдерінен сүрінбей өтіп келемін. Сондықтан да, ұстазды сыйлау, құрмет тұту – өмірдегі бір борышың. Ұлықпан Есілханұлының жақсылығын, мәрттігін тізіп жазсам бір мақалаға симайды, алдына келген әр пенденің көңілін қалдырмай, қолынан келген жақсылығын аянбайтын жүрегі кең өте жомарт адам. Жеке бір адамзат баласына ғана емес, қоғамда үлкен істер атқарып, елімізге танымалдығымен, ерекше ықылас пен құрметке ие нар тұлға. Олай болса бүгінгі менің кішігірім мақалама арқау болған сүйікті де ұлағатты ұстазым туралы айтарым бұнымен бітпес.

«Дүниеде көп адамды бақытқа кенелткен адам – бақытты» [8, 2-бет]. деген ұлағатты сөз бар. Қаншама шәкірттердің қолына бақыт, білім кілтін ұстатқан ұстазым Ұлықпан Есілханұлы – бақытты жан, аяулы жар, ардақты әке, қадірлі ата. Ұрпағымен жайқалып отырған ұстазыма денсаулық тілеп, әлі де қоғамға пайдасын тигізіп, ұрпақтарға үлгі бола берсін деген ниетіміз бар.

75 жас мерейтойыңыз құтты болсын, ғұмырлы болып, ортамызда аман есен жүре беріңіз Ұстаз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Машани А. Әл-Фараби және Абай. Алматы: 2005. 476.
- 2 Сыдықов Ұлықпан Есілханұлының өмірбаяны //Алаш Айнасы. 2015. - 36.
- 3 Аймауытов Ж. Жаман тымақ: өлеңдер, әңгімелер, ертегілер. – Алматы: Балауса, 1992. – 486
- 4 Нәріков А. Жүрек толқындары. Алматы, Жалын баспасы. 1969 ж. -576.
- 5 Жаппасұлы Е. Ақжаннан алғыс, Сәбиттен бата. // Қазақ әдебиеті, Алматы. 2017ж. - 46.
- 6 Кәкішев Т. Әр дарынның өз орны бар // Қазақ әдебиеті. -1990. -2 наурыз. - 6-76б.
- 7 Дүйсен А. Ұлыдаланың ұлы ұстаздары // Егемен Қазақстан. – 2019. -23-қыркүйек. - 56.
- 8 Исакаев Ж. Ұстаз туралы ұлағатты сөздер // Алаш айнасы. - 2015. -2 қаңтар. - 26.

**Ханкелді Әбжанов,
ҰҒА академигі**

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫСЫ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ

Әлемдік өркениетте қазақ халқының өз есімімен, тілімен, өз руханиятымен, мемлекеттілігімен танылғанына ең аз дегенде мың жыл шамасындай уақыт өткен екен. Ақбас тарих үшін бұл айтарлықтай ұзақ уақыт емес. Әйткенмен қамшының қысқа сабындай көрінетін осынау ғасырлар аясында халқымыз жеңісті жарқын күндерді де, қара

бұлттай каптаған сын сағаттарды да бастан өткерді. ХІІІ ғасырда моңғол шапқыншылығынан, ХVІІІ ғасыр басында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» аман қалған, жоңғардай жойқын жаудың бетін қайтарған қазақ этносы ХІХ ғасырда мемлекеттілігі мен тәуелсіздігінен айрылса, ХХ ғасырда тоталитаризм шеңгеліне ілігіп, аштық пен қуғын-сүргінге, демографиялық апатқа душар болды. Адамзаттың рухани қазынасына Қорқыт пен әл-Фарабиді, Асан Қайғы мен Бұқар жырауды, Абай мен Шоқанды, Мұхтар мен Қанышты, Әміре мен Күләшті сыйлаған халық мың өліп, мың тірілді, Күлтегін жазуында айтылғандай, «Елді халық едім, елім енді қайда, кімге елдік жасаймын? Қағанды халық едім. Қағаным қайда? Қай қағанға күш - қуатымды беремін», — деп күңірене жүріп, үміт оты үзілердей көрінген сәтте, жаңа мыңжылдық қарсаңында азаттыққа қол жеткізді. Үш ғасырға жуық созылған отарлау мен қуғын-сүргіндерде халқымыздың тоз-тоз болып жоғалып кетуден, жат өркениет пен құндылыққа біржолата кірігуден аман қалуы - бірінші байлығымыз, бүгінгі тәуелсіздігіміздің алтын тұғыры, іргетасы.

«Қазақты сақтап қалған қандай күдірет?» деген сұрақ баршамыздың алдымыздан жиі шығатыны рас. Қазақтың небір теперіш көре жүріп жер бетінде сақталып қалуына берік те шешуші негіз болған екі күдірет бар деп білеміз. Олардың біріншісі - қазақ әйелінің ерлігі, екіншісі - тарихи тамырлары сонау сақ дәуірінен, одан да әріден бастау алатын, ғасырлар бойы қалыптасып шыңдалған, ұрпақтан ұрпаққа жалғастығынан ажырамаған рухани-мәдени байлығымыз бен құндылықтарымыз.

Қазақ әйелінің ұлт тарихы мен тағдырындағы ерлігі деген пайымдауымыздың мәнін қысқаша ғана айтар болсақ, біздің аналарымыз қандай қиын-қысталаң шақтарда да халықтың табиғи өсімін биік деңгейде сақтап қалғанын, ұрпағын жөргегінен халқына, Отанына адал рухта тәрбиелегенін ауызға алуымыз керек. Отарлау кезеңін былай қойғанда, ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында большевиктер жүзеге асырған халық шаруашылығын индустрияландыру саясаты да бұл үрдісті тоқтата алмады. Қазақ әйелдері өнеркәсіп өндірісіндегі жұмысқа жаппай тартыла жүріп, кенттік психологияны бойына сіңіре отырып, балалы үйдің базарын тарқатпады. Күні кешеге дейін қазақи отбасының әрқайсысында орта есеппен 6-7 қарадомалақ жарыса өсіп келе жататын. Тап сол тоқырау жылдары Балтық бойындағы республикаларда, ресейлік ірі қалаларда табиғи өсім мәселесі өткір қойыла бастаған еді.

Қазақ әйелінің дархандығы мен ұлтжандылығы арқасында Голощекин нәубетімен келген алапат шығын отыз жылдың ішінде, яғни бір ғана ұрпақ өсімімен толтырылды. Демек, бүгінгі азаттығымыздың адами факторын аналарымыз қалыптастырды. «Орнында бар — оңалар», деген осы. Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсіреповтің мына тұжырымында ұлы ақиқат жатыр: «Мақтасақ, әйелді мақтайық та, құрметтейік те әйелді. Әйел - ана, барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе!.. Бұл шындық қой. Өйткені қай анадан сұрасаң да: - Біз өлімнен күштіміз. Біз дүниеге ақын да, ғалымды да, данышпан да, ер де береміз. Өлім адам баласын құртуға тырысса, біз оны жеңіп, адам баласын көбейттік-демей ме!..».

Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарына көз жүгіртіп, құлақ қойсақ, қазақ қыз - келіншектерінің атына ауыр сөздер айтылып, кінә тағу жиілеп кеткенін байқау қиын емес. «Шетелдіктердің қолтығында кетті, тәнін сатып жүр, көкектен айырмашылығы қалмады», - дейді. Рас, дауласпаймыз. Бірақ ақиқаттан алшақтамайық. Біріншіден, жезөкшелік - мейлінше көне кәсіп. Әзірге ол кедей елдерде ғана емес, шылқыған бай Америкада да жойылған жоқ. Екіншіден, қазақ қыз-келіншектерінің ішінара жаңсақ басуына ең алдымен өзіміздің жігіттеріміз, ер-азаматтар кінәлі. Жұмыссыздықты сылтауратып, саусағының ұшын қимылдатпастан жанын аяласа, етін ауыртпаса, бар жауапкершілікті әйелінің мойнына артып, базар жағалатып жіберсе, әрине, атам қазақ айтқандай, бақпаған мал кетеді, қарамаған қатын кетеді. Сонда да ештен кеш жақсы. Әлі сүйекке сіңе қоймаған бұл дерттің алдын алуға мүмкіндік бар. Осыдан 50-60 жыл бұрын сексуалды революция Батыс Еуропаны да жайлаған еді. Біліктілікпен жүргізген саясат арқасында сабасына түсіп,

басылды. Біз де құтылармыз.

Енді тәуелсіздігіміздің ірге тасына қаланған екінші факторға көшейік. Әрине, бұл жерде экономикалық, саяси, тағы басқа факторлардың ролі мүлде маңызсыз деген ой тумау керек. Олар - Отан тарихының ажырағысыз бөлігі. Сөйте тұрғанмен біздің халқымызға тән дәстүрлі шаруашылық пен саяси құрылысты алыс-жақын этностар тарихынан байқауға болады. Ал рухани-мәдени болмыс-бітімімізді басқанікімен шатастыруымыз мүмкін емес.

Мәдени-рухани байлық - халықтың өсіп-өнуінің, кемелденуінің, тарихы мен тағдырының, болмыс-бітімінің анықтауыш бөлігі, баспалдақтары мен мәнді өлшемі. Ол шаруашылық түріне қарай, қоршаған табиғи ортаның мүмкіншілігі және ерекшелігімен тығыз байланыста, сан алуан тарихи үрдістердің кірігуі барысында қалыптасады. 1918 жылы 21 жасар Мұхтар Әуезов «Мәдениет һәм ұлт» атты мақаласын жариялап, онда былай деген екен: «Мәдениет деп адамның дүние жүзіне алғаш келгенінен осы күнге дейін тапқан һәм сол білімге сүйеніп істеп отырған өнерін айтамыз ...Мәдениетке негіз салушы адамның ақылы һәм жүрегінің көрген нәрседен әсер алғыш сезімділігі». Демек, мәдени-рухани байлықтарды жасаушы да, тұтынушы да адам. Ал адам белгілі бір ұлттың өкілі болатынын ескерсек, мәдениет те ұлттық сипатта дамитынын жоққа шығара алмаймыз. Мәдениеттің үздік жетістіктері әдебиет, ән-күй, ғылым, сәулет өнері, ел басқару тәрізді салалар мен нұсқада дүниеге келіп, ұрпақтар игілігіне айналады. Ал бұл құндылықтарды барша халық болып бағалағанмен, басына көтергенмен алғашқыда әрқайсының нақты авторы болғаны сөзсіз. Айталық, XVII ғасырдың мұрасы «Қыз Жібек» поэмасын барша қазақ баласы жиылып жазған жоқ, түпнұсқасы бүгінде аты ұмытылған ақын-жыраудың шығармашылық ізденісімен дүниеге келді. Халық әні, халық күйі деп жүрген мұраларымыздың да нақты сазгері болғаны ақиқат. Ендеше мәдени-рухани мұраны бағалаушы, ұқсатушы, сақтаушы халық екен де, оны дүниеге әкелуші, ұлы Мұхтар жазғандай, «ақылы һәм жүрегінің көрген нәрседен әсер алғыш сезімділігі» бар нақты тұлға екен. Ғылымда бұларды «интеллигенция» деген терминмен бейнелеу орныққан.

«Интеллигенция» сөзі қазақ тілінің қорына кейініректе кірді. Қазақ хандығы тұсында "жақсылар", "ел ұстайтын ұл", "ерлер" ұғым - түсініктері қолданылған екен. Келе-келе жинақтама термин орнықты. А. Байтұрсынұлы пен Ә. Бөкейхан бастаған шоғыр тарих сахнасына шыққан ғасыр басында адамдардың осынау қауымдастығын оқығандар, зиялылар деп атады. М.Әуезов осыдан жүз жылға жуық бұрын былай деп жазған екен: «Жә, қазақтың сол баста деп алдына салып отырған көсемі кім? Ол - қазақтың оқыған азаматтары, зиялылары».

Тарихқа материалистік көзқарас тұрғысынан қарағанда, ой еңбегінің пайда болуының, оның дене еңбегінен бөлініп шығуының объективті және жалғыз ғана негізі - мал шаруашылығы мен жер шаруашылығы арасындағы, жер шаруашылығы мен қолөнер арасындағы, деревня мен қала арасындағы қоғамдық еңбек бөлінісі. Мұның сыртында, қоғамдық еңбек бөлінісі өндіргіш күштердің дамуынан ғана туындап қоймай, олардың бұрынғыдан да жылдамырақ өсуіне ықпал етеді. Мінеки, осы өзара байланысты және өзара тәуелді үдерістің тереңдей түсуі нәтижесінде адамзат қоғамы әлеуметтік жіктеліске түседі, мәдениеті әралуандалады, жаңа кәсіп салалары шығады, мемлекет пайда болады.

Мәселені басқаша түсіндіретін тұжырымдамалар да бар.

Билік пен байлыққа ие адамдар қауымдастығы басқаларға үстемдігін сақтау үшін және оған заңды сипат беру үшін ой еңбегіне қабілетті жандардың белгілі бір тобын қамқорлығына алады, өз ортасынан да бөліп шығарады әрі соларға әрқашан иек артады. Бұл адамдар өз кезегінде үстем таптың идеялық және саяси мүддесін білдіреді, дүниетанымы мен салт-санасын тереңдетеді, қолына қару алып елдің, жердің байлығы мен тыныштығын қорғайды, мемлекеттік билікті жүзеге асыратын аппаратта шоғырланады, әскер басқарады. Әкімдер, қолбасылар, мемлекет қайраткерлері қандай болуы керектігін, оларға лайық қасиеттердің біразын осыдан мың бір жүз жыл бұрын өмір сүрген ұлы

жерлесіміз Әл-Фараби өзінің трактаттарында егжей-тегжейлі жазғаны белгілі.

Жинақтай айтсақ, алғашқыда ой еңбегі адамдарының әскери мамандар, басқарушы, көркем интеллигенция сияқты топтары қалыптасты. Қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеуімен экономиканың және мәдениеттің жаңа салалары бой көтеріп, ой еңбегі саласында сұранысты ұлғайтқан үстіне ұлғайта берді. Интеллектуалды еңбектің қолдану ауқымын елестету үшін орта ғасырдың өзінде-ақ университеттер ашылғанын, ғылыми, шығармашылық мектептер, бағыттар, көркем ұжымдар болғанын айтса жеткілікті. Индустриялы қоғам мамандардың, интеллигенцияның қатарын бұрын-соңды болмаған дәрежеде өсірді. Олар енді саяси, мәдени, әскери ғана емес, орасан зор экономикалық күшке де айналып алды.

Сонымен, интеллигенция қоғамдық-экономикалық дамудың жемісі болып табылады. Оның пайда болуы капиталистік қатынастардың орнығуымен өлшенбейді. Әлеуметтік-кәсіби, таптық, тіпті мүліктік жіктелу қашан дүниеге келсе, содан бері ол – қоғамның белсенді әрі көрнекті мүшесі, халықтың рухани мәдениетін, болмысын әрлендіруші және ұрпақтан ұрпаққа аманаттаушы қауым. Ол-ол ма, тарих сахнасына шыққан халық интеллигенциясыз болмайды. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, тарихтың бетбұрысты кезеңдерінде, өмір мен өлім бетпе-бет келгенде халықтың, мемлекеттің тағдыры көбінесе басқарушы, әскери, дипломатиялық және басқа интеллигенция топтарының іс-әрекеті мен ұйғарымдарына байланысты шешіледі. Сондықтан да жасампаздық әлеуеті мол интеллигенциясы жоқ халық бәсекеге төтеп бермегендіктен тарих сахнасынан түсіп қалуы немесе мәңгірттікке ұшырауы әбден мүмкін. Және керісінше. Өз халқының мүддесі мен қажетінен қол үзген интеллигенция қоғамдық прогрестің тежеуішіне, сол құрылыстың объективті қажеттіліктерін бүркенген масылға айналады.

Ендеше, қазақ зиялысы қашан пайда болып, қалай қалыптасты? Ол дәстүрлі қоғам перзенті ме, жоқ әлде отарлаумен туған құбылыс па? Бұл сұрақтарға жауапты қазақ этногенезінің қойнауынан іздеу керек. Қазіргі тарих ғылымының пайымдауынша, Қазақстан жерінде әрісі сақтардан тартып, берісі байырғы түркі халықтары мекендеген замандарда тегі бір этностардың жақындасуы мен кірігуі негізінде солардың заңды мұрагері - қазақ халқы тарих сахнасына шыққан. Байырғы түркілер қоғамында зиялылардың мәртебесі мен құрамы мейлінше күрделі болғанын Орхон-Енисей жазулары бұлтартпай айғақтап отыр. Руна жазуларында қағандарды, тархандар мен бектерді «білгіш кісілер, алып, батыл кісілер» деген ұғым-терминмен ұлықтаса, әскербасылар мен қол бастаған батырларды «соғыс иесі, әскер иесі» деп атаған, көрші елдерге жіберген мәмілегерлері мен тыңшыларды да «хабаршы, көргіш, тілді» ұғымдарымен деректерге енгізген екен. Ғалымдар мен ұстаздарға, сәулетшілер мен көркемөнер мамандарына байланысты айтқандары аз емес. Мамандарды даярлайтын оқу орындары жайлы жылы сөздерін тасқа да, қағазға да түсіріпті. Одан беріде Отырардан шыққан Әл-Фарабиді, Түркістандық Қожа Ахмет Яссауиді, моңғолдармен соғыста қол бастаған Қайыруханды, жерұйық іздеп шарқ ұрған Асан Қайғыны зиялылар қатарына жатпайды деп кім айта алады? Ендеше XV ғасырдың екінші жартысында Керей мен Жәнібек сұлтандар шаңырағын көтерген Қазақ хандығындағы әлеуметтік құрылымда зиялылар қауымы лайықты орын алғаны күмәнсіз. Бір ғана мысал келтірейік. Қазақ хандығымен түйдей күрдас Шалкиіз жырау (1465 -1560) былайша жырлайды:

Ғадыл төре ел бастар,
Батыр жігіт жау бастар,
Аға жігіт қол бастар,
Шешен адам сөз бастар

[Бес ғасыр жырлайды. А., 1984. I-том.-49 б]. Осы жырдың әр жолында қазақ зиялыларының әлеуметтік-кәсіби топтары тізіліп тұрған жоқ па?

Қазақ зиялыларының мәртебесі мен құрамы Ресейге бодан болғанға дейінгі хандық дәуір барысында нақтыланып, сұрыпталып, кемелденіп, күрделілене түсті. Әрине,

олардың саны, жасы, әлеуметтік құрылымдағы үлесі, аймақтық жіктелуі бізге толық мәлім емес. Жазба деректер мен ауызша тарихнамада хандардың, сұлтан-төрелердің, билердің, батырлар мен әскербасылардың, жыраулар мен сал-серілердің, күйшілердің аттары, ұлағат сөздері, шығармалары сақталып қалған. Бұлардан басқа емші-сынықшылар, бақсы-балгерлер, ғалымдар мен ұстаздар, бапкерлер, ишан-молдалар аз болмағаны сөзсіз. Тарихи-табиғи даму үрдісін сілкініссіз, басқаның өктемдігінсіз кешіп жатқан Қазақ хандығына қанша зиялы қауым қажет болса, сонша зиялыны қоғам өз ортасынан шығарып отырды. Бұрынғыдан жеткен рухани-мәдени мұраны игере алған және оны жаңаша жаңғырта білген бұлар мемлекеттің, халықтың шынайы күш-қуатына айналды. Егер сақ, байырғы түркі өркениетін қазақ мәдениеті мен зиялыларының бастау көзі деп қабылдасақ, осынау құндылықтардың ұлттық негізде қалыптасуы мен дамуындағы бірінші кезең ретінде XV-XVIII ғасырларды пайымдағанымыз жөн. Ресейдің қол астына енгенге дейінгі қазақ қоғамы ой еңбегі адамдарына кенде емес болатын. XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген шығармашылық интеллигенцияның жекелеген көрнекті өкілдері өздерінің мұралары арқылы бізге белгілі болып отыр. Мәселен, қазақ поэзиясының үш томдық «Бес ғасыр жырлайды» атты антологиясында оннан астам ақынның шығармалары жарияланған, Абай мектебінің өкілі Ш.Құдайбердіұлы тап осы ақындарға байланыстыра айтпаса да: «Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді», - дей келе: «Әулие дегені сол болса керек», - деп түйіндейді. Ал оларды университет немесе басқа оқу орнын бітірмеді деген сылтаумен интеллигенция қатарына, ой еңбегі адамына санатына қоспауымызға еш құқымыз жоқ. Тіпті қазіргі ғылыми-техникалық прогресс заманында білімі көрсеткіш, диплом әлеуметтік субъектіні қоғамдағы белгілі бір топқа жатқызуға кепіл бола алмайды.

Рухани-мәдени әлеуетіміз бен зиялыларымыз XVIII ғасыр басында мейлінше толысқанын жоңғарлармен соғыс айдай анық көрсетті. Күтпеген жерден «ақтабан шұбырындыға» ұшыраған қазақ қоғамы Абылай мен Әбілқайырды, Бұқар жырау мен Ақтамбердіні, Қабанбай мен Бөгенбайды тарих сахнасына шығара алды, елдігін сақтап қалды.

Ұлт зиялылары тарихы мен тағдырының екінші кезеңі Ресейге бодан болумен басталды. Бұл кезеңде жасампаздық әрекетке көп кедергі туғаны рас. Әйткенмен халқының төлтума қасиеттері мен құндылықтарын санасына сіңіре өскен қазақ зиялыларының жаңа толқыны отарлық тәртіп тұсында да ұлттық мәдениетке аз олжа салған жоқ. Отарлаушылар әкелген жат өркениеттің талаптары мен сұраныстарына бейімделе алуымен-ақ әлеуметтік икемділік танытты. Жоғалтқанымыз да аз болмады. Дәстүрлі басқару жүйесі күйретілді, 1847 жылы қазақтың соңғы ханы Кенесары өлтірілді, төре-сұлтандардың қадір-қасиеті төмендеді. Билер мен батырлардан гөрі орысшаны игерген тілмаштың сөзі өтімді болды. Ресей үлгісімен қазақ жерінде ашылған мемлекеттік мекемелердегі қызметтен қазақ зиялылары мен оқығандарына болар болмасы ғана тиді. Кезінде ханы да, сардары да, төбе биі де өзінен шыққан халықтың жақсыларына енді бұйырғаны болыстық пен старшындық еді. Қазақ зиялылары билік пен байлықтан шеттетілді. Билік пен байлықтың жат қолында кетуімен капиталистік қатынастар өлкеге енгенмен ұлттық буржуазия шын мағынасында қалыптаспай, мешеу күйде қала берді. Кезінде жарты дүниені ашса – алақанында, жұмса – жұдырығына ұстаған көшпелілердің дәурені өткені түпкілікті анықталды. Махамбет жырға қосқан:

«Мұсылманшылық кімде жоқ,

Тілде бар да, дінде жоқ.

Көшпелі дәулет кімде жоқ,

Бірде бар да, бірде жоқ.

Азамат ерлер кімде жоқ,

Еріккен күні қолда жоқ.

Заманым менің тар болды,

Тура әділдік биде жоқ»,

апалаң - топалаң мезгіл жетті.

Екіншіден, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымдарындағы түбегейлі өзгерістерге лайық мамандар даярлау қолға алынбады. Бітпейтін ырғалу-жырғалумен өлкеде ашылған 6-7 орта арнайы оқу орындары ұлттық зиялылардың уақыт талап етіп отырған топтарын - инженерлерді, агрономдарды, дәрігерлерді, әскери мамандарды, тағы басқаларды даярлап шығаруға шамасы жетпеді. Мәскеу, Петербор, Омбы, Қазан сияқты қалаларда білім алған қазақ жастарының қатары молайғанмен, сұраныс және ұсыныс арасындағы алшақтық жер мен көктей еді. Мектеп ісіндегі олқылықтар өз алдына бір төбе болды. Түптеп келгенде, қазақтың рухани-мәдени өмірін түсінбеген әрі менсінбеген, ұлт зиялыларының сандық - сапалық өсуін тежеген отарлаушылар қоғамдық регресті туғызып қана қоймай, бар кінәні өзімізге жауып, бұратана халық, надан халық, мәдениетсіз халық, болашағы жоқ халық атандырды. 1893 жылы дат ғалымы В.Томсен 1500 жылға жуық тарихы бар байырғы түркі жазуын оқығанда да, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» поэмасына ұлы ақыны А.С. Пушкин ден қойғанда да, Шоқан Шығыс Түркістанды әлемге танытқанда да селт етпеді. Қара шекпенділерді қаптатты, жерді алды, шоқындыру саясатын жүргізді, біртұтас қазақ жерін әкімшілік-аумақтық талапайға салды. Қазақ зиялыларының бастау бұлағы мен тамырына апат қауіп төнді. Бұқар жырау күңірене әшкерелеген:

Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай!
Баспақ тана жиылып,
Фана болған заман-ай.
Құл -құтандар жиылып,
Құда болған заман-ай!
Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен заман-ай
Азаматың құлапты,
Жұрт талық болған заман-ай! – туды.

Үшіншіден, отарлаудың зілдей салмағынан күйремесе де сыр берген дәстүрлі қоғамға, ұлт зиялыларының арасына жік түсті. Қазақ хандығы тұсында ара-кідік байқалып қалатын саяси тұрақсыздық, ру-тайпа арасындағы қақтығыстар мүлде басқа сипат алды. Ханға басу айтатын, өкпелеген ағайынның көшін тоқтататын, шекіскен батырларды татуластыратын дуалы ауыз билер, ақын-жыраулар көзден ұшты. От ауыз, орақ тілді шешендер, дүйім жұрт аузына қараған ақындар «хан емессің, қасқырсың, қас албасты басқырсың» деп сөз саптауды әдетке айналдырды. Оқығандар мен зиялылардың бір тобы отарлаушылардың сойылын соғып, туған халқының қанын теспей сорса, екіншілері «сен тимесең - мен тимен» деген психологиямен қарақан басының қамын күйттеумен әуреленді, үшіншілері жалпықазақтық идея мен үйлесім үшін жанталаса қызмет қылса, төртіншілері болашақтың алтын кілтін большевиктік бағдарламадан немесе діни қағидалардан іздеді. Бірін-бірі сынауда, мазақтауда, реті келсе жазалап жіберуде сарандық танытқан жоқ. Жікшілдіктің ауыр дертке айналғаны XVIII ғасырдағы С.Датұлы көтерілісінен алғаш байқалса, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсында бадырайып көзге түсті. 1917 жылғы қос революция оны барынша асқындырды. Осылайша қазақ зиялыларының іштей ыдырауы мен өзара тартысы халық тағдырына және рухани біртұтастыққа қауіп-қатер бұлтын үйірді.

Саны аз, басы бірікпеген ұлт зиялыларының әлеуметтік практикасы әрқашан пәрменді бола бермеді. Абай Құрманғазыны, Құрманғазы Жамбылды білмей дүниеден өтті. Тыңдаушылар мен оқырмандар да осы дәрежеде қалды. 1913 жылы қазақтың бас ақыны Абай жайлы А.Байтұрсынов былай жазған еді: «Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, тіпті жоқ деп айтса да боларлық». Ел өмірін ұйыстырып отыратын орталық мемлекеттік құрылым, ұлт мүддесін қорғайтын заң мен идея жұмыс істемей, зиялылар арасында келісім орнықтағанда басқаша болуы мүмкін де емес еді. Бұл міндеттерді таралым саны шектеулі «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті де

түпкілікті шешуі қиын-тын. Озық ойлы зиялылардың айтқан, айтса да баршаға жете бермеген асыл, шырын сөзі мен ісі, Асан Қайғы жырлағандай, «атажұрты бұқара өз қолында болмаса, қанша жақсы болса да, қайратты туған ер ғаріп» болған сол дәуірде бар үміт көшпелілердің жадында сақтау қабілетіне артылды. Солай болып шықты да. Ауызша әдебиет мұралары, ән-күйлер, шежіре, мақал-мәтелдер - бәрі қағаз бетіне хаттала бермесе де, халқымыздың рухани-мәдени қоржынынан түсіп қалмастан елдігімізді, болмысымызды, этникалық сәйкестілікті (этническая идентичность) жойылып кетуден сақтап қалды.

Зиялылардың қоғамдағы қауқарсыздығының бір себебі ұлттық буржуазияның қалыптаспауында жатты. Ұстанған жобалары мен бағдарламаларын жүзеге асыру үшін арқа сүйейтін материалдық - қаржылық тірек таппаған бұлар мәдени-ағартушылық бірлестіктер құрудан аспады. Қажеттілігін 1905 жылы мойындаған саяси партияның өзін 1917 жылы ғана құра алды. Көшелі буржуазиясының байлығы мен қолдауына ие болған Финляндия, Польша, Балтық елдерінің зиялылары халқының көш бастаушысы дәрежесіне көтеріліп, мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап жатқан ғасыр басында қазақ оқығандары түрлі идея соңына түсіп, бір - бірін жағадан алумен әуреленді. Жалпы, ұлттық буржуазияның қалыптасуы мен тағдыры - күні бүгінге дейін ғылыми тұрғыдан зерделенбеген, «ақтаңдақ» күйде қалып келе жатқан мәселе. Өлкеде капиталистік қатынастармен бой көтерген жұмысшы табы тарихынан том-том кітаптар кезінде саяси тапсырымға сай жарық көрді де, медальдің екінші жағындай буржуазия табы ескерусіз қала берді. Түптеп келгенде, оның экономикалық әлеуеті, қалыптасу көздері мен құрамы, саяси бағыт-бағдарлары, XIX ғасырдың аяғы - XX ғасыр басындағы орыс және шетел капиталымен кірігуі, жеңісі мен жеңілісі зиялылар тарихына ғана емес, бүкіл отан тарихына тікелей қатысы бар, өзіндік ізін қалдырған құбылыс.

1917 жылдың ақпанында самодержавиенің құлауымен, қазанында большевиктердің жеңуімен Ресей империясының іргесі шайқалып, алғашқыда үміті мол, кейін күдігі күшейген әрі-сәрі сегіз жыл басталды. 1925 жылы Сталиннің сенімді қолшоқпары Ф.И. Голощекин Қазақстан басшылығына жайғасқанша большевиктердің ұлт республикасындағы саясаты тәтті уәдеге толы еді. Ақпан мен қазан революциялары аралығындағы жанталаста антикеңестік позицияда қарулы қарсылық көрсеткен Алаш зиялыларына кешірім жарияланды, ұлттардың өзін өзі басқаруға құқығы бар деген тезис үздіксіз алға тартылып отырды, қазақ мемлекеттілігі дүниеге келіп, А.Байтұрсынұлы сынды зор бедел иесінің басшы қызметке тартылуына байланысты қоғамдық пікірде оң өзгеріс жүрді. Әлеуметтік әділеттілік ұстанымдарының жер-су, меншік, өндірістік, ұлтаралық қатынастар саласында қолданым таба бастауы, әйел теңдігі жолындағы нық қадамдар, қара халықтың қалың ортасынан шыққан тұлғалардың мемлекеттік аппарат жұмысына келуі - бәрі қоғам мүшелерінің энтузиазмін туғызды. Мәдениет құрылысында мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралар қолға алынды. 1919 жылы Жетісу ақындарының айтысы үлкен табыспен өтті, Қазақстанды зерттеу қоғамы игілікті істерді тындырды. Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Әміре Қашаубаев тәрізді ірі ақын-жазушылардың, әншілердің есімдері мен шығармалары бүкіл Қазақстан жұртшылығына танымал болайын деді. Жұмысшы факультеттері, институттар мен техникумдар, қысқа мерзімді курстар ашылып, мыңдаған қазақ жастары зиялылар мен мамандар қатарын толықтырып жатты. Халықтың мәдени әлеуетін көтеруге сауатсыздықты жою науқаны, жаңадан ашылған мектептер, газет-журналдар сүбелі үлес қосумен болды. Әрине, большевиктік бұра тартуларсыз болған жоқ.

Қазақ зиялыларының тағдырына ауыр соққылар, тоталитаризмнің кешірілмес қылмыстары Голощекиннің 1925 жылы өлкелік партия комитетіне бірінші басшылыққа келуімен басталды. Іле-шала Алаш қозғалысының басшыларына қарсы күресті қолға алған ол 1929-1931 жылдары ұлт зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратқан репрессияның бірінші толқынын ұйымдастырса, 1931-1933 жылдарғы аштықпен халықтың жартысын қырып жіберуге қол жеткізді. Қазіргі ғылыми зерттеулерде кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе 1929-

шы жылдан орнықты деген тұжырым айтылып жүр. Біздің ойымызша, Қазақстанда әміршіл-әкімшіл жүйе Голощекиннің келуімен қалыптасты. Голощекин өзінің қолға алған «солшыл» бағытының мәні мен болмысын Сталинге мақұлдатып алғаны тарихтан белгілі. Бұл - бір.

Екіншіден, Сталин Голощекиндік кешенді экспериментті жіті бақылап отырып, 1929 жылы басталған ауыл шаруашылығын ұжымдастыру сылтауымен оны бүкіл кеңестер қоғамына таңған тәрізді. Өйткені, әміршіл-әкімшіл жүйенің барша мәнді белгілері - саяси қуғын-сүргін, шаруаны меншіктен ажырату, еш кінәсі жоқ адамдардың өмірін қию, ұлттың мәдени құндылықтарын аяқ асты қалдыру, бір адамның шексіз билігін орнату, тағы басқалар Голощекин басқарған жылдары Қазақстан үшін қалыпты тәртіпке айналды.

Қысқасы, социалистік құрылыстың алғашқы 10-15 жылы қазақ зиялыларының тағдыры мен болашағын не күтіп тұр деген сұраққа толық жауап берді. Қоғамдық-саяси бағыт-бағдары мен таптық позициясы бір арнаға түйіспеген, бірақ халқы үшін барын сала қызмет істегісі келген зиялылар мұны түсінді. Революция аласапыранында баррикаданың екі жағында тұрған С.Сейфуллин мен М.Жұмабаевтың 1929-1931 жылдардағы репрессиядан кейін, 1931-1933 жылдарғы аптықтан кейін бір-бірін іздеуі, сырт көзден жасырын кездесуі терең нысандық мәні бар оқиға ғой. Бірақ бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып ұйысуға, ұйымдасуға мүмкіндік бар мезгіл өтіп кеткен еді. Өз ырқы өзінен кеткен зиялыларымыздың тағдыры Орталықта қалды. Бұдан кейін де ұлт зиялыларына Мәскеудің ұстанған саясаты мен практикасы 1991 жылдың 16 желтоқсанына дейін айтарлықтай өзгере қойған жоқ. Бүкіл кеңестер елі бойынша алсақ, Сталиннен Горбачевке дейін, Қазақстанда Мирзояннан Колбинге дейін мамандарды даярлау мен пайдалану, олардың әлеуметтік-кәсіби және мәдени-имандық келбетін қалыптастыру, дүниетанымдық немесе шығармашылық ерекшеліктерімен есептесу - бәрі-бәрі, әрісі жалпы адамзаттық, берісі ұлттық ұстанымдарға емес, партиялық, таптық, түптеп келгенде шовинистік мақсатқа бағындырылды. Шовинистік империялық өктемдік «ядролық шоқпар» қолға тиген соң мүлдем жүгенсіз кетті. Семейде атом қаруын сынайтын полигон салғанда, тың жерлерді игеруге шешім қабылдағанда, Орта Азия әскери округін құрғанда қазақ зиялысымен ақылдасқан, санасқан ешкім болмады. Республикадағы өнеркәсіп орындарының 93 пайызы Орталықтан басқарылған жылдарда да ұлт намысына тиген Мәскеудегілер айылын жимады. Хрущевтің, Брежневтің, Горбачевтің қолдауына арқа сүйеген үлкенді-кішілі басшылар Қазақстанда отырып, қазақ зиялылары мен мамандарына мұрын шүйіріп қарайтын астамшылыққа барды. Ең кереметі - осы жымысқы саясат асқан шеберлікпен бүркемеленді. Бірер айғақ келтіре кетейік.

Революциядан кейін қазақ елінде алғашқы жоғары оқу орны пайда болды да, кейінде олардың саны үздіксіз молайып отырды. Күмән жоқ, мұнда ұлт зиялыларының басым бөлігі даярланды. Бірақ уақыт өте келе ұлттық сана-сезім өскен сайын, ғылым мен техниканың адымы аршындай түскен кезеңде аяққа тұсау болған кереғар үрдіс те байқала берді. Өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғына дейін қазақстандық жоғары мектептегі студенттердің көпшілігін қазақ ұл-қыздары емес, славян тектестер құрады. Жағдай 70-жылдары ғана өзгерді. Бірақ оқу үдерісі көбінесе орыс тілінде жүріп жатты, яғни болашақ зиялылардың санасы, тілі, мінез-құлқы басқа ұлттық негізде өрілді. Сөйтіп, орыс тілінде сөйлейтін «мәңгүрттер» мен қазақ тілінде сөйлейтін «мәмбеттер» деген мәселе туып, оны тіпті қала мен ауылдың арасындағы қайшылық дәрежесінде түсіндіргісі келгендер табылды. Қайшылық тәлім-тәрбиеден туындаған дүниетанымдық айырмашылықта жатқаны ескерілмеді. Мұның сыртында республика университеттері мен институттары жоғары технологиялы мамандықтарды Мәскеу, Ленинград, Новосибирск еншісіне қалдырып, өздері негізінен мектепке және аграрлық экономикаға маман даярлады. Мәдениет пен өнерге жоғары білікті мамандар даярлау мейлінше мардымсыз жүрді. Қазақстанда қазақ жастарынан мәмілегер, әскери мамандар, ғарышкерлер даярлау ісі Мәскеудегі «көсемдердің» қаперіне де кірмеді. Оқу-материалдық база да замана талабына сай келмейтін. Айталық, тәуелсіздік жылдарында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университетінің бас әкімшілік ғимаратын салуға екі жыл ғана уақыт кетсе, кеңестік Қазақстан басшылары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жаңа кешенін салуды бастауға рұқсат алу үшін табаны күректей 15 жыл қайрат қылған еді, Қарағандыда екінші университет ашуға Мәскеудің рұқсатын 10 жыл күтуге тура келді. Ал мұның астарында, саяси теңсіздікке қоса, мәдениет саласына сарқынды ұстаныммен қаржы бөлу жатқан еді. Сарқынды қаржыландыру 50-ші жылдардың ортасында-ақ орын тепкен болатын. Себебі, жеке басқа табынуды әшкерелеумен тегін жұмыс күші ретінде пайдаланылған миллиондаған тұтқындар бостандыққа шығарылды, жанталаса қарулану дәуірі келді, социалистік елдер мен ұлт-азаттық қозғалысын қолдауға қыруар қаржы жұмсалды. Мұншама шығынға төтеп бере алмаған кеңестік экстенсивті экономика мәдениетті қаржыландыруды сарқынды негізге көшіруді дүниеге әкелді. 1940 жылы республика бюджетінен ағарту ісіне жұмсалған қаржы шығыстың 40 пайызын құраса, 1955 жылы ол 19 пайызға да жетпеді. Білім, ғылым, мәдениет мекемелеріндегі жабдықтар мен құралдар жаңартылмай, тозған үстіне тоза берді.

Осы тұжырымдарды Қазақстанда ауылшаруашылық мамандарын даярлау тарихының 1946-1965 жылдары жинақталған тәжірибесінде көрсете кетейік. Ауылшаруашылық интеллигенциясы деп аграрлық экономикада күрделілігі және мазмұны әрқилы ой еңбегімен айналысқан мамандар тобын айтамыз. Ғылыми әдебиеттерде бұларды «өндірістік», «өндірістік-техникалық», «ауылшаруашылығының өндірістік-техникалық интеллигенциясы» деп те атай береді.

1946-1965 жылдары республикада ауылшаруашылық мамандарын даярлайтын жоғары және арнайы орта оқу орындарының ауқымды жүйесі орнығып, аграрлық экономиканы білікті қызметкерлермен қамтамасыз ету мәселесі негізінен шешілген болатын. Әрине, оңтайлы ілгерілеулер өздігінен келе қалған жоқ. Қаражаттың тапшылығы, оқытушы-профессор кадрларының жетіспеушілігі, интеллигенцияға қарсы репрессиялар, тоталитаризмнің идеологиялық өктемдігі - бәрі білікті мамандар даярлауға зиянын тигізумен болды. Төрт жылға созылған соғыс та ауыл-селолардағы мамандар қатарын сиретіп жіберді. Нақтырақ айтсақ, 1945 жылы аграрлық секторда еңбек етіп жатқан жоғары және орта ауылшаруашылық білімді мамандар саны 4 мыңнан сәл ғана асатын. Егер тап осы жылы республикада 7 мыңнан астам колхоз, совхоз және машина-трактор стансасының болғанын ескерсек, әр шаруашылыққа бір дипломды маманнан келмегенін байқау қиын емес.

Білікті мамандар тапшылығы және оларға сұранымның ұдайы өсуі институттар мен техникумдарды көптеп ашуды талап етті. 1951 жылы Семей мал дәрігерлік, 1958 жылы Ақмола ауылшаруашылық, 1963 жылы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық, Жамбыл гидромелиорациялық-құрылыс институттары шаңырақ көтерді. 1946 жылдың басында республикалық жер шаруашылығы наркоматы жүйесінде 17 арнайы орта оқу орны болса, олардың саны 20 жыл өткенде 31-ге жетіп, онда 33,4 мың студент оқып жатты.

Ауылшаруашылық оқу орындарының дамуын зерттей отырып, үш үрдісті көре аламыз. Біріншіден, олардың сандық өсуі даярлайтын мамандық түрлерінің де кеңеюімен қатар жүрді. Егер 20-жылдары ауыл шаруашылық оқу орындары 2-3 мамандық бойынша маман даярласа, 30-жылдары ол 8-ге, тың игеру қарсаңында 13-ке, ал 60-жылдар басында 15-ке жетті. Екіншіден, ауылшаруашылық оқу орындары қалаларда ғана емес, ауыл-селолық жерлерде жиі ашылып жатты. 50-жылдардың басында республикамыздағы 28 ауылшаруашылық орта оқу орындарының 12-сі ауыл-селолық елді мекенде орналасса, 60-жылдардың басында 29-ның 17-сі ауыл-селоларда жұмыс істеп тұрды. Біздіңше, бұл - әбден құптауға тұрарлық құбылыс. Өйткені, ауылшаруашылық институттары мен техникумдарында негізінен колхоз-совхоздардан келген жастар оқитын, мұның сыртында олар өндірістен қол үзбей оқуға мүмкіндік алды.

Үшіншіден, оқу орындары аймақтық тұрғыдан алғанда айтарлықтай үйлесімді орналасты. Қазақстанның кез-келген аймағындағы маман кадрларға деген сұранысты қамтамасыз етуге бейімделіп ашылды. Мәселен, 1930 жылы құрылған Қарқаралы мал

дәрігерлік техникумы 30 жыл ішінде 900-ге жуық маман шығарса, Петропавл қаласында орналасқан ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумы осы мерзім ішінде 5 мың маман даярлапты, ал 1929 жылы шаңырақ көтерген Қапланбек малдәрігерлік техникумы 2,6 мың маманға жолдама берген екен. Техникумдар мен институттардың аумақтық-өңірлік оңтайлы орналасуы ауыл шаруашылық мамандарының шоғырлануына да игі әсер етті. Айғақтарды сөйлетер болсақ, 1959 жылы 1,9 млн селолық тұрғыны бар оңтүстік аймақта (Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған, Шымкент облыстары) жоғары және орта арнайы білімі бар 59 мың адам ауыл-селоларда тұрып жатса, осынша халқы бар солтүстік аймақта (Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары) 63 мың дипломды маман село интеллигенциясының алдыңғы қатарлы тобын құрады. Ауыл-село тұрғындарының саны бұдан 3 есе кем батыс және шығыс аймақтарында дипломды мамандар 19-20 мыңнан аспады.

Ауыл шаруашылық мамандарының соғыстан кейінгі жылдардағы тапшылығы оларды даярлаудың дәстүрлі жолы - институттар мен техникумдарды ашумен қатар қысқа мерзімді оқу орындарын ұйымдастыруды талап етті. Тек 1950-1954 жылдар аясында үш жылдық агрономдық мектептерді 627 адам бітіріп шығып, оларға кіші агроном атағы берілді. 1949-1956 жылдары екі және үш жылдық орта ауылшаруашылық мектептерін 2894 адам тәмамдады. Бұлар негізінен колхоз төрағасы қызметіне даярланған болатын. Жоғары және орта ауылшаруашылық оқу орындары жанынан 6 айлық немесе бір жылдық курстар ұйымдастырылып, мұнда өндірістік-техникалық мамандар біліктілігін көтерді.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан үшін ұлттық мамандар даярлау, қазақ қыз-келіншектеріне жалпыға бірдей орта немесе кәсіби білім беру айрықша маңызға ие саяси-мәдени міндет болатын. Өйткені, социалистік құрылыстың алғашқы 20-25 жылы ішінде бұл мәселені түпкілікті шешу мүмкін болмады. Біріншіден, уақыт аз еді. Екіншіден, соғыстар мен қуғын-сүргіндер азды-көпті ілгерілеулерді жоққа шығарып отырды. Үшіншіден, Қазақстан топырағындағы тұңғыш институт 1928 жылы шаңырақ көтергенін ескерсек, соғысқа дейінгі бесжылдықтар ішінде ұлттық интеллигенцияны қалыптастыру еш мүмкін болмағанын ұғыну қиын емес.

Міне, осы себептерден де бейбіт құрылысқа көшкен республиканың бар саласында - экономикада, мәдениетте, әлеуметтік-тұрмыстық салада мамандар тапшылығы, оның ішінде ұлттық кадрлар аздығы қатты сезілді. 1951 жылы халық шаруашылығы білікті мамандармен 47,5 пайызға ғана қамтамасыз етілген екен, ауыл шаруашылығына жоғары білімді 8 мың, орта арнайы білімді 8,2 мың маман жетіспейтін. 50-жылдардың екінші жартысында да жағдай оңалып кете қойған жоқ: республикаға 117 мың жоғары білімді маман керек болса, бары 65,2 мың ғана еді, яғни 55,8 пайызға ғана қамтамасыз етілген.

Ұлттық маман даярлау мәселесі күрделі де қарама-қайшы үрдіспен шешілгенін теориялық-методологиялық тұрғыдан дәйектеудің маңызы зор. Басқару тізгінін қолына алған партия мен Мәскеу қабылдаған шешімдерде, саяси-идеологиялық құжаттарда ұлт мәселесі, ұлттық кадрлар даярлаудың өзектілігі төңірегінде әділ де оптимизмге толы қағидалар аз болған жоқ. Олар жергілікті басшылық деңгейінде де қайталанып жатты. Ал нақты өмірде іс пен сөз қабыса бермеді. Қазақстанда, айталық, соғыстан кейінгі жылдары институттар мен техникумдар көптеп ашылып жатқанмен оларда оқитын студенттер арасында қазақ жастарының үлесі өте баяу өсті. 1949-1950 оқу жылында республика жоғары оқу орындарында оқитын студенттер ішінде қазақтар үлесі 36%, арнайы орта оқу орындарында 23% ғана болатын. Егер 1946 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институты студенттерінің 26%-ы қазақ болса, арада он жыл өткенде ол 38,6%-ға ғана көтерілді. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында 9%-дан 48,4%-ға жетті. 1956 жылы Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтында оқитындардың 40,7%-ы қазақтар еді. 1965-66 оқу жылында республика жоғары оқу орындары студенттерінің 22%-ы, арнайы орта оқу орындары студенттерінің 38%-ы қазақ жастары болатын. Сол жылдарда кез-келген қазақ ауылынан шыққан студенттің беделі де, оған деген ауылдастарының сенімі де өте жоғары еді.

Қазақ студенттерінің үлесін баяу өсірген себептер мынадай: біріншіден, Қазақстан халқы сырттан келушілер есебінен көбейіп, осы жердің байырғы тұрғындарының үлесі кеміген үстіне кеми берді. 1926 жылы республикада 3,6 млн. қазақ өмір сүріп, барша тұрғындардың 58,5%-ын құраса, 1959 жылы қазақтың саны 2,8 млн. шамасында ғана болып, үлесі 30 %-ға дейін құлдырады. Есесіне 1926-1959-жылдар аралығында орыстардың саны 1,3 млн.-нан 4 млн.-ға дейін көбейіп, үлес салмағы 20,6%-дан 42,7%-ға жетті. Немістер, белорустар, татарлар, корейлер саны күрт өсті. Өзбектердің азын-аулақ өскені байқалды. Үлес салмағы кему үстіндегі қазақ халқының жастары студент қатарында көпшілік құрай қоюы қиын ғой. Қазақ студенттерінің үлесі, әсіресе, техникалық оқу орындары мен қазақ тұрғындары аз облыстарда мардымсыз болды. Қазағы қалың өңірдегі Шымкент құрылыс материалдарының технологиясы институтында 50-жылдардың аяғына дейін қазақ жастарының үлесі 30 %-дан асқан емес. Бұл аздайын республикадағы барлық техникалық жоғары оқу орындары кеңес өкіметінің алғашқы 40 жылында небәрі 929 инженер-қазақ даярлап шыққан екен. 1947 жылы Петропавлов ауыл шаруашылық техникумында қазақтар студенттердің 48%-ын, Қазалы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумында 55%-ын құрапты. 50-жылдардың аяғында да осы ахуал сақталып қала берді. 1957 жылы, мәселен, Қазақстан ауыл шаруашылығы министрлігіне қарайтын арнайы орта оқу орындарында 18,2 мың адам оқыса, олардың 6,4 мыңы ғана қазақтар еді (35%), ал орыс студенттерінің саны 8,9 мың, яғни 49% болатын.

Студенттердің ұлттық құрамы даярланған мамандардың да санына сәйкес келді. Айталық, соғыстан кейінгі 12 жыл аясында Қазақстан жоғары оқу орындарын 43,5 мың маман аяқтады, ал солардың 16,5 мыңы ғана (38%) қазақ ұлтының өкілі еді. Ақмола зоотехникалық-малдәрігерлік техникумы 1954-1957-жылдар аралығында 334 маман шығарса, арасында 68 ғана қазақ жастары бар-тын, Қызылорда гидромелиорация техникумы 1949-1956 жылдар аясында тиісінше 475 және 164, Семей ауыл шаруашылығын механизациялау техникумы 1950-1967 жылдары - 433 және 42, Өскемен ауыл шаруашылық техникумы 1948-1967 жылдары - 744 және 65 маманнан берген екен.

Соғыстан кейінгі жылдары қазақ жастарын институттар мен техникумдарға тарту жұмыстары нашар жүргізілді десек, ақиқаттан аттағандық болады. І курсқа қабылдау емтихандарының қорытындысы жыл сайын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросында қаралып жататын, қазақ жастарын студент қатарына қабылдау мен маман ретінде даярлап шығарудың жоспарлары жасалатын, қазақ мектептерін бітірген қыздар мен балалар есепке алынып, жоғары мектеп өкілдері оларды әңгімеге тартып, студент болуға үгіттейтін, газеттер мен журналдар да бұл істен тыс қалмайтын.

Бірақ болашақ мамандар арасындағы қазақ жастарының үлесі баяу өсті. Бұған тежеуіш болған және бір іргелі себеп халықтың ауыр әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы деп білуіміз керек. Қалт-құлт етіп әрең күнін көріп отырған отбасы қай баласын оқуға жібере қойсын. Ал қалаға оқуға түскен, бірақ жатақханамен қамтамасыз етілмеген жасты кім асырай алады.

Болашақ мамандардың біліктілігі оқу орындарындағы профессор-оқытушылар сапасына қарай анықталатыны ежелден белгілі. Бұл тұрғыдан келгенде де жағдай баяу оңалды. 1952-53 оқу жылында ауылшаруашылығы министрлігіне қарайтын 28 техникумда 616 оқытушы қызмет еткен. Олардың жартысынан көбінде ғана (473 адам) жоғары дәрежелі білім болса, әрбір оныншысында орта дәрежелі ғана білім бар екен. Ғылым докторы немесе кандидаты мүлде болмаған. Басқа оқу орындарындағы жағдай осыдан озып кете қойған жоқ. 50-жылдардың басында республика жоғары оқу орындарында жұмыс істеген 1668 оқытушының 100-і ғана профессор, 324-і ассистент еді, ғылым докторы 70 болса, ғылым кандидаттарының саны 300-ден асты. Салыстыру артықтық етпес: соғыс біткен 1945 жылы Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясында 65 профессор еңбек етіпті. Қазақстандағы ең ірі оқу орындары қатарына жататын Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында 1949 жылы 15 ғылым докторы, 33 ғылым кандидаты, Қазақ ауылшаруашылық институтында 1950-і жылы 8 профессор және ғылым

докторы, 36 доцент пен ғылым кандидаты ғана жұмыс істеді. 50-жылдардың аяғына қарай осынау екі институтта 26 ғылым докторы мен 145 ғылым кандидаты бар еді. 1961 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтындағы 281 оқытушының 13-і ғылым докторы, профессор, 69-ы ғылым кандидаты, доцент, 199-ы ғылыми атақ-дәрежесіз болса, Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында тиісінше 193, 13, 78 және 102, Целиноград ауылшаруашылық институтында 81, 1, 16 және 64, Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтында 115, 1, 27 және 86 еді. Осы төрт жоғары оқу орнында 670 оқытушының 28-і ғылым докторы, профессор, 190-ы ғылым кандидаты, доцент, 451-і, яғни 67 пайызы ғылыми атақ-дәрежесіз болды. 1966 жылы Қазақстанда ауылшаруашылық және малдәрігерлік ғылымдарымен айналысқан 2320 ғалымның ішінде 518 ғана ғылым докторы мен кандидаты бар екен.

Әрине, бұдан ауылшаруашылығы ғылымы мешел қалған деген қорытынды шықпайды. Н.О. Базанова, Ф.М. Мұхамедғалиев, В.А. Бальмонт, Т.Ф. Тавильдарова, И.Я. Клейнбок, А.И. Бараев, т.б. ашқан жаңалықтар әлемдік дәрежеде қолдау тапқаны ақиқат. Әйткенмен жоғары оқу орындарындағы ғылыми кадрлар әлеуеті уақыт талабынан төмен тұрғаны басы ашық мәселе. Жағдай кейінгі жылдары да көп өзгерген жоқ. Сандық өсуге сапалық нығаюы сай келмеді. Бұл үрдіс 70-жылдарда да сақтала берді. Тіпті 80-жылдардың ортасында да Қазақстан жоғары оқу орындарындағы профессор-оқытушылар құрамының жартысынан астамында ғылыми дәрежелер мен атақтар жоқ болатын. Ал ғылым докторлары мен профессорлардың үлесі екі пайыздан аспады. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында әрбір үшінші оқытушы ғылыми атақ - дәрежеге ие болмаса, Қазақ ауылшаруашылық институтында бұлар оқытушылар қауымының жартысынан көбін құрады.

Соғыстан кейінгі ширек ғасыр бойында ауылшаруашылығы өндірісінің білікті мамандарға сұранысын Қазақстан жоғары және орта арнайы оқу орындары қанағаттандыра алмады. 1963 жылы республикамыздың ауылшаруашылық оқу орындарында даярланған мамандар сұраныстың 18-20 пайызын ғана қанағаттандырса, басқа ұлт республикаларынан жіберілген аграрлық экономика мамандары есебінен қажеттілік 45-50 пайызға ғана өтелетін еді. Әсіресе, техник-механиктер, экономистер, бухгалтерлер, құрылыс мамандары, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу технологиясы мен сақтау мамандары жетіспейтін. Сондықтан КСРО-ның түпкір-түпкірінен оқу бітірген жас мамандар Қазақстанның ауыл шаруашылығына жолдамамен келіп жатты. Мамандығы бойынша жұмыс істемей, халық шаруашылығының басқа салаларында жүрген агрономдарды, зоотехниктерді, мал дәрігерлерін, инженер-техниктерді аграрлық экономикаға қайтару науқаны да дүркін-дүркін өтіп, колхоз, совхоз өндірісі білікті мамандармен толығып отырды.

Оқу орындарындағы жағдай осылай қалыптасқандықтан Қазақстан зиялыларының, әсіресе қазақ зиялыларының әлеуметтік қауым ретінде пісіп-жетілуі ұзаққа созылып кетті. Кеңес өкіметінің орнағанына 40 жыл толғаннан кейін де қызметкер мен мамандардың басым бөлігі (1959 жылы - 56%) арнайы білімі жоқ практиктер еді. Бұған үздіксіз қуғын-сүргіннің, алапат аштықтың, 1941-1945 жылдарғы соғыстың зардабын қоссақ, кеңестік қазақ зиялыларының қалыптасуы 60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың басына дөп келеді деп түйіндеуімізге болады. Өйткені, тап осы тұста ғана қызметкерлер мен мамандардың көпшілігі арнайы білімі бар адамдардан жасақталды. Екіншіден, жұмыс істеп жатқан әрбір төртінші қазақ ой еңбегі саласына шоғырланды. Дегенмен, ғылыми және шығармашылық интеллигенция негізінен Алматы қаласына жиналды. Бұл да олардың жайыла өсіп-өнуіне, пәрменді күшке айналуына тежеу болмай тұрмады. Ең бастысы, 70-жылдары қазақ зиялыларының кәсіби кемелдігі саяси-этникалық тұрғыдан да толысқанын паш ететін үш оқиға орын алды: 1. Республика басшысы Д. Қонаев КОКП Орталық комитеті саяси бюросының мүшелері қатарына кірді (КСРО-дай алпауыт державада бұрын-соңды мұндай саяси биікке көтерілген қазақ болған емес). 2. Түркі тектес оқырмандарды дүр сілкіндірген еңбек - О.Сүлейменовтың «Азия» кітабы жарық көрді

(авторға қарсы науқанды КОКП ОК хатшысы М.А. Сусловтың қолға алуы ғылыми ақиқатты қорғауда емес, саяси есепте жатыр). 3. 1979 жылғы Целиноград оқиғасы. Миллиондаған тыңгерлер келгенде, ұлт лидері Ж.Шаяхметовты жат жерлік П.К. Пономаренкомен ауыстырғанда, Өзбекстанға оңтүстіктен жер бөліп бергенде үнсіз қалған қазақ неміс автономиясын құруды елдің тұтастығына төнген қауіп ретінде қабылдады. Партияның ұлт саясатындағы өктемдігіне наразылығын білдірген басқа да бас көтерулер, наразылықтар орын ала берді. Мәселен, «Жас тұлпар» ұйымының қызметін, Хасен Қожахметтің қуғын-сүргінге ұшырауын зиялылар тарихының маңызды сәті деген жөн. Осының бәрін ішіне бүгіп келген Мәскеу 1986 жылдың желтоқсанында өзінің бет пердесін ашып салды. Қысқасы кеңестік жылдарды қазақ зиялылары тарихының үшінші дәуірі десек қателеспейміз.

Кеңестік қазақ зиялысының сапалы жаңа күш ретінде жарты ғасырдан астам уақыт өте келе қалыптасуына әлемдік өркениеттегі ілгерілеулер, республиканың экономикадағы, әдебиет пен өнердегі, ғылым мен техникадағы табыстары тікелей әсер етті. Қ.Сәтбаевтың, М.Әуезовтің, И.Есенберлиннің, Ш.Қалдаяқовтың, К.Байсейітованың, А.Жұбановтың, Ж.Молдағалиевтің, Ғ.Мүсіреповтің, Б.Момышұлының, Н.Алдабергеновтың, Ш.Аймановтың, Ә. Марғұланның тағы басқалардың шығармалары мен жеңістері сананы ашып, танымды тереңдетті, ұлтжанды намыс отын жақты, ұрпаққа өнеге болды. Ендеше, 60-шы жылдар аяғында Досмұқасан ансамблінің дүриеге келуі әбден заңды құбылыс. Ол ұлттық кемелденуіміздің жарқын көрінісі болып табылады.

Дей тұрғанмен, ұлт зиялыларының бойында, әлеуметтік практикасында жағымсыз қылықтар мен тенденциялар сақталып қала берді. Ескі «ауруға» атаққұмарлық, таққұмарлық, маскүнемдік, ымырашылдық тәрізділері қосылды. 60-80 жылдары қазақ мектептерінің, ана тілінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, оқулықтардың мүшкіл халге ұшырауына белгілі дәрежеде ұлт зиялылары жауапты. Кеңес дәуіріндегі қазақ зиялысын титықтатқан ауыр дерт кедейшілік еді. Қаладағылары пәтерге жарымады, ауылдағылары татымды енбекақыға жете алмай, құрыққа сырық жалғап күн көрумен болды. Бай өлкені шикізат көзіне айналдырып, сүліктей сорған держава тұтас бір халықтың зиялыларын тас қамауда ұстағаны былай тұрсын, тұрмыстағы таршылықпен ой-санасын асқаралы істерге бұрғызбай, ас үй мен жан бағудың әуресіне шідерлеп тастады. Түптеп келгенде, 1929-1933, 1937 жылдарғы зобалаң ұлттың интеллектуалдық әлеуетіне қанша зардап әкелсе, ғылыми-техникалық прогресс заманындағы кедейшілік қуғын-сүргіннің ұзаққа созылған екінші нұсқасы еді. Мұның бәрі із-түзсіз кетпеді. Бүгінде Байқоңырды, ірі кен орындары мен зауыттарды шетелдік инвесторларға жалға беруіміздің себебі, біріншіден, қаражатымыздың тапшылығынан болса, екіншіден, істі жаңаша жүргізіп кетуге даяр мамандарымыздың жоқтығынан екенін мойындауымыз керек.

Кеңестік дәуірдегі қазақ зиялыларының тарихы мен тағдырын қозғағанда ғылыми-практикалық шешімін таппаған ең күрделі мәселе ретінде саяси-мемлекеттік басқарушылар мен құқық қорғау мамандары жайлы методологиялық ұстанымды анықтау керек.

Мәселеге бармас бұрын «интеллигенция», «зиялылар», «мамандар» деген ұғым-терминдердің мән-мағынасына қатысты методологиялық тұғырнамамызды ашып алайық. Бүгінде интеллигенция мәртебесіне лайық болу үшін білімді немесе еркін кәсіп өкілі болу жеткіліксіз. Кең қолдау тауып отырған қазіргі жалпы анықтама бойынша интеллигенция дегеніміз - ой еңбегімен кәсіби түрде айналысушы адамдар қауымы. Бірақ ой еңбегі терминінің мазмұндық ауқымы кең ғой. Шығармаларымен әлемді тәнті еткен жазушы да, қарамағындағы дүкенде 10-15 қызметкері бар меңгеруші де ой еңбегімен айналысады емес пе? Біздің ойымызша, интеллигенция әлеуметтік қауым ретінде зиялылардан (интеллектуал, элита) және мамандардан тұрады. Зиялылар деп интеллектуалдық ізденісі арқылы таным мен практиканың жаңа көкжиектерін ашқандарды атасақ, мамандарға әр түрлі деңгейдегі ой еңбегі міндетін терең ізденуші-ақ, кезінде алған кәсіби білімі ауқымында атқарушыларды жатқызуға болады. Айталық, әйгілі академик Ә. Марғұлан

жарты ғасырға жуық Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтында аға ғылыми қызметкер, әрісі бөлім меңгерушісі болып істеді, шоқантанудың негізін қалады, көне тарих пен сәулет өнерінен, фольклордан баға жетпес еңбектер қалдырды. Ал тап сол жылдары, тап сол институтта аға ғылыми қызметкер міндетін атқарып, ғылымда болар-болмас із қалдырғандар аз емес. Басқаша айтқанда, Өлекең зиялы қауымның нақ ортасында тұрса, аты аталмаған соңғы азамат мамандар қатарына жатады. Интеллектуал, элита деп қызметімен немесе шығармашылығымен танымның, практиканың, прогрестің жаңа қыр-сырын ашқан, келесі баспалдағына аттауға негіз қалаған ой еңбегі адамдарының жүзден - жүйрік, мыңнан - тұлпар шыққан саңлақтарын айтамыз. Егер Қазақстанның кеңес дәуіріндегі интеллигенциясында интеллектуал топты кімдер құрайды деген сауал қойылса, әдебиетте Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мағжан, Мұхтар, Олжас, Мұқағали, ғылымда Ахмет Байтұрсынұлы, Санжар Асфендияров, Қаныш Сәтбаев, өнерде Күләш Байсейітова, Мұқан Төлебаев, Ахмет Жұбанов, Шәкен Айманов, саясатта Тұрар Рысқұлов, Дінмұхамед Қонаев, тағы басқалар ауызға алынар еді. Интеллектуалдар тобының бағасы, парқы мен нарқы сандық көрсеткіштермен өлшенбек емес. Қаныш Сәтбаевтың сан-салалы білімпаздығын жеткізу үшін Мұхтар Әуезов: «Қаныш - бір өзі бүтін бір мекеме» деп айтқандай, интеллектуалдардың әрқайсысы дүниеден өтіп кеткен, алда өсіп келе жатқан бірнеше ұрпақтардың жүгін, міндетін иығымен көтеріп келеді, солай бола да бермек.

Енді мамандар тобы туралы мәселеге көшелік. Бұл топқа кіретіндер, біріншіден, мейлінше көп, екіншіден, олар атқаруға тиіс ой еңбегі жоғары мектепте оқумен алған белгілі бір кәсіби даярлықты талап етеді. Еңбек бөлінісінің тереңдеуімен мамандардың қатары да, жіктелуі де арта бермек. Мәселен, жиырмасыншы-отызыншы жылдары мәдени-ағарту мекемелерінде кітапханашылар, клуб үйлерінің меңгерушілері ғана болушы еді. Енді көркемөнерпаздар үйірмелерінің жетекшілері, автоклуб қызметкерлері, басқа да мамандықтар дүниеге келді. Олар арнайы оқу орындарында - консерваторияда, өнер институттарында, мәдениет училищелерінде дәйекті даярланды. Өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы өндірісінде де осындай ахуал бар. Алпысыншы жылдары республиканың колхоз-совхоз өндірісінде 50 мамандық пен кәсіп түрі болса, бүгінде олардың саны 160-тан асып отыр.

Интеллектуалдарды қолдан жасау мүмкін емес. Оларды уақыт, өмір талабы дүниеге әкеледі. Ал мамандарды белгілі мерзім аясында даярлап шығаруға болады. 1931 жылы республиканың топырағы тұңғыш жоғары оқу орны - Қазақ педагогика институтын 59 жас маман бітіріп шыққан екен, 1940 жылы - 7,7 мың, 1950 жылы - 16,3 мың, 1960 жылы - 30,6 мың, 1970 жылы - 75,5 мың, 1980 жылы - 108,9 мың маман, кейінде жылына 120 мыңнан астам адам республика университеттері мен институттарын, техникумдары мен училищелерін тәмамдады. Нәтижесінде мамандардың халық шаруашылығы салаларында шоғырлануы қауырт ұлғайды. XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның халық шаруашылығында еңбек етіп жүрген жұмысшылар мен қызметкерлер саны 8 есеге жуық өссе, жоғары және орта арнаулы білімі бар мамандар қатары 36 есеге артыпты. Экономика мен мәдениеттің олар ат салыспайтын саласы қалған жоқ.

Интеллектуалдар бірін-бірі қайталамайды, қалдырған мұраларын шатастырып алу да мүмкін емес. Ал мамандардың жөні басқалау. Кез-келген өндірісте, зауыт-фабрикада сол кәсіпорын құрылғаннан бері жүздеген, тіпті мыңдаған инженер, техник, механик еңбек еткені ақиқат. Бірақ олар артына мәңгі өшпестей керемет із қалдырған жоқ, қалдыруға міндетті емес те болатын. Олар қалыптасқан технологиялық процестерді қадағалай қамтамасыз етуімен, өндірістің ырғақты жұмыс істеуіне өз үлестерін қосуымен кәсіби және азаматтық борыштарын атқарып отырды. Сонысымен ұжым құрметіне бөленді. Бірақ бұдан мамандардың бәрі бір қалыптан шыққандай, олардың болмысын жалғыз ғана бағамен сипаттауға мүмкіндік бар деген қорытынды тумаса керек. Ірі конструкторлық бюродағы өнертапқыш, ізденгіш инженер мен аудандық, байланыс торабындағы орындаушы, өзіне ғана тиісті жұмысты атқарушы инженерді егіздің

сыңарындай деп кім айта алады? Ешкім де. Тізе берсе, қатар қонған екі кәсіпорындағы инженерлердің кәсіптік әрекетіндегі айырмашылық жер мен көктей болғаны өмірде кездесе беретін құбылыс.

Интеллектуалдардың сандық және сапалық ілгерілеуін жоспарлау, алдын-ала болжамдар құру - утопияның ісі, өнбейтін шаруа. Ал мамандардың білімі, территориялық, ұлттық және басқа да өсіп-өну бағдарын күн ілгері айқындап, нысаналы түрде реттеп отыруға болады. Бұған Қазақстан тарихынан көптеген дәлелдер, айғақтар бар. Бұл жерде біздің айтпағымыз - екі мәселе. Біріншіден, мамандарға сұранысты алдын-ала дөп басып тауып, болашақ қажеттілікпен ұштастыра білу - ілгеріге бастайтын қуатты факторлар қатарына жатса, екіншіден, бұл - болашақ интеллектуалдарды тәрбиелеуге қаланған алғашқы кірпіштердің бірі. «Алып анадан туады» деген емес пе. Ендеше интеллектуалдар да негізінен мамандар ортасынан шығады.

Сонымен, бейнелеп айтсақ, интеллигенция - шалқыған мұхит айдынындағы мұзтау болса, интеллектуалдар - осы мұзтаудың биік-биік шыңдары, ал мамандар - сол шыңдарға тірек боп тұрған, бірақ су астындағы бөліктей көзге көріне бермейтін мұзтаудың ең қалың, ең берік негізгі бөлігі. Интеллигенция-ішкі құрылымы мейлінше күрделі, динамикалық даму үстіндегі адамдардың үлкен қауымы.

Сонымен, саяси - мемлекеттік басқарушылар мен құқық қорғау мамандары мәселесіне қайта оралсақ, бұлар кеңестік дәуірде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде, үкіметте, Жоғарғы Кеңесте, министрліктерде, Бас прокуратурада, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде, Әділет министрлігінде шоғырланды. Бұлардың қызметке тағайындалуы, міндеттері, не істеп, не қоятыны Мәскеуде шешілетін болғандықтан және орталық орнатқан қасаң қалыптан шығуға ешқандай мұрсат берілмегендіктен (22 жыл Қазақстанды басқарған Д.Қонаевты Мәскеуден келген ортаңқол ғана хатшы 18 минут ішінде қызметтен босатып жіберген жоқ па) большевиктер билеген Қазақстанда саяси-мемлекеттік басқарушылар мен құқық қорғау мамандары қағаз жүзінде болғаны рас та, іс жүзінде толық қалыптаса алмады. Қазақстандағы саяси-мемлекеттік басқарушылардың пұшайман халын кезінде М.Шоқай аяусыз ашып берген болатын. Интеллигенцияның аталған екі тобы іс жүзінде қалыптаспады деген тұжырымға тоқтағанда, біз олар табан тіреп тұрған негіздер - социалистік экономика, маркстік-лениндік идеология, кеңестік заңдылық - утопия болып шыққанын да ескердік. Кадр саясатында рушылдық, жүзге бөлінушілік тәрізді былық-шылыққа бой алдырғандар да осылар. Сыйынғанынан сүйенгенін мықты санайтындар қашанда лай судан балық аулауға шебер келеді.

Қоғамда бос кеңістік болмайды екен. Дәстүрлі қазақ мемлекеттігінен бері үзілмей келген саяси элита отарлау дәуірінде хандық басқару жүйесін жоюмен тарих сахнасынан түсіп қалғандай көрініп еді. Ал XX ғасыр басындағы Ресейде либералдық козғалыстың жандануымен ол Алаш басшыларының Думадағы, қоғамдық-саяси ұйымдардағы белсенді қызметімен сапалы жаңа күйде бас көтерді. Өкінішке орай, ғұмыры ұзаққа созылмады. Большевизм тұсында саяси элитаның орнына Мәскеу мақұлдаған коммунистік-комформистік пиғылдағы жоғары лауазымды басшылар жайғасты. Ең бастысы - бұлардың арасындағы айырмашылық жер мен көктей болатын. Егер дәстүрлі саяси элита мен XX ғасыр басындағы демократиялық саяси элита халық мүддесін білдіріп, соған қызмет істесе, кеңестік саяси-басқарушы ұлт интеллигенциясы тоталитаризмнің кадрлық сұрыптауы мен өктемдігінен жүні жығылып, жақын мен алысты, өзінікі мен өзгенікін айыра алмайтын, Мәскеудің жетегіндегі бағыныштылардан құралды. Әрине, бұлардың арасынан да Смағұл Сәдуақасовтай, Тұрар Рысқұловтай, Жұмабек Тәшеновтей бірен-саран тұлғалар кездесіп қалатын. Мыңмен жалғыз алысқан бұлар бүгінде Отан тарихынан лайықты орын алды. Бірақ қанша батыр болғанмен жалғызды жауға қою бекер екен. Орталықтың пәрменімен жанбай жатып сөнді, тұншықтырылды.

Шын мағынасындағы саяси элитасы бар қоғамда халықтың жасампаз күші ашылып, ғалымның хаты, ақынның сөзі ортақ мақсатқа жұмылдырылады. Бұл ойды XVII

ғасырда өмір сүрген Жиёмбет жырау былайша өрнектейді:

Көруші едім, Есім хан,
Ханымды күнім, сізді айымдай.
Сырым саған түзу-ді,
Садаққа салған бұлыңдай.
Жұмыскерің мен едім,
Сатып алған құлыңдай.
Жүруші едім араңда,
Өзіңнің інің менен ұлыңдай.

Арада үш ғасыр өткенде осы тұжырымға С.Торайғыров та келгенін көреміз:
Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.
Кешегі қара күнде болмап па еді,
Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым.
Солардан басқа кеше кім бар еді,
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын.

Жүрек майын халқы үшін шам қылған саяси элита жойылған соң тағдырдың жазуымен басқа түскен ауыртпашылықтан, жалған ұраннан этностың санасы уланып, жігері жасыды. Әліппеміз Лениннің, Кремльдің суреттерімен ашылатын болды, тарихи зерттеулерде асылдарымыздың есімдерінен гөрі Бас хатшының дәйек сөздері жиі қолданым тапты, әнұранымызда большевиктердің көсемін күнге теңедік. Саяси - басқарушы интеллигенцияның маман дәрежесінен арта алмай қалуы қарапайым еңбек адамын ғана емес, ғылыми және шығармашылық зиялыларымызды адастырды, тағдырына көлеңке түсірді. Әйтпесе, ақиық ақын М.Мақатаев «Мавр» мен «Ильичке» асыл уақытын сарп етпей, жалпыұлттық тақырыпқа қалам сілтер еді-ау, Е.Бөкетов пен Ш.Есенов қызметтен қуылмай, бастаған істерін соңына дейін апарар ма еді деген ойға қаласың.

Интеллектуалдық әлеуеті жоғары Ресейде саяси элита миссиясын диссиденттер атқаруға талап қылды. Ал бізде диссиденттік қозғалыс ұйымдаспаған, балаң күйде қала берді. Мұның сыртында, саяси элита көппартиялы қоғамда, демократиялық құндылықтарға сүйенген, заңы әділ ортада ғана қалыптасады екен. Кешегі тоталитарлық жүйеде бұлар үгіт – насихат тілінде бар да, нақты практикада орнықтап қалғанын енді түсінудеміз. Сонау 1935 жылы М.Шоқай жазғандай, "Кеңес үкіметі мен большевиктер партиясының бастау көзі лас. Сол себепті де одан ылғи да лас нәрселер ағады" екен. Шын мағынасындағы басқарушылар мен құқық қорғаушылардың қалыптаспағандығынан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы объективті қиыншылықтар абдыраудан, оралымсыздықтан тіпті тереңдеп әрі асқынып кетті. Елді қылмыс жасау, нашақорлық, ұрлық-қарлық жайлады. Министрлер, әкімдер жиі ауысатыны ешкімге құпия емес, біршамасы жауапқа тартылып, сотталды. Интеллигенция тарихы тағылымының бір парасы осында. Жаңа буын басқарушылар мен құқық қорғау мамандары енді ғана қалыптасу үстінде.

Қазақ зиялылары мен оқығандары ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікті шексіз қуанышпен қарсы алды. Осылайша ұлт интеллигенциясы тарихының төртінші дәуірі басталды. Бүгінде артта қалған жылдар оларға табыс пен реніш те, үміт пен күдік те сыйлады. Дүниетанымы, өмірлік позициясы, жансарайы түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Тұтастай алғанда, қазіргі Қазақстан интеллигенциясының бойында, оған деген көзқарасқа қарама-қайшылықтарға толы үрдістер тән болып отыр. Қоғамдық санада әлеуметтік өрлеудің бүгіні мен ертеңі зиялылардың қарекетімен байланыстырылатыны ақиқат. Уақыт артқан міндетті атқара ала ма екен деген күдік те жоқ емес. Өйткені, мамандардың қалың тобы жұмыссыздық пен кедейшілікке ұшырады, ал жоғары және орта арнайы оқу орындарында оқып жатқандардың саны бұрын-соңды болмаған дәрежеге жетті. Шекарадағы темір перде ысырылып, еліміз әлемдік өркениетке кіріге бастады, есесіне жаңа жағдайда өз орнын таппаған немесе нарық қиыншылықтарына төтеп бере алмаған

біраз оқығандарымыз біліктілігін жоғалтуда. Әлемді баурап алған жаһандануды, бәсекені көре-біле тұра жас мамандар саяз біліктілікпен өмірге жолдама алуда. Алыс-таяу шетелдерден келген оралман мамандардың қарымды еңбек етуіне әрқашан жағдай туа бермейді. Қазақстаннан көшіп кеткен білікті де тәжірибелі мамандардың орны ойсырап тұр. Зиялылар мен мамандар еңбегінсіз өркениетке ілесе алмайтынымыз баршаға аян болса да, оларға еңбекақы төлеуге келгенде, әсіресе білім, ғылым, мәдениет, медицина салаларында, шық бермес Шығайбайдың жүрісінен шыға алмаймыз.

Нәтижесінде өз ісін терең білетін дәрігерлердің, мұғалімдердің, ғалымдардың біразы сауда-саттықпен кетті, шетелде жүргендері де бар. Оқу орындары жүздеп ашылған, мамандықтар саны мейлінше ұлғайған тұста ауыл-селоның интеллектуалдық әлеуеті құлдырап тұр. Қазіргі ауылда қолында билігі бар екі-ақ маман жақсылы-жаманды беделге ие: бірі - әкім, екіншісі - полиция бастығы. Қалғандарын қоғамдық пікір қара көбейтушілер ретінде ғана қабылдайды. Партиялық, идеологиялық өктемдік пен бірізділік келмеске кетіп, шығармашылық еркіндік орнықса да шығармашылық зиялыларымыз қанатымен жер сабалап жүрген тәрізді әсер қалдыруда. Ғылыми және ғылыми-педагогикалық қауымның сылбырлығын ұлт жанашырлары әлденеше рет қадап-қадап айтқаны белгілі. Отанымыздың азаттығын нығайтуға үлес қосуға даяр екендігін жариялаушы мамандар көп те, іс жүзінде есептесусіз, қоғамдық негізде ағартушылық белсенділік танытуға кіріскендер көп емес. Қоғамның оның ішінде білім мен мәдениет салаларының шексіз коммерциялануы демократиялы, зайырлы, құқықтық мемлекет құруға пайдасынан гөрі зиянын тигізуде. Одан зиялылар мен мамандардың тіл, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, ғылым, білім туралы заңдарды жүзеге асыру ниетіндегі ұмтылысына кесе-көлденең келетінін байқамау мүмкін емес.

Тәуелсіздігімізді бекемдеуге дайын рецепт жоқ. Ол әркімнен үздіксіз ізденісті талап етеді. Алайда, зиялылар арасындағы пікірталас, дау-дамай, кейде Қазақстанның емес, бөтеннің мүддесі үшін жүріп жатқан жоқ па екен деген ойға қаласың. Жөргегінен жерігендер де, жалаулатып, қыздырманың қызыл тіліне сүйенушілер де жас мемлекетіміз үшін бірдей қауіпті. Қысқасы, ұлттық интеллигенциямыздың қызметінен туындайтын пайдалы әсер коэффициенті әзірге көңілден шыға бермейді. Осының қырсығынан да болар, мамандардың ел арасындағы қадір-қасиеті, басқа әлеуметтік топтармен ынтымақтастығы әлсіреген. Сұраныс пен ұсыныс, мүмкіндік пен қажеттілік, сөз бен іс арасындағы алшақтық ұлғаймаса, жақындаған жоқ. Мұның негізгі дені, әрине, өтпелі дәуірге тән қайшылықтар. Ең бастысы - қайшылықтарды, қиыншылықтарды жеңсек деген саяси ерік-жігер бар. Егер Батыс пен Шығыстың дамыған, өркениетті елдері ғасырлар бойы жинақтаған оң тәжірибені қазақстандық ерекшеліктерге бейімдей кәдеге жаратсақ, тарихи тамырларымызды сақтай алсақ, біз де көсіле ілгерілерміз. Зиялыларымыздың маңдайы жарқырап, ел бастап, қол бастап, көштің алдына түсер. Өйткені соңғы жылдары бой көтерген жағымды нәтижелер болашаққа сеніммен қарауға негіз қалап отыр. Отаршылдық пен тоталитаризм тұсында да замана үдесінен шыққан зиялыларымыздың бүгінгі мұрагерлері тарих тағылымын тәрк етпей, айдарынан жел ескен күш екенін әлі-ақ дәлелдейді.

Бүгінде адам баласы сан алуан кәсіпті игерді, талай құпиялардың сырын ашты. Бірақ қиынның қиыны - өзінді тану. Өзінді тануды ұлт зиялысын танудан бастасак, тар жол, тайғақ кешуге ұшырамай, ұлы көштен өз орнымызды табарымыз сөзсіз.

ӘӨЖ. 94(574)

Досалы Салқынбек,
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің
профессоры, т.ғ.к.
(Алматы қаласы)

Ақпараттық қоғам және тарихи сана

Ғылым мен техника дамыған ХХІ ғасырда ақпарат қоғамдық санаға әсер ететін үлкен күшке айналды. Ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сыртқы және ішкі ақпараттық тасқындар мен шабуылдарға қалай қарсы тұра аламыз деген секілді мәселелер қазіргі қоғамымыздағы көкейтесті мәселеге айналып отыр. Қазіргі таңда ақпараттық технологияларды ойлап табумен бірге, жасанды интеллект негізіндегі цифрлық шешімдерді дамытуға күш жұмсалуда. Ой-өрісі ақпараттық қоғамға негізделген жаңа буын ұрпақтарына сапалы білім және саналы тәрбие беру саласында адам жанының негізі болып табылатын рухани тәрбиенің рөлі мен орны қандай болмақ деген мәселенің де алдымыздан шығатына ақиқат.

Жүріп өткен тәуелсіздік кезеңіндегі 30 жылдан аса тарихымызға шолу жасап қарайтын болсақ, тәуелсіздік жылдары Отанымыздың тарихы жаңа көзқараспен, ұлттық мүддемізге сай жазылып, едәуір жетістіктерге қол жеткізілді. Бүгінгі Қазақстан тарихы пәні Қазақстандық патриотизм мен интеллектуалдық ұлт қалыптастыру алғышарттарына айналғанымен қоса, орта мектеп пен жоғары білім жүйесінде жас ұрпақты отаншылдыққа, патриоттыққа тәрбиелеуші басты пәндер қатарында тұр.

Тарихи сана, ұлттық рух, ұлттық тарих туралы сөз еткенде, мәселенің тағы бір екінші қырын ұмытпауға тиіспіз. Тарих ол – халықтың жады. Мемлекетіміздің тәуелсіздік алғанына отыз жылдан астам уақыт өтсе де, біз рухани отарсыздану ісін аяқтағанымыз жоқ. Рухани азат, тәуелсіз елдің нағыз отыншылдарын тәрбиелемей, тәуелсіздігіміз баянды болады деп айту қиын. Бұл жолдағы біздің ақылшымыз да, жол көрсетуші көмекшіміз де – отанымыздың тарихы. Кезінде отарлаушылардың халқымыздың тілі мен тарихын барынша өшіруге кіріскенін қалай ұмытамыз. Осындайда үнді халқының даңқты перзенті Джавахарел Нерудің: «Біз еліміздің тәуелсіздігін қалпына келтірдік, ағылшындар алып кеткен алтынымызды да қайтарып аламыз, қайтарып алмасақ, өзімізде қалғаны да жеткілікті. Мұның бәрі дұрыс, бірақ жуық арада біз қалпына келтіре алмайтын бір нәрсе бар. Ол – халқымыздың езіліп қалған рухы» деген сөзі әрдайым көкейге оралады. Қазіргі аласапыран уақытқа сай Мемлекет басшысы өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында еліміздің ең басты құндылығы – егемендік екенін атап өте отырып: «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпаласты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастап өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс» деп[1], орынды атап өткендей, қазақстандық тарих ғылымына сапалы секіріс жасау, халқымыздың ұлттық тарихын зерделеудің көкжиегін кеңейту, ұлттық тарих санасын жаңғырту, ұлттың жаңа тарих дүниетанымын қалыптастыру жұмыстарын іске асыруды бізден талап етіп отыр. Өйткені, біз алға қадам басқан сайын әлемдік геосаясат өзгеруде, сондай-ақ тарихи оқиғаларға өздерінше жаңаша баға беру, бұрмалау, өз пайдасына қарай бұра тартып пайдалану әрекеттері өршіп барады. Ақпараттық қоғамда «мылтықсыз майдан» жүріп жатқан осындай алмағайып кезеңде халқымыздың тарихын сыртқы және ішкі күштер тарапынан бұрмалау істеріне барынша тойтарыс беріп, жан-жақты түсіндіру, зерттеу жұмыстары пәрменді түрде атқарылуы тиісті.

Бүгінгі ақпараттық қоғамдағы үлкен аландатарлық негізгі мәселенің бірі – ақпараттық әлеуметтік желіні теріс мағынада пайдаланып, тарихи оқиғаларды бұрмалау арқылы тікелей мемлекетіміздің тәуелсіздігіне қауіп туғызу болып табылады. Олардың еліміздің тұтастығына қарсы бағытталған ақпараттық шабуылы еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңнен бері жалғасып келеді. Мәселен, Солтүстік көршіміздегі «мысыктілеулестер» әлеуметтік желілер, радио, теледидар арқылы «Қазақстанның солтүстігіндегі бес облыс – орыс жері», «Орал өңірі казак-орыстың жері», «1920 жылы Қазақ автономиясы құрылғанда «жасанды» түрде Қазақстанға қосып жіберілген, Ресейге

қайтарылуы керек» деген сияқты жалған арандатуларымен екі елдің арасындағы саяси жағдайды ушықтыруға тырысумен қоймай келеді. Сонымен қатар, олардың тарихи оқулықтарын парақтап қарасаңыз көп қатерлі жайттардың беті ашылады. Олардың тарихи оқулықтарында қасиетті Қазақ жерінің әр пұшпағы «біздің жер» деп жазылып, жас ұрпақтарының санасына сіңдіріп келеді. ХХІ ғасыр ғылыми-техникалық прогресс заманы болуымен бірге, шикізат көзі үшін талас-тартыс заманы да болып отыр. Осындайда елімізді «майшелпек» көретіндердің әртүрлі жолмен арам қолдарын қасиетті жерімізге салуы, арандатулар арқылы ішкі ісімізге араласпақ ниеттері көрініс беріп жатады. Яғни ақпарат құралдарының көмегі арқылы халқымызды рухани тұрғыдан отарлауға әрекет жасауда. Рухани отарлау дегеніміз не? Ол өз ана-тілімізден айыруға, ата-баба дінімізден жеріндіруге, халқымыздың ішінен іріткі салып, тоз-тозымызды шығаруға, тарихымызды ұмыттыруға бағытталған ауқымды да жоспарланған шабуыл. Бұл шабуыл кезең-кезеңімен жүргізілуде. Бұған сыртқы күштер тарапынан өте қомақты қаржы бөлінген. Олар экономикалық тұрғыдан табиғи байлығымызға ие болуға ұмтылса, рухани тұрғыдан санамызға иелік етуге ұмтылуда. Оның негізгі төте жолдарының бірі – халқымызды төл тарихынан ажырату, қасақана бұрмалап жазу. Тарихи жоқ халық – елі де, жері де жоқ халық. Содан соң, кең байтақ Қазақ халқының жері деп айтып көріңіз... Тағы бір назар аударатын мәселе, көптеген кикілжіңдер, түсініспеушіліктер тарихты білмеуден, қасақана бұрмалаудан өршіп жатады. Қазіргі уақытта (бұрында солай болған) Ресейде Қазақ халқының тарихы бұрмаланған еңбектер көптеп шыға бастады. Тәуелсіз еліміздің тарихы оларға ұнамайды-мыс. Осындай шала-жансар дүниелерді шынайы тарихтан хабары жоқ адамдар оқымады дейсіз бе... Оқып жатыр, онысын өзгеге айтып жатыр.

Ақпарат құралдары арқылы арандатушылық кейінгі кезде тіпті өршіп кетті. Оған негізгі себеп, бұрын ақпарат құралдары арқылы саяси қайраткер сымақтардың қазақ жеріне көз алартқан арандатулары қолдан қоздырылып жүрген болса, 2020 жылы маусым айында Ресей федерациясының президенті В.Путиннің Ресей телеарналарынан көрсетілген «Ресей. Кремль. Путин» фильмінде: «Кеңес Одағы құрылған кезде одан шығу құқығы жазылған. Бірақ шығудың тәртібі құжатта жазылмағандықтан, бұл арада мынадай мәселе туындайды. Егер белгілі бір республика кеңес одағының құрамына кірсе, одан соң өз қоржынына Ресей жерінің, дәртүрлі – тарихи аумағының бір көлемін, сыйын қоса иеленсе, одан кейін одақтан шығу туралы шешім қабылдаса не болады? Олай болса, немен келдің, сонымен шығуың керек қой, орыс халқының сыйлығын өзімен бірге ала кетпей», - деген сөзінен кейін «отқа май құйғандай» өршіп кетті. Фильмдегі В.Путин сөзінде Қазақ елі аталмаса да оны қолдан «қоздырушылар» сырттан да, іштен де табыла кетіп, 1920 жылы тамыз айында большевиктер қазақтарға «сыйға берген», «орыс жерлерін» ойнатып шыға келді. Ресейлік саясаткер сымақтардың ақпарат құралдары арқылы бұндай арандатулар мен тарихи бұрмалау әрекеттері Қазақстанға қарсы сөздері елімізде антиресейлік көзқарастың күшеюіне себеп болуда. «Лениннің қазақтарға сыйға берген жерлері» деген тақырып кейбір Ресейліктердің санасын жаулаған. Жалған ақпараттың адам санасын улап алғаны соншалық оған сенетіндер де жетіп артылады. Әрине, бұндай арандатулар, халқымызды аландатады және міндетті түрде Ресейге қарсы көңіл-күйді қалыптастырады. Бұл тақырып, бұл жалған арандату бүгінгі күнмен аяқталады деген ойдан аулақпыз! Бірақ қандай жағдай болса да, біз дайын болып, оқырманды тарихи шындықпен хабардар етіп, тарихи санасын жаңғыртып отыруға міндеттіміз. Тарихи шындықты оқырманға шынайы түрде жеткізуде ақпарат құралдарының рөлі мен маңызы күннен-күнге артып отыр.

Мемлекеттік шекара туралы сөз қозғап отырғаннан кейін шығысымыздағы көршіміздің жайын де ұмытпайық! Кейінгі кездері Қытайдың ресми емес бұқаралық ақпарат құралдарын айтпағанның өзінде, ресми мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары «Қазақстан өзінің бұрынғы тарихи отанына қосылғысы келеді» деген секілді тақырыптармен арандату мағынасындағы ешқандай да тарихи шындықпен жанаспайтын мақалалар жариялады. Қытайдың орта мектептері мен жоғары оқу орындарына арналған

тарихи оқулықтарында сызылған картасымен қоса көрсетіліп, Балқаш көлінің солтүсік батысына дейінгі жерлерді (қазіргі Алматы, Жетісу, Жамбыл облыстарының аумақтары) Шығыс Қазақстандағы Зайсан көліне дейінгі жерлерді біздің жер деп жазып, жас ұрпағының санасына құйып оқытып келе жатқаны белгілі. Бұл бізге деген ниеті түзу, дос елдің ісі емес екені белгілі жағдай ғой.

Бүгінгі күні, біздің алдымызда заман көшінен қалмаған, еліміздің ішкі, сыртқы саясатына жетік, рухани толыққанды өсіп жетілген мамандарды даярлау міндеті тұр. Ақпарат тасқыны өршіп тұрған алмағайып кезеңде бұндай арандатуларға қарсы тұрудың басты жолы сапалы жазылған оқулықтарымыз арқылы жастарымыздың бойында отансүйгіштікті, патриотизмді және тарихи сананы қалыптастыра білу. Бұл тұрғыда ақпараттық техника жетістіктерін де тиімді пайдалана білу, өз септігін тигізеді деген ойдамыз. Бұл – рухани-тәрбие саласындағы біздің ең негізгі міндетіміз.

Тәуелсіз мемлекетіміздің рухани негіздегі стратегиялық жобалары тарихымызды терең танудан, оны оқытуды дұрыс жолға қоюдан басталады. Міне, сондықтан да, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ білімі мен ғылымының көш басшысы, халқымыздың ардақты перзенті Ахмет Байтұрсынұлының: «Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай түзу істеңдер! Сендер адассандар – арттарыңнан алаш адасады: арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар» деген [2, 215-бет], аталы сөзін барша көзі қарақты ұлт зиялыларына арнай отырып, ақпараттық қоғамдағы тарихи сананы жаңғырту мақсатында мынадай іс-шаралар атқарылса деген ұсыныстарымызды айтамыз:

1. Барлық жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнін мемлекеттік тілде оқытуға көшетін мезгіл жетті деп ойлаймыз;
2. Жаңа типтік бағдарлама негізінде барлық мамандықтар бойынша магистратурада оқитын магистранттарға «Тәуелсіз Қазақстан тарихы» атты жаңа пән оқытылса;
3. Қазақстан Республикасының азаматтығын алғысы келген шетелдік азаматтарға Қазақ тілімен қатар, Қазақстан тарихы пәндері бойынша емтихан тапсыру міндеттелсе, ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұдан да кеңейіп, мәртебесі бұдан да жоғарылар еді.
4. Мектептерге, колледждерге, жоғары оқу орындарына арналған бағдарламаларды сұрыптаудан өткізіп, қайта дайындау қажет.
5. Патриоттық тәрбие мен рухани мәселелерді қадағалап, басшылық жасайтын және қоғамдық пәндерді оқытатын ғылым және жоғарғы білім министрлігінде басқарма құрылса орынды болар еді.

Елімізде, таяу арада қабылданатын еліміздің ақпараттық доктринасы талқыланып жатыр. Құжатта отандық ақпараттық саланы дамыту жөніндегі көзқарастар мен қағидаттар жүйесі, оның ашықтығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру тетіктері айқындалмақ. Ең бастысы, еліміздің ақпарат кеңістігін қорғау, бірінші кезекте тұрады деген ойдамыз.

Кез келген мемлекеттің қуаттылығы, оның әскери күшінде ғана емес, оның ұлттық рухының күштілігінде. Мемлекеттің байлығы табиғи қорының молдығында емес, оның рухани байлығы – Отан сүйгіштік, Отанға адалдық, Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуында.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Егемен Қазақстан. 2021ж. 5 қаңтар
2. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. Алматы: жазушы, 1989.- 320 бет.

Влияние информационного общества на сознание молодежи

Аннотация. Статья посвящена проблеме формирования клипового сознания у современного человека. Современные условия жизни обрушивают на человека огромные потоки информации, и чтобы адаптироваться в этом мире формируются адаптивные возможности мозга человека в виде клипового мышления. В настоящее время основными носителями информации становятся аудиовизуальные средства, что сильно отразилось на когнитивном стиле человека. Данные особенности необходимо учитывать в современном обучении. Клиповое мышление является фрагментарным, в нем отсутствуют аналитико-синтетические связи. «Клиповое мышление» рассматривается как процесс отражения множества разнообразных свойств объектов, без учета связей между ними, характеризующийся фрагментарностью информационного потока, алогичностью, полной разнородностью поступающей информации, высокой скоростью переключения между фрагментами информации, отсутствием целостной картины восприятия окружающего мира.

Ключевые слова: клиповое мышление, мозаичное сознание, системное мышление, информационное общество, контекст.

Summary. The article is devoted to the problem of “clip thinking” of modern man. Contemporary life conditions bring down huge information flows on a person, and in order to adapt in this world, adaptive abilities of the human brain are formed in the form of clip thinking. Currently, the audiovisual media becomes the main medium which strongly affected the human cognitive style. These specifics should be taken in consideration in modern education. “Clip thinking” is fragmentary; it lacks analytic-synthetic connections. “Clip thinking” is considered as reflection process of a variety of various properties of objects without taking into account the relationships between them characterized by fragmentation of information flow, illogicality, complete heterogeneity of incoming information, high speed of switching between fragments of information, lack of a holistic picture of perception of the world.

Keywords: clip thinking, mosaic consciousness, system thinking, information society, context.

До середины XX века средством передачи информации был текст, и это способствовало развитию системного типа мышления. Системное мышление – это тип мышления, который характеризуется установлением связей между предметами и явлениями окружающей действительности. Читая книгу человек, познает внутреннюю структуру произведения. Каждая глава книги подчиняется главной мысли всего произведения, и в заключении автор выдвигает логические выводы. Благодаря вдумчивому чтению у человека развивается рефлексивный характер восприятия получаемой информации и это формирует осмысленную и организованную картину мира.

В настоящее время основными носителями информации становятся не книги, а аудиовизуальные средства, и это отражается на когнитивном стиле человека, живущего в эпоху информационного общества: растет фрагментарность сознания современного человека, распространяется клиповое мышление. Как в клиповой нарезке или рекламном буклете, человек постоянно предстает в новых, очень мобильных образах, он чередует профессии, увлечения, места проживания, друзей и т.д. Структура сменилась беспорядочностью. Это происходит из-за принципиально иного типа мышления, возникшего в информационную эпоху [1, С 169].

У современного человека формируется новая среда обитания – информационное общество, спецификой которого является передача информации посредством движущего изображения, сопровождаемого звуком. Влияние информационного общества затрагивает сферу общества людей, их обучение и процессы управления. Под его воздействием происходит изменение мышления, в связи, с чем все чаще в научной литературе появляются такие понятия, как «человек-экран», «клиповое мышление» и «клиповое сознание» [2, С.208].

Каждый час, каждую минуту современный человек подвергается лавинообразной «атаке» информации, источники которой различны: Интернет, телевизор, радио, газеты, звонки и т.п. Особенностью такого информационного потока является мгновенное действие со стороны получателя, не требующее ни развития индивидуального впечатления от информации, ни формирования отношения к ней. Таким образом, индивид находится в перегруженном информационном пространстве. В условиях постоянного перенасыщения информацией, взаимодействия с отчужденными и бессмысленными текстами у человека формируется адаптивный способ обращения с информационным пространством, который и был назван клиповым мышлением [5]. Отличительной особенностью клипового мышления является то, что мозг человека не может осознавать, постигать связи между событиями. Человек, находясь в постоянном информационном потоке, тешит себя иллюзией того, что он имеет представление обо всех процессах, происходящих в мире в данный момент времени, может узнать ответ на любой вопрос, любую формулу, теорему, рассмотреть любой текст и т.д. Ввиду иллюзорности объектов познания у человека пропадает необходимость запоминать информацию и осмысливать ее. Такая специфика «электронной личности» влечет за собой изменения мышления.

О феномене «клипового сознания» характерном для информационной эпохи, заговорили в 1960-х гг. Одним из первых в исследовании клипового мышления считается французский социолог А. Моль, в работе «Социодинамика культуры» (1967г.) отметивший характерные черты культуры (названной им «мозаичной») в постиндустриальном обществе. По мнению Моля, культура дает человеку «экран понятий», на который он проецирует и с которым сопоставляет свои восприятия внешнего мира. В условиях традиционной культуры «экран понятий» обладал рациональной целостной сетчатой структурой, благодаря чему для индивида не составляло труда проследить причинно-следственные связи, выстроить логические цепочки и соотнести новые и старые представления. В современной культуре «экран понятий» больше не обладает логической структурой. Он больше «похож на массу волокон, скрепленных как, попало, – длинных, коротких, толстых, тонких, размещенных почти в полном беспорядке» [4].

Современный тип цивилизации, скорее всего можно назвать «цивилизацией эмоциональной», ведь созданные клиповым мышлением образы оцениваются не с рациональных и логических, а с эмоциональных и чувственных позиций, в терминах «нравится, не нравится»

Ш. Теркл отмечает, что созданная современная коммуникационная культура просто не оставляет людям времени на обдумывание чего-либо без отвлечения внимания. Он задается вопросом: «А достаточно ли времени мы оставляем на действительно важные дела?». Ведь за видимой важностью коммуникации многие молодые люди фактически перестали бывать в одиночестве – неизменным спутником каждого подростка и молодого человека становится компьютер и сотовый телефон, с помощью которого в любой момент можно выйти на связь с друзьями и знакомыми [5]. Пользователи социальных сервисов крайне редко оказываются в состоянии написать сообщения длиной более нескольких десятков символов.

Основная проблема клипового мышления — отсутствие контекста. Контекст (от лат. «contextus» – тесная связь, соединение) — обладающая смысловой завершенностью устная или письменная речь, позволяющая выяснить смысл и значение отдельных

входящих в ее состав фрагментов [5]. Чем длиннее текст, тем более сложен будет его контекст, тем проще осознавать семантические связи между явлениями, так как они фактически существуют перед глазами — в контексте.

Обработывая поток информации, мозг совершает фундаментальную ошибку осмысления — считает события связанными, если они имеют временную близость, а не фактологическую. Клиповое мышление обладает не только недостатками — это просто развитие одних когнитивных навыков за счет других. Великий классик Л.Н. Толстой говорил: «Короткие мысли тем хороши, что они заставляют серьезного читателя самого думать».

Современное поколение одновременно может слушать музыку, общаться в чате, бродить по сети, редактировать фотографии и при этом заниматься. Платой за многозадачность становятся рассеянность, гиперактивность, дефицит внимания и предпочтение визуальных символов логике и углублению в текст.

Итак, клиповое мышление, становясь массовым явлением в современном обществе, является своеобразной защитой от информационных перегрузок, человек, испытывая потребность быстрого усвоения информации на разнообразные темы, не имеет другой альтернативы кроме восприятия по образцам. Клиповое сознание — это новый вектор в развитии отношений человека с информацией, поэтому сетевые коммуникации оказываются не менее важными для современного человека, чем обычные.

Перенасыщение информационной среды повлекло за собой, потребность изменения подхода к обучению молодежи.

Применение клипового мышления в обучении позволяет человеку запоминать большие объемы информации без восприятия ее содержательности, то есть быстрое и простое запоминание набора слов, фраз или чисел в определенной последовательности на основе некоторых образов, которые соответствуют запоминаемой информации [6]. Подобные методы удобны при их использовании, например, в изучении иностранных языков, где какому-то образу слова из родного языка может соответствовать иностранное название. Однако применение подобного способа в физике приведет только к заучиванию каких-либо терминов, правил, определений, формул, но при этом само понимание физического процесса будет потеряно.

Наиболее эффективным средством запоминания лекционной информации является применение современных мультимедийных технологий. Электронный учебник должен содержать отдельные разделы по изучаемым темам, анимирование, особенно это касается изучения физических основ каких-либо процессов.

Современным педагогам необходимо учитывать сущностные особенности феномена «клиповое мышление» при построении образовательного процесса. Необходимо пересмотреть содержательную составляющую учебного материала. С учетом индивидуально-психологических особенностей студентов потребуются структурировать информацию в виде клипов, видеоизменять формат изложения — приоритетными станут яркие, четкие и наглядные презентации с понятными и образными, запоминающимися формулировками. Актуальной задачей станет создание узкотематических фильмов (видеороликов) с наглядными примерами, экспериментами. Применение известных методов обучения совместно с новыми разработками, в том числе и e-learning технологиями повысит эффективность процесса обучения и значительно улучшит уровень профессиональной подготовки студентов.

Список литературы:

1. Докука С.В. Клиповое мышление как феномен информационного общества. // Журнал Общественные науки и современность. 2013. № 2, С.169-176
2. Нестерова Л.Ю., Напалков С.В. Развитие клипового мышления у студентов в системе высшего образования посредством опорных граф-схем. // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. Серия: Социальные науки, 2016. № 4 (44), С. 207–215

3.Моль А. Социодинамика культуры (http://yanko.lib.ru/books/cultur/mol_sociodinamika_cult-a.htm)

4.Теркл Ш. Я и Оно // Forbes. 2007. № 6 (<http://www.forbes.ru/forbes/issue/2007-06/12437-yai-ono>).

5.Семеновских Т.В. Феномен «клипового мышления» в образовательной вузовской среде. Интернет-журнал «Науковедение». Выпуск 5 (24), сентябрь – октябрь 2014

6.Семеновских Т.В. Психолого-педагогические детерминанты академического мошенничества в исследовательских работах студентов // Интернет-журнал «Науковедение», 2013. №4 (17) [Электронный ресурс]. – М.: Науковедение, 2013. – Режим доступа: <http://naukovedenie.ru/PDF/61pvn413.pdf>,

УДК 303.01

Г.А. Давлетова, ассоциированный профессор
кафедры СГД АТУ (г.Алматы)

К.К. Чатыбекова, профессор кафедры
КазУМОиМЯ им. Аблай хана
(г. Алматы)

Значение и роль истории Казахстана в подготовке инженерных кадров.

Мы вступаем в четвертое десятилетия независимого развития нашего государства, целями которого становятся сильное государство и конкурентоспособная нация. «Для этого нам необходимо продолжить политико-экономические реформы и процесс модернизации общественного сознания, сформировать качественно новую национальную идентичность, адаптированную к вызовам времени», говорится в статье Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева «Независимость превыше всего» [1].

Современная ситуация связанная с пандемией и последовавшим за ней кризисом наглядно показали, с какими вызовами сегодня сталкивается весь мир. Наряду с социальными, экологическими, биологическими угрозами распространяются различные «идеологические вирусы». В эпоху стремительной глобализации все труднее распознать ее негативное влияние.

В связи с вышеизложенным возрастает социальная ответственность инженерно - технических специалистов за недопущение техногенных, военных и экологических катастроф, за создание условий эффективного использования техники в целях духовного совершенствования человека.

Таким образом, важной задачей современного этапа развития высшего образования, является формирование будущего технического специалиста с активной гражданской позицией и определенными ценностными установками, формирующимися в высшей школе.

Ведущая роль в решении этой сложной задачи принадлежит гуманитарным наукам, которые формируют систему мировоззрения личности студента, определяют ее интеллектуальное и духовное развитие, способствуют становлению у обучающегося тех качеств, которые позволят в дальнейшем ответственно выполнять свои профессиональные и гражданские функции.

Среди гуманитарных дисциплин в системе подготовки инженеров важное место принадлежит отечественной истории. Являясь неотъемлемым элементом жизни общества, историческая наука выполняет значимые функции, которые вытекают из объективных

общественных потребностей.

История Казахстана в цикле изучаемых гуманитарных дисциплин в вузах республики (философия, политология, основы права, социология, религиоведение, основы антикоррупционной культуры) преподается одной из первых, а с 1995 г. завершающей формой контроля ее изучения является государственный экзамен. В вузовской системе Казахстана в 2016–2017 учебном году был введен новый формат предмета «Современная история Казахстана». С января 2023 г. в вузы возвращается предмет «История Казахстана».

Что такое история? История – это память народа, память нации. Вечная триада нашего суверенитета – наша необъятная земля, простирающаяся от Алтая до Атырау, от Алатау до Сарыарки, наш язык, впитанный с молоком матери, и наше единство, которое помогает нам преодолевать все трудности. Как гласит неопровержимая истина, для гибели народа совсем не нужно его полное физическое уничтожение, довольно лишь отнять у него память, мысль и слово, и душа народа будет убита [2].

История как наука предельно конкретна, не терпит бездоказательности. Когда общественным дисциплинам противопоставляют естественные, технические, то к истории такое противопоставление относиться никак не может. История органически стремится к точности характеристик и выводов.

Во-первых, это формирование национального самосознания, самоидентификации общества через знание своей истории.

Во-вторых, - объяснение и прогнозирование развития общественных процессов для эффективного управления данным обществом, что невозможно без использования исторических знаний.

В-третьих, историческая наука призвана выполнять воспитательную функцию, которая заключается в формировании социальной психологии молодого поколения в соответствии с современными представлениями о социальной норме, путем использования исторического материала, содержащего образцы деятельности или поведения. Это способствует позитивной оценке принадлежности к данному обществу, что необходимо для его развития. Прошлое и настоящее общества нуждается не только в строгой научной истине о собственном конкретно-историческом развитии, но и в здоровом общественном самосознании, позволяющем вести достойное и взаимоуважительное общение с другими народами. Все эти функции должны реализовываться в процессе изучения отечественной истории в высшем учебном заведении [2, с.10].

Главной задачей исторического образования, воспитание чувства любви к своей Родине, гордости культурными достижениями, осознание высокой гражданственности и своего долга перед Отечеством. Основной задачей вузовского курса, на наш взгляд, является аналитическое изучение истории страны, выявление объективных и субъективных факторов исторического развития.

На сегодняшний момент формирование будущего специалиста происходит на основе традиционных методов обучения, где предполагается общение преподавателя и обучающихся, где постоянно ведется контроль со стороны преподавателя за учебной деятельностью. При таком директивном характере учебной модели происходит только диалоговый момент, где учащийся воспроизводит полученную от преподавателя готовую информацию, при этом заинтересованность учащегося в процессе обучения очень низка.

Поэтому внедрение в учебный процесс инновационных технологий является определяющей чертой современного образования. Внедрение инновационных технологий позволит решать многие проблемы развивающего, личностно-ориентированного обучения, дифференциации, гуманизации, формирование индивидуальной образовательной перспективы студента [4, С.29].

На основе новых информационных и педагогических технологий, методов и приемов обучения стало возможным изменить роль преподавателя, сделать его

не только носителем знаний, но и руководителем, инициатором самостоятельной творческой работы обучающегося.

В современных условиях развития рынка образовательных услуг для достижения эффективности и качества учебного процесса преподавания истории Казахстана должно сочетать в себе как директивную, так и современную, носящую инновационный характер, интерактивную модель обучения.

Интерактивная модель ориентирована на необходимость достижения понимания передаваемой информации. Причем сам процесс передачи информации построен на принципе взаимодействия преподавателя и обучающегося. Он предполагает большую активность обучающегося, его творческое переосмысление полученных сведений.

Среди самых активных методов обучения весьма эффективным являются деловые игры.

Деловая игра вносит некоторое разнообразие в традиционно сложившуюся структуру учебного процесса. Применения деловых игр способствуют сокращению разрыва между теоретическими знаниями учащихся и их практическими применениями. Деловые или ролевые игры ориентированы на поэтапное, функциональное участие каждого из учащихся в процессе занятия. Они дают возможность активного и видимого участия в процессе обучения наиболее большого количества обучающихся и ориентированы на применение на практических занятиях по курсу Истории Казахстана [5. С.125].

К этой категории методов следует относить: а) использование всевозможных раздаточных материалов – чайндаты по истории Казахстана, текстов с фактологическими ошибками или пробелами; б) инструктаж и иллюстрация эталона рассуждения, направленные на самостоятельное последующее использование учащегося в процессе мыслительной деятельности; в) собственно ролевые игры, содержание которых понимается как градация группы учащихся на несколько частей и исполнении каждым из учащихся (или группы) определенных функций, связанных с выполнением учебного процесса.

Другим эффективным методом можно назвать кейс-стади или метод учебных конкретных ситуаций (УКС). Центральным понятием метода УКС является понятие ситуация, т. е. набор переменных, когда выбор какого-либо из них решающим образом влияет на конечный результат. Принципиально отрицается наличие единственно правильного решения. При данном методе обучения учащийся самостоятельно принимает решения и обосновывает его. Метод кейс-стади - это метод обучения, при котором учащиеся и преподаватели участвуют в непосредственном обсуждении деловых ситуаций или задач. Кейсы составляют основу беседы аудитории под руководством преподавателя. В целом, метод УКС позволяет:

- Принимать верные решения в условиях неопределенности;
- Овладеть навыками исследования ситуации;
- Разрабатывать план действий;
- Применять полученные теоретические знания на практике.

Этот метод способствует развитию умения анализировать ситуации, оценивать альтернативы.

Особую роль в приемах и средствах преподавания истории занимают компьютер и Интернет. Средства мультимедиа позволяют обеспечить наилучшую, по сравнению с другими техническими средствами обучения, реализацию принципа наглядности, в большой степени способствуют укреплению знаний и умений. Кроме того, средствам мультимедиа отводится задача обеспечения эффективной поддержки игровых форм урока, активного диалога «учащийся - компьютер».

К эффективным методам обучения можно отнести исследовательский прием, который направлен на коллективную работу в группе — когда необходимо в процессе коллективного рассуждения дать анализ содержанию отрывка из первоисточника.

Он ориентирован для работы в небольших группах - на семинарских занятиях. Сюда можно отнести:

- а) работу учащихся с наглядными пособиями по истории Казахстана — это карты, схемы, таблицы, обзорные и тематические экскурсии по историческим музеям как работа с наглядным материалом;
- б) работу учащихся с историческими документами;
- в) использование технических средств обучения как совмещение различных методик в ходе одного занятия.

В изучении истории Казахстана достойное место занял метод проектов, который способствует высокой самостоятельности учащихся. Преподавателю отводится роль координатора, он только направляет деятельность учащихся. Учащиеся исследуют выбранную тему, собирают наиболее полную информацию о ней, используя современные технические средства.

В системе педагогической деятельности особое место занимают интегрированные уроки. Они помогают развивать познавательную и творческую активность учащихся, усиливают мотивацию обучения. Проведение таких уроков - это один из путей повышения эффективности образовательного процесса на основе реализации принципов деятельностного подхода в обучении [6, С.155].

Сегодня, говоря об образовании, специалисты стремятся подчеркнуть желание учитывать интересы учащихся и строить процесс обучения так, чтобы цели и задачи обучения соответствовали возможностям и желаниям учащихся, и социальному заказу казахстанского общества.

Также нельзя упускать из виду тот факт, что современное образование должно соответствовать и международным стандартам обучения.

Основные тенденции изменения системы образования связаны с переходом на новую парадигму «обучение в течение всей жизни».

Проведенный совместно с учеными и преподавателями истории Казахстана анализ ситуации, сложившейся в исторической науке, позволяет сделать следующие рекомендации по улучшению качества исторического образования:

- а) необходимо на государственном уровне сделать фотокomпозиции, фильмы по определенным темам по истории Казахстана;
- б) по курсу предмета подготовить методические пособия с разработками уроков, с разноуровневыми заданиями и т. д.
- в) соответственно специфического подхода обучения в учебниках должны быть освещены дифференцированные вопросы и задания;
- г) преподаватели истории Казахстана должны в своей деятельности использовать современные методы и технологии отечественного и зарубежного образования.

Решая эти задачи, только тогда образовательная сфера нашего государства может отвечать требованиям модернизации современного общества.

Список использованной литературы:

1. Касым-Жомарт Токаев «Независимость превыше всего», газета «Казахстанская правда», 6 января 2021 г
2. там же
3. Бондарцова Т.М., Гуменчук О.Н. Об актуальности изучения национальной истории в современном вузовском образовании республики казахстан // Международный журнал экспериментального образования. – 2017. – № 9. – С. 10-15;
4. Историческое образование в Казахстане.// Материалы международной научно-практической конференции молодых ученых (21-22 декабря) - Караганда, 2004
5. Т.А. Кожамкулов. Об изучении отечественной истории в учебных заведениях Республики Казахстан. Алматы. 2007, С.125.
6. Проблемы изучения Отечественной истории в высших учебных заведениях Республики

УДК 94(574):378.147

Кенебаев Г.Ж., кандидат философских наук, профессор.
Алматинский гуманитарно-экономический университет. г. Алматы
Контактный e-mail: Aitkul38@mail.ru

РОЛЬ ОБЩЕСТВЕННЫХ НАУК В ФОРМИРОВАНИИ ЛИЧНОСТИ НОВОГО КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Современные тенденции общественного развития требуют уделение большого внимания вопросу формирования личности. Здесь немаловажную роль играют общественные науки. На примере исторической науки, попытаемся раскрыть данную проблему. В своем Послании народу Казахстана президент К.К.Токаев подчеркнул: «Мы должны фокусироваться не на разделительных линиях, а, наоборот, консолидироваться ради достижения масштабных целей» [1].

Именно в этом глубинный смысл идеи Нового Справедливого Казахстана. Новый Казахстан- обновление не только политических институтов, государственного аппарата, в целом власти, но и каждого гражданина, общества.

Хотя и нет прежнего Союза, патриотическое воспитание молодежи сегодня стоит также остро, как и в былые времена. Сейчас, когда идет тотальное наступление западной культуры, патриотическое воспитание должно быть той, путеводной звездой, которая направляет подрастающее поколение к высоким, гуманным идеям и целям. Немаловажную роль в патриотическом воспитании молодежи играют примеры жизненных путей видных государственных, общественных деятелей страны. Видный партийный и государственный деятель, руководитель республики Динмухамед Ахметович Кунаев отдал был кристально честным человеком. Много сил и труда отдал процветанию Казахстана.

Проблема роли личности в истории приобретает сейчас в известном смысле новые очертания. Речь идет не просто о научной постановке и трактовке этой проблемы, а о решении злободневной серьезной задачи-ликвидации белых пятен в истории, заселения ее людьми, реальными творцами событий. Для этого по нашему мнению историки должны помнить три важных аспекта. « Во-первых, правдивый рассказ о самой личности, ее влиянии на историческое развитие прежде всего с точки зрения общественного прогресса. Во-вторых, научно-объективный анализ ее деятельности, позволяющий значительно обогатить картину исторической жизни путем показа того, что в истории существуют и действуют не только закономерности, но и случайности, проявляющиеся кроме всего прочего в характерах личностей. И , в третьих, правильное определение реального вклада и действительной роли той или иной личности, дающие возможность глубже понять такой важный для исторической науки вопрос, как многовариантность общественного развития» [2].

И сегодня актуально звучат слова выдающегося русского писателя и историка

Николая Михайловича Карамзина: «Историк должен ликовать и горевать со своим народом. Он не должен, руководимый пристрастием, искажать факты, преувеличивать счастье или умять в своем изложении бедствия; он должен быть прежде всего правдив; но может, даже должен все неприятное, все позорное в истории своего народа передавать с грустью, а о том, что приносит честь, о победах, о цветущем состоянии, говорить с радостью и энтузиазмом» [3].

В XXI век Казахстан вступил состоявшимся, суверенным государством. Нам выпало испытание, участвовать в становлении и развитии молодого государства. И сегодня система образования должна дать стране новое поколение инициативных, ответственных, самостоятельных в выборе решения, имеющих способности к критическому анализу молодых людей. Мы должны дать стране патриотов с активной гражданской позицией, чувством ответственности за судьбу своей Родины.

В философском наследии аль-Фараби важное место занимают идеи об этике ученых. Он призывал их быть искренними, не допускать корыстолюбия, так как их труды имеют не только теоретическое, но и воспитательное значение. По его мнению, настоящий ученый – это «истинный или совершенный философ», который должен быть не только полезен народу своими знаниями, но и являться образцом для нравственного подражания. В нем должны органически сочетаться научная зрелость, высокие нравственные качества. Поэтому «истинные философы» в отличие от «несовершенных» должны быть достойными своей высокой миссии – приносить людям добро» [4]. Мысли аль-Фараби в полной мере относятся и историкам.

Великий казахский поэт-просветитель Абай Кунанбаев писал: «Знания должны служить справедливости и отвечать требованиям закона Божьего» [5].

Сегодня, возрастает значение такой функции исторической науки, как историческое просвещение народа, значительное повышение его исторического самосознания. Историки постсоветских республик делают полезное дело, помогая ликвидировать «белые пятна» в истории своих стран, вернуть ей незаслуженно забытые имена, восстановить уничтоженные или сильно искореженные ее страницы, раздвинуть горизонты исторического видения. Глубинно решить такие сложные задачи могут образованные, ответственные и творчески работающие ученые, педагоги, писатели. «..... я прочитал уйму всяких дневников, мемуаров, воспоминаний. И вот что характерно: через все эти человеческие документы красной нитью проходит патриотическое чувство. Какие то безвестные поручики, мелкие чиновники, горожане, крестьяне, именитые аристократы не стыдились открыто признаваться в любви к Отчизне» [6] - говорил видный писатель В.С. Пикуль.

Касаясь негативных последствий распада Советского Союза и отвержения коммунистической идеологии, знаменитый киргизский кинорежиссер Толомуш Океев говорил о том, что возникновением идеологического вакуума поспешили воспользоваться различного рода религиозные сектанты: как баптисты и иеговисты в христианской религии, так и ваххабисты в мусульманской. И в то же время идеи, духовные заповеди великих представителей тюркского мира, таких как Ахмед Ясауи, Юсуп Баласагуни, аль-Фараби, Юнус Эмре и конечно же Мустафа Кемаль Ататюрк, Слабо изучаются и распространяются среди молодежи. Не лучшее положение из с освоением богатейшего духовного наследия эпосов «Кобыланды батыр», «Ер таргын», «Кероглу», произведения таких великих поэтов и писателей, как Алишер Навои, Физули, Абай, Токтогул, Мухтар

Ауэзов, Чингиз Айтматов. Именно такими общетюркскими ценностями должна заполняться обозначившаяся духовная пустота, а это возможно лишь при совместной, систематической и повседневной работе. ... Между тем общество не осознающее незаменимое, бесценное значение национальной культуры — говорится в другом аналогичном документе, сохранившегося в архиве Толомуша Океева — неизбежно обречено на деградацию, на духовное и экономическое обнищание [7]. В конце 90-х годов профессор Жанузак Касымбаев писал: «Не секрет, что в отдельных странах дальнего зарубежья люди еще слабо представляют себе Казахстан. Например, в некоторых странах Африки путали казахов с киргизами. Видимо, старое название казахов в Российской империи — «киргиз-кайсаки» прочно внедрилась в сознание определенной части жителей стран дальнего зарубежья, порою приходилось давать справки информационного порядка» [8]. Но ученый верил, что Казахстан прочно войдет в систему мирового сообщества, и знания о ее прошлом, об ее удивительных людях займут достойное место в когорте всемирно знаменитых общепризнанных личностей. Сегодня все более очевидным становится тот факт, что темпы и успешность социального прогресса во многом зависят от количества творчески развитых личностей, от степени актуализации их креативного потенциала, от их способности осуществлять быстрое развитие науки, производства. По мнению немецкого философа М. Хайдеггера, подлинное образование, призвано основывать, удерживать, охранять и воссоздавать богатство культурно-исторических, нравственно-духовных ценностей и смыслов [9]. Поэтому успешное решение выше изложенных проблем, возвышает и направляет нас, на новую ступень личностного, так и общественного развития.

ЛИТЕРАТУРА

1. К.К. Токаев. Послание народу Казахстана. Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество. «Казахстанская правда». 2 сентября 2022 г.
2. Деятели национально-освободительного движения: политические портреты. М.: университет дружбы народов, 1989 С.4.
3. Открывая новые страницы. //Сост. Попов Н.В.- М.:Политиздат,1999. С.6
4. аль- Фараби. Естественнo- научные трактаты. -Алма-Ата, «Наука», 1987. С 18.
5. Абай. Книга слов, поэмы. - Алматы: «Ел», . 1993.С.228
6. Честь собственного имени.// Подвиг: выпуск 37 — М : «Молодая гвардия», 1990. С.9.
7. Дядюченко Л. Толомуш Океев-Б:ЖЗЛК, 2005. С.206
8. Касымбаев Ж. Государственные деятели казахских ханств(XVIII в)- Алматы, 1999. С.206
9. Малахова И.А. Развитие личности.- Минск, 2002. С.5.

ӘӨЖ 94(574)

Салқынбек Досалы Исаханұлы
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің
профессоры, т.ғ.к.
(Алматы қаласы)

ЖАЙЫҚТЫҢ ТӨМЕНГІ БОЙЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ САУДА-САТТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

XVIII ғасырда Қазақ жерлерінің Ресей империясы құрамына қосыла бастауына байланысты Кіші жүз жерлерінің бір бөлігін империяның шаруашылық, сауда-саттық дамуы жүйесіне біртіндеп тарту, Ресей мануфактуалық өндірісінің өнімін өткізетін арзан, қолайлы, және жақын рыноктар іздеу ішкі, сыртқы сауданың дамуы үшін қолайлы жағдай қалыптастырды.

Алғашқы кезде әскери-тірек пункттері ретінде құрылған Орск, Орынбор, Петропавл, Семей, Өскемен бекіністері мен басқа да қоныстар, көшпелі қазақ халқы мен казак қоныстарының тұрғындары арасында шаруашылық қатынастардың орнатылуына қарай Ресейдің Қазақстанмен, Орта-Азия аумағымен, Цин империясымен және Орталық Азияның басқа да елдерімен сауда байланыстарын кеңейтуге барған сайын маңызды рөл атқара бастады.

XVIII-XIX ғасырларда Қазақстанның батыс аймағын мекендеген қазақтар мен көрші жатқан ресей халықтарының арасындағы сауда-саттықтың дамуында Троицк, Орынбор қалаларының басты рөл атқарған. Бұл жөнінде капитан Николай Рычков «1771 жылы Қазақ даласына жорығының күнделік жазбалары» атты еңбегінде былай деп жазады: «Қаракөл қамалынан шыққан жол қыратты жермен өрлеп, бұл қыраттың жоталары осы қамалдан 53 шақырым аралықтағы Троицк қамалына дейін жалғасады. Троицк қамалы үй өзеніне келіп құятын Увелки өзенінің сағасына жақын салынған. Ол – Орынбор губерниясының бүкіл жеріндегі барлық елді мекендердің ішіндегі ең атақтысы. Өйткені Ресей көпестері мен Оңтүстік Азияның іргелес жерін мекендейтін көптеген қыр халықтарының арасындағы сауда осында өтеді. Бұл арадағы саудаға түсетін дүние мүліктің ең бастылары – көрші қазақтар айдап әкелетін мал, бұхарлықтар, қашқарлықтар, түрікмендер, хиуалықтар әкелетін мақта және басқа да көптеген азиялық тауарлар»[1].

XVIII ғасырдағы оңтүстік Оралдың аса ірі экономикалық орталығы ретінде Орынбор қаласының маңызы да арта түсті. Бекіністі қала ретінде пайда болып, алғашқы кезеңде империялық аймақтағы мүдделерін қамтамасыз етуге арналған ол көп уақыт өтпей-ақ үкімет ойлаған үмітті ақтай бастады. Қазақстанның қазіргі шекарасына жақын орналасқан Орск бекінісі де, саяси жағдайлармен қоса, саудаға арналды. Өзінің іргесі қаланған кезден-ақ бекініс Ресейдің ішкі губернияларын орта азиялық елдерге тауарлар жеткізуді қамтамасыз еткен келешегі зор өткізу пункті ретінде дамыды, ал орта азиялық елдердің керуендері өз тауарларын одан әрі көршілес Орынборға жеткізіп отырған болатын. Орынбордағы тастан және ағаштан салынған бекіністі екі үйден тұратын керуен-сарай, Орта азия көпестерінің мүлкі мен тауарларының қауіпсіздігін, сақтауын қамтамасыз етті. Ресей және Азия саудагерлерінің арасындағы делдалдар, приказчиктер болып негізінен татарлар қызмет етті. Әкелінетін тауар үшін алынатын баж алымдары мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін көбейтуде елеулі көмек болды. Мысалы, 1738-1742 жылдары Ресейлік қазынаға 3872 сом 39 тиын түсті[2]. Бұл сома көп болмағанымен кейінгі жылдары оның мөлшері еселеп артып отырды.

Орынбор өлкесіндегі айырбас сауданың негізгі түрі мал мен астық болды. 1745-1759 жылдар аралығында қазақтар Орынборға 49697 жылқы мен құлын, 238 өгіз, 195447 қой, 774 ешкі әкелді. Зерттеуші Н.Н.Рычковтың деректеріне қарағанда, айырбастау үшін қазақтар жыл сайын 30000-нан 50000-ға дейін қой, 10-15 мың жылқы айдап апарып отырған[3]. Қазақтар малға, мал терісі мен аң терісін айырбастап барқыт, мәуіті, қамқа, жібек маталар, орамалдар, зер, кенеп, астық алған.

Қазақстанның әр аймағының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты сауда-саттықтың жүргізілу ерекшеліктері де назар аударарлық. Батыс Қазақстанда бой көтерген Гурьев қаласы Ресей империясының Атырау өңірінің табиғи байлығы мен жергілікті қазақтардың иелігіндегі мал мен мал өнімдерін өз мақсаттарына пайдалануына және осы өңірге жапсарлас жатқан шет-елдермен сауда қатынастарын орнатуға үлкен қызмет ете бастады. Аймақтың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты XVIII ғасырдағы Атырау өңіріндегі

шаруашылықтың және сауда-саттықтың кең дамыған түрі балық өнімдерінің саудасы болған еді. Қазақ жерін жаулап алудың нәтижесінде Жайық бойындағы балық кәсіпшілігімен айналысқандар негізінен казактар болды.

Ресей империясының отарлауының нәтижесінде Жайық өзенінің төменгі бойына келіп орналасқан халықтар Қазақтардан қой, жылқы, түйе, ірі қара малдарын сатып алды. Қазақтардан мал сатып алумен айналысқандардың негізгі бөлігі Гурьев(Атырау) өңіріндегі казактар болатын. Айырбас сауда казактарға үлкен табыс әкелді. XIX ғасырдың 40 жылдарына қарай Гурьев өңірінде 80 мың бас қойы болған 105 казактардың ірі шаруашылығы болды. А.Левшиннің мәліметі бойынша Сарайшық бекінісіндегі бір казактың 10мың бас қойы, 700 бас ірі қара малы, 500 жылқысы болған[4]. Гурьев қаласында тұратын Ресейдің басқа аудандарынан келген саудагерлердің көп бас малы болды. Ресей империясының Жайық бойын игеру саясаты жергілікті қазақ халқының өмірлік мүддесіне елеулі зиянын тигізген сипатта жүргізгенін айтуға тиістіміз.

Сауда-саттық ісі бойынша Гурьев қаласына Ресейдің әр аймағынан саудагерлер келіп жатты. XVIII ғасырдың 30-жылдары Москва саудагері И.Логинов құны 468 рубль болатын әр түрлі товарлар әкелген[5].

Жайықтың төменгі бойында сауданың кеңеюіне байланысты Орынбор губернаторы И.И.Неплюев 1744 жылы үкіметке Гурьев таможнясын кеңейтіп, қайта салуға ұсыныс жасайды. Ресей үкіметі И.И.Неплюевтің ұсынысын қолдап, жаңа таможняның құрылысы басталады. Гурьев уезі қазақтарының казактармен, қалмақтармен сауда-саттық байланысының дамуына сенаттың қаулысы бойынша Жайықтың сол жағалауында Гурьев қаласында айырбас ауланың ашылуы өз ықпалын жасады. Айырбас сауда жылына екі рет күзде және қыста өткізілді. Жылдың бұл мезгілінде Қазақтар малдарын осында айдап келді. Шикі малдың терісін, жүн және тағы басқа мал өнімдерін әкелді. Ал орыс саудагерлері дала қазақтарына қажетті – нан, шәй, табак және әртүрлі маталар әкелді. 1743 жылы күзде Астрахан губернаторы В.И.Татищев кіші жүздің ханы Әбілхайырға : «... қазақ саудагерлері барғысы келсе, Гурьев қалашығына жіберіңіз, онда сауда жасайтын орын бар және онда жан-жақтан барған саудагерлердің бәрі дән риза» деп жазған болатын[6]. 1748 жылы 5 қаңтарда Есет батырдың иелігіндегі 3 мың түтін Кіші жүз қазақтары Гурьевке келіп, қала басшылығына орыстар және қалмақтармен сауда жасауға рұқсат беру жөнінде өтініш жасайды[7]. Сол жылдың қаңтар айында Гурьев қалашығына мыңға жуық тағы да Қазақ жанұясы өздерінің малдарымен көшіп келіп, қала комендантынан сауда жасауға рұқсат беруін сұрайды. 1748 жылы 30 қаңтарда Гурьев қалашығының коменданты капитан Ф.Бобарикин өзінің Астрахан губерниялық концелариясына жазған баянатында жүзге жуық қазақ түтіні сауда жасау мақсатында қалаға келгенін, қазақтардың орыс тауарларына жылқыларын, қойларын, жүн, киіздерін айырбас жасағанын баяндаумен қатар: «Олар айырбасты ақшаға жасамайды. Және қазақтар бізге орыстарға, қалмақтарға ешқандайда кесірін тигізген жоқ», -деп хабарлаған баянатында[8].

Гурьев қалашығының комендатының келесі бір баянатында: «Қазақтар 1748 жылы 27 қаңтар мен 5 ақпан аралығында қаланың сол жақ қарсы бетіндегі бұхар жағында сауда-саттық жасады. Қырғыз-қайсақтар орыстарға және қалмақтарға ешқандай да жамандық қылмады. Сауданы бейбіт түрде жасап, ешкімді өкпелеткен жоқ. Губерниялық билік өкілдері, Гурьевте күшті гарнизонды ұстауды үнемі талап етеді. Билік өкілдерінің ойынша қазақтар бізге зиян жасайды деп ойлайды. Қазірше ондай қауіпті көріп тұрғанымыз жоқ», - деп жазған болатын [9].

Өзара сауда-саттық жүргізудің нәтижесінде аймақ халықтарының жақындасуы Ресейлік билікті «сақтандырды». Сондықтан олар, кейбір белгіленген шектеулер қою арқылы сауда байланысына кедергі әрекеттер жасады. Мәселен, Қазақтарға сатуға тиым салынған тауарлардың тізімін жасады.

1748 жылдың аяғы кезінде қала коменданты Д.Сабанин Астрахан губерниялық концелариясына 1748 жылы 14 желтоқсанда Гурьев қаласына қазақтардан хабаршы келгенін баяндай отырып, Әбілхайр ханның ұлы Нұралы ханның хатын әкелгенін

хабарлайды. Нұралы хан хатында Гурьев қаласының лауазымды басшыларынан қазақтармен кедергісіз сауда-саттық жасауды сұрайды. 1748 жылы 18 желтоқсанда мыңға жуық түгіннен тұратын қазақтар Гурьев қаласына 15 шақырым таяу жерге орналасып, сауда-саттық жасауға келген. Гурьев қаласының маңайында қазақтар, орыстар және қалмақтар мен сауда-саттық жүргізген. Астрахандық саудагер А.Кулпиннің куәлік беруінше қазақтар мен қалмақтар арасындағы айырбас сауда-саттық ұн, тары, ағаштан жасалған ыдыстар, жүн, қой, жылқы, тері өнімдері тауарлары арасында жүргізілген.

XIX ғасырдың бас кезінен бастап, аймақтағы сауда қатынасы тұрақты түрде дами бастады. Қазақ даласы мен Ресей империясының арасындағы сауда қатынасы экономикалық жағынан өз тиімділігін көрсетті. Коммерциялық алқаның президенті А.Р.Воронцев 1806 жылы қазақтармен сауда-саттық «пайда әкелуде, қой еттері мен майлары жиналып, Петербург порттарына жіберілуде, Ресей халқы арзан өнімдерді пайдалануда» деп жазады. Сол кезеңдегі бір пұт қойдың бағасы 30 тиыннан аспады. Кей уақыттарда оның құны 7 тиынға дейін түсіп кетті[10].

Сауда-саттықтың өсуі, соның нәтижесінде пайда түсуінің артуына байланысты Орынбордың әскери губернаторы Волковский сауда-саттық министрлігі алдында таможнялық бақылауды күшейтуді қойған болатын. Гурьев таможня бекеті Ресей қазынасының пайдасына салық төлеп отырды. Гурьев қаласындағы айырбас ауласында Ресейлік саудагерлердің дүңгіршіктері болды. XIX ғасырдың бас кезінде бұнда, Астрахандық саудагер В.Масленниковтың, Саратовтық саудагер С.Хусайновтың, Сызрандық саудагер М.Саблиндердің сауда дүңгіршіктері болды. Айырбас сауда орындарына әкелінген және әкетілген тауарлардан белгіленген баға бойынша тауардың құнының бір пайызы ретінде салық салынды.

Қазақтармен айырбас сауда жасауды Ресей үкіметі 1810 жылы арнайы түрде рұқсат берді. Ембінің және Жайықтың төменгі бойы қазақтарының алыс аймақта болуына байланысты олармен айырбас сауда жасауды жыл бойы жүргізуге рұқсат берген. Осы жөніндегі арнайы құжатта: «Гурьев қалашығының алыс аймақта жатуына байланысты сонда ғана жыл бойы айырбас сауда жасауға рұқсат етілсін» делінген болатын[11]. 1834 жылы Гурьев қаласының айырбас ауласы қалада өрт болғанда жанып кетеді. Бірақ, мемлекеттік қазынаға пайда әкеліп отырған сауда ауласын қайта тұрғызуға Ресей үкіметінің өзі тез арада кірісіп, ол көп ұзамай қайта қалпына келтірілді. XIX ғасырдың орта тұсында Қазақстанның батыс бөлігінде сауда қатынастары өркендеп, Ресейді Орта Азия елдерімен байланыстыратын сауда жолдары дами бастаған кезде, орыс үкіметі Атырау өңірін қайтадан саяси-экономикалық маңызды аймақ ретінде қарастыра бастады. Уезд орталығына айналған Гурьев қаласының ірі сауда орталығы ретінде маңызы арта түсті. XIX ғасырдың орта кезеңінен бастап, айырбас саудамен қатар, ақша саудасы да қолданыла бастады. 1841-1842 жылдары Жайық бойындағы қазақтар, қаладағы айырбас сауда алаңдарындағы сауда орындарынан құны 17587 Ресей рублі болатын алтын және күміс монеталарды әкеткен[12].

Гурьев қаласындағы айырбас сауда қазақтардың жайлауға көшу мерзіміне дейін тамыз айының ортасынан наурыз айының ортасына дейін жүргізілді. Қазақтар осы кезеңдерде айырбас сауда ауласына мал, шикі терілер, жүн және тағы басқа мал шаруашылығы өнімдерін әкелді. Қазақтар әкелген тауарлардың арасында тұз да болған. Оның бір пуды ресейлік 10 тиынға сатылған. Гурьев қаласына нан, киім, үйге қажетті тауарларды сатып алу үшін қазақтар жан-жақтан келіп отырған.

Гурьев қаласындағы айырбас сауда алаңдарында Қазақтармен сауда-саттық қатынастарды гурьевтік саудагерлер Е.Хохлачев, ағайынды Василий мен Алексей Ванюшиндер, казактар Е.Гудаков, Д.Хохлачев, қазандық татар саудагерлері С.Ахметов, И.Кушаев және ірі мал саудасымен айналысушы қазақ Т.Еділбаевтар және тағы басқалар жүргізді. Гурьевтік саудагерлер қазақ даласына ірі көлемдегі тауарлардың түрлерін апарды. Гурьев қаласындағы және Жайықтың төменгі бойындағы Қазақ саудагерлері де Қазақ ауылдарына сауда тауарларын апарған. Қазақ саудагері Т.Еділбаев 1865 жылы 4

қазанда таможня бекетінде әр басын 10 рубльден 120 түйе сатқанын хабарлаған. 1867 жылы күзде таможня бекетінде қазақтардың құны 3085 рубльге бағаланатын түйелерді сатқаны хабарланады[13].

XIX ғасырдың соңғы кезеңінде Жайықтың төменгі бойы қазақтарының арасында көрші халықтарымен сауда-саттық байланысы бұрынғыдан да жандана түсті. Жайық бойы қазақтарының негізгі байлығы мал басы болатын. Төрт түлік мал, оның күші, еті, жүні және терісі халықтың күнделікті өз керегіне ғана жарап қоймай, базарға да шығарылды. Оның сатып базардан астық, киім-кешек тағы басқа тұтыну бұйымдарын алған. Мұндай базарларға тұтыну заттары көбінесе Ресейден әкелінген. Қазақтар айырбас сауда базарларына мал өнімдерімен қатар аң терілері, ешкінің түбіті, жүннен жасалған әртүрлі бұйымдар, киіздер тағы басқа өнімдерді шығарды. Сонымен қатар, аң терілері, қасқыр, түлкі, қоян терілері базар саудасына шығарылды. Шекпен мен киіздің өтімді болуы кәсіпшіліктің өркендеуіне себепші болды. Көптеген қазақтар әдейі сатуға арнап киіз басатын, өрмек тоқитын, тері илейтін, жүн түбіт иіретін болды. Осылардан алуан түрлі киім-кешек тігіліп, тоқылатында, қазақтың өздерінің киюінен артылғандарын базарға әкеліп сататын. Айырбас саудамен бірге сауданың екінші түрі жәрмеңке болды. Маусым сайын өткізілетін жәрмеңкелерде фабрика мен зауыт бұйымдары шикі затқа және мал шаруашылығының өнімдеріне айырбасталды. Гурьев уезінде жергілікті қазақтар үшін Гурьевте 1854 жылдан жұмыс жасай бастаған жәрмеңкенің маңызы зор болды. Гурьев жәрмеңкесінің жылдан-жылға товар айналымы өсіп, жергілікті қазақтар үшін тиімділігі арта түсті. 1882 жылы Гурьев жәрмеңкесіне урьев жәрмеңкесіне 430 мың рубльдің товары әкелінген. Тек қана астық өнімдерінің ғана сауда айналымы 400 мың рубльден асқан. 1855 жылы Атырау өңірінің қазақтары Гурьев жәрмеңкесіне 1039 түйе, 876 жылқы, 87 сиыр әкеліп сатқан. Гурьев қаласында тұрақты сауда орындары қалыптасып, сауда-саттық қатынастарының сипаты өзгере бастады. 1886 жылы Гурьев қаласында 50 дүкен жұмыс жасап, осы сауда орындары арқылы қала тұрғындары 281314 рубльдің заттары сатылған. Осы жылы қаладағы сауда орындарының жалпы сауда айналымы 804994 рубль құраса, келесі 1887 жылы жалпы сауда айналымының көлемі 1149850 рубльге жетті[14]. Гурьев жәрмеңкесінің негізгі товар айналымы мал және мал өнімдерін сатудан құралды. 1899 жылы Гурьев жәрмеңкесінде барлығы 133500 рубльдің товары сатылса, соның 86665 рублі мал және мал өнімдерін сатудан түсті. Сол сияқты 1900 жылы жәрмеңкеде сатылған 90855 рубль товардың 77355 рублін қазақтардың жәрмеңкеге әкелген мал және мал өнімі құрады. Ал 1901 жылғы жәрмеңкенің товар айналымы 69535 рубль болды. Осы жәрмеңкеде 2200 рубльге мануфактура бұйымдары, 1300 рубльге астық өнімдері, ағаш және басқа ұсақ-түйек заттар сатылды. Сауда айналымының қалған 60035 рублі жәрмеңкеде өткізілген мал және мал өнімдерінен жиналды[15]. Гурьев уезіндегі мал басының құрамындағы қой мен ешкінің үлес салмағы 80,2%, ірі қара - 6,1% болды. Гурьев уезінде Орал облысындағы малдың 28,6% шоғырланды[16]. Гурьев уезінде 1900 жылы сауда айналымы 3.2 млн рубль құраған, осы кезде уезде млн рубль құраған, осы кезде уезде 33 күзгі және қысқы жәрмеңкелер жұмыс жасаған. Бұл айырбас сауда базарларынан қазақтар негізінен алғанда өнеркәсіп бұйымдарын алған. Мысалы, кездеме шұға және металдан істелген заттар(үй ішіне керекті саймандар, атап айтқанда қазан, әртүрлі әшекейлер, толып жатқан ұсақ заттар: ине, оймақ, тағысын тағылар), астық тағы басқа заттар сатып алған.

Орыстың белгілі ғалымы В.И.Даль Орынборда қызмет істеген жылдары қазақ ауылдарын аралап, қарапайым халықтың хал-ахуалымен, тұрмысымен танысып, Қазақтар өмірінен «Бекей мен Мәулен»(1837ж.) атты повес жазған болатын. Осы повесінде ғалым қазақтар арасындағы айырбас сауданы әдемілеп былайша суреттеп жазады: «Алашұбар топ осы бір кең далаға сыймағандай сығылысып, иін тіресіп келеді. Бұл топтың ішінде шені-шекпені, ресми лауазымы бар, аталы, әулетті адамдар да, сабын, тоңмай секілді көр-жер сататын ұзын етек, ала-шарқат саудагерлер де, ойдан қашып, қырдан қашып, осы арада орын теуіп қалған тоғышарлар да бар, бұлар көбінесе әлгі саудагерлердің

айырбасын бұзып, арадан пайда табады! Опа қалбырына шөкімдеп салған темекі ұнтағын, немесе күл, әк, құм аралас бір өлшем ұнын беріп, жомарт қолды аңқау қазақтардан тұтас қой алады. Жағалы тон, тұлып, жарғақ, тері саудалап, әрдайым қулығын асырып жүретін татар пысықтары да осында. Осылардың бәрінен бөлек, кәмпитші аталатын тағы бір сара адамдар бар; бұлар – өздерінің жеке үйлерінде жүзеубас дүкен ұстап, оны дабырайта «дүкен» деп атайтын кәдімгі қаланың кәсіпқой дүкеншілері»[17].

Гурьев қаласының географиялық сауда байланысы ресейдің басқа қалаларымен кең түрде жүргізілді. Гурьев қаласына коммерциялық сауда мақсатында Астрахан, Саратов, Қазан, Самара, Сызран және тағы да басқа қалалардан саудагерлер келді. Ресей саудагерлері ұнның әртүрлі сорттарын, шай, темекі өнімдерін, әртүрлі маталар, ыдыстар, зергерлік заттар әкелді. Жергілікті Ресей әкімшілігі Қазақтармен сауда-саттықтың дамуына мүдделі болды. Өз кезегінде қазақтар да сауда қатынасының дамуына өз ықыластарын білдірді. Гурьев таможня бекетінің тіркеу кітапшасындағы мәлімет бойынша 1841-1842 жылдары сегіз айдың ішінде қазақтар айырбас сауда ауласына 85382 рубльге бағаланатын малды сату үшін әкелген. Ал Ресей саудагерлері осы мерзім ішінде 66685 рубльдің тауарларын сатып алып әкеткен. XIX ғасырдың 40 жылдары Гурьев қаласы Орта Азия хандықтарымен сауда жасайтын негізгі орталықтардың біріне айналды. 1848 жылы желтоқсан айында Бухара мен Хива қалаларынан Гурьевке 63 түieden тұратын сауда керуені келген болатын[18]. Гурьев қаласының Жайық өзенінің төменгі бойында орналасуы бұл аймақтағы сауда-саттық саласында балық өнімдерінің үлкен рөл атқарғанын айтуға тиіспіз. Жалпы алғанда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы елдің басқа да аймақтарымен үрдісті дамып жатты. Гурьев қаласы мен оның өңірі Ресей империясының сауда аймағының бір бөлшегі болды. Өңірде капиталистік қатынастардың бастапқы кезеңі қалыптасып, сауда, еңбек күшін жалдау, жергілікті халықты тонау, қанау сынды белгілері белең алды. Жұмыс күшін жалдаумен қатар, жартылай крепосниктік қанау түрі, жұмыс қолын сатып алу да қолданылды.

XX ғасырдың бас кезінде өлкедегі сауда-саттық қарым-қатынас одан әрі ұлғайа түсті. 1900 жылдары Гурьев уезінде 2562 ірі қара малы, 6047 – бас қой мен ешкі, 1259-бас жылқы, 2427-бас түйе сатылды. Мал саудасынан тускен жылдық табыс 234,6 мың рубльді құрады. 1915 жылға қарай мал және мал басы өнімдерінің бағасы өсті. 1916 жылы Гурьев уезінің жылдық табыс айналымы 2.3 млн рубльге тең болды[19].

Ресей империясының өлкеде жүргізген саясаты әскери-феодалдық әдіске негізделіп, «бөліп алда, билей бер» принципі бойынша жүргізілді. Ресей империясының өлкедегі Қазақ халқына қарсы жүргізген империялық қалаушылық саясаты, Қазақ халқына Жайық өзенінен балық аулауға тиым салуынан, Жайық өзеніне жақын маңда мал жаюға тиым салуына, Жайық өзенінің оң жағалауына өтуге тиым салуынан айқын көрінді. XVIII ғасырдың 30-жылдарының өзінде-ақ Ресей империясы Жайық өзенінің бойын пайдалану, балық аулау үшін Жайық казак әскеріне берген болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Рычков П.К., Рычков Н.П. Капитан жазбалары. Астана: Аударма, 2022,-144 бет
2. Витевский В.Н. И.Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758г., т.з. Казань. 1897, с. 675
3. Рычков Н.И. Топография Оренбургская. СПб., 1887, с. 279
4. Левшин А. Историческое и статистическое обозрения уральских казаков-Спб.: 1823, с 75-76
5. Мухаметов Х.А. Социально-экономическое развитие города Гурьева и его уезда (середина XVIII – начала XX в.в.). Москва, 1985, с 49

6. Витевский В.Н. И.И.Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758г., т. III – Казан: 1897, с 692
7. ГААО, ф.394. оп. I, д. 1388, л. 65-66
8. ГААО, ф.394. оп. I, д. 1388, л. 86
9. ГААО, ф.394. оп. I, д. 1388, л. 104-105
10. Ресей Федерациясының орталық мемлекеттік мұрағаты. Ф.560. оп.6, д.3, л.11
11. ЦГА РК, ф.4, оп. 1, д. 221, л.31
12. ЦГА РК, ф.4, оп. 1, д. 283, л. 410
13. Материал по истории Казахской ССР. т. IV-М.Л: 1940, с 26.
14. <https://emirsaba.org/atobe-oblisini-ekimdigi-oblisti-medeniet-basarmasi.html?page=11>
15. <https://emirsaba.org/atobe-oblisini-ekimdigi-oblisti-medeniet-basarmasi.html?page=11>
16. <https://emirsaba.org/atobe-oblisini-ekimdigi-oblisti-medeniet-basarmasi.html?page=11>
17. Дала бекзатының үйінде (XIX ғасырдағы орыс жазушылары қазақтар туралы). Астана: Аударма, 2003.- 520 бет
18. ЦГА РК, ф.4, оп. 1, д. 409, л. 4
19. ЦГА РК, ф. 700, оп. I, д. 22, л 107

Абдихапарова Галия Ахметхановна
Қ.И. Сатпаев атындағы ҚазҰТЗУ
Қоғамдық пәндер кафедрасының аға оқытушысы
Амантай Индира
Қ.И. Сатпаев атындағы ҚазҰТЗУ

Қазақ философиясындағы жастардың арасындағы руханилық мәселесінің маңыздылығы

Бұл тақырыптың міндеті қазақ халқының және оның мәдениетінің терең рухани әлеуетін ашу болып табылады.

Түркі даналығының бастауында Қорқыт пен Асан Қайғы бейнелері тұр. Олар даналықтың бейнесі, оның тасымалдаушылары. Бұл мәдениеттегі адам болмыстан ажырамайды, өркениетпен делдал болмайды, ол табиғатпен біріктіріледі. Бірақ бұл эпистемологияны өмірдің онтологиялық мазмұнынан бөлетін таза түрдегі табиғи философия емес, этика. Сондықтан көшпелі қазақ дәстүрі терең антропологиялық және этикалық болып табылады. Бұл ойдың мағынасы, адам өмір сүруіндегі басқа адамдармен өзара қарым-қатынас етуі болып табылады. Қазақ халқы үшін адамның сапалы өмір сүруі аса маңызды.

Қазақстандағы философия тарихы әлемдік қатынастың ерекше түрін көрсетеді. Қазірдің өзінде Тәңіршілдік кейбір маңызды рухани негіздерді қамтиды. «Триада – аспан жоғары әкелік рухани бастама ретінде, Жер – Ана мен махаббат ретінде, ата – бабаларға табыну болмыстың адамгершілік бастауы ретінде Тәңір...», - деп есептейді тәңірлік мәселелері жөніндегі танымал маман Нұрмағамбет Аюпов. [1].

Әр түрлі халықтардағы дүниетанымның сипаты бір немесе басқа адамдар үшін ең жоғары болып саналатын және адам өмірінің бағыты мен мақсаты ретінде әрекет ететін идеалмен анықталады. Мұндай үлгі-идеал, жалпылама айтқанда, мәдениет тарихында үшеу болған. Бұл болмыстың төменгі және жоғарғы деңгейлерінің, жер мен көктің, эмпирикалық және трансценденттің арақатынасының үш мүмкін нұсқасымен анықталды. Бұл нұсқалардың біріншісі – адамның абсолютті түрде сенімге берілуі және жердегі болмыс жоспарынан алшақтау болып табылады. Бұл түсінік Үндістанның дүниетанымына тән болды. Екінші нұсқа – адамның өз бостандығы мен шығармашылық бастамасынан

толық бас тартуына дейін (әрекетсіздік – вэй) болудың ең жоғарғы басына бағынуы – ежелгі Қытай философиясына тән, ең алдымен-дао. Сонымен, үшінші нұсқа жоғары бастама адами қарым-қатынаста жүзеге асырылуы керек, яғни.адам басқа әлем үшін де, жергілікті әлем үшін де адамдықтан бас тартпауы керек. Тағы бір нәрсе әлдеқайда маңызды деп саналады: жер бетінде өмір сүру, адамдар арасында және адамдар атынан жоғары құндылық-семантикалық тапсырмаларды орындау болып табылады.

Сондықтан қазақ философиясы интегралдық типке, жоғары және төменгі деңгейлердің бірігуіне қарай жіктеледі. Дүниетанымның бұл нұсқасы қазақ мәдениетінің тарихына өте тән, оны «этикалық» деп атайды. [2].

Мұны тек этикалық идеяның ең маңыздыларының бірі ретінде ғана емес, сонымен бірге бұл идеяның қазақ ой-санасында, қазақ философиясының өзіндік альфасы мен омегасында бар екенін түсіну керек. [3].

Қазақ философиясын әрдайым Құдайдың әлемге деген көзқарасы (ортағасырлық араб мәдениеті мысал бола алады, бұл мәселе өте өткір болған) және адамның жеке тұлға ретінде өзіне деген көзқарасы емес, адамның басқа адамға қатынасы – яғни рухани-тәжірибелік көзқарасы қызықтырады. Бұл адамның ішіндегі онтологиялық алғышарттардан ішкі, рухани-онтологиялық түрде анықталған сыртқы қатынастар мен сыртқы іс-әрекетке дейінгі «іштей қозғалыссыз» болуы мүмкін емес. Басқаша айтқанда, Қазақстандағы философия «тігінен» немесе «көлденен» бойынша емес, былайша айтқанда, біртіндеп тігінен жазықтыққа апаратын көлденен бойынша айқындалады, сол сияқты осы көтеріңкі сызықтың шығу тегі бастапқыдағы тігінен болатын шыңында «жоғарыда» жатыр.

Алайда, Қазақстан философиясында онтологиялық мәселелер, айталық, Үнді-буддистік, ежелгі, ортағасырлық Батыс және араб, классикалық неміс немесе Хайдеггер философиясы сияқты көрнекті орынға ие емес. Философия ісі адамның ішкі әлеміне феноменологиялық кірігумен ұқсас: Қазақстан философиясында ол Кант немесе Гуссерль, Шелер немесе Сартр философиясындағыдай кең таралмаған. Әрине, онтологиялық, эпистемологиялық, феноменологиялық және философиялық-антропологиялық тақырыптардың дамуы классикалық және постклассикалық ұғымдарда өлшеусіз биіктерге жетті; алайда, бұл тірі мазмұнның белгілі бір сарқылуына әкелді. Сонымен қатар, Қазақстанда «идеал» «материалдыға қарсы» мағынасында емес, таза формалардың антиподтары ретінде, кемелділік ретінде, осы ұғымның толық мағынасындағы игілік ретінде қабылданды: этикалық, эстетикалық, онтологиялық, психологиялық тұрғыда қарастырылады.

Қазақстанда дәстүрлі түрде философияның екі түрі – объективті және субъективті түрде көрсетілген шектен шығу немесе дәлірек айтсақ, тыйым салу болды деп айтуға болады. Бұл белгілі бір «артықшылықты» білдірмейді. Шектен тыс нәрсе де керемет көрінеді, өйткені шектен шығу – бұл трансцендентальды және абсолютті жақындау; бұл ақыл-ой материалын егжей-тегжейлі және мұқият зерттеу. Батыс пен Шығыстың екеуі де осындай терең және ауыр зерттеулердің мысалдары бола алады. Сондықтан, Қазақстанда философия Батыс пен Шығысқа қарағанда «жақсы» деген сөз емес, оның философияның кез келген басқа түрі сияқты өзіндік ерекшелігі, ерекше бірегейлігі бар екендігі туралы сөз болып отыр. Бұл бірегейлік, негізінен, адамаралық қатынастармен ұсынылған болмыстың жағын түсінуден тұрады. Ол этикалық, рухани-тәжірибелік, қасиетті-адамгершілік және т. б. деп аталады.

Бұдан кейінгі қазақ ойы адамның өзін-өзі тануына бағытталады. Қазақ ой - санасында осы антропософияның поэтикалық формада құрылған әр түрлі бағыттары пайда болады және ашылады. Бұл керемет пішін мен терең мазмұнның рухани байланысының көрсеткіші.

Белгілі қазақ философы А.Амребаевтың көзқарасы бойынша қазақтың көшпелі даналығының классикасы «Зар заман» дәуірінде қалыптасты және қазақ-көшпенділердің ой-сезімі мен өмір салты дағдарысының көрінісі болып табылады. Осы кезеңде көшпелі

даналық дәстүрі өзінің рухани шиеленісінің шыңына жетті. Олардың әлеуметтік философиясында халықтың тікелей трагедиясы көрініс табады. Бұл төтенше ұлттық шиеленіс кезеңі, өйткені қазақ халқы XVIII ғ., Ұлы қайғы дәуірінде жоңғарлардың (ойраттардың) басқыншылық қасіретін бастан өткерді. Бұл ұлттық рухтың шекаралық философиялық жағдайы. Әңгіме көшпенділердің ойы мен сенімінің бұрынғы тірек жүйелерінің құлдырауы туралы болып отыр. «Зар заман» ойшылдары көшпелілердің циклдік, табиғи уақытының дағдарысын атап өтеді, олар толығымен тарихтың мәңгі қайтып келе жатқан дөңгелегінің бұйрығына тәуелді және бағынады. Ол уақыттың жаңа өлшемімен алмастырылады. Тәжірибелік ойлар мен пайдаға байланысты жаңа шындықты жобалайтын мақсатты, сызықтық уақыт. Руханилық пен жанқиярлық, ар-намыс, иман мен ар-ождан өмірдің материалдық, бірақ рухсыз жайлылықты, конформизм мен мақсат қояды, сенім мен ұятты жоғалтуды қамтамасыз ететін жаңа принциптеріне жол ашады. Бұл гуманитарлық Апокалипсті «Зар заман» данагерлері сезінеді және болжайды. [4].

Шынайы рухани-ағартушылық идеология XX ғасырда қазақ даласының өміріндегі мәдени парадигманың ауысуымен басталады. Өмірдің, шаруашылық жүргізудің және тұрмыстың жаңа форматтары қазақ халқының үздік өкілдерін білімнің жаңа салаларын игеруге итермелейді. Ғалымдардың, қоғамдық, саяси және мәдени қайраткерлердің тұтас шоғыры пайда болады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов басқарған «жаңа толқын» өзінің мағыналық мазмұны бойынша қайта өрлеу дәуірінің мәдениеті болды, бұл ретте ол қазақ дәстүріне сүйенді және бір мезгілде алдымен Ресей империясының, содан кейін Кеңес Республикасының әлеуметтік-мәдени жаңалықтарын бейімдеді. Қазақ зиялыларының бұл өкілдері түрлі салаларда жаңа ұлттық мәдени дискурсты қалыптастыру бойынша үлкен жұмыс атқарды. Ұлттық рухани мәдениет дәстүрлерін сақтауға джадидизмнің мәдени-ағартушылық қозғалысы («усул-и-джадид» – «жаңа әдіс») ерекше әсер етті. Ол дәстүрлі діни білім беру жүйесіне зайырлы ағарту элементтерін біріктіре алды. Бұл діни бағдарланған рухани мәдениеттен зайырлы, ғылыми дүниетанымға, нәтижесінде институционализацияланған ғылыми, философиялық білімді қалыптастыруға көшудің маңызды кезеңі болды. Алайда ұлттық мәдениет қайраткерлеріне қатысты басталған қуғын-сүргінге байланысты бұл кезең ұзаққа созылмады.

Қазақстанның егемендік алуы философияның институционалдық және дәстүрлі «бейнелерін» интеграциялау бойынша жұмысты бастауға мүмкіндік берді. «Мәдени мұра» ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру философиялық білімнің ішкі шоғырлануына ғана емес, сондай-ақ қазіргі кезде өзінің бірегей ерекшеліктеріне ие болып отырған Қазақ ұлттық философиясының қазіргі заманғы философиялық мәдениет әлеміне енуіне жол ашты. Қазақстандағы философиялық зерттеулердің ауқаттылығының маңызды көрсеткіштерінің бірі ұлттық даму дискурсын әзірлеу, ұлттың даму векторын анықтау және «Мәңгілік Ел» –ұлттық идеясында көрініс тапқан оның мазмұнды коннотациясы болды.

Қазақтардың этикалық ойының тарихын мұқият талдау оны әлемдік философиялық және этикалық ойдың бір бөлігі деп санауға негіз береді. Бұған қазақ этикасы әзірлеген мәселелер, мысалдар мен идеялар дәлел бола алады. Қазақ философиялық этикасы әлемдік философиялық ойдың жалпы бағытының арнасында дамыды, оны әлемдік қозғалыс контекстінде, соның ішінде түркі тарихы, Алтын Орда тарихы контекстінде ғана түсінуге болады.

Қазақтардың этикалық ойы ешқашан дамымай тұрған емес: әлеуметтік-мәдени контекст өзгерді, онымен бірге өз уақытының жаңа мәселелері мен сын-тегеуріндеріне байланысты үздіксіз дамып, қазақ философиялық этикасы өзгерді және дамыды. Қазақтардың этикасы тарихының барлық басты кезеңдері дала ойшылдары өз халқының тағдырын жақсы жаққа өзгертуге үміттенген жаңа маңызды идеяларды қалыптастырумен байланысты болды.

Көшпелі өмір салты сөзсіз, ойлаудың, идеялардың, бейнелердің ерекше

ерекшеліктері бар тұжырымдамалық құрал арқылы дүниетанымды көрсететін өзіндік ақыл-ой әлемінің, рухани ғарыштың қалыптасуына ықпал етті. Мысалы, көшпенділер ғаламды, тарихты, уақытты, кеңістікті, «адам-қоғам» мен «адам-табиғат» арақатынасын, материалдық және рухани-адамгершілік құндылықтардың иерархиясын, өмір идеалын, ар-намыс Кодексін және тағы басқаларды ерекше түсінді. [5].

Түркі этикалық ойының бір ерекшелігі, ол бастапқыда дұрыс өмір сүру өнері ретінде, даналықтың ережелері ретінде пайда болды, бұл шындыққа тәжірибелік көзқарастың үлгілерін берді.

Түркі этикалық ойы шын мәнінде басталатын данагөй, аты аңызға айналған ойшыл Қорқыт Ата болған. Ол түркі халықтарының іргелі этикалық құндылықтарының, олардың рухани және философиялық ізденістерінің, санасының жаңа биіктерге жетуінің көрінісі ретінде ұрпақтардың жадында қалды. Бұл этикалық құндылықтар ерте діни жүйелерде пайда болды, олар тарихи үдерісте ұзақ уақыт бойына құрметтелді, шексіз соғыстар мен төңкерістердің ортасында қатайып кетті. Қорқыт Атаның этикалық идеялары бүгінгі күнге дейін сақталды, уақыттың өзі жалпыадамзаттық сипатқа ие ізгілік пен әділеттілік идеалдарын таңдап алды.

Қорқыт өмір бойы адам өмірінің шынайы құндылығын іздеді, өзін – өзі алдаудың әдеттегі шеңберінен шыққысы келді, өмірге қатал балама-өлімді қабылдамады. Ол оған қарсы антидот іздеді, өтемақының әртүрлі тәсілдерін жасады, психикасында өлместіктің символикасы деп аталатын тиісті символизмді қалыптастырды. Қорқыттың өлместігінің символы ол жасаған қобыз болды, өйткені музыканың аты аңызға айналған әкесі адамзатқа өнермен қызмет етуде өлместікті тапты. Орталық мәселесінде адам тұрған Қорқыттың этикалық ілімі, ойшылдың өлім мен өлместік, жақсылық пен жамандық, жарық пен қараңғылық таласатын болмыс дуализмі туралы философиялық ойлары қазақ этносының рухани құрылымының түп-төркініне еніп, қазақ этикасының негізін қалаушы тақырыптарына айналды.

Қорқыттың этикалық әлемі-бұл ұрпақтардың байланыстырушы жібі, адамгершілік дәстүрлерінің тірі жібі, оптимизм мен даналықтың сарқылмас қайнар көзі, қазақ халқы қоршаған табиғатқа, туған Отанға және оның ерлік өткеніне деген сүйіспеншілікті қалыптастыратын нысаны болды. Қазақтардың өмір сүруінің рухани негіздерін, олардың ұлттық ерекшелігі мен өзгешелігін түсіну этикасы болмыстың толықтығымен және осы дүниедегі адамның мәні мен мақсатын іздеумен ұштасқан түркі ойшылдарының рухани мұрасына қайта оралуды болжайды. [6].

Әлемді, адамды, оның өмірдегі орны мен рөлін философиялық-этикалық тұрғыдан ұғыну – қазақ ой дәстүрінің өзіне тән ерекшелігі. Адам болмысы, этикалық және эстетикалық келбеті қазақ ақындары мен жырауларын терең толғандырды. Бақыт, жақсылық пен зұлымдық, адамның борышы, ар-ожданы, оның өмір сүруінің мақсаты, мәні мен мақсаттық мәселелері қазақ философиялық ойының ұйытқысын құрайды. Патриотизм идеялары, қазақ халқының бірлігі мен ел бірлігі туралы армандары, жеке бас бостандығы үшін күрес, адам құқығы мен оның махаббаты ақындар мен жыраулардың этикалық көзқарастарындағы негізгі бағыт болып табылады. Олардың дүниетанымы әлем мен табиғаттың үйлесімін сақтауға бағытталған, дамудың ішкі динамикасына ие, сондықтан адамның араласуын қажет етпейтін дүниетанымның мысалы болып табылады. Дала данагерлерінің поэтикалық формада берілген этикалық ойлары адамды асқақтатып, болмыс мәнінен жоғары көтеріп, қазақ ойшылдарын толғандырған бір түпкі идеямен айқындалып отырды – бұл өз халқына қызмет ету идеясы.

Этикалық пайымдауларында жыраулар жақсылықты құндылық ретінде анықтады, онсыз өмір адамгершілік сипаты мен қадір-қасиетінен айырылды. Тек ақиқатқа қол жеткізе алады және белгілі бір моральдық талаптарды орындайтын жақсы істер жасай алады. Жақсылық ата-ананы құрметтеу, үйге адалдық, батылдық, әділеттілік, филантропия, Отан игілігі үшін батырлық қабілеті сияқты қасиеттердің болуын білдіреді.

Дәстүрлі қазақ қоғамында «бақыт» этикалық категориясы ерекше маңызға ие

болды. Көпшілігі қазақ-жыраулар деп есептеді бақыт – бұл түсінік, әркезде өздігінен, ол құсқа іспеттес орын таңдап, өз «ұясын» салады. Бұқар жыраудың айтуынша, бақыт-бақытсыздыққа қарама-қайшы барлық нәрсе. Қазақ этикасы бұл ұғымның мазмұнын арнайы ашпайды, алайда ол Құдайға сенуді, өзің болуды, өз ойынды жоғалтпауды, еркін болуды, үмітсіз жағдайларға тап болмауды, ар-намысты сақтауды, қорлауды сезінбестен лайықты өмір сүруді білдіреді деген қорытынды жасауға болады. Мұның бәрі, ойшылдың этикалық көзқарастарына сәйкес, адамның бақыты мен бақытты өмірін білдіреді.

Бақыт пен материалдық игіліктер ұғымының байланысын аша отырып, қазақ ақындары мен жыраулары адамдар бақыт туралы ұғымды байланыстыратын байлық немесе материалдық игіліктер эфемерлік нәрсе болып шыққанын анықтады, өйткені байлық тұрақты емес: Бай адам қайыршыға айналуы мүмкін, ал, керісінше, қайыршы бай адамға айналуы мүмкін.

Дала кемеңгерлері бақытты болуды бақыттың маңызды құрамдас бөлігі деп санап, ерлі-зайыпты өмірмен байланыстырды. Олар адамның тағдыры оның жақындарының тағдырымен тікелей байланысты деп санайды. Отбасылық өмірге бақыт факторларының бірі ретінде жүгіну, адамдар арасындағы қарым – қатынасты отбасындағы қарым-қатынас призмасы арқылы түсінуге тырысу-бұл дұрыс тәсіл. Сіз жақын жерде ақылды адамдар болған жағдайда ғана бақытты өмір сүре аласыз. Бақыт дегеніміз-өмірге деген рухани, ізгілікті және парасатты көзқарастың нәтижесі, ақындар мен жыраулардың сенімі осындай болып табылады.

Егер қазақ ағартушылығы туралы айтатын болсақ, онда оның гуманистік үні мен жоғары құндылығы-адамның жаңаруын, жетілуін іздеу. Қазақ ағартушылары адамды оның шығу тегіне, қоғамдағы алатын орнына, тектілігі мен байлығына емес, адамға не әкелетініне, оның рухани әлемі қандай екеніне байланысты құрметтеуге шақырды. «Рухани қасиеттер – деп қазақтың ең жарқын және маңызды ойшылдары мен ағартушыларының бірі Абай Құнанбаев тұжырымдады, – бұл адам өміріндегі ең бастысы. Тірі жан мен жанашыр жүрек адамды жетелеуі керек, сонда оның еңбегі мағыналы да, байлығы да орынды болады». [7].

Қазақтардың этикалық қағидалары ежелден келе жатқан, ізгілік пен мейірімділіктің жоғары жалпыадамзаттық идеяларымен ұштасқан. Руханилық, адамгершілік, мейірімділік және толеранттылық айқындаушы құндылықтар болып табылатын қазақтардың философиялық этикасында әрқашан зорлық-зомбылықсыз әрекет ететін тұлға ең алдымен өзін және өзінің қарсыласын моральдық зұлымдықтан, өтіріктен, өшпенділіктен, жалғандықтан, басқаларға деген құрметтің болмауынан және әділетсіздіктен қорғайды деген ой айтылған. [8].

Ұлттық философиялық сананың рухани бағдары XX ғасырдың басында қазақ философиялық-этикалық ойының көрнекті тұлғасы – Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығында ерекше күшпен көрінеді.

Философ адамның руханилығының қалыптасу жолдарын іздейді, бұл оның әмбебаптықты іздейтіндігін көрсетеді.

Ірі қазақ философы О.А. Сегізбаевтың пікірінше, Шәкәрім философиясы теологиялық гуманизмді білдіреді, өйткені ол «адамды ізгілендіру қажеттілігінің теологиялық негіздемесін беруге толық бағытталған». [9].

Ш.Құдайбердіевтің философиясы толеранттылыққа тән ойлау тәсіліне, кез-келген тұжырымдаманы қабылдауға және сонымен бірге дүниетанымның әр формасын сыни тұрғыдан түсіну арқылы шындықты іздеуге негізделген. Ойшылдың пікірінше, тәуелділік адамның ақыл-ой әрекетін байланыстырады, оның дүниетанымын біржақты және бір өлшемді етеді.

Шәкәрім өзінің жан-дүниесінің тұжырымдамасын атеистік материалистік дүниетаныммен салыстырады. Сонымен қатар, ар-ождан жанның орталық өзегі ретінде философиялық категория ретінде әрекет етеді. Ар-ождан философтың пікірінше, адам өмірінің, ғылымның және философияның мәселелерін шешуге, сондай-ақ адамның

руханиятын жандандыруға қабілетті.

Ойшылдың әлеуметтік-философиялық көзқарастарында оның адам мен қоғамды ізгілендіру үдерістерінің өзара тәуелділігі мен өзара байланысы туралы түсінігін байқауға болады. Ол адамның жамандықтарын жоюдың қажетті шарты қоғамның өзін ізгілендіру деп санайды. Бірақ бұл оған қоғамның рухани-адамгершілік келбеті, өз кезегінде, жеке адамның рухани денсаулығына байланысты екенін түсінуге кедергі келтірмейді.

Шәкәрім жоғары моральдық қасиеттері бар адамдарды сайлау және қызметке тағайындау арқылы саяси билікті реттеуге, сондай-ақ заң шығару қызметіне гуманистік бағыт беруге көмектесетін әлеуметтік шараларды ұсынады. Бұдан басқа, Шәкәрім ар-ождан ғылымы деп аталатын жаңа ғылыми негізделген оқу пәнін енгізуді ұсынады. Философтың ойынша, оның басты міндеті мен мақсаты жас ұрпақты рухани тәрбиелеу. Бұл тәрбие адами ізгілік қасиеттерін қалыптастыру және өсіруді қамтиды.

Руханилық Шәкәрім Құдайбердіұлының философиясының орталық тақырыбы және қарастырған мәселесі. Ол руханилықты адамды ізгілендіретін негіз ретінде және әлеуметтік дамуға гуманистік бағыт беретін шарт ретінде анықтайды. Қазақ ойшылы адам мен қоғамның рухани қалыптасуының жолдары мен тәсілдерін ағартушылық, тәрбие және мәдениет күшінен көрді, оның нұры адамның санасын гуманистік құндылықтар мен мұраттармен рухтандырады және қоғамдық үдеріске ықпал етеді.

Бұл бөлімнің негізгі тұжырымы ретінде келесі ережені тұжырымдауға болады.

Қазақ философиясы негізінен этикалық сипатта болды. Қазақ философиялық дәстүрінің маңызды және ажырамас бөлігі ретінде гуманизм, әдептілік, жоғары моральдық құндылықтарға деген көзқарас сияқты қасиеттер тән. Қазақ философиясы негізінен этикалық жоба деп айту қисынды болады. Дәл осы мәселені онтология және гносеология мәселелері аса маңызды болған Батыс философтарынан айырмашылығы қазақ ойшылдары әзірледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аюпов Н.Г. Тәңіршілдік ашық дүниетаным ретінде. - Реферат дисс. филос.ғ.д. – Алматы, 2004. - Б.25.
2. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). Қазақтың аграрлық философиясы / З.К. Шәукенова және С. Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БЖҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. 3-том. – 388 Б.
3. Нысанбаев А., Барлыбаева Г. Этика қазақ философиялық ойының өзегі ретінде / Философия мәселелері. – 2012. – № 10. – С. 65-74].
4. А.Амребаев қазақ философиясының мүмкіндіктері туралы ойлар // Философия в глобальном мире: взгляд из Казахстана. – Алматы, 2020. – Б.8-30. – С. 21-22
5. Барлыбаева Г. Қазақтардың философиялық этикасы // Жаһандық әлемдегі Философия: Қазақстандық көзқарас. – Алматы, 2020. – Б.31-56. – С. 33-34
6. Барлыбаева Г. Қазақтардың философиялық этикасы // Жаһандық әлемдегі Философия: Қазақстаннан көзқарас. – Алматы, 2020. – Б.31-56. - Б.39
7. Абай. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1970. - б.17
8. Барлыбаева Г. Қазақтардың философиялық этикасы // Жаһандық әлемдегі Философия: Қазақстаннан көзқарас. – Алматы, 2020. – с. 31–56. – с. 55-56
9. О. А. Сегізбаев, XV–XX ғасырдың басындағы қазақ философиясы. – Алматы: Ғылым, 1996. - б.386

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің кеңестік кезеңде зерттелуі

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихы әр кезеңде зерттеліп, тарихнамалық еңбектердің мол қоры қалыптасты. Алғашқы кезеңде, 20 жылдарда 1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азиядағы болып өткен оқиғаға қатысушылар өз естеліктері негізінде қозғалыстың басталуы, дамуы, туу себептері мен жеңілуіне назар аударды. Осы жылдары 1916 жылға қатысты құжаттар мен мәліметтерді жинақтау, талдау жасауға қадам жасалды. Олардың қатарында Жемчужников Н. [6], Бройдо Г.И. [7], Рысқұлов Т. [8; 15; 16], Меңдешев С. [9], Некрасов-Клиодт В. [10], Чеканинский Ив. [11], Харлампович К.В. [12], Сарымолдаев К. [13] және тағы басқалар болды.

Алғашқы құжаттық жарияланымдар 20 жылдар ортасында, ұлт-азаттық көтерілістің 10 жылдығы қарсаңында жарық көре бастады. Негізінен көтеріліске қатысушылардың естеліктері мен жоғарғы қызметтегі адамдардың жеке құжаттары болды. Мәселен патша шенеунігі Г.И.Бройдоның 1916 жылғы көтеріліс жөніндегі еңбегі әрқилы пікір тудырған еңбек болды. [7].

Еңбекте көтеріліс патша әкімшілігінің жергілікті халықты жойып жіберу және отарлау мақсатында әдейі арандатуымен болды деп көрсетілген. Автор осы еңбегінде көтеріліс патша үкіметінің арандатуымен болды деген пікір білдіреді. [14; 83]

Автор қозғалыстың ұлт-азаттық сипатын, патша өкіметінің аграрлық саясатын, отарлық қанаудың қалыптастырған себептерін жоққа шығарды.

Көтеріліс тарихының зерттелуіне қомақты үлесін қосқандардың арасында белгілі қоғам қайраткері халқымыздың біртуар азаматтарының бірі Тұрар Рысқұловтың еңбектерін айта кеткеніміз жөн. [8]

Т.Рысқұлов Г.И.Бройдоның көтеріліс патша өкіметінің арандатуымен болды деген пікірін қолдай отырып, сонымен қатар көтерілістің негізгі себептерін патша әкімшілігі тарапынан жарты ғасырдай отарлық езудің салдары, саяси және экономикалық мәселелердің тереңдеуі нәтижесі деген пікір түйеді. Т.Рысқұлов еңбектерінде Түркістан өлкесінде болып өткен оқиғалар барысы мен сипаты нақты құжаттармен дәлелденіп анық көрсетілгендіктен зор маңызға ие. Оның еңбектерін зерттеп зерделеу алдағы күндердің еншісінде және де талай ғылыми зерттеулерге өзек болары сөзсіз.

Жоғарыда аты аталған екі авторда 1916 жылғы оқиғаларды өз көзімен көрген адамдар болғандықтан да көтеріліске тура әділ бағаларын беруге тырысқан. Екеуінің еңбегінде бір ой қамтылған — 1916 жылғы көтеріліс патшалық орыс басқыншылары тарапынан қазақ-қырғыз еліне қарсы әдейі ұйымдастырылған қыру саясатының негізінде өтті. Алайда бұл тұжырымдар 20-шы жылдардың өзінен бастап-ақ сынға ұшырап келгені белгілі. Тарихшы-ғалым Е.Ермұқанов осы мәселе жөнінде: «Әрине, бүгінге дейінгі зерттеулерде Т.Рысқұлов пен Г.Бройдоның осы пікірлері зерттеушілер тарапынан қатты сыналып келді. Шын мәнінде олардың патша өкіметінің отарлық саясатындағы озбырлық пен өктемдікті көрсетуге тырысқан өрекеттерін жоққа шығару орынды ма?»-деген заңды сұрақ қоя отырып, одан әрі: «керісінше бұл авторлар сол кездің өзінде патша өкіметінің отаршылдық саясатының мәнін ашып көрсетуге ұмтылып, тарихи зерттеу еңбектерде дұрыс көзқарастың қалыптасуына игі ықпалын тигізді емес пе?»-деп еңбектердің тарихнамадағы маңызын жоққа шығармау туралы пікір білдіреді. [17; 6]

20-шы жылдары жарық көрген еңбектердің ішінде К.В.Харламповичтің еңбегін атап өтуіміз керек. [12]

Проф. Харламповичтің еңбегі көп жылдар бойы идеологиялық сарынға сай

келмегендіктенде біржақты бағаланып келді. Ақиқатында автор Торғай даласындағы көтерілістің басталуы мен барысына жан-жақты тоқталып, көтерілістің орыс халқына қарсы бағытталмағанын, орыстарға қарсы жаулық ниеттің болмағандығын және бұл көтерілістің патша өкіметі мен оның жергілікті орындарына қарсы бағытталғанын атап көрсетеді. Сонымен қатар Харлампович К.В. еңбегінде кеңес тарихнамасының оң қабағынан гөрі сол қабағын көбірек танып, есімі ескерусіз қалған Әбдіғапар Жанбосынұлының өмірі мен қызметіне байсалды бағасын беріп, тарихта өз орнын алуына себебін тигізген.

Жоғарыда аты аталған автордың еңбегімен үндес, осы еңбек тәріздес Торғай даласындағы көтеріліс туралы маңызды дерек беретін еңбек 1926 жылы «Ауыл» газетінде жарияланды. [18]

Бұл еңбекте торғай көтерілісшілерінің құрылымдық жүйесі туралы терең мағлұмат береді. Сонымен қатар Әбдіғапар ханның көтерілістегі ролі мен орны дұрыс көрсетілген.

Негізінен бұл екі еңбектің ерекшелігі — идеологиялық қысымға ұшырамай, өткен оқиға туралы байсалды бағасын беріп, таптық қағидадан тыс жазылуында еді.

1926 жыл көтеріліс тарихының деректік қорын едәуір толықтырған жыл болды. Осы жылы көтеріліс туралы көптеген еңбектер жарыққа шықты. Соның бірі — Ив. Чеканинскийдің «Восстание киргиз казаков и кара-киргиз в Джетысуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 года» атты еңбегі. Автор 1916 жылғы оқиғаны бұрыннан жинақталған бірқатар тарихи себептердің ақырында көтеріліс түрінде ағытылуы деп пайымдайды және өкіметтің арандатушылық қызметі, «реквизациялау» туралы жарлық тек бұл көтерілісті жеделдетті деген пікір білдіреді. [11; 78]

1936 жылы белгілі ғалым-тарихшы, қоғам қайраткері С.Асфендияровтың «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс» атты еңбегі жарық көрді. [19]

С.Асфендияров аталған еңбегін кеңестік идеологияның үстемдігі орнап, тарихты тек коммунистік, таптық көзқарас тұрғысынан қарау талап етіліп тұрған уақытта жазса да, көтеріліске әділ бағасын беруге тырысқан. Автор патша өкіметінің отарлық саясаты мен қазақ халқының отарлық жағдайдағы халін анық жеткізген. Бір өкініштісі, бұл еңбекке де, барлық 30-40 жылдардағы әдебиеттердегі ұлт зиялыларының 1916 жылғы іс-әрекеттеріне баға берудегі біржақтылық тән. Әйтседе С.Асфендияровтың еңбегі сол кездегі отаршылдық жүйенің бет-келбетін тануда, жергілікті халықтың күйзелісін сезінуде маңызды рөл атқарады. Және де көтерілістің халықтық сипатта болғандығын көрсетіп, көтеріліс тарихын зерттеуде елеулі үлес қосты.

1916 жылғы көтеріліске қатысушылардың естеліктері негізінде 1937 жылы естеліктер мен материалдар жинағы жарыққа шықты. [1]

Жинақтың ерекшелігі мен маңызы мынада болды; естеліктер жинақталып ғылыми айналымға түсірілді және көтеріліс тарихын қарастыруда пайдаланылды. Сонымен қатар аталған жинақта БКП (б) Өлкелік комитеті жанындағы қазақ марксизм-ленинизм институтының тезисі жарияланды. Тезисте көтеріліс барысы дұрыс көрсетілгенімен, көтеріліс сипаты, қозғаушы күші, құрамы біржақты таптық көзқарас тұрғысынан бағаланған.

1937 жылы Л.В.Леснаяның құрастыруымен «Восстание 1916 года в Киргизстане» атты құжаттар мен материалдар жинағы жарық көрді. [20]

Жинақ редакциясын басқарып, оған алғысөз жазған Т.Рысқұлов болды. Жинақта басылған құжаттар патша әкімшілігінің бас көтерген жергілікті халықты басып-жаншудағы сұрқия саясатынан, оларға қолданған айуандық іс-әрекеттерінен терең мағлұмат береді. Сонымен қатар қазақ халқының XX ғасыр басындағы аянышты тағдырын, көтеріліс барысын, майдан жұмысындағы жағдайды баяндаған куәгерлердің естеліктері келтірілген.

1943 жылғы Өлкей Марғұлан бастаған Амангелді экспедициясының Торғай даласында жинақтаған материалдарының маңызы өте зор. [24]

Аталған экспедиция көтеріліс сарбаздарының, куәгерлерінің естеліктерін

жинақтаған. Ал естеліктерде Торғай даласындағы көтерілістің басталуы мен барысы, шайқастар мен күрестер, Торғай көтерілісшілерінің әскери құрылымы, қару-жарағы жөнінде аса зор мағлұмат береді. Өкінішке орай, кейбір естеліктерде кеңестік идеологияның сарынына сәйкес бұрмалаушылықта кездеседі. Алайда Торғай даласындағы көтерілістің шынайы бейнесі мен ақиқатын қалыптастыруда естеліктердің алатын орны қомақты.

1947 жылы көтеріліс тарихын зерттеуде үлкен орын алатын құжаттар жинағы жарық көрді. [3]

Жинаққа негізінен мұрағат құжаттары, естеліктер енді. Жинақта көтерілістің қозғаушы күштері, көтеріліс барысы, большевиктік идеяның көтерілісші бұқара арасына таралу мәселелері қаралған. Сонымен қатар аталған жинақта ұлт зиялыларының, ауқаттылардың «сатқындық» рөлін көрсетуде орын алған. Солай бола тұрса да, 1943 жылғы Амангелді экспедициясының жинақтаған естеліктерін және 1937 жылы жарық көріп, кейін айналымнан алынып тасталған естеліктер жинағының [1] кейбір материалдарын қайта бастыруда бұл жинақтың маңызы зор болды.

1916 жылғы көтеріліс тарихының белгісіз беттерінің орнын толтыруға елеулі үлес қосқан еңбек ғалымдар ұжымы дайындап 1960 жылы жарыққа шыққан «Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс» атты құжаттар мен материалдар жинағы болды. [4]

Аталған жинақта бұрынғы басылымдарда жарияланған деректермен қатар бұрын жарық көрмеген тың деректер жарияланды. Жинақ бүкіл Орта Азия мен Қазақстанды қамтып, құжаттар әр облыс бойынша жеке-жеке топтастырылған.

1916 жылғы көтеріліс тарихын зерттеуде Б.С.Сүлейменов пен В.Я.Басиннің еңбектерінің маңызы зор. [21]

Авторлар еңбектерінде көтерілістің алғышарттары мен себептеріне, соның ішінде патша үкіметінің аграрлық саясаты мен қоныс аудару жүйесіне кең талдау жасаған, Сонымен қатар көтерілістің басталуы мен барысына да кең тоқталған. Авторлар 1916 жылғы оқиғаны сипаты жағынан отаршылдық пен феодализмге қарсы халық-азаттық көтеріліс болды деп бағалаған. [21]

1916 жылғы оқиғаға байланысты туындаған халық ауыз әдебиетін қарастыруда Мұхамедрақым Жармұхамедовтің еңбегінің маңызы зор. [22]

Автор бұл еңбегінде көптеген өлең-жырларға тоқталып, оларға қысқаша түсінік бере кеткен. Және де оларды тақырыбы мен мазмұнына қарай топтарға бөлген. Бұл диссертация 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты өлең-жырларды зерттеудегі алғашқы іргелі еңбектердің бірі.

1916 жылға байланысты дүниеге келген өлең-жырларды арқау етіп алып зерттеу барысында филология ғылымының кандидаты Х.Ишановтың "1916 жыл және халық поэзиясы" атты еңбегін айта кеткеніміз жөн. [23] Онда автор көтеріліске арналған халық поэзиясын қарастырған.

Негізінен алғанда 30-60 жылдардағы әдебиеттерде 1916 жылғы көтерілісті біржақты шаруалар көтерілісі деп көрсетіп, таптық тұрғыда түсіндіру басым болды. Сонымен қатар көтерілістің этникалық, ұлт-азаттық проблемалары ескерілмеді. Көтеріліс 1917 жылғы Қазан төңкерісінің көлеңкесінде қалып қойды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Национально-освободительное восстание казахских трудящихся против царизма в 1916 г. Сборник воспоминаний и материалов. - Алма-Ата: Казгосиздат,1937.
- 2.1916 жыл. Алматы, 1940.
- 3.Восстание 1916 года в Казахстане. Документы и материалы.- Алма-Ата: Наука, 1947.
- 4.Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов. - Москва, 1960.
- 5.Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. - Алматы: Санат"- , 1994.

6. Жемшужников Н. Краткий очерк восстания коренного населения Туркестана в 1916 г. // Военное дело в Средней Азии. 1922, №1. – С.70-60-70
7. Бройдо Г.И. Материалы к истории восстания киргиз в 1916 г. // Новый Восток, 1924, №6.
8. Рыскулов Т. Восстание казахов и кара киргиз в 1916 году. /К 10-й годовщине/. Кзыл-Орда, 1926.
9. Мендешев С. Мои личные воспоминания о мобилизации казахского населения на тыловые работы в империалистическую войну в 1916 г. Труды общества изучения Казахстана, 1926, т. VIII, вып. 2.
10. Некрасов-Клиодт В. Реквизиция киргиз на тыловые работы в 1916 г. Кзыл-Орда, 1926.
11. Чеканинский Ив. Восстание киргиз-казахов и каракиргиз в Джетысуйском /Семиреченском/ крае в июле-сентябре 1916 гг. Кзыл-Орда, 1926.
12. Харлампович К.В. Восстание тургайских казак-киргизов в 1916-1917 гг. Кзыл-Орда, 1926.
13. Сарымолдаев К. Мое воспоминание о восстании казахов Меркенского района в 1916 г. Красный Казахстан, Кзыл-Орда, 1926, №2-3.
14. Восстание киргизов и казахов в 1916 году. Бишкек, 1996.
15. Рыскулов Т. О восстании казахов и каракиргиз в 1916 г. К 10-летней годовщине. Красный Казахстан, Кзыл-Орда, 1926, №1, стр. 14-34.
16. Рыскулов Т. Восстание туземцев Туркестана в 1916 году. Очерки революционного движения в Средней Азии. Сборник статей и Москва, 1926, стр. 46-122.
17. Ермұқанов Е.Н. 1916 жылғы көтеріліс тарихының мәселелері. /1914-1917 жылдың басы. Семей, Ақмола облыстарының материалдары бойынша/. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертация. Алматы, 1993.
18. Торғайлық. 1916-ншы жылғы Торғай қазағының көтерілісі. "Ауыл", 1926, №№277-279.
19. Асфендияров С.Д. Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане. "Казкрайиздат", Алма-Ата - Москва, 1936.
20. Восстание 1916 года в Киргизстане. Соцэкгиз, Москва, 1937.
21. Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Восстание 1916 года в Казахстане. Причины, характер, движущие силы. Наука, Алма-Ата, 1977.
22. Жармұкамедов М. 1916 жылғы көтеріліс қазақ халық поэзиясында. Филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы, 1962.
23. Ишанов Х. 1916 жыл және халық поэзиясы. Алматы, 1958.
24. Материалы южного отряда Амангельдинской экспедиции. /Воспоминания и рассказы сарбазов и очевидцев, записанные пол руководством А.Маргулан/. Рукописный фонд Института истории и этнологии НАН РК. Инв. №209, тетрадь №11.

ӘОЖ 32

Абуханов Ш.А.

Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің аға оқытушысы, Алматы қаласы, sh.abukhanov@aes.kz

САЯСИ ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Түйін сөздер: мифология, этика, коммунизм, теология, саяси институт, этнопроф, капитализм, феодализм, теология және т.б.

Мақалада саясат түсінігі және саяси ғылымның қалыптасуы мен даму мәселелері

қарастырылып, саясаттың қоғамда алатын орны мен мәні сипатталады.

В этой статье рассмотрены понятие политики и вопросы формирования политической науки и ее развитие. А так же, рассмотрены место и значение политики в обществе.

In this article, the concept of politics is reviewed and establishment of political science as well as its development are considered. Also, the role and importance of politics in the society are considered.

Адам баласы саясаттың сиқырлы сырын, құбылмалы құбылыс екендігін ерте заманнан-ақ түсініп білгісі келді. Ежелгі Шығыс әрі антикалық дәуірдің ойшылдары мемлекеттің, ондағы саяси биліктің мән мағынасы неде және ондағы билік жүйесі кімге қызмет етеді және қоғамда қоғамдық құрлыстың қандай түрлері бар, олардың қайсысы халыққа қолайлы, қайсысы халыққа қолайсыз деген сияқты сауалдарға жауап іздеген. Бірақ бұл кездегі саяси пайымдаулар негізінен діни –мифологиялық тұрғыда болды . Себебі ерте кездегі адамдар жер бетіндегі тіршіліктің дамуын, құдайдың құдіретінің жаратуы деп түсінді . Мысалы ежелгі шығыс елдері Египетте, Вавилонда, Үндістанда, Қытайда және тағы басқа да елдердегі саясаттың дамуы , діни аңызнамалық (мифологиялық) негізде болды , өйткені басқарушы билік көзі құдай, жер бетіндегі тіршіліктің бәрін құдай жаратқан және оны құдай реттеп, дамытып отырады деп ұқты. Мысалы, көне Қытайда билік құдайдың құдіретімен жүргізіледі , ал оны іске асырушы , құдайдың арнайы өкілі ол император деп есептеді. Ал кейіннен адамзат қоғамының дамуы мен ондағы адамның ақыл-ойы мен мәдениетінің дамуына байланысты саясаттың түсініктемелері, тұжырымдамаларының жаңа түрлері пайда бола бастады. Осылай қоғамдағы таптық қарама –қайшылықтардың пайда болуымен бірге, қоғамдағы әлеуметтік және саяси құрылымдар мен қатынастардың және материалдық өндірістердің дамуы , қоғамдағы халық санының өсуі , негізгі саяси құрылым мен мемлекеттің пайда болуына алып келді. Енді қоғамның осылай дамуының нәтижесі біздің з.б. бірінші мыңжылдықтардың ортасында саясатты діни мифологиялық тұрғыдан түсінудің орнына, енді қоғамда саясатты философиялық-этикалық тұрғыда түсіну түрі қалыптасты.

Саясаттың енді мұндай даму түрінің пайда болуына үлкен үлес қосқан ойшылдарға біз Плотонды, Аристотельді, Конфуцийді және т.б ойшылдарды жатқызамыз. Бұл ойшылдар саясатты ғылым ретінде теориялық тұрғыдан зерттеп ғана қоймай сонымен қатар саясатты, этикамен философиямен тығыз байланыста қарастырды.

Саясаттанудың негізін қалаушы деп әдетте біз Аристотельді айтамыз. Аристотель саясатты әдетте адамдардың мақсат –мүдесіне сай келуі керек және адамгершілікке негізделуге тиіс деп санады, сонымен қатар ол өз заманында лицей ашып , саяси ғылымды жеке пән ретінде оқытып , «Саясат» деген еңбек жазып, ежелгі грек мемлекетінің саяси жүйесін құрды және оны зерттеді. Сондай-ақ ұлы ойшыл саясаттану ғылымын зерттеу барысында саясаттану ғылымының , теориялық негізін жасады деуге де болады. Өйткені ол саясаттың негізі адамның өзімшіл, хайуандық табиғатында жатыр деп түсінді .(2) Яғни жеке адам көзсіз құмарлыққа берілгіш келеді, сондықтан оның соқыр сезімін тежеп, ортақ игілікке, әділеттілікке баулу үшін алдымен адамның адамгершілік қасиетін дамыту керек. Ол үшін алдымен саясат жүргізу керек деп түсінді . Бұл жерде ұлы ойшыл енді саясаттану мәселелерін фәлсафа мәселелерімен қатар, қоя отырып қарастырады . Міне осылай орта ғасырда саясаттанудың этикалық түрі қалыптасады .

Ал енді саясаттың қазіргі кездегідей нысанын қалыптастырып, қазіргідей түсінуге мол үлес қосқан, саясатты құдайшылық (теологиялық) түсіндіруден арылтып, саясат қоғамдағы табиғи өмірден туындайтын құбылыс екендігін айқындаған, XVI-ғасырда өмір сүрген Италия ойшылы **Николла Макиавелли** болды. Ол өзінің саяси зерттеулерінің өзегі етіп , мемлекеттік билікті алды да және оны қалай қолға түсірудің және оны қалай пайдаланудың неше түрлі әдістері мен тәсілдерін айқындап, саясаттану ғылымының қазіргідей дамуына жол ашты. Сондай-ақ бұл кезең адамзат баласының дамуында,

қоғамда феодализмнің ыдырап, капитализмнің қалыптасып дами бастаған, қоғамда саясаттың қызметі мен міндеттері күрделене түскен кезең еді.

Сондықтан бұл кезде саяси құбылыстар мен процестерді жан-жақты зерттеуге және оның теорияларын жасауға тура келді. Бұл кездегі саясаттану теорияларының өкілдері мен зерттеушілеріне біз Дж.Локк, Ш.Л.Монтескье, Ж.Ж.Руссо, Т.Пейн, И.Кант, Т.Джефферсон, Гегель сияқты көрнекті ойшылдар мен тағы басқа да ғұламаларды жатқызамыз. (2)

Жалпы саясаттану XIX- ғасырдың екінші жартысында жеке пән ретінде қалыптасты. 1857 жылы Америка ғалымы, Колумбия колледжінің профессоры Фрэнсис Либер «**Тарих және саяси ғылым**» деген кафедра ашады. (3) Соның негізінде 1880жылдары әлемде саяси ғылымның жоғарғы мектебі құрылды. 1872жылы енді Францияда мемлекеттік аппаратқа арнайы қызметкерлер дайындайтын саяси ғылымдар мектебі ашылып, жұмыс істей бастады. 1889 жылы Американың саяси және әлеуметтік пәндер ассоциациясы құрылды.

Міне осылай саясаттану нағыз ғылым ретінде XIX - ғасырдың аяғы мен XX - ғасырдың басында қалыптасып Европа мен АҚШ елдеріне кеңінен тарады. (1) Бұл ғылымның халықаралық мәртебе алып, толыққанды қалыптасуына ықпал еткен ұйым бұл ЮНЕСКО болды. Бұл ұйымның басшылығымен 1949 жылғы саяси ғылымдар ассоциациясы құрылып, әлем елдерінің саясаттанушыларының арасында байланыс орнап, саясаттану пәні жеке пән ретінде, барлық жоғарғы оқу орындары мен арнаулы оқу орындарында оқытыла бастады. Міне осылай саясаттану ғылымы да қоғам дамуы барысында одан әрі дами түсті. Кез келген ғылым сияқты саясаттану ғылымының да өзіндік даму тарихы бар. Жалпы саяси ғылым мен білімнің элементтері ұзақ уақыт бойы философиялық ал кейіндеп әлеуметтанулық әрі құқықтық теориялар шеңберінде қалыптасып дамыды. Ал оның қазіргі теориялары, сол өткен замандағы саяси ойлардың жалғасы деуге болады.

Енді XX- ғасырдың басындағы саяси ойдың қалыптасуы мен дамуына келсек бұл кезеңге үлкен үлес қосқан ойшылдарға біз М.Вебер, Г.Моска, И.Паретто, Р.Михельс, Д.Истон, Т.Алмонд, М.Дювержье және тағы басқаларды жатқызамыз. Бұл кезде бұл ғалымдардың біреуі, саяси билік мәселесінің мәнін атқаратын қызметі мен қоғамдағы ролін зерттесе, біреулері саяси жүйенің қалыптасуы мен дамуының теориялық негізін, саяси институттардың қоғамдағы орны мен жүйесін, саяси биліктің құқықпен байланысын, саяси элита мәселесін және оның теориялық негізін жасады. Бұл ғалымдардың ішінде неміс ғалымы, әрі саясаттанушысы М.Вебер құқықтық мемлекет идеясын жақтады және XX - ғасырда құқықтық мемлекеттердің қоғам өмірінде тез бюрократиялануына көңіл аударды. Ал бұл бюрократияның болуы, бұл қоғамдағы демократияның дамуына кері әсер етіп қақтығысқа әкеп соқты. Сондықтан мұндай қақтығысқа жол бермеу үшін ол демократия теориясын ұсына отырып, харизматикалық көшбасшыны сайлаған парламенттік демократия ғана қоғамдағы қарым –қатынас мәселесін шеше алатынын айқындады. Жалпы әр елдің, әр халықтың қоғамдағы өзіндік дамуы барысында саяси ой-пікірлері мен саяси қатынастары қалыптасады.

Қазақ даласындағы саяси ой - пікірге келсек, бұл кезеңге орта ғасырлар мен XIX - XX ғасырларды жатқызуға болады. Орта ғасырларда қазақ жеріндегі саяси ой-пікірлерді дамытуға үлкен үлес қосқан тұлғаларға Әбу –Насыр Әл-Фарабиді, Махмут Қашқариді, Жүсіп Баласағұниді, Мұхамед Хайдар Дулатилерді жатқызсақ, ал қазақ тарихындағы билік жүйесінде өшпес із қалдырған қазақ хандары Қасымхан, Есімхан, Тәуке хан және тағы басқа хандарды жатқызуға болады. Сонымен қатар 19-20-ғасырларға келсек бұл кезеңде қазақтың белгілі ойшылдары мен қоғам қайраткерлері осындай қоғамдық саяси –ой пікірлерді дамытып одан әрі жалғастырды. Атап айтсақ

ағартушы – демократ ғалым, этнограф билер сотының қазақ даласында тұрақты орган ретінде сақталып қалуы жолындағы күрескер Шоқан Уәлиханов, қазақ халқының бір туар азаматы ұлы ойшыл, философ, аудармашы, ақын, қазақ халқының тұтастығы мен

халық ретінде қалыптасу жолындағы күрескер, қоғам қайраткері Абай Құнанбаев және т.б тұлғаларды жатқызуға болады. Сондай-ақ бұдан кейінгі кезеңдерде, қоғамдық саяси ой-пікірлер қоғам дамуымен және оның жаңаруымен қатар жүрді. Сонымен қатар қоғамдағы саяси ой-пікірлер, саяси өмірдің, саяси қатынастардың дамуы, саяси институттардың қалыптасуымен қатар дами түсті.

Жалпы адамзат тарихында саясаттану ғылымын түсіну үшін ең алдымен саясат деген ұғымды және оның табиғатын түсініп алумен бастау керек. Қоғамдағы саясаттың дұрыс-бұрыстығы бұл адамдардың немесе халықтардың жалпылай айтқанда, елдің тағдырымен тығыз байланысты. Мысалы егер мемлекет елде агрессиялық соғыс саясатын жүргізсе, оның салдары бірнеше жылдарға созылатыны даусыз және мұндай саясат салдары елге қайғы, қасірет әкелетіні де сөзсіз. Ал егер керісінше мемлекет саясатты ғылыми тұрғыдан зерттеп, дәлелденген бейбіт саясат жүргізсе, онда еліне, халқына қолайлы, жайлы болатыны да шындық. Жалпы саясат бұл әмбепп тарихи құбылыс. Демек саясат бірінші кезекте қоғамдық әрекет, яғни ұлы ойшыл Аристотельдің пікірінше саясат дегеніміз бұл адамдардың өз өмірін жақсартып, ізгі қоғам құруға талпынған іс-әрекеті болып табылады. Оның пайда болуы, дамуы және қалыптасуы бүкіл әлемдік тарихи даму құбылысы негізінде жүзеге асады. Жалпы саясатты кең және тар мағынада қарастыруға болады. Кең мағынада қарастырсақ саясат бұл адамдардың өздері өмір сүріп отырған қоғамға сәйкес, жалпы ережелерді қалыптастыруы, сақтауы және оны жетілдіру арқылы атқарылатын қызмет түрі деуге болады. Ал тар мағынадағы саясат деп адамдардың осы ережелерге ықпал ету үшін немесе осы ережелерді сақтау үшін бір-бірімен біріге жұмыс жасауы. Осындай әр түрлі жұмыстар арқылы бәсекелес мүдделер шиеленісті шешуден гөрі, оның шешу жолдарын іздестіруі деуге болады. Дегенмен қоғамда саясаттың адам өмірімен тығыз байланыста екендігін ескеретін болсақ, онда оны қоғамда алуан түрлі мағынада түсінуге болады. Саясатты ғылым, әрі өнер деуге де болады. Саясаттың ғылым болу себебі мемлекетті басқару, ондағы билік жүйелерін қалыптастыру және олардың арасындағы қатынастарды реттеу мен жалпы қоғамдағы қоғамдық тәртіпті қалыптастырушы, күрделі бағдарлар әлемі. Ал өнер болуы бұл мемлекетті басқаруы мен оған бақылау жасауы деп түсінуге болады. Сонымен қатар саясатты өнер дейтініміз - қоғам әр түрлі таптар мен топтардан, саяси партиялардан, әр түрлі ұлттар мен ұлыстардан тұрады. Кім халыққа жағымды саясат жүргізсе, кім халықты соңынан ерте алса, дұрыс, әділетті саясат жүргізе білсе немесе өз идеясын қажетті жағдайда, сол ел саясатының негізінде жүзеге асыра алса, жалпы халықтың ойынан шыға білсе, міне сонда ғана саясат бұл өнерге айналады. Бірақ мұндай қасиет әрбір тұлғаның бойынан табыла бермейтіні тағы да ақиқат. Сонымен қатар саясаттың өнер болатының тағы бір жолы саясаткер ғылыми дәлелденген саясатты асқан шеберлікпен, білімділігімен, батылдығымен, әділетті қоғамға қажетті идеяға, өзіндік қиял, тәжірибесін қоса пайдалана отырып жетістікке жетуін де айтуға болады. Міне сонда ғана саясат бұл өнерге айналады. Қоғамда мұндай идеяға тоқтаған көптеген саясаткерлерді де айтуға болады. Соның бірі атақты Германия канцлері Отто фон Бисмарк болды. Жалпы саясат бұл тек саяси құрылым аясында немесе билік аппараты айналасында ғана орын алатын құбылыс екені бізге мәлім.

Жалпы елді, мемлекетті, ондағы халықты жақсылыққа, жасампаздыққа дамуға бастайтын да бұл саясат немесе жауласушылық пен зорлық-зомбылыққа да бастайтын да бұл саясат. Сондықтан қоғамдағы әр түрлі топтар, таптар гуманизм мен демократияны басшылыққа алса, сонда ғана қоғамда өркениеттілік даму жолындағы бағытқа жол ашылады. Ал егер мұндай топтар мен таптар агрессияны, зорлық-зомбылықты, халықты өзіне бағындыру, бұрмалау саясатын жүргізсе онда агрессияшыл саясат қалыптасады. Қоғамда саясат шынайы дамуға, әділеттілікке сәйкес жүргізілмесе, онда қоғам тоқырауға ұшырап, қоғамда келеңсіз жағдайлар орын алады. Мұндай саясаттың болашағы да болмайды. Сонымен қатар өтірік мақтанушылық пен жалғандылыққа негізделген, жалған ұраншылдыққа бой алдырған, саясат болса онда қоғам дағдарысқа ұшырап, халықтың

әлеуметтік жағдайы нашарлап, тоқырауға ұшырайды. Жаңа демократиялық қоғам дамуында саясат құбылыс ретінде барлық мемлекеттерге ортақ болғанымен әр елдің өз мүдделеріне сәйкес өзіндік ұстанатын саясаты болады. Сонымен қатар әр елдің ішінде мемлекет саясатын жүргізетін өзіндік билеуші топтары болады. Саясатты кейбір жағдайларда осындай топтардың айқындайтыны да бізге мәлім. Қоғам дамуының барысында кейбір жағдайларда мемлекеттерде халық билеуші топ саясатына ашық немесе іштей қарсылық көрсетеді. Сондай-ақ кейбір мемлекеттерде ел саясатын эгоистік, жемқорлық топтарда айқындайды. Оған біз тарихтан білетіндей отан соғысы кезеңінің алдындағы жылдардағы Европа елдерін немесе Италия және т.б елдерді жатқызуға болады.

Қазіргі кезеңде саясат пен саяси қатынастар, саяси институттардың қызметіне деген қызығушылық арта түсуде, бұлардың экономикаға, идеологияға, мәдениетке тигізетін ықпалы өсуде.(1). Саясатты, саяси қатынастарды, мемлекеттік билікті зерттеу, бірқатар қоғамдық пәндердің шеңберінде соның ішінде алдымен саясаттану ғылымы саласында қарастырылады. Саясаттану ғылымы ғылым ретінде біздің елде еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін қолданысқа ене бастады. Бірақ бұл ғылым бұдан бұрын біздің елде болмады немесе біздің жоғары оқу орындарында оқытылмады деуге болмайды. Бұрынғы Кеңес үкіметі кезеңінде бұл ғылымды партияға халыққа қарсы, буржуазиялық ғылым ретінде айдар тағып, жоғарғы оқу орындарында оқытпады. Себебі ол кезде кеңес үкіметі, шын мәнінде, саяси сауатты адамдарды даярлауға мүдделі емес еді. Бірақ ол кезде саяси ғылымға, ешбір көңіл бөлінбеді деуге де болмайды. Ол кезде де саяси мәселелер қарастырылып, зерттеліп жатты. Алайда бұл кезде саяси ғылымның ролін коммунистік идеологияға негізделген қоғамдық пәндер атқарды. Атап айтсақ коммунистік партия тарихы, ғылыми коммунизм, философия және тағы басқа да қоғамдық пәндерді айтуға болады. Алғашқы кезде саясаттану ғылымын қолданысқа енгізу мен дамыту барысында, отандық ғалымдардың қосқан үлесі зор. Оларға Қ.И.Сәтбаев атындағы ұлттық техникалық зерттеу университетінің професоры Ұлықпан Есілханұлы Сыдықов, Әбдімәлік Нысанбаев, Д. Жамбылов, Сайын Борбосов, Раушанбек Әбсатаров және т. б. ғалымдарды жатқызуға болады. Саяси ғылымды меңгерудің жолы, бұл тәлімгерлерге арналған оқулық жазудан басталады. Жоғарыда аталған ғалымдар осы Саясаттану курсы бойынша алғаш өздерінің оқулықтары мен монографияларын жазып, жарыққа шығарды. Міне осы ғалымдардың ішіндегі шоқтығы биік, ғылымда өзіндік орны бар, техникалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «саясаттану» оқулығының авторы, танымал професор Ұлықпан Есілханұлы Сыдықов ағамыз биылғы жылы мерейлі 75 жасқа толып отыр. Ағамызды мерейлі жасқа толуымен құттықтай отырып, ағамызға зор денсаулық, отбасына амандық, жасына жас қосылып, балалары мен немерелерінің қызығын көріп, шығармашылықта табыстарға жетіп, көздеген мақсаттарына жете беруіне тілектестік білдіремін. Жалпы саясаттану пәні қазіргі өркениетті даму кезеңінде демократиялық мемлекетті қалыптастыру мен азаматтық қоғам құруда өзіндік орны бар, әрі қоғамның саяси жүйесін қалыптастырушы негізгі пән болып табылады. Бұл пән жалпы мемлекеттік басқару аппаратында істейтін барлық қызметкерлерге оқытылуы тиіс деп санаймын, өйткені саясатты дұрыс түсінбей билік жүйесінде істеуі немесе басқару жүйесінде белгілі бір жетістікке жетуі немесе мемлекетті дұрыс басқаруы мүмкін емес. Сонымен қатар саясаттану курсы қоғамдағы жоғарғы оқу орындарының барлық маман иелеріне оқытылуы қажет. Себебі болашақ мамандар саяси сауатты болмай, демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғам құруы мүмкін емес.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Хейвуд . Э .Саясаттану . Алматы «Ұлттық аударма бюросы» 2020 ж.(1)
2. Сыдықов Ұ .Саясаттану . Алматы 2012 ж. (2)
3. Жамбылов .Д .Саясаттану .Алматы 2000 ж. (3)

Ақпараттың қоғам жағдайында XX ғасырдағы қазақ көтерілістерін зерттеудің кейбір мәселелері

Халық басына қатерлі зұлмат әкелген большевиктер билігін қазақ халқы қалай қабылдады, қазақ зиялыларының көзқарасы қандай болды? Жалпы большевиктердің қазақ халқына деген саясаты қандай болады деген сұрақтарға жауап беруге тәуелсіздік жылдары мүмкіндік туса да осынау мәселеге жалпы ұлттық деңгейде жауап беріп, таным таразысына тартылып, азат сананың айбарлы ұстанымын қалыптастыра алғанымыз жоқ,

Ғылымда жеке адамның қалыптасуы, қоғамда өзіндік орнын алуында ерекше рол атқаратын, негізгі тірек болатын тұғырдың ұлт екендігін әлдеқашан дәлелдеп мойындаған.

Марксизм осы тұрғыдан келгенде тек қана дәстүрлі саяси экономиканы, капиталистік өндірістік қатынасты сынға алып қана қоймай, сондай-ақ ұлттық болмыс пен діни сенімді де қатты сынға алды. Сол себепті де марксизм ілімі жұмысшы табын ұлттық болмыстан жоғары қоюға бар күшін салды.

Осы мақсатқа жету жолында олар ұлттардың дәстүрлі мәдениетін, рухани игіліктерін жойып, олардың ұлттық тамырларынан қол үзуіне жеткізуге тырысты. Жиырмасыншы жылдардағы қазақ халқының көш бастаған озық ойлы азаматтары осынау қатерді көрегендікпен сезе білді. Оған қарсы күрес жүргізді. Алайда Қазақстан қазан төңкерісінен соң да Ресей империясының отары болып қала бергендіктен, олардың күресі сәтсіздікке ұшырады. Сондықтан да тоталитарлық биліктің Қазақстанда орнауының бірден бір себебі, оның негізгі алғы шарты Қазақстанның Ресейдің отары болып қала беруінде болатын.

Қазақстанның отар болуы, ал ондағы жүргізілген саясаттың отаршыл болғандығынан халқымыздың басынан кешірген қасіреті метрополия халықтарымен салыстырғанда әлдеқайда ауыр, әлдеқайда қасіретті болады. Осы орайда 20-30 жылдардағы еліміз тарихын зерттегенімізде оған отарлық езгінің күшейген, - ЖАҢА КЕЗЕҢІ, - деп қарағанымыз жөн. Себебі патшалық Ресейдің қол астында болған екі ғасырға жуық кезеңде еліміздің басынан өткізген қасіреті, жаңа ғасырда қалыптасқан ЖАҢА ИМПЕРИЯНЫҢ алғашқы 20 жылында көрген қасіретінің қасында мыңнан бір бөлігіндей болмақ.

Қандай да бір ұғым яки тұжырымның дәлелді деректі талап ететіндігі сияқты жоғарыдағы тұжырым-тоқтамымыз құрғақ сөз болмауы үшін тарихи деректермен дәлелдеуді қажет ететіндігі даусыз. Республика Президентінің архивындағы сақталған партияның құпия құжаттарынан халқымыздың басынан өткізген қиыншылықтар мен отарлық езгінің шынайы көріністерін көреміз.

1921 жылдың желтоқсанында еліміздегі жан түршігерлік ахуалдан жаны күйзелген халқымыздың біртуар ұлдарының бірі Смағұл Сәдуақасов, - Бүкіл Одақтық Орталық Атқару Комитеті мен РКП(б)-ның Орталық Комитетіне: “Қырғыз Республикасының жергілікті жерлеріндегі ахуал” - атты баяндама жібереді. Баяндама хатта Республикадағы отарлық езгінің көріністерінен мол деректер келтіріледі. Хаттың бір ерекшелігі, келтірілген деректердің “ұлтшылдықтың көрінісі” - деп, бағаланбауы үшін, барша деректердің орыс тілді қызметкерлердің баяндамалары мен есептерінен алынғандығы.

Смағұл Сәдуақасов Республикадағы Кеңес билігін екі бөлімге бөліп қарастырады. Бірінші бөлімде милиция қызметі сөз болады да, екінші бөлімде басқа да кеңес мекемелерінің қызметі қарастырылады.

Бірінші мәселені қарастыра отырып Сәдуақасов былай дейді, -“Қырғыздардың

(мұнан былай қазақтар) қоғамдық өмірінде милицияға қатысты емес бірде-бір істің болмайтынындай, бірде-бір істің милициясыз шешілуі де мүмкін емес”. Әрине қоғам өміріндегі барлық мәселелердің маузер тағынған белсенділер қолында болуы, олардың қарусыз халықтың басына найзағай ойнатуына әкеліп соққызды. Аталған баяндамадан үзінді келтірейік: Балқаш экспедициясының политкомы Стручковский былай деп жазады: -“Мен жол сапарының өн бойында көшпелі қазақ өмірін бақыладым. Олар тағдыр тәлкегіне ұшырап, ұмыт қалған аянашты ғұмыр кешуде, оларға ешқандай да көңіл бөлінбейді. Олардың ауылдық және болыстық ревкомдарының билігі осынау аянышты да қараңғы, сонымен қатар тәлкекке түскен халықты аяусыз тонайтын жыртықштардан, оларды түрліше қорлайтын, ешқандай себепсіз тінту жүргізіп, қолға ілінгеннің бәрін тартып алатындардан қорғауға дәрменсіз. Қазақ халқының қазіргі күнде онсыз да ұзаққа созылған қыс пен қалың қар, оқтын-оқтын соғатын суық желдің нәтижесінде өте ауыр хал кешуде. Біз қайда болмайық, барлық жерде малға азықтың жоқтығын, соның нәтижесінде малдың жұтқа ұшырауының куәсі болдық. Ал милиция болса қазақтардың тығырыққа тірелген жағдайымен санаспай оларды қыса түсуде, олардың қамшы үйіруге деген әуестігінен халықты ұрып-соғуы әдетке айналуда. Мен жұмыс бабымен баруыма тура келген жердің бәрінде милицияға деген наразылықты естумен болдым. Сондықтан да өз тарапымнан қазақтарды, осынау аянашты күн кешіп жатқан жандарды милицияның шапқыншылығынан қорғауды өтінемін”.

Әрине қорғауға ешкімнің де келмегенін айтудың қажеті болмаса да керек. Осы баяндамада Павлодар уезінің милиция бастығы Толстиковтың Маралды болысына жол сапармен барғанда 30 қазақты Павлодарға мен барғанша қамауда ұстандар деген ауыз сәлемдемесімен айдап жібергендігі айтылады. Сондай-ақ осы қазақтардың ешбір тергеусіз, іс-қағазынсыз екі айға жуық абақтыда отырғандығы, өз құқықтарын қорғап шағымданғанда Толстиковтың жендеттерінің жазықсыз жандарды өлімші етіп ұрып соққандығын баяндаған. Ал Толстиковтың ешқандайда жаза алмағаны былай тұрсын, қазақтардан тартып алған заттарын қайтармағандығы белгілі.

Жазықсыз жандарды ұрып-соғу, тонау милицияның үйреншікті ісіне айналғандығы сондай 20-шы жылдарда қазақтар аман қалғандығына шүкіршілік ететін болған. “Байдұл түгіл, бас қайғы” - деген, заманның кебі осы болса керек. Сөзіміз құрғақ болмауы үшін аталған деректен тағы бір үзінді келтірейік.

Зайсан ревкомы Ұзақов 1921 жылы маусымның 16-сында Семей губерниялық атқару комитетіне жолдаған жедел хатында: -“Милиционерлер ешқандай себептен-себепсіз 15 адамды атып тастады, көптеген адам қамауға алынды. Бұл жағдай Шілікті, Терісайыр мен Мінуар және т.б. болыстықтарда үрей туғызуда”- деп хабарлайды.

20-шы жылдарда кісіні өлтіріп кету ешкімді де таңдандырмайтын болды. Халқымыздың басына туған зұлматтың қаншалықты болғандығын толық бағамдау бүгінде мүмкін емес. Бір ғана Ақмола облысында тамыз-қыркүйек айларында ресми мәліметтер бойынша 100-ден астам қазақ атып өлтірілген, ал бейресми мәліметтер бойынша әлдеқайда көп.

Фионин сынды қанды қол жендеттер Омбы уезінде қазақтардан екі киіз үйді тартып алып, далада түрме ашады. Бұл түрмеге Фионинге ұнамай қалғандар қамалған. Апталап аш ұсталған, әбден соққыға жығылған сорлы қазақтар “түрмеден” шыққанда жүре алмайтын халде еді.

Міне еркіндік алған, ерікті республика болған халқымыздың халі. Тарихи деректерді ой елегінен қайта өткере отырып келген тоқтамымыз 1920-шы жылы құрылған Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының қағаз бетінде қазақ халқының арман-мұратының орындалуы болғанымен іс жүзінде, олай болмағандығы. Сондықтан Қырғыз АССР-і мен Қырғыз өлкелік партия комитеттерін бүгінгі таңда қазақ мемлекеттігінің көрінісі мен ұйымдастырушысы деп емес, бәлкім отарлық өлкені басқарушы мекемелер мен оны ұйымдастырушылар деп қарастырғанымыз жөн. Республика халқымыздың атымен аталғанымен, оның басқару жүйесінде халқымыздың

өкілдері болмашы мөлшерді құрады. Есесіне отаршылдар Республиканың басқару жүйесінің барлық салаларын бақылап отырды.

Қазақтар 1924 жығы сайлауда негізінен ауылдық кеңестерге сайланып, осы кеңестердің 56,2% сайланғанымен, олар өз құқықтарын қамтамсыз етуге қауқарсыз болды. Ауылдық және болыстық кеңестердің милиция мен әскерилер алдында әлсіз екендігін жоғарыда айтып өттік. Жалпы Республикадағы мемлекеттік қызметкерлер 1924 жылы 31341 адам болып, 7105-і мемлекеттік бюджетте қызмет етті. Осы қызметкерлердің басым бөлігінің қандастарымыз емес екенін айтпаса да түсінікті. өйткені Республикадағы саясатқа тікелей ықпал ететін басқару жүйесінің халық комиссариаттары мен өлкелік партия комитеттерінде қазақтардың саны жалпы құрамның 3,6% ғана құрады.

Басқару жүйесінде қызмет істеген қандастарымыздың халқымыздың құқығын қорғап көтерген талап-тілектері мен іс-әрекеттері ұлтшылдықтың көрінісі деп бағаланды. Осы орайда Орал губерниялық комитетінің хатшысы Марбуш - Степановтың 1923-ші жылы 3-ші желтоқсанда РКП(б) Орталық Комитетіне жазған жабық хаты біраз мағлұмат береді: “Қандай да бір шаруаны қарастырғанымызда егерде ол ұлттық мәселені қозғайтын болса, қазақ қызметкерлердің Орал губерниясын қазақтардың да мекендейтінін ескере отырып, ұлттық ерекшелікпен санасуды талап етуі, осыған байланысты партия съездерінің қаулыларын тілге тиек етулері жүзден 99-жағдайда ұлтшылдықтың көрінісі деп бағаланды, ал неғұрлым көрнекті қайраткерлерге партиядан шығаруға дейінгі жазалау шаралары қолданылды (Қаратілеуов, Татимбаев және т.б.). Мұны бақылау комиссиясы да мойындап отыр”. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Губерниядағы 614 партия мүшесінің небәрі 35-і ғана қырғыз. Ал, уездер бойынша қарасак: Орал уезінде 1 коммунист, Жымпитыда 11, Електе 2, Гурьев жұмысшы ауданы мен бұрынғы Калмыковскийде 8, Гурьев жұмысшы ауданына тән бір жайт, ондағы өндірісте істейтін 1834 қазақтың бірде бірі партияға кірмеген. Жалпы жұмысшылардың 32% құрайтын қазақтардың партияға деген мұндай көзқарастарының себебі неде?

Мұның бәрі губкомның 23-25 қарашада өткен пленумында мәлім болды. Гурьев ауданы жұмысшыларының өкілі қазақтардың 1921 жылдан бері жиналыстарға бармайтындығын, жұмысшы одақтарына қатынаспайтындығын хабарлады. Бұған себеп: біріншіден, жиналыстардың тек қана орыс тілінде жүргізілетіндігі; екіншіден, мүліктік игіліктерді үлестірудің (пәтер беру, отын, жанар-жағар май, жарық, азық-түлік, жұмыс киімі, жалақы т.б.) ұлттық белгілеріне қарай атқарылатындығы: Жақсы пәтер алдымен орысқа беріледі, пәтерді жөндеу алдымен орысқа жасалады, жалақы төлеу барысында бірдей квалификация мен еңбеке әр түрлі мөлшерде төленеді: орыстар қазақтарға қарағанда көп алады.

Жоғарыда келтірілген деректен біз қазан төңкерісі мен кеңес үкіметіне қазақтардың көзқарасының қандай болғандығын көреміз. Қазақтар мұндай отарлық езгіге үнсіз мойын ұсынып, оңайлықпен көндігіп көнген емес. Қолға қару алып сан мәрте күреске шықты. Тек 1924-1925 жылдарда Республикада 28 көтеріліс болы. 20-30-шы жылдардағы қазақ көтерілістерін ресми құжаттардағы бандитизмнен ашып, өзінің шынайы көрінісінде жазып, азаттық қозғалысының кезеңі ретінде қарастыру тарихшылардың кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі. Отаршылдық билікке қарсы көтерілген қазақ көтерілістері қанға бөктіріліп басылғанымен, оның жалыны қайта-қайта тұтанып, жаңа көтерілістерге ұласып отырды. Алайда бұл көтерілістердің ошақтары, көтеріліс кең қанат жайғанға дейін жазалаушы құрамалардың қауырт қимылдары нәтижесінде қанға бөктіріліп басып тасталып отырды. Тоталитарлық биліктің негізгі тірегі болған жазалаушы мекемелердің құрамында қандастарымыздың болмашы некен-саяқ болуына себеп, осы жазалау шараларын жүзеге асыруда отаршылардың өзгелерге сенбегендігінде болса керек. 1924 жылы КССР-інде 1782 милиция қызметкері болды. Ресми құжаттар бойынша милиция 41 208 қылмыстық іс қозғаған, оның 11 574-і қалаларда болса, 29 534-і ауылдық жерлерде қозғалған. Осы қылмыстық істердің 2564-і кеңестік басқару жүйесіне қарсы бағытталған. Осыдан-ақ біз халықтың кеңес жүйесіне деген көзқарасын аңғарсақ керек.

Пайдаланылған әдебиттер және деректер.

1. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? -Алматы: Ана тілі, 1993, —11 б.
2. Хайек Ф. Дорога к рабству // Вопросы философий. 1990. №№ 10,11,12.
3. 60. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. —Алматы: “Санат”. 1997
4. КРПА., 140-к., 1-т., 121-іс., 1-14 пп.
5. КРПА., 139-к., 1-т., 1211-іс., 83-86 пп.
6. КРПА., 139-к., 1-т., 6037-іс., 121-123 пп.
7. КРПА., 139-к., 1-т., 1211-іс., 145-146 пп.
8. КРПА., 141-к., 1-т., 1100-іс., 8-10 пп.
9. КРПА., 140-к., 1-т., 106-іс., 15-п.

УДК 304. 9

Қазақстан Республикасы: рухани жаңғыру жолындағы тәуелсіз қадамдар

Тумабаев Тұрлыбек Сәлімұлы
Тарих магистрі, Сәтбаев университеті
(Алматы, Қазақстан)

«Рух сананың дамуының, өркендеуінің, қоғамға ықпал ету деңгейінің ең биігінде туындайды. Бұл кезде әрбір адам немесе қоғамның негізгі тобы жеке бас пайдасы, жеке өзінің тіршілігі сияқты күнделікті өмірден жоғары биіктейді де, бүкіл елдің, халықтың қам-қаракетін негізгі нысана қып, санасының өзегіне айналдырады. Дәл осындай жағдайда ғана ұлттық рухтың қалыптасуы жөнінде әңгіме қозғалады». (Сыдықов Ұ. Ұлттық рух және ақпараттық кеңістік. – Алматы: «Дәстүр», 2015, 13-б.)

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялап, мемлекет дербестігін қайтарғаннан күннен бері 31 жылдан астам уақыт өтіпті.

Тарихтан белгілі, Ресей империясы 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы Жарғы», 1824 жылы «Орынбор қырғыздары туралы Жарғы», 1867 жылы «Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы уақытша Ереже», 1868 жылы «Ақмола, Семей, Орал, Торғай облыстарын басқару туралы уақытша Ереже» арқылы Қазақ хандығының мемлекеттік дербестігін жойып, қазақ халқын бодандыққа түсірген еді.

Сол уақыттардан бері Ресей империясы Қазақстанда отарлық саясатын бірнеше бағыттарда жүргізгендігі белгілі. Оларды саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени деп нақтылауға болады. Бұл жан-жақты отарлау саясатының түпкілікті мақсаты Қазақстанды отар ретінде қанап, империя мүддесіне жегіп қана қоймай, оны тұтастай «жұтып» қою, басқаша айтқанда, империяның ажырамас жеріне айналдыру, яғни толықтай орыстандыру еді. Патшалық Ресей осы мақсаттағы отарлық саясаттың «іргетасын» салып, оны мұра етіп алған кеңестік Ресей «қабырғасын» қалап, енді «шатырын» тұрғызуға шақ қалғанда қазақ халқы өзінің ұлы мұраты – ТӘУЕЛСІЗДІККЕ қол жеткізген болатын.

Қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресі сонау 1773-1775 жж. Е. Пугачев бастаған көтерілістен бастап 1986 ж. Желтоқсан көтерілісіне дейін жалғасты. Азаттық үшін күрес жолында қанша қасірет, азап шексе де ата-бабаларымыз бас амандығынан ел бостандығын жоғары қойды. «Қазақ» деген этнонимнің мән-мағынасының өзі «басы бос», «бостандық

сүйгіш» екені бекер емес-ті. Ұлы далада жылқыны тұңғыш қолға үйретіп, атқа міну салтын бірінші қалыптастырып, уақыт пен кеңістікті алғаш бағындырған, көшпелі өркениеттің негізін қалаған номадтардың ұрпақтарын, әрине, тар бұғауда бағындырып ұстап тұру мүмкін емес еді.

Тәуелсіздікке 31 жыл толса да қаймана қазақ халқы терең бойлап сіңген отарлық саясаттың салдарынан толықтай арыла алмай келеді. Мемлекеттік тіл, әліпби өз тұғырына нық қонған жоқ.

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдықтарында зиялы қауым өкілдері отарсыздану мәселесін жиі көтерді. Олардың басым көпшілігінің көзқарасы бойынша, ұзақ жылдар бойы отарлық езгіде болған халық отарсыздану (деколонизация) процесін басынан өткізуі керек және ол пәрменді іске асу үшін мемлекет өзі қолына алуы тиіс. 2012 жылы «Тәуелсіз Қазақ еліне рухани-мәдени отарсыздану қажет» деген атпен бұл мәселеге арнайы мақала да жазған едім [1, 108–111-беттер].

Алғашқылардың бірі болып БАҚ беттерінде отарсыздану мәселесін көтерген белгілі саясаткер Ж. Қуанышәлі Ресей отаршылдығы қазақ ұлтына орасан проблемалар қойып кеткенін айтты. Оның пайымдауынша, солардың ішіндегі ең күрделі, ең қиын проблемалар – әр этникалық қауымның планета бетінде өзгелермен терезесі тең толыққанды ұлтқа айналып, шын мәнінде тәуелсіз өмір сүруі үшін ауадай қажет, төрт тұтастығы – жер тұтастығы, тіл тұтастығы, дін тұтастығы мен экономика тұтастығының төртеуі де қазақтар алдында көкейкестілігі жөнінен аса маңызды мәселелер ретінде тікесінен тік тұрды. Алайда, қазақстандық билік тәуелсіздікпен бірге келген мол мүмкіндікті дұрыс пайдаланбақ түгіл, керісінше, отарлық кезеңде қалыптасқан қазақтың жер, тіл, дін мен экономика ыдыраңқылығын бұрынғыдан бетер күшейтіп жіберді [2, 7-бет].

Тарихшы Ә. Ескендірдің пікірінше, азаттыққа қол жеткізген мемлекет үшін отарсыздану – тәуелсіздікті сақтап, толыққанды даму үшін қажетті шарттардың бірі. Отарсыздандыру заңдылығымен санаспаған ұлттық қоғамның тұғыры мықты бола алмайды. Отарсызданудың басты мәні, мақсаты – отарлықтың салдарын жойып, ұлтты, елді санаға сіңдірілген бағыныштылық, сенімсіздік, белгісіз үрей мен қорқыныштан, өмір сүру дағдысы мен ұлт ретінде өзгелерге жалтақтаудан арылту. Отарсыздану мемлекеттік деңгейде қолға алынбай, мемлекет бірлігі түгіл, ұлт бірлігіне жетудің өзі қиын [2, 9-бет].

Белгілі жазушы Е. Смағұлдың пайымдауынша, постколониализм дәуіріндегі Қазақстанда қазіргі ең басты дертті құбылыс – ұлттық сананың құлдырауы, құлдық қалыпқа түсуі. Қазақстанда 300 жылға жуық жалғасқан отарлық дәуір ұлттың санасына айықпас кембағалдық комплекс қалдырды. Тіліміздің дамымауына, ұлттық мәдениеттің көптеген саласының кенжелеп қалуына немесе саяси элитаның, орта таптың ұлттық құндылықтарға немқұрайды қарауына, әлі күнге дейін Қазақстанда, қазақ қауымында орыстану процесінің тоқтамауына негізгі себеп – 300 жыл үздіксіз қазақ санасына соқаланып салынған кембағалдық комплексі. Осыны жою үшін отарсыздандыру процесі екпінді жүргізілуі керек. Біздің басты және қасиетті борышымыз – ұлтты қалпына келтіру. Қазақ ұлтының ұлттық құндылықтарын қалпына келтіру деген сөз – Қазақстан мемлекетінің іргетасын берік ету деген сөз [3].

Белгілі саясаттанушы Ә. Ғалидің пікірінше, Қазақстандағы билік ротациясы отаршылдыққа қарсы көңіл-күй ауанымен жүргізілмеді. Ұлт-азаттық қозғалыстардың қайраткерлері билікке жұмылдырылған жоқ. Олар ары кеткенде қазақтілді ақпарат құралдарында, жоғары оқу орындары мен шығармашылық орталарда орын тапты. Осы себепті Қазақстанда отаршылдыққа қарсы жүйелі саясат болмады. Ұлттық идеологияның құндылықтары мына үш тағанға сыяды: а) мемлекеттік тіл; ә) дәстүрлі дін; б) ұлттық мемлекет [4].

Зиялы қауым өкілдерінің жоғарыдағы пікірлерінен отарсыздану бағытындағы мемлекет саясатына көңілдері толмайтындығын байқау қиын емес.

Отарлықтың салдарын толық жою мақсатында жүргізілетін отарсыздандыру

шараларын пәрменді де тиімді іске асыру үшін отарлық саясаттың мақсат-міндеттерін, айла-тәсілдерін, іске асыру механизмдерін, нәтижелері мен зардаптарын, жалпы айтқанда, объективті тарихын бүге-шігесіне дейін зерттеп-зерделеу бүгінгі күні де күн тәртібінен түспей тұр. 2020 жылы ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың қаулысымен құрылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссиясының қызу жұмыс жасауы осының айғағы деп түсінуіміз керек.

Дегенмен, бүгінгі күнге дейін мемлекет тарапынан тілімізді тірілту, тарихымызды түгелдеу, мәдени мұрамызды жинақтау, руханиятымызды жаңғырту, рухымызды көтеру бағытында атқарылған іс-шаралар мен жобалар, жүргізілген бағдарламалар, жасалған реформалар аз емес. Билік отарсыздану процесі немесе отарсыздану саясаты деп ашық атамаса да рухани жаңғыру бағдарламаларын іске асыруға тырысты. Бұл, менің ойымша, мемлекетіміздің қоғамдағы отарсыздандыру процесін көпе-көрінеу саясиландырмай, аса сақтықпен іске асыруы болып табылады. Қазіргі уақытта, әлем назарын өзіне аударған, Ресей мемлекетінің Украина жеріне басқыншылық соғысы осы сақтықтың дұрыстығын дәлелдегендей. Украина мемлекеті өз тәуелсіздігін алғаннан кейін отарсыздану саясатын ашық және пәрменді жүргізген мемлекеттердің бірі болатын. Украиндықтардың өз Отанын қорғаудағы қаһармандықтары тамсандырады, әрине! Дегенмен, соғыстың салмағы да, қасіреті де халық үшін ауыр екені сөзсіз.

2017 жылы 12 сәуірде сол кездегі ҚР Президенті Н. Назарбаев **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** атты бағдарламалық мақаласында «Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. 2004 жылы **«Мәдени мұра»** бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы **«Халық – тарих толқынында»** бағдарламасы арқылы әлемнің ең беделді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз» деп мәлімдеген еді [5].

Ал, 2018 жылы 21 қарашада ол өзінің **«Ұлы даланың жеті қыры»** атты бағдарламалық мақаласында «Жоғарыда аталған жобаларды «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде қарастырамын. «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жаңа компоненттері ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұрасының цифрлық өркениет жағдайында түсінікті әрі сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете отырып, оны жаңғыртуға мүмкіндік береді» деген еді [6].

2003 жылы Н. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке Қазақстанның мол мәдени мұрасын, мемлекеттік тілдегі гуманитарлық білім қорын, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді, ұлттық әдебиет пен жазудағы көпғасырлық тәжірибені біріктіруді және оны зерттеудегі бірінғай жүйені қалыптастыруды қамтамасыз ететін бағдарламаны жасауды тапсырды. Осыдан кейін 2004 жылы **«Мәдени мұра»** мемлекеттік бағдарламасы басталып, үш кезеңді қамтыды: 2004 – 2006 жж; 2007 – 2009 жж; 2009 – 2011 жж. Бағдарлама мәдениет саласындағы мемлекет бағытын айқындайтын, рухани және білім беру істерінің даму қозғалысындағы негізгі құжат, стратегиялық ұлттық жоба болып саналды және ТМД елдерінің ішінде алғаш болып Қазақстанда жүзеге асырылды.

«Мәдени мұра» бағдарламасының мақсаты – халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, дәстүрлерді қайтару, шетелде насихаттау болып табылды. Бағдарлама бірнеше бағыттарда іске асырылды:

- ұлттық мәдениетке аса маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру;
- археологиялық зерттеулер жүргізу;
- қазақ халқының мәдени мұрасы саласында ғылыми жұмыстар атқару;
- ұлттық әдебиет пен жазулар тәжірибесін ортақтастыру, кеңейтілген бейне және жұмыс қатарларын құру.

Бағдарлама жүзеге асырыла бастаған кезден бастап тарих пен мәдениеттің 78

ескерткішінде қалпына келтіру жұмыстары жасалды. Көне тарихтан мол мәлімет беретін 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті және Берел қорғандарынан табылған «аң стиліндегі» алтын бұйымдар әлемге әйгілі болды. Еліміздегі ескерткіштердің алғаш рет ауқымды инвентаризациясы өткізіліп, республикалық маңызы бар 218 нысан және жергілікті маңызы бар 11 277 нысан тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізіміне қабылданды [7, 385-бет].

Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения және АҚШ пен Батыс Еуропаға жасалған ғылыми-зерттеу экспедицияларының нәтижесінде 5 мыңнан астам тарихқа, этнографияға, өнерге қатысты құнды архив құжаттары, қолжазбалар мен баспа шығарылымдары әкелінді. Қазақ тіліндегі гуманитарлық білім беру қоры құрылып, 537 кітап бір жарым миллионнан астам тиражбен шығарылды. Олардың арасында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге қатысты қайталанбас сериялар бар. Қазақтың дәстүрлі әндерінің «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күйі, 1000 әні» антологиясы шығарылды. Бұл – қазақ халық әндерін түпнұсқалық орындауда жинау, даярлау, өңдеу, реставрациялау, цифрландыру мен CD дискілерді шығару бойынша атқарылған қыруар еңбектің жемісі.

Дамаскідегі Сұлтан әз-Зәкір Бейбарыс кесенесінің, Каирдегі Сұлтан Бейбарыс мешітінің қалпына келтірілуі, Дамаскідегі әл-Фараби кесенесі мен тарихи-мәдени орталығының салынуы сәтті іске асты.

«Қазақфильм» АҚ киностудиясы ұлттық мәдениеттің маңызды тарихи орындары мен мұралары туралы 20 деректі фильм түсірді. Бұл «Мәдени мұра», «Қорқыт. Күй тарихы», «Номадтардың музыкалық мұрасы», «Ежелгі Түркістан сәулет ескерткіштері», «Жүсіп Ата кесенесі», «Тамғалы петроглифтері» және басқалар цикліндегі деректі фильмдер болып табылады.

Қазақ халқының философиялық мұрасының байлығын көрсететін шығармалар «Қазақ халқының ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі философиялық мұрасына» біріктірілді. Қорқыт атадан бастап Абай мен Шәкәрімнің көзқарастарымен жалғасатын Ұлы дала тұлғаларының философиялық ойлары әлемдік рухани мәдениеттің алтын қазынасы болып саналды.

Ұлттық Ғылым Академиясының Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары 2004-2006 жж. «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы», «История Казахстана в русских источниках», История Казахстана в западных источниках» 10-томдық сериялар, «История Казахстана в античных источниках», «Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» 2 томдық серияларын жарыққа шығарды [7, 386-бет].

2008 жылы бағдарлама іске асырылған төрт жылда 51 тарих және мәдениет ескерткіштерінде жаңғырту жұмыстары жасалып, 39 қалашық пен қорғандарда археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Тек 2008 жылы жүзден астам тарих, археология, этнография бойынша сирек топтамалар, жаңа энциклопедиялық сөздіктер, қазақ авторлары мен классиктерінің шығармалары жарық көріп, олардың жалпы тиражы 800 мың данадан асты.

Жыл сайын елімізде және шет елдерде тарихи-мәдени мұрамызды дәріптеу мақсатында шамамен 200 шара ұйымдастырылды.

ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 6 қарашадағы қаулысымен мақұлданған «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасында осы бағдарлама бойынша жүйеленген білімді оқу процесіне енгізу міндеттері былайша айқындалды: «Бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі – төл мәдени дәстүрлерін жақсы білетін, өз халқының тарихын сүйетін, елдің болашағына тірек бола алатын ұрпақ тәрбиелеу» [7, 387-бет].

Бағдарламаны жүзеге асырушы қоғамдық кеңестің алдына бірнеше міндеттер қойылды. Біріншіден, білім беру саласын дамыту, халқымыздың тарихына қатысты

мәдени мұрамызды сақтауды қамтамасыз ету, алыс-жақын шет жұрттағы жәдігерлеріміз бен мұрағаттарымызды іздестіріп, жинақтау керектігі міндеттелді. Екіншіден, еліміздің аса маңызды тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштеріне зерттеулер жүргізіп, оларды ғылыми негізде қайта жаңғырту жұмыстарын қолға алу туралы тапсырма берілді. Үшіншіден, қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін зерделеудің тұтастай жүйесін жасау, ұлттық әдебиет пен жазуымыздың көп ғасырлық тәжірибесін қорытып, том-том кітап түрінде тарату жүктелді. Төртіншіден, әлемдік көркем әдебиеттің де ең үздік туындыларын жүйелі түрде ана тілімізге аудару, әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениеттің озық үлгілерін қазақшалау негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасау ұйымдастырылды [7, 388-бет].

Тарихи зерттеулердің үлкен қарқынмен қолға алынуына ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 1999 жылы жарық көрген «Тарих толқынында» атты еңбегінің жаңа серпін бергенін айта кету керек. Онда қазақ тарихының көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі маңызды мәселелеріне сипаттамалар беріліп, әсіресе ежелден қазақ халқының қалыптасу процесіне, Қазақ жерінде мемлекеттіліктің пайда болуы мен өркендеуіне қатысты пікірлер, жаңа көзқарастар айтылды.

Осы еңбектің атына сәйкес 2013 жылы іске қосылған **«Халық тарих толқынында»** атты президенттік бағдарлама тарихымыздың өзекті мәселелеріне қатысты ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер тудырды. Президенттің қадағалауымен жүргізілген осы жұмысты ұйымдастыруда Мемлекеттік хатшы М. Тәжиннің белсенділігі тарихи зерттеулерді қолға алуға жаңа серпін берді. Оның 2013 жылғы маусымда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде сөйлеген сөзінде Қазақстанның тарих ғылымының ары қарай дамуының басым бағыттары төмендегідей тұжырымдалды:

- Ұлттық тарих қоғамдық ғылымдар арасында орталық буын болуға тиіс;
- Қазақстан тарихының жалпылама тұжырымдамасын сапалы деңгейде жасау қажет. Ол дүниежүзілік тарихпен тығыз ұштастырылып, жаһандық тарихи үдерістерде, олардың өзара байланыстары жүйесінде және ғылыми мерзімді басылымдарда Қазақстанның орнын айқын көрсетуі тиіс;
- Қазақстан жайында өзімізде және шетелде сақталған барша тарихи материалдарды жинауға, жүйелеуге және жіктеуге жоғары дәрежеде көңіл бөлу қажет. Тарихи артефактілердің шетелдегі барлық қоймаларын егжей-тегжейлі зерттеп, сонымен қатар тарихи материалдардың елімізге әкелінуі немесе, – егер бұл мүмкін болмаса, – ғалымдар мен кең бұқараның кейіннен қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін олардың көшірмелерін алу мүмкіндігі туралы мәселені де жете ойластыру керек;
- Басым міндеттер қатарында Орталық Азияның номадтық өркениетін зерттеп, білу тұр, өйткені қазіргі таңда оның сақтаушысы болып қазақ этносы танылады.
- Күн тәртібіне тарих бойынша сапалы оқулықтар әзірлеп, шығару мәселесі өткір қойылып отыр [8, 21-бет].

Бағдарлама аясында еліміздің ғылыми мекемелері мен университеттерінде 5 жаңа ғылыми орталық пен лабораториялар ашылып жүйелі түрде жұмыс жасай бастады. Оларда қазақ халқының және оның мемлекеттілігінің қалыптасуына тікелей қатысты көптеген ғылыми жобалар қолға алынып, жаңа ғылыми монографиялар мен ғылыми жинақтар жарияланып, нақты жұмыстар қолға алынды.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығы», «Дүние жүзі тарихын зерттеу орталығы», «Геоархеология» лабораториясы құрылып, тарихымызды зерттеуге қомақты үлес қоса бастады [7, 390-бет].

2017 жылы 12 сәуірде ҚР Президенті Н. Назарбаевтың **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** атты бағдарламалық мақаласының жарияланғанынан бері бүгінде бес жылға жуық уақыт өтіпті. Атқарылған жұмыстар жайлы «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі, журналист Бекен Қайратұлы «Ұлттық жаңғыруға жол ашқан бағдарлама» атты

мақаласында көптеген мәліметтер келтірілген. Төмендегі қысқаша ақпараттарды сол мақаладан алғанымызды айта кеткеніміз жөн [9].

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі №225 қаулысымен «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты құрылды. Бұл институттың басты міндеті – заманауи бәсекеге қабілетті қазақстандық қоғам құру барысында, осыған қатысты барлық құрылымдарды ғылыми және әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеп, ғылыми негізделген тұжырымдамамен қамтамасыз ете отырып, «Рухани жаңғыруда» көрсетілген тұтас қоғам және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртатын 6 бағыт пен 17 түрлі жобаларды іске асырудың стратегиялық тәсілін әзірлеу және қатысушыларды әдістемелік жұмыспен қамтамасыз ету, олардың құзыреттілігін арттыру.

Қоғамдық сананы жаңғыртатын 6 бағытқа келер болсақ, олар:

- Прагматизм – ұлттық және жеке ресурстарды нақты білу, оларды үнемді жұмсау, өз болашағын жоспарлай білу, ысырапшылдықтан, менмендіктен бас тарту;
- Бәсекелік қабілет – ұлттың аймақтық және әлемдік нарықтарда материалдық қана емес, сонымен қатар жоғары сапалы зияткерлік өнімді ұсына білу қабілетін арттыру;
- Білімнің салтанат құруы – «білім – болашақта табысқа жетудің ең іргелі факторы» атты идеяны дәріптеу;
- Эволюциялық даму – қоғамның бейбіт, зорлық-зомбылықсыз қайта құрылуы;
- Сананың ашықтығы – бұл сананың үш ерекшелігін білдіреді. Атап айтқанда: күллі әлемде не болып жатқанын түсіну; жаңа технологиялық ағым әкелетін өзгерістерге дайын болу; өзгелерден үйрене отырып, олардың тәжірибесін қабылдау;
- Ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттық сана шеңберіндегі өзгеріс және оның кейбір белгілері өзгерген кезде ұлттық «мендік» ішкі өзекті сақтай білу.

Бұл 6 бағытты жүзеге асыру мақсатында 17 жоба қарастырылған. Олар «Рухани жаңғыру» және оның жалғасы болып табылатын **«Ұлы даланың жеті қыры»** бағдарламаларында міндеттелген жобалар: «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет», «100 жаңа есім», «Қазақ тілін латын әліпбиі графикасына көшіру», «Ауыл – ел бесігі», «Архив-2025», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Түркі әлемінің генезисі», «Ұлы даланың ежелгі өнер мен технологиялар музейі», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы». Сонымен қатар, прагматизм, сананың ашықтығы бағыттарының жұмысын жандандыру мақсатындағы арнайы төрт жоба: «Үнем – қоғам қуаты», «Дәстүр мен ғұрып», «Еңбек – елдің мұраты», «Құқықтық мәдениет» тақырыптары қосылып отыр.

«Рухани жаңғыру» жарияланғаннан кейін ҚР Президентінің 2017 жылы 17 сәуірдегі №462 Жарлығымен Президент жанында Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөнінде Ұлттық комиссия құрылды. Ұлттық комиссияның шешімімен Бағдарламаны іске асырудың жобалық тәсілі енгізіліп, Ұлттық комиссияның атқару органдары – Сараптамалық кеңес, Бағдарламаны басқару офисінің хатшылығы, өңірлерде Бағдарламаны басқарудың жобалық офистері жабдықталды.

2018 жылдың шілде айында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру үшін бірыңғай тәсілдерді әзірлеу мақсатында Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі құрамынан «Рухани жаңғыру» бағдарламасын үйлестіру департаменті жасақталды.

Сөйтіп 2017-2020 жылдары Бағдарламаны іске асыру шеңберінде 131 923 іс-шара өткізіліп, оған 53 612 083 адам қамтылды. Осы аралықта 330 млрд теңгеден астам меценаттық және демеушілік қаражат тартылды.

2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың тың тәсілдері тақырыбында семинар-кеңес өтіп, осы шара шеңберінде арнайы жобаларды іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері қаланды. 2019 жылы өңірлік жобалық офис қызметкерлерін, сондай-ақ Бағдарламаны іске асыруға міндетті мамандарды оқыту шарасы ұйымдастырылды.

Бағдарламаны іске асыратын әдістемелік құралдар әзірленіп, олар мүдделі

мемлекеттік органдарға жіберілді. Жергілікті атқарушы орган өкілдерін тыңдау және өңірлерде Бағдарламаның іске асырылуын кешенді түрде бағалау жұмысы қолға алынды. Қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде Бағдарламаны іске асыру қорытындылары бойынша шетелдік тәжірибені зерделеу арқылы талдамалық баяндамалар дайындалды.

Бағдарлама ұлттық прагматизмнің негіздеріне қарсы келетін ысырапшылық сияқты әдеттерден арылту және халық арасындағы құқықтық, қаржылық, экологиялық, т.б. мәдениеттерді қалыптастыруға жол ашып, шараны іске асырудың төрт жылында 13 мыңнан астам меценат есебінен 330 млрд теңгеден астам қаражат тартылды. Осы қаржыға 6 мыңнан астам нысан салынды және реконструкцияланды.

Азаматтық қоғам ашықтығын қамтамасыз ету үшін «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» жанынан «Азаматтық алаң» пікірталас клубы құрылып, түрлі ғылыми, шығармашылық топ өкілдерін, сарапшыларды біріктіріп маңызды мәселелер төңірегінде көптеген тақырып талқыланды.

«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін арттыруға бағытталған вебинарлар циклі форматында шаралар ұйымдастырып, жоспарланған істі ойдағыдай орындап шықты. Сондай-ақ, идеологиялық блок қызметкерлерін даярлау мақсатында «Рухани жаңғыру» идеологиялық мектебі аясында бірыңғай форматта жұмыстар ұйымдастырылуда.

Сананы жаңғыртудың тұжырымдамалық негіздерін түсіндіру және оны қабылдау деңгейінің көрінісін нақтылау үшін әлеуметтік зерттеу жүргізілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі 6 бағыты бойынша қоғамда орнықты көзқарас қалыптасты. Мысалы, бәсекеге қабілеттілік цифрлы сауаттылық және шет тілдерін меңгеру көрсеткіші – 53,6%, прагматизм мүмкіндігі бойынша өмір сүре білу және өз болашағын жоспарлау қабілеттілігі – 73,2%, білімнің салтанат құруы – 58,3%, тарихқа құрметпен қарау және біртұтас ұлттық бірегейлікті сақтау – 71,4%, заңды және азаматтық борышты сақтай отырып, эволюциялық даму – 77,8%, сананың ашықтығы өзгерістерге дайындық, өзін өзі жетілдіру 59,5% мөлшерінде жетістік деңгейін иеленіп отыр. Жоғарыдағы нәтижелер арқасында қазіргі заманғы қазақстандық бейне қалыптасты.

Бағдарламаның тағы бір маңызды тетігі – қазіргі заманғы қазақ мәдениетін әлемдік алты тілге аудару арқылы жаһанға таныстыру жобасы. Осы орайда бүгінгі қазақстандық қайраткерлердің әдебиет, гуманитарлық ғылым саласындағы үздік туындыларын, суретшілердің, музыканттардың, мүсіншілердің шығармашылық жұмыстарын әлемге таныстыру жұмысы Бағдарламаның негізгі нысанасына айналып отыр.

«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» жобасы бойынша төрт жыл ішінде өңірлерде 5 млн-нан астам адамды қамтыған 25 858 іс-шара өткізілсе, 2021 жылдың 28 қаңтарында Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссияның кезекті отырысына латын әліпбиінің жаңа нұсқасы ұсынылды. Жетілдірілген әліпби қазақ тілінің 28 дыбысын толық қамтитын латын әліпбиінің базалық жүйесінің 31 символына негізделіп жасалды.

«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында төрт жыл ішінде өңірлерде 1,7 млн-нан астам адамды қамтыған 3 465 іс-шара өткізілсе, осы аралықта «Философия», «Мәдениеттану», «Маркетинг», «Экономика», «Педагогика және психология», «Әлеуметтану», «Тарих», «Дінтану», «Кәсіпкерлік негіздері және дінтану», «Стартаптар» және тағы басқа ғылым салалары бойынша: 2017 жылы – 17, 2018 жылы – 30, 2019 жылы – 30, 2020 жылы 23, барлығы 100 оқулық аударылып отандық білім беру процесіне енгізілді.

Аударылған оқулықтар 100kitap.kz сайтына орналастырылып, қазақ және орыс тілдеріндегі бейнекурстары 77 оқулық негізінде www.OpenU порталы құрылды. Әр оқулыққа еліміздің үздік жоғары оқу орындары профессор-оқытушылық құрамынан бейнекурстар әзірленді. Бейнекурстар 25-40 минут көлемінде 25 дәрістен тұрды. Курстың соңында дәрістердің мәтіндік транскрипті, тест тапсырмалары, рефлексияға арналған тапсырмалар және қосымша әдебиеттер тізімі ұсынылады.

2021 жылдың бас кезіне дейін жоғарыдағы OpenU сайтына 88 мыңнан астам адам

пайдаланушы ретінде тіркелсе, онлайн оқыту платформасының серіктестері ретінде 132 университет пен 158 колледж танылып отыр.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы бойынша төрт жыл ішінде өңірлерде 1,8 млн-нан астам адамды қамтыған 3 398 іс-шара өткізілді. Жобаға 6 мыңнан астам адамнан өтінім қабылданды. Бұл тізімді әр жылға бөліп көрсетер болсақ: 2017 жылы – 2112, 2018 жылы – 2388, 2019 жылы 1673 адам қамтылып, жалпыхалықтық онлайн-дауыс беру арқылы 163 жеңімпаз анықталды (2017 жылы – 102, 2018 жылы – 29, 2019 жылы – 32). Жоба жеңімпаздары рухани-ағарту саласында да өзіндік үлестерін қосып келеді.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы аясында төрт жыл ішінде өңірлерде 4 млн-нан астам адамды қамтыған 14 802 іс-шара өткізіліп, жалпыұлттық маңызға ие 781 киелі орынның (жалпыұлттық маңызы бар 206, жергілікті маңызға ие 575 нысан) тізімі анықталды. Қазақстанның киелі жерлерінің интерактивті картасы әзірленіп, іске қосылды.

2021 жылдың сәуіріне дейін жалпыұлттық және жергілікті нысандар бойынша киелі нысандар тізімі негізінде 253 туристік бағыттар мен турлар, сондай-ақ киелі нысандар бойынша 128 археологиялық экспедиция әзірленді. Бұл шаралар ішкі және сыртқы туризмді дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берді.

2017 жылдан бастап 2021 жылдың сәуіріне дейін Республикалық маңызы бар: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Шоқай датқа, Бекет ата жерасты мешіті, Сисем ата қорымының объектілері, ортағасырлық Сарайшық қалашықтары, Ежелгі Тараз, ежелгі Түркістан, Отырар, Сауран, Ақыртас сәулет-археологиялық кешені, Абай Құнанбаевтың мемориалдық кешені қатарлы 71 тарихи-мәдени ескерткішке ғылыми-реставрациялау жұмыстары жүргізілсе, еліміздің киелі белдеуін насихаттау мақсатында BBC World News телеарнасы дайындаған «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Алтын жауынгер», «Қожа Ахмет Ясауи және Айша бибі кесенелері», «Күлтегін. Жаңа көзқарас», америкалық Castlefilm компаниясы актер Марк Дакаскостың қатысуымен жасаған «Көшпенділер жері» фильмі көрерменге жол тартты. Бұл туындылар БҰҰ-ның негізгі алты тілінде субтитрлі дубляжбен жабдықталды. Сондай-ақ бұл туындыларды әлемге танымал Discovery, Viasat history, National Geographic телеарналары арқылы дүние жүзінің 700 млн-нан астам адамы тамашалады. Сонымен қатар Қазақстанның киелі нысандарын насихаттау мақсатында «2GIS» электронды картасына 71 киелі нысан енгізілді.

Өңірлер бойынша Бағдарламаны іске асыру мақсатында жыл сайын шамамен 12 млн адамды қамтыған 93 мыңнан астам іс-шара өткізілсе, 2020 жылы «Туған жер» жобасы аясында 52 260 іс-шара ұйымдастырылып, оған 30 млн адам қатысты.

Шымкент қаласында «Эко-сана», Павлодар облысында «Тіл волонтері» қатарлы қоғамдық ұйымдар игі істерге ұйытқы бола білсе, Қарағанды облысында Qasym kitaphanasy жобасы аясында 13 кітап жарық көрді. Бұл үрдіс Жамбыл облысында да жалғасып, Aspara fashion week merke жобасы негізінде қазақ дизайнерлері өз өнімдерін азиялық және еуропалық сауда орталықтарында сатуға мүмкіндік алды.

Еліміздегі волонтерлер жұмысын жүйелі жүргізіп отырған өңірдің бірі – Солтүстік Қазақстан облысы. Биыл аталған облыс волонтерлік қозғалысты қолдауға 20 099 073 теңге бөліп, оған 10 мыңға жуық студент, жұмысшы және NEET санатындағы жастарды тарта білді. Сол сияқты, Қызылорда облысында құрылған «Тұлға» жобасы жас буынға ұлттық рухани құндылықтар мен салт-дәстүрлерімізді насихаттау мақсатында тиянақты шаруалар атқарса, Павлодар облысында 2018 жылдан бастап 2021 жылдың сәуіріне дейін өңірде білім беру ұйымдарының базасында 104 «Рухани жаңғыру» кабинеті ашылды.

Бағдарламалық іс-шаралар осымен тоқырап қалмайды, алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатын болады. Айталық Қазақстан Үкіметінің 2021 жылғы 9 ақпандағы №50 қаулысымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын Ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөнінде шешім қабылданып, жол картасы әзірленіп бекітілген.

«Туған елің – Қазақстаныңды білесің бе?» атты республикалық оқырман балалар

байқауы, кәсіптік жұмыстарды насихаттауға бағытталған WorldSkills Kazakhstan ұлттық чемпионаты, «Online мектеп» жобасы, «Арамыздағы батырлар», «Аңыз дәрігер» атты жобалар, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында «Мерейлі отбасы» конкурс жеңімпаздарының қатысуымен «Ана – тіршіліктің нұры» форумы, tylek.kz сайты арқылы оқушылар арасында туған өңірін қолдауға бағытталған іс-шаралар, сондай-ақ Ulttyq tárbie және Ruh vision атты кешенді жоспарлар, «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында тың істер атқарылды және болашақта атқарылмақ. «Рухани жаңғыру» алдағы жылдары да өз жемісін берері сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1 Тұмабаев Т. Тәуелсіз Қазақ еліне рухани-мәдени отарсыздану қажет. //Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Ақжан Машанидің 105 жылдығына арналған «Қазақстан мемлекеттілігінің рухани-мәдени негіздері» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдар жинағы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2012. – 280 б.
- 2 Салықбай Ә. Қазаққа отарсыздану қажет емес пе? (Сауалнама-сараптама). //«Қазақ тарихы» ғылыми-әдістемелік журналы, 2005. – №4. – Б.3-12
- 3 Елубай С. Отарсыздандыру мәселесін шешпейтініміз бар, онда тәуелсіздігімізді не үшін жарияладық? //«Жас Алаш» газеті, –№11, – 7 ақпан, – 2006 ж.
- 4 Ғали Ә. Қазақ ренессанс және жаңа қазақ ұлтшылдығы туралы. //«Жас қазақ» газеті, – 15 сәуір, – 2005 ж.
- 5 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. //«Айқын» газеті, – 12 сәуір, 2017 ж.
- 6 Назарбаев Н. Ұлы Даланың жеті қыры. //«Айқын» газеті, – 21 қараша, 2018 ж.
- 7 Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық /жалпы ред. басқ.: Т.Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 476 б.
- 8 Әминов Т.М. Қазіргі Қазақстан тарихы: оқу құралы. – Алматы: «Бастау», 2017. – 472 б.
- 9 Қайратұлы Б. Ұлттық жаңғыруға жол ашқан бағдарлама. //«Егемен Қазақстан» газеті, – 11 сәуір, 2021 ж.

ӘОЖ
101.2

Манапова С.И.
саясаттану магистрі,
аға оқытушы
Satbayev University

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ФИЛОСОФИЯСЫ: ЖАҢА ИДЕЯЛАР МЕН МӘСЕЛЕЛЕР

Постиндустриалды (ақпараттық) қоғамның қалыптасуы XX ғасырдың екінші жартысында, ғылыми-техникалық прогреске байланысты адам өмірінің салаларын қайта құру кезінде басталды. Көптеген батыс еуропалық және орыс философтары мен әлеуметтанушылары қоғамдық дамудың осы кезеңі туралы көп зерттеулер жүргізді: Д.Белл, Э. Тоффлер, Дж. Фурастье, М. Кастельс.

Д. Белл "осы ғасырда экономикалық және әлеуметтік өмір үшін, білім алу тәсілдері үшін, сондай-ақ адамның еңбек қызметінің сипаты үшін телекоммуникацияға негізделген жаңа әлеуметтік құрылымның қалыптасуы шешуші мәнге ие болады" деп жазды [1]. Американдық философ Э. Тоффлер қазіргі заманғы постиндустриалды қоғам негіздері білімге негізделген (ғылыми - техникалық революцияның жетістіктері бойынша), бірақ бұл білімді тез тарату керек, ал бұл үшін "өте дамыған байланыс желісі" қажет деді [2].

М. Кастельс жаппай аудиторлықтың "кетіп бара жатқанын", интерактивті желілер пайда болатынын дәлелдеуге тырысады және бұл күйді "нақты виртуалдылықтың соңы" деп атайды [3]. Ж. Фурастье өз еңбектерінде индустриалды қоғам мен постиндустриалды қоғам арасындағы айырмашылықты көрсетуге тырысады. Қоғамның дамуында материалдық және рухани құндылықтар маңызды рөл атқаруы керек екенін дәлелдейді. Егер "рухани құндылықтар" жоғалып кетсе, онда қоғам интеллектуалды ғылымның "суық аумағына" айналады [4].

Ақпараттық дәуір болмыстың, адам өмірінің іргелі (Мәңгілік) мәселелерін жаңаша ұсынады. Ақпараттық дәуірде әлеуметтік болмыстың жаңа құбылысы – "виртуалды шындық" пайда болады. Қазіргі уақытта "виртуалды шындық" - бұл біздің заманымыздың көрінісі, онсыз адамның толыққанды өмір сүруі мүмкін емес.

"Виртуалды шындық" бір жағынан "объективті шындықтың" бөлігі, ал екінші жағынан "субъективті шындыққа" қарама – қарсы (антиномиялық) болып табылады. Бұл "виртуалды шындықты" қандай да бір ойдан шығарылған, "фантазиялық", субъективті шындық ретінде қарастыруға болмайтынын білдіреді. "Виртуалды шындық" өзін қазіргі заманғы кәсіптердің көптеген өкілдері (блогер, онлайн бағдарламашы, веб-дизайнер) "объективті шындықтың" бөлігі ретінде көрсетеді.

"Виртуалды шындықтың" кез-келген компоненттері "материалдық шындық" объектілерінен жасалған: қатты дискілер, флэш-дискілер, жад карталары және т. б. Қазіргі "виртуалды шындық" іс жүзінде эквивалентті ("толықтырылған") объективті шындықты жасайды. "Виртуалды әлемде" материалдық объектілер адамның субъективті шындығын модельдеу қабілетіне ие болады.

Қазіргі адамға мұндай "ақпарат ағынында" шарлау өте қиын, өйткені бұл "ақпарат ағыны" адамның өзі мен материалдық әлемнің объектісі арасындағы делдал ретінде әрекет етеді. Бұл жағдайда " виртуалды шындық "адамдар арасындағы қарым-қатынасты одан әрі қиындатады, өйткені көптеген адамдар қазіргі уақытта" тірі байланыс "емес," делдалдық ("виртуалды") байланысқа (мессенджерлер, әлеуметтік желілер) артықшылық береді. "Виртуалды шындық" қазіргі адамға ақпараттандыру мен ақпараттың қол жетімділігінде баға жетпес көмек көрсетеді. Бірақ ақпараттың "ашықтығының" жағымсыз жағы да бар: қазіргі әлемде әлеуметтік желілерде немесе басқа да қоғамдық серверлерде орналастырылған ақпаратты талдай отырып, кез-келген адам туралы бәрін білуге болады.

"Виртуалды шындықтың" бірнеше сипаттары бар:

Біріншіден, виртуалды шындық объективті шындықтың бөлігі болып табылады және осы мағынада субъективті шындыққа қарама-қарсы.

Екіншіден, виртуалды шындық адамның саналы іс-әрекеті процесінде материалдық компоненттерден (магниттік тасымалдаушылар, зарядталған бөлшектер) құрылады, яғни дерексіз материалдық құрылымдар негізінде бар.

Үшіншіден, виртуалды шындық материалдық техникалық құралдармен тек объективті табиғи және әлеуметтік шындықтың мазмұнын сипаттайды, ол бұған дейін сана мазмұнына айналдырылған және субъективті шындық құралдарымен идеалды түрде көрсетілген.

Төртіншіден, виртуалды шындықтың санамен байланысы оның объектілері субъективті шындықты модельдеудің және оған сыртқы ұқсастықтарды алудың ерекше қабілетіне ие болуымен де көрінеді (квази-идеализм және квази-субъективтілік). Бұрын техника әлемі және барлық "екінші табиғат", ең алдымен, адамның физикалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, бейнелеп айтқанда, оларға "бейімделген". Виртуалды шындық басқаша құрылады. Оның құрылымы мен функциялары адам психикасының, субъективті шындықтың құрылымы мен функцияларына мақсатты түрде сәйкес келеді, бейнелі түрде субъективті шындық матрицасында құрылады, оған "сәйкес келеді". Сондықтан субъективті шындық пен виртуалды шындық бір-біріне ұқсас және оларды ажырату қиын.

Бесіншіден, виртуалды шындықтың қалыптасуы объективті және субъективті

шындықтың өзара байланысты күрделенуіне әкеледі. Егер бұрын адам санасы өз қызметінің мақсатын қажетті болашақтың психикалық бейнесі ретінде қалыптастырып, оны материалдандыру (болжау) технологияларын ойлап тапса, онда ақпараттық дәуірде бұл әрекет схемасы күрделене түсті. Бағдарламашы ТЖҚ объектісіне тікелей әсер ету технологиясын емес, нақты делдал ретінде компьютерлік бағдарламаны, белгілі бір аралық еңбек пәнін – адам мен адамның санасын ішінара алмастыра отырып, материалдық заттарға әсер етуді басқара алатын жаңа материалдық механизмді әзірлейді. Материалдық еңбек процестеріндегі жаңа буын-компьютерлік бағдарлама және дерексіз материалдық құрылымдар - адамның рухани қызметіндегі жаңа буынмен бірге жасалады (бағдарламалау теориясы, адам мен оның ескі, дәстүрлі салалары арасындағы материалдық делдалға айналған "екінші табиғаттың" жаңа саласына әсер ету жолдары туралы білім).

Алтыншыдан, виртуалды шындық әлі аяқталмаған және әлі толық бағаланбаған қоғамдық санадағы маңызды, мүмкін революциялық өзгерістерді тудырады. Бұл қарым-қатынас психологиясын, адамдар арасындағы қарым-қатынастың жаңа арналарын, сондай-ақ олардың санасын басқарудың жаңа технологияларын өзгертетін ақпараттандырудың сапалы жоғары деңгейі және ақпараттың қолжетімділігі.

Виртуалды шындық, идеалды құбылыстармен, адамның ойлауымен тікелей әрекеттесіп, сананың қасиеттеріне ұқсас ерекше қасиеттерге ие болады. Оларды квази-идеал және квази-субъективтілік деп сипаттауға болады. Постиндустриалды қоғамның қалыптасуы және ақпараттық технологиялардың дамуы, осылайша, белгілі бір ақпараттық процестерді тереңірек зерттеуге ғана әкеледі. Жалпыға Ортақ Еңбек эволюциясы барысында оның компьютерлік түрінде адам басқаратын объективті шындықтың дамуы жүреді, бұл материяның жаңа формасының пайда болуына әкеледі. Сонымен қатар, табиғатта немесе қоғамда бұрын болмаған материалдық және идеалды өзара әрекеттесудің жаңа механизмдері қалыптасуда.

Қазіргі әлемдегі ақпараттық база керемет өсті, бір жағынан ақпаратқа қол жетімділік артты, бірақ екінші жағынан, ақпаратты өңдеу өте қиын және проблемалы. Қазіргі адамға ақпараттың шексіз ағынын (ақпараттық массив) игеру және түсіндіру өте қиын. Көбінесе қазіргі заманғы адам алдын-ала бағдарламаланған тәртіпке түседі, яғни ол тіпті "ғаламдық ақпарат ағынының құрбаны" болады деп айтуға болады, кейде құрылымдалмаған және тіпті жүйесіз.

Бұл жағдайда қазіргі адамның кейбір рухани құндылықтарды (махаббат, достық, жанашырлық, мейірімділік және т.б.) жоғалтуы туралы айтуға болады. Қазіргі адамның ішкі (рухани) әлемі Ақпараттық қоғамның әсерінен үнемі өзгеріп отырады. Өзгерістердің көпшілігі "деформацияланады" және қазіргі адамның ішкі (рухани) әлемі өте маңызды. Қазіргі адам өзін жеке тұлға ретінде сезінгісі келеді, бірақ сыни пайымдау мен рефлексия қабілетін мүлдем жоғалтады. Қазіргі адамның рухани әлемі үнемі "ақпараттық күйзелістерге" ұшырайды, адам мінез-құлқының мүлдем басқа стильдері мен тәсілдерін таңады. Мысалы, "Достық" барлық уақытта дәуірде бірдей түсініледі "ақпараттық қоғам" жалпы ақпарат ағынында "ериді". Көптеген рухани құбылыстар өздерінің жеке басын жоғалтады, рухани құбылыстар көпшіліктің көңілінен шығады. Бұқаралық ақпарат құралдарында негізінен шоу-бағдарламаларға баса назар аударылады, ол саясатқа немесе білім мәселелеріне қатысты ма, тіпті адамның жеке отбасылық өмірі де "шоудың объектісіне" айналады. Қазіргі ақпараттық әлемде олар рухани құндылықтарды (моральдық, моральдық құндылықтар) көп жазады, айтады, талқылайды, бірақ көп жағдайда бұл адамдар үшін тағы бір "ақпарат" болып табылады. Рухани құндылықтарды жай талқылау мүмкін емес, оларды әр адамда сәби кезінен бастап "тәрбиелеу" керек. Бірақ көбінесе бұқаралық ақпарат құралдарындағы пікірталастар нәтижеге жетпейді, өйткені мұндай пікірталастарды "полемика" деп атауға болады, бірақ "пікірталас" емес.

1990 жылдардан кейін Қазақстанда елдің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайында түбегейлі өзгерістер болған кезде қазіргі адамның рухани құндылықтары көп

жағдайда өзгерді. Көптеген адамдар 1990 жылдардан кейінгі өзгерістердің мәнін бірден түсіне алмады сондықтан бір жағынан бірнеше жыл бұрын "тасталды", екінші жағынан, бұл адамдардың рухани құндылықтары осындай күрделі өзгерістерге ұшырады, кейде бұл адамның "руханилық" күйі туралы айту қиын. Енді адамдардың көпшілігі адамның дүниетанымы бір уақытта өзгере алмайтынын түсінеді, адамның дүниетанымын қалыптастыру үшін белгілі бір уақыт өтуі керек.

Жеке тұлға қалай тұлға бола алады? Бүгінгі психология, философия қоятын сұрақ. Дәстүр бойынша, бұл сұрақ: "Сіз қалай табысты тұлға бола аласыз?». Сұрақ туындайды: "табыс қазіргі адамның рухани құндылықтарын қалыптастырумен байланысты ма?». Мүмкін: "табысты адам бастапқыда барлық рухани құндылықтарды біледі". Қазіргі постиндустриалды ("ақпараттық") қоғамда өз мағынасын жоғалтпаған негізгі "рухани құндылықтарды" келтірейік: даналық, мейірімділік, жанашырлық, махаббат, достық, бақыт, толеранттылық (батыста "толеранттылық" деп аталады) және т. б.

Ешқандай жағдайда тауар-ақша қатынастарының заңдары "рухани құндылықтарды" қалыптастыруға араласпауы керек, әйтпесе "рухани құндылық" нақты өмірден "ажыратылған" нәрсе ретінде қабылданады. "Ақпараттық қоғам" парадоксы пайда болады: қазіргі ақпараттық дәуір неғұрлым көп ақпарат тудырса, қазіргі адам өзін қорғансыз сезінеді. Көптеген философтар бұл құбылысты қазіргі адамның санасына "жалпы ақпараттық шабуыл" деп атайды.

Қазіргі ақпараттық қоғам адам өмірінің әртүрлі салаларында болып жатқан барлық әлеуметтік процестерді барынша көрсетеді: әлеуметтік-экономикалық процестер, моральдық - саяси процестер, халықаралық және халықтық процестер және т. б.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования. – М.: Academia, 1999. – 956 с.
2. Тоффлер Э. Третья волна. М., 1980.
3. Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культу-ра. – М.: ГУ ВШЭ, 2000. – 608 с.
4. Фурастье Ж. Технический прогресс и капитализм с 1700 по 2100 год. // Какое будущее ожидает человечество? Прага: «Мир и социализм», 1964. с.157-159.

УДК 821.512.122

Кенебаев Г.Ж., к. ф. н, профессор.
Алматинский гуманитарно-экономический университет.
(г. Алматы. Казахстан.)

ГЛОБАЛИЗАЦИЯ И ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ В РАЗВИТИИ ДУХОВНОЙ КУЛЬТУРЫ

Процесс глобализации – объективная и необходимая закономерность развития современного мира, он несет в себе как позитивные, так и негативные последствия для мирового сообщества. В частности, в последнее время все более проявляется реальная угроза жестокого противостояния государств по линии Север-Юг в результате углубляющегося социально-экономического разделения мира. Характерной чертой этого противостояния является насаждение западного стандарта развития в качестве общемирового во многих сферах, что существенно подрывает национальные устои и

традиционные ценности многих стран.

Характерной чертой глобализации является то, что все основано на современной рациональности и науке как своем фундаменте.

Глобализация представляет собой сложный, дифференцированный и противоречивый процесс. Его можно рассматривать как новый духовный синтез в масштабах всего человечества (превращение многого в одно) лишь в контексте качественного изменения самого способа общественного существования, общественных отношений, а не завоевания мира. Также следует подчеркнуть, что существует нечто, которое может существовать только во множественном числе – это Личность, семья, нация, государство.

Процесс глобализации ведет к новой структурной дифференциации мира, видоизменяет его плюрализм и картину взаимодействия культур. Хотя современные реалии показывают, что в глобально целостной системе этносы по большей части не обогащают друг друга, а взаимопоглощаются, и культуры не получают импульс для самораскрытия, нивелируются, страны не коэволюционируют, сотрудничая, а унифицируются. Глобализация предстает как утверждение одной ветви цивилизации в качестве универсальной, как попытка ассимиляции через подавления, разрушения, разложения другой ветви. Результат может быть катастрофическим для обеих ветвей цивилизации. Если универсализация, пусть в неявной форме, предполагала субъекта происходящего процесса, то глобализация подчеркивает резкое снижение, если не полную утрату контроля над процессами и событиями. Глобализация описывает процессы, представляющиеся самопроизвольными, стихийными и беспорядочными, акцентирует внимания не том, что с нами происходит, в то время как универсализация – на том, что мы должны сделать. [1]

Одним из необходимых моментов развития духовной сферы общества является преемственность, которая заключается в определенном использовании достижений предшествующего развития на базе новой действительности.

Преемственность выступает как основа непрерывности, поступательности развития, основа развития как процесса.

Иными словами, связь развития – это и есть преемственная связь между элементами развития, между новым и старым.

Поэтому, исследуя преемственность в развитии духовной сферы общества, нужно учитывать, что духовная культура общества после того, как она появилась, отразив материальные процессы; и стала реальным фактором, получает относительную самостоятельность и начинает развиваться на основе своих относительно самостоятельных законов, зависящих от совокупности непрерывного накопления духовных ценностей в процессе поступательного движения самой духовной культуры.

Примером этого может служить богатая самобытная культура казахского народа.

Проблема преемственности является одной из существенных проблем в философии. Этой проблеме уделяли внимание различные философские школы и мыслители прошлого.

Впервые в истории философии проблему преемственности глубоко рассмотрел Гегель при разработке закона отрицания отрицания. Противопоставив диалектическое отрицание метафизическому, он обосновал вывод о закономерности преемственности в процессе снятия: «Снятое, – писал он, – есть некое вместе с тем и сбереженное, которое лишь потеряло свою непосредственность, но отнюдь не уничтожено вследствие этого». [2]

Само слово «снятие» четко передает смысл диалектического отрицания. В процессе развития каждая более высокая ступень, во-первых, отменяет, упраздняет предыдущую, во-вторых, сохраняет все положительное содержание отрицаемого явления и, в-третьих, возводит это содержание на новую, еще более высокую ступень. [3]

Таким образом диалектическое отрицание выражает преемственность в развитии. Оно не является абсолютным, или, «зрящим». Диалектическое отрицание, наоборот,

выступает как момент связи с предшествующим ходом развития, как его итог. В этом и содержится суть диалектического «снятия». Оно знаменует собой преодоление прежней ступени развития, а не игнорирование или отбрасывание ее. Отрицание, если оно является диалектическим, не прерывает процесса развития, а, наоборот, расчищает путь для более широкого развития, для дальнейшего углубления его.

Диалектика учит, что любое явление действительности имеет противоречивые, взаимоисключающие противоположные тенденции, борьба которых и служит импульсом «самодвижения», источником их развития. Эти противоположные тенденции в развитии конкретных явлений действительности различны: многообразные явления реальной жизни развиваются в результате «борьбы» и «превращений» своих собственных противоположностей, переходя, по выражению Гегеля, в свое другое. В «Науке логики» он отмечал, что «...другое есть по существу не пустое отрицательное, не ничто..., в другое первого, отрицательное непосредственного; оно, следовательно, определено как опосредственное, вообще содержит внутри себя определение первого. Тем самым, по существу, также сберегается и сохраняется в другом. - Удержать положительное в его отрицательном, содержание предпосылки в ее результате, вот что есть самое важное в разумном познании». [4]

Ярким примером процесса преемственности духовной культуры казахского народа является устное творчество. Устное творчество богато многовековыми традициями. В ранние эпохи и в средние века через Казахстан, как известно, прошли многие народы. Это не могло не оставить следа в истории материальной культуры казахов и особенно в характере изустного их творчества.

В казахском фольклоре можно проследить влияния индо-буддийской, монголо-тибетской, древнеиранской, арабской мифологии, а через них влияние фольклора известной части переднеазиатских и средиземноморских народов. Это, очевидно, способствовало многообразию форм казахской поэзии.

Собирание богатейших поэтических ценностей казахского народа началось сравнительно недавно (около двухсот лет назад). Один лишь краткий перечень собранного свидетельствует о необычайном богатстве памятников как далекого прошлого, так и письменной литературы XVIII-XIX веков. Рукописный фонд Института языка и литературы Академии наук Республики Казахстан располагает ныне образцами эпических жанров-героического эпоса и лироэпоса в количестве около двухсот эпосов и поэм, из них более ста героических эпосов [5].

ЛИТЕРАТУРА

1. Бауман З. Индивидуализированное общество. М., 2002. С.16
2. Гегель Г.В.Ф. Наука логики. Т.1. – М., 1970. – С.168.
3. Яхот О.О. Отрицание и преемственность в историческом развитии // Вопросы философии. 1960. – №3. – С.147.
4. Гегель Г.В.Ф. Указанная литература. С.108
Антология казахской поэзии. М., 1958. – С.3.

Анасова К.Т., Мургабаева А.С.
Satbayev university, Қазақстан, Алматы қаласы

Жаһандану жағдайындағы құндылықтар жүйесіндегі дәстүрдің мүмкіндіктері

Андатпа: Бұл мақалада көтерілген мәселені келесідей тұжырымдауға болады: ескі этикалық көзқарастар жаңа мәселелерді шеше ала ма? Дәстүр мен модернизация

ұғымдарының пәндік өрістерін кесіп өту мүмкін бе?

Қазіргі уақытта «дәстүр» ұғымының нақты критерийлері мен ерекшеліктерін анықтау қажет. Бұл өз кезегінде әлеуметтік – мәдени тепе-теңдік параметрлерін-тұрақтандыру (дәстүр өрісі) және эволюция (жаңашылдық өрісі) үдерістерінің тепе-теңдігін дамытуды талап етеді. Бүгінгі таңда бұл маңызды теориялық мәселелердің бірі болып табылады.

Негізгі сөздер: құндылықтар, дәстүр, модернизация

Қазіргі дәстүрліліктің өкілдері атап өткендей, дәстүр мен жаңашылдықтың қарама-қайшылықты өзара әрекеттесуінің бірлігі мен өлшемін анықтау қажет. Егер бұл шара бұзылса, егер тараптардың бірі үстемдік ете бастаса, онда дәстүрді сақтау, оны мұражай экспонатына айналдыру немесе осы этномәдени қоғамдастық үшін қолайсыз болып табылатын бөтен тәжірибені енгізу орын алады. Екі жағдайда да «тірі» дәстүрдің жойылуы және әлеуметтік тәжірибенің сабақтастығының жоғалуы байқалады.

«Модернизация» дәстүр ұғымына айқын немесе жасырын қарама-қайшы болған кезде, бұл контраст дұрыс емес. Дәстүр үнемі дамуда. Бірақ ол сыртқы басшылықпен емес, ішкі зияткерлік ресурстар негізінде дамиды. Дәстүрдің берік базисі- мән, жаңғыртудың негізі осы. Модернизация дәстүрдің ішінде және негізінде ғана мүмкін болады.

Шынайы жаңғырту-бұл дәстүрді теріске шығару емес, тарихи сабақтастық тетігінің бір бөлігі болып табылады. Тұрақты қоғамда дәстүр механизмі яғни, ұжымдық тәжірибенің саналы (стихиялық емес) тарихи сабақтастығы бар. Мұндай қоғамда адами қатынастардың ерекше түрі қалыптасады. Бұл қатынастар алыс туыстардың қарым-қатынасына ұқсас және отбасылық және туыстықтан кейінгі әлеуметтік қатынастардың келесі деңгейін құрайды. Егер қоғам тірі, динамикалық дәстүрге бағытталған болса, онда бұл қатып қалған патриархалдылықты, лезде пайда мен тар топтық мүдделерді, сонымен қатар болашақты таңдаудағы кең утопизмді жоққа шығарады.

Дәстүр тұрақты қозғалыста. Сонымен бірге, жинақталған барлық құнды заттар қоғамның иелігінде қалады. Қоғамдық парадигманың түбегейлі өзгерістері жағдайында да бұрынғы тәжірибе жойылмайды, бірақ жаңа жағдайда жаңа орын мен жаңа рөл алады. Барлық жаңашылдық, жақсы ұмытылған ескішілдік болып табылады. Бұл принцип жақын арада әмбебап ретінде қабылдануы керек.

Жоғары моральдық құндылықтар өзгеріссіз қалады. Егер облигациялық қаңқа бермесе, дәстүр үгіле және құрып кетуі мүмкін.

Дәстүрлер мұра нысандарын, осы мұраны ұрпақтан-ұрпаққа беру үдерістерін, мұрагерлік істер мен әдістерді қамтиды. Дәстүрлер белгілі бір әлеуметтік нормалар мен ережелер, құндылықтар, идеялар, әдет-ғұрыптар, рәсімдер, жеке заттар болуы мүмкін. Дәстүрлер әлеуметтік өмірдің кез-келген көрінісінде бар, бірақ олардың маңыздылығы бірдей емес. Кейбір салаларда олар түбегейлі сипатқа ие, ал басқаларында олардың болуы минималды болуы мүмкін.

Оңтүстік Каролинадағы (АҚШ) Клемсон университетіндегі биоинженер Томас Боланд адамның ДНҚ фрагменттерін басып шығаруға тырысу үшін Lexmark және HP принтерлерін өздігінен қайта жасады. Зерттеу көрсеткендей, ДНҚ жасушаларының мөлшері стандартты сия тамшысының мөлшеріне ұқсас және шамамен 10 мкм құрайды. Әрі қарай жүргізілген тәжірибелер көрсеткендей, жасушалардың 90% - ы биопрепарат процесінде өміршең болып қалады. 2003 жылы ғалым биопечатты патенттеді, алғашқы сәтті басып шығару 2006 жылы болды.

Адам ағзаларын үш өлшемді басып шығарудың алғашқы сәтті эксперименті 2006 жылы болды. Wake Forest Institute for Regenerative Medicine ғалымдары ерікті пациенттер үшін жеті қуықты жобалап, басып шығарды.

Биоинженер ғалымдар пациенттердің бағаналы жасушаларын негізге алды, олардың көмегімен Болашақ органдар басылды. Арнайы герметикалық камерада сақталған донор тіндерінің үлгілері адам денесінің табиғи температурасына дейін қыздырылған қуықтың 3D орналасуының үстіне экструдермен қолданылды[3, 153-бет].

Нәтижелер: сегіз аптадан кейін қарқынды өсу кезінде жасушалар бөлініп, қуықты қалпына келтіре бастады.

Таңдалған 3D принтерге байланысты донорлық материал диспенсерден беріледі. Бұл тәсіл жасушалардың тығыздығы төмен жұмсақ тіндерді басып шығару үшін қолданылады. Мысалы, тері сегменттерін немесе жұмсақ шеміршектерді басып шығару кезінде. Қабатты балқыту әдісі сүйек импланттарын басып шығару кезінде қолданылады.

Қазіргі күні біз қолданып жүрген медицина тек нақты ғылыми негізде бағытталған, нақтыланған түрі деуге болады. Оның емдеу бағыты, укол-дәрі, не операция жасау, түрлі медициналық технологиялардың көмегіне жүгіну арқылы біржақты жүзеге асады.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда белең алып жүрген халық емшілігі деген ұғым бар. Оның негізгі емдау тәсілі рухани, психологиялық ұрғыны басымдыққа ұстап, ұшықтау, қасиет арқылы аурудың себебін анықтау, диагноз қою, бойға қонған ерекше бір тылсым арқылы емдеу болып келеді. Демек, заманауи медицина мен халық емшілігі бір-біріне қарама-қарсы ұғым десек артық емес.

Ал, қазақ дәрігерлігі ғылыми медицина мен халық емшілігінің бағытын біріктіре жұмыс істейді. Екеуіне де қарсы көзқарас ұстанбайды, біреуінің ғылым негізін алға ұстаса, екіншісінің халықтық негізін пайдаға жаратады. Яғни, екеуінің де адам баласының денсаулығы үшін қажет, науқасы үшін шипа болатын тұстарын алады. Жалпы адамды емдеу үшін екеуінің де қажет екенін дәлелейді, солардың арасынан өзіне тән емдеу жолын ұстанып шығады[4, 46-бет].

Біздің орталықтың аты да қазақ емханасы. Осыған орай қазақ дәрігерлігін дәріптеуді алға қойып отырмыз. Шын мәнінде болашақтағы негізгі нысанамыз – қазақ дәрігерлігін биікке көтеру. Қазіргі күні біз науқас жандарға шипа көрсетуді шығыс емімен бірлесе жүргізудеміз. Өзім шығыс емшілігіне қоса қазақ дәрігерлігінен де білім алғанымды айттым. Шөп дәрі жасау, тамыр ұстау, ота жасау, қан алу т.б сан түрлі қазақ дәрігерлігінің емдеу жолдары бар. Массаж, ине салу әдістері де қазақ дәрігерлігінде кеңінен өріс алған. Материалдық-техникалық базамыз жылдан жылға жақсаруда. Емхана мен ауруханада диагностикалық-емдеу жұмыстарын бүгінгі таңның соңғы жетістіктеріне сәйкес атқаруға толық мүмкіншіліктер бар деп айтуға болады. Зертханада толық түрде клиникалық, биохимиялық, иммунологиялық анализдер жасалынады, сапалық сертификаты алынған.

Биылғы жылы жаңадан алынған аппараттардың, яғни газды анализатор, биохимиялық анализатор, билирубинометр, микроколориметр, фотоэлектрлік фотометр, емдеу-диагностика сапасын жақсартқаны анық, құрсақшілік инфекцияға және басқа жұқпалы ауруларға ИФА тексеруін жүргізіп, жаңа антибактериалдық емдер қолданылуда, әсіресе газды анализатордың жұмысы реанимация бөлімшесіне оң ықпалы көп. Тыныс алу жүйесінің ауруларында “Небулайзер” аппараты кеңінен қолданылып, антибиотиктер электрофорез әдісімен бірге егіліп, оң нәтиже алудамыз. Осы жылы алынған жаңа

«Биоптрон» аппараты физиемдердің түрлерін кеңейтті. Ультрадыбыстық зерттеу кабинетінде 10 түрлі зерттеулер жасалып, саны былтырғы жылдан 22,4%-ке өсті [5, 309-бет]. Ультрадыбыстық зерттеулерін кеңейтуді, яғни мойын омыртқасының зерттеулерін еңгізуді жоспарлап отырмыз. Көру органдарын ультрадыбыстық зерттеу әдісімен зерттеудеміз. Биылғы жылы доплермен зерттеулер жасау эхокардиография тәсілі еңгізіліп, 1128 науқас балаға жүрек қан-тамыр жүйесінің ауруларын анықтауға оң ықпалын беріп тұр, оның ішінде 47 баладан біріншілік жүрек ақаулары осы зерттеу арқылы, аурулары нақтыланды. Жапон гранты бойынша алынған гастрофиброскоп аппаратын балалардың асқазан-ішек жолдары ауруларын терең анықтап, емдеу барысына оң ықпал бергені сөзсіз. Осы грантпен реанимация бөлімшесіне алынған кювез және жасанды дем беру аппараты ауыр халдегі балаларға жедел көмектің сапасын жоғарылатып, ауруханашілік шетінеу көрсеткішін төмендетуге мүмкіншілік берді. Балалар шетінеуін төмендету барысында, емдеу-диагностикалық жұмыстары бүгінгі таңның соңғы жетістіктеріне сәйкес атқарылып келеді. Реанимация бөлімшесінде ауыр халдегі балаларға желдетілген жасанды демді ұзақ уақытқа және осы жағдайда диоксидин дәрісін асқынулардың алдын-алуға пайдалану, жаңа туған нәрестелерде «СИПАП» аппаратын қолдану, жаңадан алынған «Гемофеникс» аппараты арқылы нәрестелерге детоксикация жасау еңгізілуі ұйымдастырылды [6, 591-бет].

Аурухананың ұжымы Жаңа әлемдегі, Жаңа Қазақстанның талабына сай, қоғамның белсенді азаматының денсаулығын нығайтуда, серпімді жұмыс жасауда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Баранов А.А. Состояние здоровья детей дошкольного возраста // Дошкольное воспитание. - 2009. - №9. - С.6-10.
 2. Окко Н.И., Шестакова В.Н., Чижова Ж.Г. Сравнительная характеристика динамики состояния здоровья детей с признаками одаренности. // Вопросы практической педиатрии. - 2012. - №4. С.70-71.
 3. Окко Н.И., Чижова Ж.Г., Шестакова В.Н. Профилактическая работа по сохранению и укреплению здоровья одаренных и способных детей // Смоленский медицинский Альманах. - 2016. - №3. С.153-158.
 4. Сиваков А.И. Психология личности // Развитие личности. - 2006. - №1. - С.46-60.
 5. Шестакова В.Н., Чижова Ж.Г., Тишурова А.Я., Окко Н.И. Одаренный ребенок, подходы и пути его оздоровления. В кн.: Федорова Г.Н. (ред.) Актуальные вопросы педиатрии: Монография. Смоленск: Универсум, 2011 - С. 309-325.
 6. Шестакова В.Н. Концептуальные взгляды на здоровье ребенка. Смоленск, 2003. - 591с.
- УДК 61+021.66
 7 . yandex.ru интернет сайты
 8 . Google.com интернет сайты

Медицина в нашей жизни

В современном понимании под словом техника подразумевается машина, или какой-либо механизм с кучей проводов и кнопочек. Техника может быть сельскохозяйственная, кухонная и т.д. Все это нужно для того чтобы обеспечить комфортную жизнь для нас. Но сегодня я расскажу о той технике которая не только обеспечивает нашу жизнь комфортом, но и спасает жизни. Речь конечно пойдет о медицинской технике и ее участии в жизни человека.

Медицинская техника способствует повышению достоверности исследований и эффективности лечебных процедур, спасает в самых безнадежных, критических ситуациях. Ответственность за здоровье и жизнь людей, уверенность персонала, достойная репутация клиники сегодня немыслимы без постоянного обновления оборудования.



Во все времена люди были связаны с медициной внимание было сконцентрировано собственно на здоровье и жизни пациента. Если построить небольшую логическую лестницу, то собственно медицину можно представить примерно так.

Лечение с помощью ритуала в те времена техники как таковой не было вовсе.

1. Создание целебных настоек и приготовление трав. Тут тоже не было машин и каких-либо приборов. Была только техника приготовления настоек и лечение. Направление теоретической и практической медицины, основанное на научном

изучении и использовании с лечебной или профилактической целью лекарственных растений или препаратов, получаемые из них.



2. Создание лекарств, которые уже помогают человеку с болезнью. Таблетки. Внедрение новых технологий позволяет фармацевтам изготавливать таблетки с уникальными свойствами 1 таблетка может быть рассчитана на снятие симптомов нескольких недугов.

3. Начало развития медицинских приборов, которые уже способны выявлять болезнь на ранних стадиях, когда она ещё не дала о себе знать.

НАПРИМЕР:

Рентген- вспомним что он помог нам выявлять ковид ещё на ранних стадиях.

МРТ — способ получения томографических медицинских изображений для исследования внутренних органов.



Компьютерная томография (КТ). Чаще всего КТ используют, чтобы определить точное расположение травм.

4. Разного рода приборы для экстренной помощи и повсеместного использования человеком.

МПКС — это диагностическое, лечебное, лабораторное оборудование, аппараты мониторинга и биотехнические устройства, которые с помощью компьютеров и специального программного обеспечения (ПО) могут собирать, обрабатывать,

хранить информацию о текущем состоянии пациента, а в некоторых случаях — управлять его лечением.

МОНИТОРНЫЕ МПКС



ЭКО (Экстракорпоральное оплодотворение) — вспомогательная репродуктивная технология, чаще всего используемая в случае бесплодия.



Дефибриллятор — прибор, использующийся в медицине для электроимпульсной терапии грубых нарушений сердечного ритма. Дефибриллятор — это не сугубо оборудование, которое можно использовать только в медицинских центрах. Так как есть специальные дефибрилляторы, которые используются в аэропортах, стоматологиях, и больших заводах



Слуховые аппараты. И.д.

Эти приборы не заменимы в тех или иных ситуациях. То есть их используют, когда уже что-то случилось. Или для контроля за

1. Последняя, которая нам известна, но к сожалению, ещё не до конца проработанная ступень, а именно вмешательство препаратов, которые способны качественно

изменить жизнь человека в лучшую сторону. Речь идёт о внедрении техники собственно в организм для поддержания его функций и жизнедеятельности.

(Почему же не до конца? Я отвечу вам как стоматолог. То есть у нас есть имплант зуба который можно поставить почти в любой клинике. Но к сожалению, у человечества в таком масштабе использования, нет имплантов органов, как имплант зуба. Так как эта тема к сожалению, не до конца изучена и проработана с технической точки зрения.

Стоматологический имплант зуба.

Под имплантатом подразумевается титановая конструкция, замещающая корень зуба. Имплантат – это своеобразный винт, вживляемый в костную ткань челюсти.

Вы конечно можете поспорить что раньше тоже были протезы. Я соглашусь с вами, но какой бы не был протез он не заменит то что человек придумывает сейчас. Например, протез верхней челюсти не заменит по удобству имплант зуба. А протез руки тех времён нужен только к сожалению, для эстетической функции.

Все протезы очень сильно влияют не только на удобство жизни, но и то что очень важно в нынешнее время, на разум и самооценку того, кто их носит.

Человек — это социальное существо многим людям попросту некомфортно выделяться на фоне других. А плохой и некачественный протез только подчеркивает проблему человека. На данный момент стоматология лидирует в плане имплантов по всем пунктам.

ПЛЮСЫ

То есть это эстетика, функционал, удобство и чувство уверенности человека. И его самооценка.

МИНУСЫ

Ценовая доступность уже на готовые хорошие импланты и сложность изготовления новых является главным минусом.

Вывод

Сегодня я рассказал вам о важности техники в жизни человека. Поэтому как я думаю техническому прогрессу нужно заострить внимание именно на медицине. Так каждого из нас окружает техника. И важно чтобы машины приносили не только развлечение, но и помогали сохранить. Здоровье.

Список использованной литературы:

- 1) информация с сайта Википедия
- 2) Яндекс картинки

- 3) А.И.Николаев, Л.М.Цепов ФАНТОМНЫЙ КУРС ТЕРАПЕВТИЧЕСКОЙ СТОМАТОЛОГИИ
- 4) ПРОТЕЗИРОВАНИЕ С ОПОРОЙ НА ИМПЛАНТАТЫ. ПЛАНИРОВАНИЕ ОТ РЕЗУЛЬТАТА: Александр Островский

Қалмұрзаев Ермахан
Қ.С.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
аға оқытушысы

XX ғасырдың 20-30 жж Қазақстандағы саяси-әлеуметтік үрдістердің дерекнамалық негіздерін ашық қоғам жағдайында зерделеу

Тарих өмір ұстазы десек, өткен ғасырдағы өміріміздің тарихын білу бізді болашағымызды айқындауда жәңа белеске көтеріп, бұлыңғыр болашақтың білдірмей келер ауырпалықтарының алдын алуға көмектеспек. Еліміздің өткендегі тарихының өзекті мәселелерін бүгінгі күн биігінен зерделеуіміз Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін рухани жағынан жаңғыртып, ел азаматтарының санасына оның бөлінбес біртұтастығы туралы идеяны сіңіруге қызмет етеді.

Кешегі қанды қасап большевиктер құрған қоғамның зорлықшыл, күштеу және мәнгүрттендіру әдістерінің халқымызды өз жерінде жаппай қырғынға ұшыратып, азшылыққа айналдырғанын айтып қана қоймай, нақты тарихи деректер мен дәйектер арқылы жіктеп, талдап, бүгінгі қоғамның санасында серпіліс оятып, рухани азат болуына қызмет етуіміз қажет. Бұлай етуіміз бізге бүгінгі таңдағы сананы сілкіндіріп, қоғамымызда болып жатқан күрделі өзгерістерді, қоғамдық үдерістерді танып білуімізге өз септігін тигізеді хақ.

Біздің бүгінгі болмыс бітіміміз бен рухани келбетіміздің қалыптасуына тікелей ықпал еткен кешегі XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы орнаған тоталитарлық жүйенің қыр-сырларын жан-жақты талдап, таным таразысынан өткізу, оның халқымыздың даму тарихына тигізген зардаптарын зерделеу, бізге бүгінде өзімізді тануымызға көмектесумен бір қатарда, болашақта өткеннің өкінішті қателерінен сақтануға қол ұшын береді. Осы жылдары республика аумағында большевиктік биліктің әлемдік тарихта сирек кездесетін отарлық басқару тәртібі қалыптасып, қазақ халқына қарсы геноцид саясатын жүргізді.

Миллиондаған қандастарымыз өз елінде тұрақ таппай шетке кетуге мәжбүр болды. Қазақ халқы жартысынан астамынан айырылған аштық осы жылдары отаршылдардың қолдан жасаған саясатының негізінде жүзеге асырылды. Қазақ даласы осы жылдары халықтар түрмесіне айналдырылып, түрмелер мен концентрациялық лагерлердің шым-шытырман жүйесімен шырмап тасталынды. Қолға қару алып жүйеге қарсы шыққан шаруалар жазалаушы отрядтардың аяусыз басып-жаншуымен жеңіліске ұшырады. Сан мыңдаған жазықсыз жапа шеккен адамдардың бар кінәсі олардың өмірінде естімеген таптық көзқарастан ада қазақи санада болғандығы еді.

Өздерінің құқықтарын қорғап, ұлттық ерекшеліктерін ескеруді талап еткен жандардың бәрі де жазықсыз қуғынға ұшырады, оларды қорғау былай тұрсын, кезінде еске алудың өзі де қатерлі болды.

Қазақстанның еркіндігі мен халқының тұрақты да тыныш өмір сүруі үшін күрескендер туралы кезінде сындарлы еңбектердің жазылуы түгіл, бір ауыз жылы сөз айтылмай келді. Мұндай мүмкіндіктердің туғаны кешегі тәуелсіздік таңының рауандап атуы болатын.

Сондықтан тоталитарлық жүйенің қылмыстарын ашып айту мен бірқатарда оның негізгі алғы шарттарын ашып көрсетуіміз қажет. Қазақстанда тоталитарлық жүйенің

орнауының бірден-бір негізгі себебі оның Ресейдің большевиктер құрған қызыл империясының отары болуында, ал ондағы орнаған биліктің тоталитарлық сипат алуы Қазақстанда тоталитарлық-отарлық сипатта көрініс беріп, қазақ халқының сан ғасырлық тарихында бұрын-соңды болмаған зұлмат жылдардың орнауына себепші болды. Сол себепті де Қазақстанда әкімшіл-әміршіл жүйенің қалыптасуын тарихи тұрғыдан терең талдауымыз қажет.

Талдағанда басты назарды тоталитаризмнің Қазақстанда орнығуына негіз болған алғы шарттарға аударып, тоталитарлық тәртіптің теориялық бастауларын ашып алуымыз қажет. Өйткені XX ғасырдың қасіреті саналған тоталитарлық тәртіптің XXI ғасырда қайта айналып орнықтауына ешкім де кепілдік бере алмайды. Сондай-ақ, халқымызға орны толмас қасірет әкелген тоталитарлық тәртіпке қарсы ұлтымыздың рухани көсемдері болған зиялы қауым қалай күрес жүргізді, олардың қателіктері мен кемшіліктерінен дұрыс қорытынды шығаруға тырысуымыз қажет.

Тәуелсіздік жылдарында отандық зерттеушілер осы мәселеге қатысты бірқатар зерттеулер жасағанымен, осынау мәселенің толық шешілмегендігі, тіптен жаңа көптеген сұрақтардың туындағаны жасырын емес. Бұл сұрақтарға тоталитарлық тәртіптің Қазақстанда орнығуының өзекті мәселелері мен негізгі көріністернің бастауында тұрған мәселелерді Сталиннің жеке басына жауып, Сталин сияқты қанішерді дүниеге әкелген отаршыл-тоталитарлық жүйенің кертартпа мүдделеріне көз жұма қаралды. Сондай-ақ, Қазақстандағы концентрациялық лагерлерге үкіметтің неге мүдделі болғандығы, билік қатарында жүрген қайраткерлердің ешбірінің осынау мәселеге қатысты көзқарастары зерделенбегендігін, қазақ көтерілістерін шын мәнінде мемлекеттік деңгейде талдап, таразылауға әрекет етілмегендігін айтсақ та жеткілікті. Ал, бұл мәселелер айсбергтің ұшар басы ғана екендігі айтпаса да түсінікті. Бір кездері осы бір шағын еңбектің авторы да құжаттық деректер негізінде әкімшіл-әміршіл жүйенің Қазақстанда орнығуын талдауға талпыныс жасап көрген болатын, осы мәселе төңірегінде зерттеу жасап жүргендердің іштей қарсылығына бойсұнудан өзге шарасы болмай, кері шегінуге мәжбүр болған болатын.

Десек те уақыт бәріне төреші. Осынау мәселе бүгінгі күн талабы ретінде қайта көтерілуде. XX ғасырдың қасіреті ретінде сол ғасырда қалсын деген, ел талабы қабыл болмады. Қушиған, кержақ, кесапат сүйретіліп XXI ғасырға да өтті. Қазақ халқы тағы да ұтыла жаздады. Өткеннің өзек жарды өкініштеріне себеп болған жәйттерді толық талдап, таным таразысынан өткізбей жарқын болашаққа жету мүмкін еместігіне көз жетті. Сол себепті де жазылған жәйттің жаңғырығы ретінде өткен тарихтың өзекті мәселелеріне қайта көз жүгіртуге мәжбүрміз.

Қазақстанның XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық үрдістерін зерттеп, зерделеу тарих ғылымында қашанда маңызды орын алғаны мәлім. Коммунистер билігі кезінде бұл кезең «кемелденген социализм» құрылысының бастау алған кезі және лениндік социализм бағдарламасының жеңіске жетіп, социализм орнаған кезеңі ретінде қаралып кеңінен насихатталғаны белгілі.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен ел тарихының ақтаңдақ беттерін қайта жазуға деген сұраныстың өсуіне байланысты көптеген зерттеулер жарық көре бастады. Алайда осы кезең туралы зерттеу ісі, тарихшылардың өздері мойындағандай күрделі де қайшылықты жағдайды бастан кешумен келеді.

Бұған себеп: Бір жағынан, коммунистік тоталитаризмнің күйреп, Қазақстанның саяси тәуелсіздік алуы республика тарихшыларын бұрынғыдай мәскеуге жалтақтамай, өз беттерінше дербес ғылыми еңбектер жазуына мүмкіндік туды. Қазақстандағы голощекиншілдіктен бері қарайғы кезеңде тарихнамада орын алған қателіктерді түзетуіне, тарих сабақтарынан шынайы қорытындылар жасауына жол ашты. Екінші жағынан ескі маркстік-лениндік зерттеу әдісінен бас тарту және жаңа әдістемілік қағидаттардың тарих ғылымында әлі де болса толық орныға қоймауы нәтижесінде олардың ізденістеріне деген сұраныстың күн санап кеми түсуіне әкеліп соқты. Нәтижеде 20-30 жылдарға қатысты

күрделі тақырыптар төңірегінде жазылған ғылыми зерттеулер бірте-бірте қоғамдық сананы баураған мәселелердің екінші-үшінші толқынына қарай кері шегіріліп кетті. Бұл өз кезегінде тарихшылармыздың қоғам тарапынан сын тезіне ұшырауына себеп болды. Оның үстіне жас буын тарихшылардың біліктіліктерінің жетіспеуі, зерттеушілік тәжірибелерінің аздығы, ұйымшылдықтарының төмендігі де бұл саланы өркендетіп алып кетуге кедергі болды.

Аталған кезеңге қатысты тақырыпқа қатысты тарихнамалық еңбектерді бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады. Әрине бұл бөлудің шартты түрде екендігі даусыз. Өйткені оларды бөліп қарастырғанда басты ескерген нәрсеміз осынау еңбектердің жазылуына ықпал еткен жағдайлардың салдарынан орын алған ортақ сипаттары ғана.

Бірінші топқа: 20-30 жылдарда жарық көрген еңбектер, бұл еңбектерге, елдегі болып жатқан үрдістерді түсіндіру, большевиктік идеологияның «артықшылығы» мен «жетістіктерін» дәлелдеу мақсатында жазылған еңбектер мен сол кездегі партия және мемлекет «қайраткерлерінің» түрлі баяндамалары мен баспасөзде жарияланған еңбектерін жатқызуға болады.

Екінші топқа: соғыстан кейінгі кезеңнен КСРО империясының күйреу кезеңіне дейінгі аралықтағы еңбектер жатады. Бұл еңбектерге тән ерекшелік тарихи үрдістерге маркстік-лениндік әдістеме тұрғысынан келіп, тап күресінің тар ұғымынан шаға алмаулары.

Үшінші топқа: Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алу жылдары мен еліміздің егемендік алғаннан кейінгі кезеңде жазылған зерттеулерді жатқызуға болады.

Төртінші топқа: алыс және таяу шет елде жарық көрген зерттеулерді жатқызамыз. Бұл еңбектерге тән ерекшелік алыс шетел тарихшыларының дерекнамалық негіздерінің әлсіздігі байқалса, таяу немесе ТМД елдерінің зерттеушілерінде басты назар орталыққа аударылып, бұрынғы отар аймақтағы оқиғалар үрдісіне үстірт қараулары аңғарылып тұрады.

Аталған топтарға жататын еңбектерге нақтырақ тоқталатын болсақ, алдымен ескертіп өтетін жәйт бұл еңбектердің Қазақстанда тоталитарлық тәртіптің қалыптасуын тікелей емес, тек жанама түрде көбірек баяндайтындығын көрсете кеткеніміз жөн болар.

Аталған тақырыпқа қатысты мәселе бойынша тарихнамалық зерттеулердің маңыздылығы, бұл еңбектер әдістемелік әлсіздіктеріне қарамай өте құнды дерекнамалық материалдарды қамтыған. 20-30 жылдарда жарық көрген мемлекет және партияның қайраткерлерінің қаламынан туған бұл еңбектерді оқып зерделеу біздің қолымызға сол дәуірдің тынысын сезінудің мүмкіндігін береді.

Содай-ақ бұл топқа енетін еңбектерді іштей екі бөлімге бөліп қарастырған жөн секілді. Себебі мұндағы еңбектердің негізі бір болғанымен, елдегі жағдайды, қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалды түсіндіріп талдауда бір-біріне қарсы концепциялар ұсынады.

Бірінші топтың бірінші бөліміне енетін еңбектерге Т.Рысқұловтың, С.Сәдуақасовтың, М.Шоқайдың, С.Хожановтың, Г.Сафаровтың, А.Байтұрсыновтың, Ә.Бөкейхановтың, М.Дулатовтың, С.Сейфуллиннің, Мұстанбаевтың, Ж.Мыңбаевтың, С.Асфендияровтың және т.б. еңбектерін жатқызуға болады.

Осы орайда айта кететін маңызды бір мәселе осынау еңбектер бір-бірін мүлдем теріске шығарып, қатаң сынға алғандықтарымен оларды танып білу арқылы біз бүгінгі таңда сол кезең туралы қорытынды пікір түйе мүмкіндігіне ие бола аламыз.

Өз кезегінде бұл мүмкіндігімізді толықтыра түсетін еңбектердің қатарына **бірінші топтың екінші бөліміндегі еңбектер жатады.** Ондай еңбектер қатарына Ф.И. Голощекиннің, Ғ.Тоғжановтың, Н.Сырғабековтың, И.А. Зверяковтың, Н.Тимофеевтің, А.Лекеровтың, Таболовтың, Бочаговтың, Брайниннің, Шафионың және т.б. еңбектерін жатқызуға болады.

Аталған топтың бірінші бөліміне жататын еңбектердің негізгі ерекшелігі, осынау еңбектердің елде енді-енді қалыптаса бастаған сталиндік тоталитарлық биліктің ықпалына

түспегендігінен оларда бүгінгі тарихнама үшін аса құнды дербес, соны ойлар, маңыздылығы орасан зор деректер мен материалдар бар. Осынау еңбектермен таныса отырып біз бүгінгі таңда еліміздегі отызыншы жылдарда орын алған қоғамдық саяси-экономикалық даму жолына балама теориялық ұсыныстардың болғандығын, осынау теориялық ұсыныстардың өмір шындығынан алыс жатпағандығын аңғарамыз.

Бұл еңбектерде қазақ ауылын дамытудың негізгі тәсілі ретінде эволюциялық өркендеу жолын ұсынады. Өкінішке орай, эволюциялық даму жолын теріске шығарып, революциялық – науқаншылдық жолды қалағандардың әрекеттері жеңіске жетіп, олардың басым көпшілігі қуғын-сүргінге ұшырады. Ал, олардың еңбектері ұзақ уақыт бойына қоғамдық кеңістіктен алынып тасталды.

Бірінші бөлімге жататын еңбектерді қысқаша шолу жасағанда, алдымен ауызға оралар еңбектердің бірі Мұстафа Шоқайдың еңбектері болып табылады.

Мұстафа Шоқайдың еңбектері таптық тар шеңберде қалып қоймай. Қазақстанда орнаған большевиктердиктатурасының қаншалықты екіжүзді екенін, қандай қасірет әкелгендігін сол большевиктер баспасөзде жариялаған материалдарды пайдалана отырып ашп көрсетеді. Елін сүйген азамат қасіретті күндердің артта қалатынына кәміл сеніп, сол жылдардың қасіреттерін ұмыпауға, жат жерлік жаулап алушылардың билігін түріп тастауға шақырды.

Қазақ даласындағы қасіреттердің негізгі себебі отаршылдық езгіде жатқандығын әділ көрсете білді. Осы орайда елімізде орын алған ахуалдың қалай қалыптасқандығын ашып жазған Ахмет Байтұрсыновтың, С. Сәдуақасовтың, Т.Рысқұловтың және ондаған тіпті жүздеген қайраткерлердің еңбектері мен алуан-түрлі жасаған баяндамалары мен зерттеу хаттарының орны ерекше. Бұл еңбектерден біз қазақ халқының большевиктік билікке деген көзқарасын және осынау биліктің қазақ халқына әкелген «игіліктерінің» шынайы сырларын ашып білеміз.

Әсіресе, бүгінгі таңда, ашық қоғам жағдайында, жаңа Қазақстанды құру барысында осынау дерекнамалық көздерді қайта зерделеп, ой елегінен өткізіп, таным таразысына салу айрықша мәнге ие болмақ. Өйткені біз осынау дерекнамалық негіздерде көрсетілген ахуалдың орасан зор зардаптарын тоталитарлық билік тұсында бастан кешірдік, сонан соң еліміз тәуелсіздік алған тұста оны дұрыс бағамдап, тұшымды қорытынды жасай алмағандықтан тағы да сол ахуалға түсе жаздадық. Бүгінгі таңда осынау қателіктерді тағы да қайталайтын болсақ, тағдыр бізге келесі мүмкіндікті берер бермесін ешкім де білмейді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. - Алматы: «Санат», 1997 ж. -23 б.
2. Шоқаев М. Түркістанның қилы тағдыры. - Алматы. «Жалын», 1992, 183 б.
3. Сәдуақасов С. Таңдамалы шығармалар жинағы. II томдық. - Алматы. 1993.
4. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми зерттеулер, еңбектер. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 1995. 449 б.
5. Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: «Ататек», 1995. -265 б.
6. М.Қ.Қозыбаев., К.С.Алдажұманов., Ж.Б.Әбілқожин. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру: қорлық пен зорлық. – Алматы. 1992.
7. Хайек Ф.А. Дорога к рабству. // Вопросы философии. 1990. №№ 10,11,12.

Кабдушев Болат Жоламанұлы
Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы
энергетика және байланыс университетінің доценті, т.ғ.к. Алматы қ.

ӘДІЛЕТ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР МЕН АҚПАРАТТАРҒА САЯСИ ТАЛДАУ

Қазақ хандығынан кейінгі қазақ мемлекеттілігінің қайнарларының жаңғыруы XX-сыншы ғасырдың басында басталады. Әлем тарихы сахнасына қоғаммен санасатын, халықтың ерік-жігеріне негізделген, әлеуметтік талап-мүддені ескеретін жаңа қалыптағы мемлекеттер көшті бастады. Солтүстік Америка, ізінше Еуропалық елдерде де түбірлі демократиялық өзгерістер қалыптасты. Мемлекеттік жаңа түрі экономикалық, әлеуметтік-саяси дамудың жан-жақты тынысын ашып, күрт өзгерістер басталды. Мемлекеттің дамуына қоғамның ынтасы өсіп, отар елдердің құлдығында болған халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы басталды.

XX-сыншы ғасырдың басы Ресейдің құрамында болған қазақ елінде азат ел болу туралы ойлардың пісіп жетілген кезі. Әсіресе еуропаша білім алған қазақтың оқығандары мемлекетшілдік идеясын жаңғыртып, жандандыруға ерекше кірісті. Қарқаралы петициясы, 1-ші және 2-ші Думаға депутат болып сайлану сияқты алғашқы он жылдықтың саяси серпілісі мен сабақтарынан қазақ зиялылары негізгі қорытындыны шығарды. Жаппай бұқара халықтың саяси-сана сезімін оятып азаттық күрес жолының сүрлеуіне салмайынша табысқа жету мүмкін еместігіне көздері жетті. Сол кезеңде Аханның «Масасы», Міржақыптың «Оян қазағы», түкпір-түкпірге саяси сауаттың сәулесін шашқан «Қазақ» сияқты баспасөздер екінші онжылдыққа дөп келді. Ресей империясының көш басындағы саяси серкелері саяси көзқарасы, ұстанымында империялық пиғылдан арыла алмай келсе, біздің Алаш атанған қазақ зиялылары шынайы демократиялық орнауын көксеп, мемлекет құрудың озық белгілері мен идеалды қалпын ұсына алды.

Қазаққа мемлекетшілдікті қалпына келтіруді жүзеге асыру үшін Алаштықтар кіммен болса да келісуге дайын еді. Колчакпен де, Кеңес билігімен де ымыраға баруы содан. Түпкілікті нәтиже мақсатқа жету және жетті де. 1920 жылдың күзінде Кеңестік қазақ мемлекеті саналатын Қазақ Автономиялы Республикасы дүниеге осылайша келді. Оның құрылуына негіз болған Қазақ өлкесін басқаратын төңкерістік комитеттің (Қырғызревком) құрамы, оның тең жарымы Алаш құрамында қызмет жасағандар.

Сонымен 1920-шы жылы Қазақ Автономиялы Республикасы жарияланған сәттен Қазақ үкіметі құрылғанда 10 комиссариат құрылған екен [1]:

- 1) Ағарту комиссариаты;
- 2) Әділет комиссариаты;
- 3) Денсаулық сақтау комиссариаты;
- 4) Азық-түлік комиссариаты;
- 5) Жер шаруашылығы комиссариаты;
- 6) Әлеуметтік қамтамасыз ету комиссариаты;
- 7) Еңбек халық комиссариаты;
- 8) Қаржы халық комиссариаты;
- 9) Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД);
- 10) Жұмысшы-шаруа инспекциясы комиссариаты.

Кейіндері үкімет құрамындағы комиссариаттар (министрліктер) жаңадан пайда болып, біріктіріліп, жойылып отырған. Мұның бәрін кешенді зерттеу күрделі жұмыс болғалы тұр.

Әділет халық комиссариатының құрылымындағы үрдістердің терең зерттелуі тың мәселе. 1920 жылы Қазақ кеңес Үкіметінің құрылуымен дүниеге келген Әділет халық комиссариатының ішкі құрылымында 1922 жылдың жазында прокуратура құрылып, бірінші басшысы Әділет комиссары және Республика прокуроры лауазыммен аталатын болды. 1933 жылдың қаңтарынан Әділет комиссариаты жанында прокуратура басқармасы жеке құрылым болып, бөлек Республика прокуроры лауазымы енгізілді. 1936 жылдың 7

ақпанынан Әділет халық комиссары мен прокуратура қайта біріктіріліп, көп кешікпей сол жылдың 17 тамызында мүлдем ажыратылды, яғни жеке прокуратура құрылды. 1960-70 жылдар аралығында Әділет министрлігін Қазақстанда мүлдем жабылып, орталық орган Ресейдің әділет министрлігі болған.

Жалпы бұл кезең бойынша зерттеушілердің қатары аз. Менің осы кезеңді зерделеуімде алғаш ұшырастырған Шаламовтың «Судебное устройство Казахстана» деген еңбегі [2], 1940 жылы шыққан екен. Кейін Махмұд Сапарғалиевтің бірқатар кеңестік сот құрылысына қатысты еңбектері 1970 жылдары жарық көрген [3]. Ал прокуратура тарихына қатысты архив материалдарына негізделген зерттеулер жоқтың қасы [4].

Жалпы Қазақстан үкіметі құрылған кезден қандай Әділет халық комиссариатының қандай ерекшеліктерді байқауға болады?!

Біріншіден, үкімет құрамындағы Әділет халық комиссариатын (Әділет министрлігін) 1938 жылға дейін түгелдей қазақтан шыққан басшылар басқарған 13 комиссардың бәрі қазақ. Ағарту комиссариатында да сол үрдісті байқаймыз.

Екіншіден, осы екі комиссариатқа ортақ құрамында Алаштың қайраткерлері бастапқы кезеңде молынан қызмет жасай алды. Кейін партиялық тазалау жүргізіліп, бәрі қуыла бастаған. Мысалы Әділет халық комиссарлары Ғұбайдолла Әлібеков пен Шафқат Бекмұхамедов, комиссариатта бөлім меңгерушілері болған Ахмет Бірімжанов пен Сейітдәзім Қадырбаев, Орал, кейін Алмола губерниясының прокуроры болған Ыдырыс Мұстамбаевты алсақ болады. Семейде сот орындаушысы, адвокат қызметтерін атқарған Жақып Ақбаевтың да архивте жеке істері сақталған.

Үшіншіден, зерттеп білгеніміз 13 комиссардың түгелдей жоғары білімі болған жоқ. Жоғары заң білімі бар деп біз Шафқат Бекмұхамедовты және Қанай Боранбаевты ғана айта аламыз. Қалғандары семинария, училищеде оқыған мұғалімдік құжатымен мол тәжірибесі бар тұлғалар. Алайда қай-қайсысын алсаңыз да сол саланы бір-бірінен кем басқарған жоқ. Керісінше мықты ұйымдастырушылар болды.

Бұл аталған комиссариаттың ерекшеліктерін екшелейтін тұстары ғана. Тереңдей барсақ, талай мәселелерді көтеруге болады. *Мысалы*, комиссариаттың және прокуратураның дамуын кезеңдерге бөлетін болсақ, бұрынырақта атағанмын, 1924 жылға дейін қалыптасуды басынан өткерсе, кейін негізгі функционалды міндеттерін атқаруға кіріседі: құқықтық нормаларды жетілдіріп өмірге енгізу, оның орындалуының заңдылығын қадағалауға шындап кіріскен жылдар. Ол 1930 жылға дейін созылады. Бұл кезеңде прокуратура негізгі міндетін атқаруға тоталитаризммен қарсыласып бақты. Мәселен «Аймауытовтың ісі» қоғамда үлкен резонанс тудырып, ол кездегі ұлт басшыларының наразылығымен тоқтатылған еді. Байларды тәркілеу, астық даярлау науқандары тұсында заңдылықты сақтау туралы Жанайдар Сәдуақасовтың байларды тәркілеуге қатысты жіберілген заңсыздықтар, аты-шулы «Семей ісіндегі» салық жинауға байланысты зорлық-зомбылықтар суреттелген баяндамалары бар.

1930 жылдан былай бұл органдар нағыз репрессиялық машинаның тетігіне айналды. Жоғарыдан (Мәскеуден) түскен нұсқауларды орындаумен есеп беріп отырған. Осынау тұста партиялық тазалау кезінде комиссияның төрағасы боп танылған Көрпебаев деген азаматтың 1938 жылы прокуратураны басқарғанын білеміз.

Дегенмен комиссариаттағы оң өзгерістері мен табыстары оны басқарып, жұмысын ұйымдастырған адамдардың қызметімен байланысты болды. Өкініштісі сол Әділет халық комиссариатын (Әділет министрлігін) 1938 жылға дейін басқарған 13 комиссардың 10-ы сталиндік қуғын-сүргіннен мерт болса, 3-еуі ғана өз ажалымен өлген екен.

Біз қарастырғалы отырған Қазақ кеңестік Автономиялы Республикасының Әділет халық комиссариаты 1920-шы жылы құрылды. Оның алғашқы басқарушысы Алаштың ірі қайраткері Ғұбайдолла Әлібеков (1870-1923) – Орал өңірінің қазағы. Орынбор мұғалімдер семинариясын тәмамдаған. Патша заманында волостной управитель болған. Кейін Алаш ісіне араласып, оны әдебиеттерде Батыс Алашорда бөлімінің көсемі деп атайды. Замандастары тарапынан жағымды да жағымсыз сипаттамалар көп. Жеке ісінде берілген

партиялық мінездемеде өте ақылды әрі қу адам дегеніне қарағанда мықты саясаткер болған. Қазақ автономиялы республикасының алғашқы қабылданған декреттер (заңдар) дайындап, қабылдау, өмірге енгізу осы адамның басқарған кезеңіне қатысты. Қазақ хандығынан келе жатқан «құн туралы», әменгерлік, көп әйел алу, барымта сияқты әдет-ғұрып заңдарының жою осы кезеңнен басталады [5]. Ғұбайдолла жергілікті сот органдарының көп күш жұмсады. Соңғы арызы бар, денсаулығы нашарлап қажығанын айтады. 1923 жылы ұзаққа созылған аурудан қайтыс болған.

Бекмұхамедов Шафқат (1892-1958) Бөкей ордасының ауқатты отбасында дүниеге келген. Әкесі Мақаш Орынбордағы Неплюев кадет корпусын бітірген. Ұзақ жылдар Приморье округының управителі болған. Сүт кенжесі Шафқат Қазан университетінің заң факультетінде оқыған кәсіби маман. – 1921 жылдың 17 қазанынан Әділет комиссары және 1922 жылдың 2 тамызынан тұңғыш Республика (Бас) прокуроры лауазымын қоса атқарды. Бірінші Республика прокуроры. Бірқатар губернияларға прокурорлар тағайындап үлгерген. Өршіген экономикалық қылмыстармен (тонау, парақорлық, мал ұрлығы т.б) аяусыз күрес жүргізді [6]. Осы кезде алғаш адвокатура қызметін енгізу жайлы мәселе көтерілді. Партиядан екі рет шығарылып, кейін біржола ғылыми аудармашылық жұмыспен айналысқан. 1958 жылы Алматыда қайтыс болды.

Атаниязов Мырзағұл (1899-1945) Ақтөбеде мұғалімдер семинариясын бітірген. Ақтөбеде жастардың «Жас тілек» мәдени-ағарту ұйымын құрған [7]. – 1922 жылдың 15 қазанынан (23 жаста) Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. Қызметінде Әділет халық комиссариатының коллегиясы құрып, маңызды мәселелерді талқылап шешетін болған. Соттардың құрылуын жедел жүзеге асыру үшін «Үштіктер» құрған. Нәтижесінде халық соттарының 138 учаскесі, 101 тергеу аймақтары құрылды. Мәскеуде Жоғары заң курсы бітірген. 1933 жылы Прокуратура басқармасы құрылғанда бас прокурор болып тағайындалған. 1938 жылы халық жауы ретінде 15 жылға сотталып, 1945 жылы (46 жасында) түрме азабынан ауырып қайтыс болды.

Нұрмаков Нығмет (1895-1937) – 1923 жылдың 15 мамырынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. Омбы мұғалімдер семинариясының түлегі. 5 жылдай Қазақ үкіметін басқарып, 1929 жылы қызметінен қуылды. Мәскеуде БОАК (ВЦИК) хатшының орынбасары лауазымын атқарып жүргенде «халық жауы» болып тұтқындалды. Алаштың көсемі Әлихан Бөкейхановпен Мәскеуде бір күнде 1937 жылдың 27 қыркүйегінде (42 жасында) атылған. Әйелі Ақпаева Зүпінүн Ыбырайқызы 19 жылын лагерлерде өткізді. Құғын-сүргін салдарынан қызы Тамара қайтыс болса, ұлы Ноян соғысқа штрафбатқа жіберілген.

Ералин Нұртаза (1882-1938) – құжаттарды Ералы ханның тұқымынан тарайтындығы бадырайта көрсетіледі. Қостанай қалалық училищесін, Орынбор мұғалімдер семинариясын бітірген. 1924 жылдың 9 қыркүйегінен Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. Қысқа мерзім ғана қызмет атқарған комиссар. (2 ай ғана). Комиссариат тарихында есімі «Аймауытовтың ісін» көтерумен қалды. Ханның тегі ретінде құғын-сүргінге ұшырап, 1938 жылдың 7 наурызында атылған. Ол туралы деректерді қазақ хандарының тарихын зерттеген ұстазымыз марқұм Жанұзақ Қасымбаевқа ұсынған едім.

Боранбаев Қанай (1882-1938) Жетісу жерінің тумасы. 1924 жылы Түркістанның екі облысы Қазақ АКСР-не қосылған тұста үкімет құрамына келген ерекше тұлға. Шындыққа келгенде шыдамсыз, Голощекинді «қу жақ» деп сұр жыланға теңейтін де осы Боранбаев. (көрнекті журналист, қоғам қайраткері Гүлжан Ерғалиеваның нағашы жұрты). 1924 жылдың 27 қарашасынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. Варшава университетінің заң факультетінде оқыған. Саяси көзқарастары үшін 3 рет сотталған. Өзбекстанды паналап жүргенде құрығы ұзын НКВД жендеттері 1937 жылы тұтқындаған. Құғын-сүргін салдарынан әуелі баласы, сонсын әйелі күйіктен қайтыс болған. Өзі Магаданға айдалып, 1938 жылдың 15 қаңтарында атылған.

Мәмбеев Сәдуақас (1898-1958) Қызылорда елінің Шиелінің қазағы. Ташкенттегі бір жылдық педагогикалық курста оқып, 1917 жылы саяси дүрбелеңге ерте араласқан. 1923

жылы Мәскеудегі 2 жылдық Заң курсына оқып, кәсіби заңгерлік жолға түсті. 1925 жылдың 18 мамырынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. Кейін Орта Азия әскери округында әскери прокурор болған. 1938 жылдың 4 ақпанында «халық жауы» ретінде тұтқындалып, 10 жылға бас бостандығынан айрылған. Жазасын өтеп шыққан соң 1949 жылы «қоғамға қауіпті элемент» тағы сотталып, мәңгіге Сібірге жер аударылған. Сталин өлген соң ғана 16 жыл түрме азабынан ақталып, 1958 жылы Сыр жерінен топырақ бұйырды.

Сәдуақасов Жанайдар (1898-1938) Омбы мұғалімдер семинариясының түлегі. 1928 жылдың 17 қаңтарынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. 1937 жылдың 17 қыркүйегінде тұтқындалып, атылғанда небары 40 жаста болған. Әкесі Сәдуақас «халық жауының» әкесі ретінде айыпталып, 59 жасында атылды. Әйелі, балалары өзбек-қырғыз жерін паналап, аман қалған.

Айтмағамбетов Боран (1901-1938) – 1930 жылдың 18 мамырынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокуроры. Мәскеуде кәсіподақ қозғалысы Жоғары мектебін бітірген. 1933 жылдың қаңтарынан Әділет халық комиссариаты жанынан Прокуратура басқармасы құрылып, Республика (Бас) прокуроры лауазымы Әділет комиссарының бірінші орынбасарына жүктеледі. 1938 жылдың 13 қарашасында «халық жауы» ретінде айыпталып атылған. Артында 27 жастағы жары Әдиша, шиттей 3 баласы қалған.

Жармұхамедов Абдолла (1896-1940) – 1933 жылдың 9 қарашасынан Әділет комиссары. Самарқанның 4 класты училищесін бітірген. Азамат соғысы жылдары көрсеткен ерлігі үшін 3 мәрте Қызыл Ту орденіне ие болған батыр (Кеңес Одағының Батыры дәрежесімен тең). 1940 жылы 21 қыркүйекте азамат соғысында алған жарасынан ауырып 45 жасында қайтыс болған.

Жүсіпбеков Хамза (1900-1938) – 1935 жылдың 9 қаңтарынан Әділет комиссары болған. Омбы мұғалімдер семинариясының түлегі. Шебер аудармашы және әдебиетші. 1938 жылдың 26 ақпанында Алматы іргесінде атылған «қаралы тізімдегі» 37 комиссардың бірі.

Есқараев Сүлеймен (1897-1938) – 1936 жылдың 7 ақпанынан Әділет комиссары және Республика (Бас) прокурорын тағы да біріктіріп басқарды. Мәскеудің жоспарлау академиясын бітірген. Қазақстанның Одақтық республикаға айналуымен Әділет комиссариатынан Прокуратураны бөліп құрған бірінші прокуроры. 1938 жылы «халық жауы» айыппен атылған.

Бораев Оразғали (1898-1938) – Мәскеудің Ауылшаруашылық академиясын бітірген. 1936 жылдың 17 тамызынан Әділет комиссары. 1937 жылдың 4 қазанында тұтқындалып, 1938 жылдың 4 ақпанында атылған соңғы Әділет Халық комиссары болды...

Кеңестік қазақ мемлекеті саналатын Қазақ Автономиялы Республикасы жарияланған 1920 жылдан ұлтымыздың таңдаулы азаматтарын баудай қырған 1937-38 жылдың қанқасабына дейін Қазақ Үкіметін басқарған 132 халық комиссарлары болса 74-і репрессияға ұшырап, 22-сінің тағдырын анықтау мүмкін болмағаны айтылады...

Үкімет құрамындағы Әділет халық комиссариатын (Әділет министрлігін) 1938 жылға дейін 13 комиссар басқарып, 10-ы сталиндік қуғын-сүргіннен мерт болса, 3-еуі ғана өз ажалымен өлген екен.

Боздақтарымыздың жандары жәнатта болсын. Мұндай қасіреттер қайталанбасын!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан наркомдары 1920-1946 жж. Өмірбаяндық анықтама. – Алматы, «Арыс» 2007. - 400 б.
2. Шаламов Судебное устройство Казахстана. – М. 1940.
3. Сапарғалиев М. В Возникновение, формирование и развитие судебных органов в Казахстане. - А., 1966.
4. Алдекеев Х. На стаже законности – А., 1972.
5. Протоколы заседания Кирревкома. –А., 1986. –С.37.

6. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві, (ҚРОМА) 1380-қор, 3-тігін, 1-іс, 29 п.

7. ҚРОМА., 5 қор, 18 тігін, 89-іс, 2 п.

Қалмұрзаев Ермахан
Қ.С.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
аға оқытушысы

Коммунизм қасіретін ашық қоғам жағдайында қайта талдау

Қандай да қоғам болмасын оның даму тарихында елеулі орын алатын, оның елдігіне, ел болып қалу мүмкіндігіне сын болар кезеңдер болады. Бұл кезеңді ғылымда көбіне өтпелі кезең деп атайды. Бүгінгі күн биігінен кешегі өткен өмірімізге ойлана көз жіберсек ХХ ғасырдың тұтастай қазақ халқы үшін өтпелі кезең болғандығын көреміз. Осы кезеңнің әлі күнге аяқталмағандығын ескерсек, болашақта орнатамыз деп бүгінде талмай еңбек етумен іргесін қалап жатқан қоғамымыз қандай болмақ, халқымызға берері не болмақ деген сұрақтар алдымыздан кес-кестейді. Осынау сұрақтардың жауаптарына өткен өміріміздің кей тұстары толық жауап бере қоймағанымен, талай жайттан сақтандырып, талай жайтқа назар аудартары сөзсіз.

Болашаққа қадам басыр, тәуелсіз де еркін мемлекеттің ірге тасын қалаған қандай да ел болмасын, алдымен ата тарихына назар аударып, басқа мемлекеттің боданында болған кезеңде отаршылық бұғауында бұрмаланған тарихын қайта қарауға және ұлттық тарихының назардан тыс қалған мәселелерін толық қамтып жазу мәселесін жедел қолға алуға ұмтылады.

Бұл мәселенің басты назарға алынып, шешуі күн тәртібіне қойылуына негізгі себеп, өскелең ұрпақты Отанын сүйетін азамат етіп тәрбиелеу мен оның бойында патриоттық рухты жандандыруда ел тарихының атқарар рөлінің орасан зор екенінде. Осы орайда ел тарихында елеулі кезең болып, орны толмас зардаптар алып келген өткен ғасырдың отызыншы жылдардағы қуғын-сүргін құрбандарын еске алу мақсатында елімізде атқарылған елеулі еңбектердің жартыкештеніп қалуына, билік пен халық қатынасының ара-жігінің салқындап кетуіне, сенімділік пен өгейленудің бой көрсетуіне не себеп болды деген сұрақ туындайды. Болмаса ел президентінің жарлығымен 1997 жыл жаппай қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, ал 1998 жыл халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы болып жарияланды емес пе?! Осынау шаралар өмірдің өзекті қажеттіліктерінен туындаған жоқ па еді?!

Ия, бұл шын мәніндегі өмірдің өзек жарды қажеттілігі болатын, өйткені саяси қуғын-сүргіннің сан миллиондаған құрбандарының тағдырын ешкім де ойдан шығарған емес. Бұл алдыңғы аға буын ұрпақ бастан өткізген қатал да қасіретті шындық болатын. Ол өткенде қалса да оның жарыққа шығуына себеп болған қанды қол жүйе өткенде қалмаған еді. Ол тонын теріс аударып киіп, кешегі қанды шоқпарын артына тығып, қуқылдана алдап. арбауға кіріскен жылмақай-жымысқы да пасық саудегер кейіпке енген еді. Қазақ жерінің кешегі әлемді тұншықтыра жазған фашизмнің концентрациялық лагерлерімен шырмауықтай шырмалып тасталғанын мойындаса да оны өскелең ұрпақтың санасына сіңіруге асықпады. Асықпау былай тұрсын, фашизмнің екінші түрі секілді болған коммунизм идеясын сынау да, талдап-талқылау да жүзеге асырылмады.

Қанды қол жүйе жымысқыланып, боянып, сыланып-сыбанып алған мыстандай, аярлық пен сұмдықтың сан-алуан тәсілдерін пайдаланып өзінің үстемдігін сақтап қалды.

Қазақ халқының даму тарихында ХХ ғасырдай қайғы мен қасіретке толы, сонымен бір қатарда түңілуі мен үміті сан алмасқан кезең болған емес, болуы да неғайбыл. ХХ

ғасырдың 20-30 жылдарында әлемнің алтыдан бір бөлігін алып жатқан КСРО империясында ғалымдар тоталитарлық тәртіп деп атаған жүйе қалыптасты.

Осынау бұрын қазақ даласында ешкім естімеген бұл не қылған жүйе, қайдан келді, қалай пайда болды? Міне осы сияқты ондаған сұрақтарға талай жылдардан бері ғалымдар жауап іздеп келуде.

Халқымыздың басынан өткен ауыр күндердің шынайы себеп-салдарын дұрыс ұғынуымыз үшін екі мәселеге басты назар аударуымыз керек.

Біріншіден, тұтас КСРО империясы бойынша қалыптасқан тоталитарлық тәртіптің-қыр сырларын, алғы шарттарын ашып алуымыз қажет.

Екіншіден, метрополияда орнаған тоталитарлық тәртіптің отар өлкедегі саясатының ерекшеліктерін, отаршылдық сипатын ашып көрсете алуымыз қажет.

Мұнан шығатын қорынды XX ғасырда Қазақстан тоталитарлық езгінің ауыртпалықтарына қоса, отарлық езгіні де бастан кешіргендігі.

Алдымен, тоталитарлық тәртіптің қандай жүйе екендігін, оның теориялық негізіне, қашан және қалай пайда болғандығына тоқталып өтейік.

Ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелеріне қарағанда тоталитаризм құбылысы XX ғасырдың жемісі болып табылады. Адамзат тарихының сан мың жылдық тарихында билік жүргізген сан-алуан қанішерлер мен жендеттер болған, алайда XX ғасырда жүзеге асырылған тоталитаризм зұлматындай қасіретті адамзат тарихы білмейді.

Қасіреті ғасырларға жүк болар тоталитаризмнің бір күнде, бір адамның ойлауынан тұмағандығы белгілі. Жазықсыз жандардың қабірлерінің үстінде социализм орнатпақ болған «халықтардың қамқоршысы» Салтиннің өзі тоталитаризмді ойлап тапқан жоқ.

Тоталитаризм теориясының тамырлары өте тереңде, ғасырлар қойнауынан бастау алады. Сталин тоталитарлық теорияны шын мәнінде жүзеге асырған қанқұйлы практиктердің бірі ғана, ол сондай-ақ, оны «дамытушылардың» да бірі. Әрине тоталитарлық мемлекетті қалыптастыруда ол өзінің ұстаздары мен шәкірттерінен асып түсті. Ол сондай-ақ, тоталитаризм торына түскен елді ұзақ уақыт өзіне келе алмайтын етіп те кетті.

Жалпы тоталитарлық көзқарастар мен жеке адамды мемлекеттің толық бақылауында ұстау секілді, қоғамды толық бақылауға алу сияқты тоталитарлық идеялардың пайда болғанына екі жарым мың жылдан астам уақыт болды дейді ғалымдар.

Платонның, Томас Мордың, Томаззо Кампанелланың, Грахх Бабефтың, Анри де Сен-Симонның, Жан Жак Руссоның, Иоган Готлиб Фихтенің, Георг Гегелдің, Фридрих Ницшенің, Карл Маркстың, Владимир Илич Лениннің еңбектерінде тоталитарлық мемлекет құрылысы жан-жақты сөз болады. Бұл еңбектердің бір-бірінен түбегейлі айырмашылықтарына қарамай олардың тоталитарлық концепциялары ортақ.

Антикалық дәуірге бармай-ақ, елімізде орнаған тоталитарлық тәртіптің теориялық негізі болған коммунистердің идеялық қайнары көзі марксизмді алатын болсақ та оның халыққа қасіреттен басқа түк әкелмейтіндігін сол кезеңдегі қайраткерлер ашып көрсеткен болатын. Марксизмнің негізін қалаушылар Карл Маркс пен Фридрих Энгельс үшін, «саяси билік сөздің тура мағынасында – бір тапты басып жаншу үшін екінші таптың ұйымдасқан зорлығы» болып табылатын.

Ал қоғамда бір тапты екінші таптың басып-жаншуы оңай іс еместігін Карл Маркс та, Фридрих Энгельс те ашық мәлімдейтін. Мұндай әрекеттердің үлкен қан төгіссіз жүзеге аспайтындығын олар талай рет ескерткен. Бірде олар: «... Біз жұмысшыларға қалыптасқан жағдайды өзгертумен бір қатарға өздерінің де түбегейлі өзгерулері үшін 15, 20, 50 жылға созылған азаматтық соғыстар мен халықаралық қақтығыстарды бастан кешулері мүмкін екендігін айтамыз» - деп, мәлімдейді. Алайда өздерін нағыз марксистерміз деп санаған большевиктер мен олардың көсемі В.И.Ленин үшін мақсатқа жету жолында миллиондарды құрбандыққа шалу қылмыс емес, олар өтпелі кезеңдегі қажеттілік болып қана табылды.

Марксизм ілімі бойынша мемлекетті, «шоғырландырылған және ұйымдасқан

қоғамдық зорлық» деп, санаған большевиктер адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған зорлықтың шоғырландырылған және ұйымдастырылған түрлерін өмірге әкелді. Бүгінде осынау анықтамаларды оқығандар, ертегі тыңдап жатқандай кейіп танытады, ал бірақ кеше ғана, ХХІ ғасырда, Алматыдағы қаңтар қырғынынан соң, осынау ұйымдасқан және шоғырландырылған зорлықтың күәсі болдық емес пе? Міне, мұндай қылмыстық пайым мен ұстаным большевиктердің көсемдерінің идеяларынан бастау алады. Олар өз еңбектерінде осынау «шоғырландырылған және ұйымдастырылған қоғамдық зорлық» бір таптың екінші таптың шабуылынан қорғанып қана қоймай, сондай-ақ, шабуылдаушы таптың өзін-өзі ұйымдастыруын, шиырықтаудың және жұмысшылардың ішкі тәртібін күштеп реттеудің де негізгі факторы болып табылатындығын мәлімдейді. Міне осы бағытта В.И. Лениннің тікелей нұсқауымен тоталитарлық тәртіптің ең сорақы белгілерінің бірі концентрациялық лагерлер мен саяси қуғын-сүргінмен айналысқан төтенше комиссиялар пайда болды. Бұл қадамды В.И.Ленин: «Мұндай мекемелерсіз еңбекшілер билігі өмір сүре алмайды» деп, түсіндіреді.

В.И.Ленин 1917 жылғы жедел хаттарының бірінде: кулактарға, діндарларға және ақ гвардияшыларға қарсы аяусыз жаппай террор жүргізуді, күдікті жандардың бәрін қаланың сыртына шығарып концентрациялық лагерлерге қамауды талап етеді.

Орыстың әйгілі жазушысы Александр Солженицын Лениннің осы жарлығынан ГУЛАГ жүйесінің құрылуы басталғандығын айтады. 1918 жылғы келесі бір жедел хатында В.И.Ленин: «кулактарға қатысты қандай да болмасын жұмсақтық, революцияға қарсы ұлы қылмыс» деп, мәлімдейді.

В.И.Ленин бүкіл қоғамды бір ғана тоталдық басқару тәсілімен басқарғысы келді. Бұл ойын жасырмастан: “Бәрі де ортақ жерде, ортақ фабрикалар мен зауыттарда баршаға міндетті күн тәртібімен еңбек етуі қажет” деген болатын.

Революция “перісі” деп атанған Л.Д.Троцкий 1920 жылы бұл мәселені шешудің ең төте жолы бүкіл елді алып концентрациялық лагерге айналдыру арқылы шешуді ұсынды. Партияның тоғызыншы съезінде ол өзінің осыған байланысты бағдарламасын ұсынды: “жұмысшылар мен шаруалар мобилизацияланған солдаттар жағдайына көшірілуі тиіс, олардан “әскери бөлімдерге теңестірілген еңбек бөлімдері құрылады”. Олардың әрқайсысы да өзін “еңбек солдаты” деп санауы тиіс, олардың жеке бостандығы шектеулі, егер де оған қандай да бір нұсқау берілсе, ол оны орындауға міндетті, ал орындамаған жағдайда оны дизертир деп санап, міндетті түрде жауапқа тарту керек”. Партияның тоғызыншы съезінің шешімдерінде Троцкийдің ұсыныстары көрініс тапқаны белгілі.

Шала сауатты, сонымен бір қатарда елдегі әлеуметтік топтардың ішіндегі азшылыққа жататын, саяси тәжірибелері жоққа тән жұмысшы табының диктатурасын орнату халықтың қалған бөлігіне орны толмас қасірет әкелетіндігін 1918 жылы Алаш ардақтылары өздерінің еңбектерінде теориялық тұрғыда ашып көрсеткен болатын.

Тарихи аренаға шыққаннан соң жұмысшы диктатурасы өз билігін сақтап қалу мақсатында қоғамға толық бақылау орнатуға тырысты. Бұл өз кезегінде елдегі бүкіл биліктің ат төбеліндей аз ғана топтың қолына көшуіне әкеліп соқты.

Баланы ерлікке тәрбиелеудің тәлімдік мәні тұрмыс-салтқа, тарихи-әлеуметтік жағдайға байланысты қазақ халқының ерлікке тәрбиелеу дәстүрі қалыптасқан. Атқа отырғызу, күрес, ат жарыс, жаяу жарыс, көкпар, аударыспақ, найзаласу, жамбы ату сияқты шынықтыру дәстүрлерімен қатар, халық өз ұрпағын батырлық және ғашықтық жырлар арқылы ерлікке баулиды, адалдыққа тәрбиелейді. Мысалы өткен ғасырда тарихта белгі батырлар өзінің артынан жауға қарсы шаба алатын, елін қорғай білетін қазіргі тілмен айтқанда шәкірттер тәрбиелеп, оларды сынамаққа көкпар, жекпе-жек, аударыспақ сайыстарына қатыстырып шындағандығы бүгінде белгілі.

Ол үшін баланы атқа мінгізу рәсімі 3-5 жастағы баланың сүндет тойымен ұштастырылып, зор парасатпен салтанатты түрде өткізілген. Балаға арнайы тай, ат үйретіліп оған баланы отырғызу үшін арнайы ер-тұрман, ат әбзелдері даярланған. Бұл да қазақ халқының бала тәрбиесіне баса назар аударып, оны жігерлендіру, баулығандығын көрсетеді. Бала әке, ата, ағайын көмегімен ат аялдатады, желдіреді, шабады, сөйтіп ол бес жасқа дейін атқа минуте толық үйренеді де, бес жастан әрі қарай балдырған «тізгінді өз қолына алады». Кейін ол ат шаптыруға, аламан бәйгеге қатысуға бейім болып өседі [1, 59 б].

Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындарға қазақша күрестің ерекшелігі бар. Бала күрес, балуан күрес, айқасып күресу, белдесіп күресу, жата беріс тастау, аяқпен шалу, т.б. күрес тәсілдік ережелерімен қалыптасқан. Бұл қарап отырсақ баланы, балуандық жағынан шынықтырудың ең қажетті құралы.

Қазіргі кезде өз жалғасын қайта тапқан ат жарыстың бірнеше түрі бар: тай жарыс, құнан жарыс, дөнен жарыс, ат жарыс, аламан жарыс. Ат жарыста ат айдаушы мен атбегінің атқаратын ісі жауапты. «Ат шаппайды, бап шабады» деп халық бапкердің еңбегін жоғары бағалайды. Атты сынаушы саяткердің атжарыста алатын орны үлкен. Кейбір саяткер аттың қанша шақырым талмай шабатынын дәл тауып айтады. Ат жарыста ат айдаушының да тәжірибесі мол болуға тиіс. Аттың екпесін тепкілеп, оны қамшылай беру - әбестік, әрі үлкен айып.

Қазақтың бала тәрбиесіндегі ойын да көп орын алады. Халық болашақ ұрпағын шыныққан, ойлы, сергек етіп тәрбиелеу үшін ойынның алуан түрін ойлап шығарған. Олардың спорттық ойындар, миды шынықтыратын, яғни ой жүйесін дамытатын ойындар, еңбекке, өнерге баулитын ойындар деп бірнеше топқа бөлуге болады.

Спорттық ойындардың түрлері өте көп, солардың ішінен көкпар, аударыспақ, алтыбақан, тоғыз құмалақ, ақсерек-көксерек, қашпа доп, қақпа доп сияқты ойындарды атап көрсетуге болады.

Көкпар - шынықтыру тәрбиесінің ұлттық мәйегінің бірі. Көкпардың мара көкпар, дода көкпар, т.б. түрлері бар. Мәреден сөреге дейін алдырмай барып, мәреге көкпарды қайтып әкелген жігіт жеңіске жетеді. Ал дода көкпарда кімнің аты күшті, өзі балуан әрі батыр болса, көкпарды додадан үзіп алып шығып, белгілеген мәресіне қарай алып қашады да, діттеген жеріне жеткізеді. Айта кететін бір жайт қазірде тоғыз құмалақ пен көкпар өз беделін түсірмей кең тараған және ұмытылмайтын ойындарымыздың қатарына жатады.

Аударыспақ - ер азаматтың атқа шауып, күш сынасудағы күштілігін, ептілігін көрсететін халықтық ойын.

Сонымен бірге ертеден келе жатқан найзаласу, жамбы ату - ер жігіттің күш-қуатын арттырып, ептілігі мен мергендігін қалыптастырады. Әсіресе, ат үстінде найзаласу жарысы асқан шеберлік пен балуандықты қажет етеді. Әділ қазылар алқасы мен төрешілер ұлттық шынықтыру жарыстарының ережелерін қатаң сақтауды талап етеді.

Енді жігітті сынау ойындарының бірі - қыз қуу. Ол жігіттің жігерлігін, батылдығын, атбегілік еңбегі мен өнерін сынайтын дәстүрлік ойын. Бағзы заманда қызға үленбек болған жігіттің батылдығын мен күші, ептілігі сыналып, сыннан мүдірмей өткен жігітке «енді қызды қуып жетсең, қалыңдығың болады» деген талап қойылған. Сол талапты да мүлтіксіз орындау үшін жігіт атын сайлап, атпен шабу өнерін жетілдіре түскен. Осы кезде қыз қуу жарыстың бір түріне айналды. Қызды қуып барып айналып қайтатын жерге жалау қадалады.

Жігіт айналыш қайтатын жерге дейін қызды қуып жетсе, оны ат үстінде құшақтап сүйеді, бұл - жігіттің жеңгені. Ал жігіт қызды қуып жете алмаса, қайыра қайтқанда қыз сөреге дейін жігітті және оның атын қамшының астына алады, бұл - қыздың жеңгені.

Тоғыз құмалақ - ойлау жүйесін дамытатын ұлттық ойын. Ойын үшін арнайы тақта болады. Тақтада 18 ұя (кіші отау), 2 қазан (үлкен отау). 162 құмалақ дайындалып, әрбір ойыншыға 18-ден бөлінеді, әр ұяға 9-дан келеді. Алғашқы жүрісті кім бастайтындығы жеребе бойынша шешіледі. Жүріс кезегі тиген ойыншы өзінің кез келген отауына бір құмалақ қана қалдырып, қалғанын қолына алып, солдан оңға қарай жүреді. Екі жақтың отауына құмалақтар бірдей түседі. Ең соңғы құмалақ түскен қарсы жақтың ұясындағы құмалақ жұп болса сол ұя босатылады да, құмалақ жүргізуші жақты қазанына салынады. Ал жүргізушіні соңғы құмалағы өз ұясына түссе, ол алынбайды. Келесі жүріске мүмкіндік алған қарсы жақ уақ санды құмалағы бар ұясына, өзінің соңғы тасын салып, ұпайды өз қазанына түсіруге әрекет жасайды[2, 16 б].

Алтыбақан - қазақ халқының дене шынықтырып, көңіл көтеруі үшін шығарған ұлттық ойыны. Алты бақанды сырықтың екі басына үш-үштен қосақтап байлап, бақанның аша тармағын сырыққа кигізеді. Алты бақанды құрастырып болғаннан кейін, оның екі басынан үш қатар арқан байлайды. Арқанның екеуі бір деңгейде, үшіншісі олардан 40-50 см төмен тұрады. Бір деңгейде бай-ланған екі арқанға қыз бен жігіт қарама-қарсы отырады да, төменірек байланған арқанға аяқтарын тірейді. Бұларды бір адам тербетеді. Алтыбақанды тербеліп отырған екі адам қосылып ән салуға тиіс. Алтыбақан ертедегі ауыл өмірінде жастардың кешкілікте бас қосып, халық аспаптарының сүйемелдеуімен ән салатын, айтысатын, әзіл-оспақ айтыстың көңіл көтеретін ойын-сауығы болған.

Ақсүйек бағдарлық сезімді дамыту үшін, денені шынықтыру үшін шығарған ұлттық ойын. Айлы түнде ойналады. Ойын бастаушы ойнаушыларды екі топқа бөліп, кезегіне қарай ақ сүйекті лақтырады. Оған көбінесе жылқының бақай сүйегін алады. Екі топтан ең бағдаршыл, қырағы ойыншы ақ сүйекті тауып алып қашып, қарсыласы тартып алмаса, сөреге жеткізеді. Қайсы топ сөреге ақ сүйекті көбірек әкелсе, сол жеңеді. Егер ақ сүйекті тапқан ойыншы өзінің жүйріктігі мен күшіне сенбесе, одақтасына беріп жібереді. Жүгіріп ойнайтын ойын болғандықтан ақ сүйек денені шынықтырады, шапшаңдыққа, батылдыққа тәрбиелейді.

Баланы ерлікке тәрбиелеу - кісінің қайрат-жігерінің, ақыл-ойының, ар-намысының, ынта-әрекетінің еңбектегі және ел қорғаудағы жеңісті де, жемісті көрінісі. Жеке адам ерлік әрекетке дейін батылдыққа, батырлыққа баулынады, тәрбие көріп, тәлім алады. Қазақта «қарашығын» қаршадайынан қаһармандыққа тәрбиелеген, ежелден ерлігі ерен, қаһарман халық. Ат үстінде ойнаған, найзаласуға сайланған, балуандыққа бапталған, мергендігі мақталған ел ерлерінің тәрбиесі бесіктен басталған: шынықтыру, үйрету, әсер ету, баулу, өнеге-үлгі көрсету тәсілдерімен ұштасып жатады.

Халық тәрбиесінің негізгі мақсат-мүдделері: баланы еңбек етуге, ел қорғауға, саналылық пен салауаттылыққа, бірлік пен достыққа, мейірімділік пен қайырымдылыққа, кепшілдік пен кішіпейілділікке баулу болып табылады.

Баланы ерлікке тәрбиелеуде халық ел игілігі болатын еңбекті, ел қорғайтын батырлықты мадақтап, жоғары бағалады. Халық елді қорғау адамгершіліктің асқар шыңы деп тұжырымдады. Бала тәрбиесінде елді қорғаушы ерлердің ерліктерімен қатар, сол ел үшін жан аямай еңбек еткен саналы жандардың еңбектері де ер атандыратын тәрбиелік үлгі-өнеге ретінде сипатталады.

Ерліктің жалыны ұлттық сезім мен ұлттық мақтаныштан, адамгершілік, ар-намыстан ұшқындайды. «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі», «отызында орда қорғай алмаса, қырқында қамал бүзбайды» дейді халық. Сөйтіп ерлік қасиеттерді, әсіресе батырлық жырларда қастерлей насихаттайды[3, 62 б].

Отбасынан басталған бала тәрбиесі қоғамда жалғасын табады. Көркем шығармаларда дәріптелетін тәрбие баланы батырлыққа баулып, оның бойына ерлік қасиеттерді сіңіреді: шынықтыру, жігерлендіру, бейімдеу, үйрету, дағдыландыру тәсілдері -

ерлік тәрбиесінің тиімді жолдары екендігін тәжірибе көрсетеді.

Баланы ерлікке тәрбиелеудің сан алуан тәсілдерінің бірі - баталар. Бұл бата арқылы «батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» -деп әр істі бастар алдында үлкендерден бата алып барып бастауы бірінші үлкенді құрметтеу болса, екіншіден батырлық жырлар мен ғашықтық жолдардың жеңіске жеткендігі батамен ұштастырылады.

Мал күту әрекетімен малды сүю, оны қадірлеу, бағу арқылы кәсіптік әдептілік қалыптастыру да дәстүрге айналған. Түйенің пірі -Ойсылқара, сиырдың пірі - Зеңгі баба, жылқының пірі - Сексек ата деп, сол пірлерге сыйынып, халық мал күтуді ең зор қасиетті іс-әрекет деп таныған.

Бабалар тарихында түйе малы-көшпелі халқымыздың керуен кемесі. Іңген, бота, тайлақ, буыршың бура, атан түйе, нар, қоспақ, үлек деп аталатын түйенің әрбір тегіне лайықты күтім жасаған. Мысалы, жас бота - кәдімгі нәресте сияқты. Оны туған кезден бастап ауыздандырып, аялап өсіру қажет. Сондықтан ботаны нәрестедей сүйіп, қамқорлыққа алу - оны иеленген отбасы мүшелерінің бәрінің қасиетті борышы. Іңгенді уақтысында сауып, шұбат ашыту - парыз. Шұбат - әрі тағам, әрі сусын, әрі емдік қасиеті бар екенін ата-балаларымыз ерте заманнан білген. Ал түйенің шудасы - ең қымбат киім жасауға, терісі ең төзімді ұлтандық және тоқымдық, т.б. қайыс жасауға пайдаланылады. Түйе жорықтарға да пайдаланылған, суға, аштыққа шыдамды мал. Ол туралы жоңғар шапқыншылығына қатынасқан Райымбек бабамыздың түйемен жүргендігі, түйесінің өз иесіне деген адалдығы туралы әңгімелер қалған[4, 57 б].

Қазақ халқы жылқы малын аса қадірлеп, оны күте білуді әрбір адамға міндеттейді. Бие, құлын, тай, құнан, дөнен, бесті, ат, айғыр, сәуірік, байтал деп жасына қарай аталатын жылқы тегінің де әрқайсысына лайықты күтім керек. Мысалы, желі байлаған кезде құлынның сызда немесе күнесінде жатып қалмауын, ноқта қиып, буынып қалмауын сол маңайдағы әрбір адам қадағалап тұруға міндетті. Буаз биеге жүк артпау, жараған айғырды қиын жұмысқа салмау, т.б. дәстүрге айналған міндетті жұмыстар бар. Жылқының сүті - қымыз. «Үйірілген қышқыл, тәтті, сары қымыз, ауруға - ем, сауға - қуат, дәрі қымыз», еті де, майы да емдік қасиетін жоғары бағалаған.

Сиыр малы да киелі, қасиетті мал. Бізге белгілі шығыс елдерінің көпшілігі сиырды «анна» деп қастерлейді. Сиыр, бұзау, тана, құнажын, дөнежін, бұқа, өгіз деп аталатын сиыр тегінің де әрқайсысына лайықты күтімі болады. «Сиырдың сүті - тілінде» - дейді халқымыз. Бұл малдың жемсуы жеткілікті болмаса, ол күтушінің жауапсыздығын, кесірлі керенаулығын көрсетеді. Айран, қатық, ірімшік, құрт, май сияқты сиыр сүтінен неше түрлі тағам жасай білу дәстүрге айналған.

«Қойдың сүті - қорғасын» дейді халық. Қойдың саулық қой, қозы, бағлан, тоқты, ісек, түсақ, құнан қой, қошқар сияқты жасына, жынысына қарай ажыратылатын түрлерін жақсы біліп, қой бағудың тәсілдерін игеру әркімнің міндеті. Қойдың жүні, терісі, сүті, еті туралы жеке әңгіме етуге болады.

«Сауса сүті бұлақтай», «Есің кетсе, ешкі жи» деп, халық ешкі сүтінің емдік қасиетін жоғары бағалаған. Бір үйдің 5-6 қойы мен ешкісінің сүтінің арқасында бір ауыл тұтастай ашаршылықтан аман қалғандығы туралы әңгімелер де бар.

Енді әр малды шақыру тәсілдері болады. Мал киелі жануар: оған зекуге, оны ұрып-соғуға болмайды. «Малды теппе, киесі ұрады», «Малды кендірмен байлама» деп, ырым жасайды халық. Малды өргізу, өрістетуге, жусату, жайғау өз уақтысында орындалу қажет.

Мал төлдету, жемшөп дайындау, қырқым, күзек сияқты науқандар, күйек алу кезеңінің өз уақтысы болады. Мал шаруашылығына байланысты: қымызмұрындық, уыз тойы, т.б. тойлар өткізіледі. Төрт түлік туралы мақал-мәтелдер, ертегілер, жырлар малдың адам тіршілігіндегі орны зор екендігін көрсетеді[5, 354б].

Мұрагерлік дәстүрлердің бала тәрбиесіне ата дәстүрін, ата кәсібін, ата мұрасын жоғары бағалайды. Ата дәстүрі имандылық, қайырымдылық, мейірімділік болса, ата кәсіп - атадан балаға ауысып келе жатқан тіршілік мұрасы, мұрагер жалғастыратын дарынды әрекет.

Өмірде «Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі» деп, халық ата дәстүрін жалғастыру

ұрпақ парызы екенін ескертеді. Егер атаның ұрпағы оның қайырымдылық, мейірімділік, туыстық, кәсіптік игі дәстүрлерін жалғастыра алмаса, ол ата-бабаның аруағын сыйламау болып есептеледі. Сондықтан қазақта «әлі риза болмай тірі байымайды» - деген сөз қалған.

Бала тәрбиесінде баланың өзіне кәсіп таңдай білуін ерте жастан ақ сіңіре беру керектігін білген. Халық ең әуелі оның ата кәсіпке бейімділігін жақсы нышан деп бағалаған. Кейіннен бала тәрбиесінде «өскенде кім боласың»- деп жиі сұрап, оны ойландырып отыратын.

Халық, әсіресе, мамандыққа байланысты ата кәсіпті ұрпақтың одан әрі жалғастыруын адамгершілік парыз деп есептейді. Сондықтан да ұста ұрпағын қаршадайынан ұсталыққа баурайды, зергер зергерлікке үйретеді, сәулеткер өзінен асқан сәулетші ұрпағым болса екен дейді. Бала қиалымен әр кәсіпті таңдағы келеді сондықтан өзінің қолынан келетін немесе жастайынан ұмтылысын артырып отырған.

Әрине, ата кәсіпті жалғастыру үшін, ұрпаққа жағдай, тірлік, икемділік, саулық, салауаттылық, қызығушылық пен ықыластану қасиеттері керек. «Атадан асып туған бала» ата кәсібін жаңартып, жандандырып, өркениетті өмірге лайықтап, дарынымен дамыта береді. Ондай ұрпақ халыққа қадірлі болып, ата-бабасынан алғыс алады деп жатады. Сондықтан оны аруақ қолдайды, құдай ондайды деп те айтады.

«Жылқы жеті тегіне тартып туады», - дейді халқымыз. Адам да сондай. «Атасына тартып, ақын бопты», «Нағашысына тартып, нағыз домбырашы болыпты», «Әкесіне тартып, әнші болыпты» деп, халық әрбір баланың дарынына сүйініп, құлшынуын қуанышпен құптайды.

Қорыта келгенде қазақ халқының өте арыдағы ата-бабаларының өмір сүрген кезеңінен (VI ғасыр, Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұрасының бірі – бала тәрбиесі.

Ұлттық бала тәрбиесінің негізін - жүзеге асыру үшін ұлт болып жұмылдырып тәрбиенің түрлерінің ерекшеліктерін бойлай біліуіміз керек.

Бүгінде ұлттық бала тәрбиесі жалпы ғылымдарының құрамдас бөлігі, оның жеке өзіндік зерттеу пәні бар даму үстіндегі ғылым саласы. Ұлттық тәрбиені этносаясатының, этномәдениетінің, тарихының, этнографиясының, этнос теориясының, фольклористикасының, этнопсихологиясының, этнопедагогика тарихының тоқайласуы арқылы ғылымының аясында қалыптасқан, біртұтас жүйелі білім беретін дербес қазақтың ұлттық тәрбие процесі деп түсінеміз.

Қазақ халық шығармашылығының поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы өнер, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің тәрбиелік мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне тоқталып, оларды тиімді әдіс-тәсілдер арқылы бала тәрбиесіне енгізіп жетілдіруде пайдалану керек.

Бала тәрбиесіндегі ұлттық ерекшеліктер халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан ұлттық салт-дәстүр, ата-бабаның мұрасын білу, жас жанұяларға тәлім-тәрбие, өмірлік көкестерді түйуіміз керек.

Бүгінгі бала тәрбиесінің күрделеніп отырған қиыншылықтары мен қайшылықтарын шешуде болашақ ұрпақ тәрбиесі ұлттық мұраттар мен дүние жүзілік рухани бай қазынадан нәр алумен ұштастырылып жүргізілу талабын қояды. Ұлттық бала тәрбиесінің мұрасының бірі – дәстүр ұғымына түсінік беріп, оның бала тәрбиесіндегі маңызына тоқталып ата-баба дәстүрлерінің озығын жаңғырту, оны ұрпақ тәрбиесінде басты рөлге айналдыру, қазақтың ата салтын, қағидасын қазіргі өмір тынысына сай пайдалану, жаңғырту басты проблема екенін айта келіп, жеке басты жетілдірудің барлық саласын қамтитын этнокомплексік тәрбие негізінде адамгершілік тәрбиесінің жан-жақтылығына тоқталады. Әсіресе бүгінгі таңда ұлттық тәрбиенің тұрғысынан жалпы тәрбиенің, оның ішінде адамгершілік тәрбиесі ұғымдарының ғылыми негізін ашып көрсету әлі де болса шешімін таппағанын анықтап, автор адамгершілік сезім, адамгершілік сезім, адамгершілік сенім, адамгершілік мінез-құлық ұғымдарына қазіргі ғылымдарының жетістіктеріне сүйеніп, өз анықтамаларын берді. Ұлттық тәрбиесінің жүйесі тұтастай алғанда

жоғарыдағы аталған қасиеттермен анықталады екен, ал осы жүйе халықтық бай мұрасынан да айқын көрінетіні және оны қазіргі кезде іске асырудың міндеттері, бағыттары және жолдары көрсетілген.

Балаға ұлттық тәрбие берудің ерекшеліктері баланы тану, оны түсіну, ойын – баланың басты міндеті іс-әрекеті екені, баланың өзін-өзі бағалай білуі, балаға адамгершілік тәрбие беруде ата мұраның рөлі ерекше.

Ұлттың рухани-экономикалық, әлеуметтік өсуінің сынап бағанасы – ұлттық тәрбие. Әр халық білімді бір жүйе бойынша алуы керек, сонда ол халықтың өкілдері қайда тұрса да, бір моральдық-этикалық, философиялық көзқараспен өмір сүреді, дүниені бірдей психобейнелермен қабылдайды. Бұл ұлттың бірлестігін сақтайды, рухани қорын байытады.

К.Д.Ушинский: «Халықтығы жоқ халық – іріп-шіру зандылығына ұшырап, басқа, өзіндік ерекшелігін сақтаған тәндер ішінде жойылып кетуден басқа амалы жоқ жансыз тәнге тең», - деген [6, 123 б].

Ұлттық мектептің өнегелік маңызы оның қоғаммен тығыз байланыстылығымен белгілі болады. Ата-ана бала тәрбиелеуге қызмет істегенде ғана дұрыс дамып, өмір сүре алады.

Ұлттық бала тәрбиесі ерекше күрделі, ауқымы орасан кең, терең тарихи тәлімді мәселе. Өйткені әр баланы ананың сүтімен ауыздандырғандай, халқының тілімен, тұрмыстық дәстүрімен тәрбиелей бастаса, оның бойында жан-жақты дамыған адамгершілік қасиеттер қалыптасады.

Ұлттық тәрбиеге салт-дәстүрді сіңіре отырып тереңірек пайдаланудың теориялық негізіне сүйене отырып, оларды бала тәрбиесіне пайдаланудың түрлі жолдары бар. Бала тәрбиесіндегі басты міндеттердің бірі болып адал еңбекке, парасаттылыққа, туған еліне деген сүйіспеншілікке, туған-туысқандарына, дос-жарандарына деген бауырмалдыққа, халықтың әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрін қастерлеуге үйрету. Сондықтан әрбір тәрбие тиісті жеріне халықтық қалыптасулар арқылы сіңеді.

Ұлттық бала тәрбиесінің құралдарының бірі – дәстүр. Дәстүр – бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауысып отыратын қоғам. Өмірінің дамуына сәйкес өзгеріп, кейбіреулері жаңа мазмұн алып, әрмен қарай дамитын халықтың қоғамдық-тарихи өмірінде қалыптасқан құбылыс.

Ол халықтың кәсібімен, салт-дәстүрімен, тілімен, тарихымен, адамгершілік қасиет-сапаларымен сабақтасып, біте қайнасып, тарихи кезеңдер ерекшелігіне, қоғамтану сатыларына қарай жетелеп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қастерлі мұра.

Қазақтың қазіргі замандағы алуан жүйелі өмір тану жолдары соларға беру әдістері ертеден қалыптасып, бүтіндей қол үзбеген сыртқы күш қанша ықпалды болса да халқымыздың дәстүрлері мүлде жойылып кетпеген. Ендігі мақсат ата-баба дәстүрлерінің озығын жаңарту ұрпақ тәрбиесінде басты рольге айналдыру қазақтың ата-салтын, қағидасын қазіргі өмір тынысына сай пайдалану, жаңарту басты проблема.

Дәстүр – адамдардың рухани тұлғасынан бөлінбейтін құбылыс. Дәстүр қоғамдық сананың барлық формаларынан орын алады [3, 64 б].

Сонымен, қай халықтың болса да ұлттық үрдісі, білікті қасиеті, өзіндік әуені, тағылымды дәстүрі мәртебесін биікке бастайтыны сөзсіз. Киелі керемет дәстүрлері арқылы ғана өзінің ұлттық бояуы мен өзінің болашақ ұрпағының тән келбетін қалыптастырады. Ұлттық рухымыздағы дәстүр жас ұрпақты тәрбиелеуде тиімді деп есептеймін.

Соңғы кезге дейін ұлттық тәрбиеге өз деңгейінде мән берілмей келді. Халық дәстүрлері мен оның үлгілерінің жоғалуы қоғамның рухани жағынан дағдарысқа ұшырауына, уақыт пен ұрпақ байланысына ыдырауына әкеліп соғуда. Көптеген адамдар өз тілін, тарихын, мәдениетін, әдебиетін білмейді, ұлттық әдеп-ғұрып, кәсіп, халықтың өзіне тән тұрмыстық көрінісі жоғала бастады.

Сондықтан сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып ұрпақтан-ұрпаққа

мұра болып өмір сынынан екшеленіп өткен бүгінгі дәстүрлерді білу әрбір отбасының, азамттың абыройлы міндеті.

Жалпы тәрбиеде қазақ халқының әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлері арқылы бала бойындағы шынайы адамгершілікті, имандылықты адамдар арасында парасатты мінез-құлық қасиеттерді отбасынан бастап тәрбиелеудің мүмкіндігі көп.

Халық жасаған мұралар сан алуан. Солардың бірі – ұлттық ойындар. Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың ғасыр бойы жасаған асыл қазынасы, асылы деп қараған орынды. Ұлттық ойындарда отбасы тәрбиесінен бастап сіңіріумен қосымша баланың үнемі қызығушылығын арттыру керек.

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Ол өзінің өрісі биік, сан салалы өскелең мәдениетіне бір күнде, бір ғасырда жеткен жоқ.

Әдебиеттер тізімі

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым. 1957. – 454 б.
2. Ахметов Ш. Қазақ балаларын халық дәстүрлері арқылы тәрбиелеу. 1966. Алматы. 22 б.
3. Қалиев С., Оразов М., Смаилова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы, Рауан, 1994ж.
4. Қалиев С. Үлгілі үйдің ұл-қызы. – Алматы, 2000. – 207 б.
5. Байтұрсынов А. «Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, мақалдар және әдеби зерттеу». – Алматы, «Жалын» 1991. – 464 б.
6. Досмұхамедұлы Х. АЛАМАН. /Құраст.: Ғ.Әнесов, А. Мектепов, Ш. Керімов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.

Ерғали ОМАРҒАЗЫ, Асхат СУМЕСИНОВ

с.ғ.к., e-mail: yerqa@mail.ru

тарих магистрі., e-mail: sumesinov@mail.ru

Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан

АКАДЕМИК М.Ә ӘЛИЕВТІҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ӨНЕГЕСІ

Аңдатпа. Қазақстандық медицинаның дамуына, оның ішінде хирургия, торакальді хирургия, микрохирургия, эндоскопиялық хирургия, трансплантология салаларының дамуына тікелей ықпал еткен қазақстанда ғана емес, сондай ақ әлемге танымал хирург, Қазақстан Халық қаһарманы – Мұхтар Әлиұлы Әлиев болды. Әлиевтің ғалым ретіндегі жүріп өткен өмір жолы мен ғылыми мұрасы өскелең ұрпақ үшін, болашақ дәрігер мамандар үшін өнеге. Сонымен қатар, бұл мақала Қазақстан Ресей медициналық университетінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында оның негізін қалаушы және алғашқы президенті болған Мұхтар Әлиевке, оның ғылыми мұраларына назар аударуға арналған.

Түйін сөздер: М.Ә. Әлиев, ҚРМУ, хирургия, микрохирургия, трансплантология, «Әлем азаматы», «Әлем елшісі» және т.б.

Кіріспе. Адамзат баласы дамуының әр дәуірінде өз ұлтына ғана емес, сондай ақ, әлем үшін өзінің адал еңбегімен, адамсүйгіштігімен, талантымен танымал болған тұлғалар аз емес. Адам баласы осындай дара да еңселі тұлғалардың қызметі септігінен бүгінгідей өркениет жетістіктеріне жетті. Әр ұлттың, әр салада өз мақтаныш-перзенттері бар. Жаңа заман тарихында Қазақтың да заманауи медицинасын дамытып, бәсекеге қабілетін көтеріп қана қоймай өз қоғамына адал қызмет еткен осындай азаматымыздың бірі - медицина ғылымдарының докторы (1974 жылдан бастап), профессор (1976 жылдан бастап), ҚР

Ғылым академиясың академигі (1989 жылдан бастап), ҚР Медицина ғылымдарының академиясының негізін қалаушы және президенті (1995 жылдан бастап), Қазақстан Халық қаһарманы (1995 жылдан бастап), биыл құрылғанын 30-жыл толып отырған (құрылғанда Қазақстандық медициналық институт деп аталған) Қазақстан-Ресей медициналық университетінің (1992 жылы) негізін қалаушы және президенті, Халықаралық хирургтар Ассоциациясының беделді мүшесі, ҚазКСР-ның Жоғарғы Кеңесінің 10-12-ші шақырылымдарының депутаты болған – Мұхтар Әлиұлы Әлиев.

Бүгінгі осы мақала Қазақстан-Ресей медициналық университетінің құрылуының 30-жылдық мерейтойына, университеттің негізін қалаған академик Мұхтар Әлиевтің туылғанының 90-жылдық мерейтойының құрметіне және оның өмір жолы мен өнегесіне арналмақ.

Қазақтың халықаралық дәрежедегі атақты хирургі, Қазақстандағы лапароскопиялық хирургияның негізін салған - Мұхтар Әлиұлы Әлиев - 1933 жылғы 2 Ақпанда Қызылорда облысының Жаңа Қорған ауданына қарасты, Төмен Арық станциясында қарапайым теміржолшы отбасында дүниеге келген [1].

Мұхтар Әлиев бала кезінен ізденімпаз, жан жақты, білімге деген қызығушылығы мол кісі болған екен. Жұмыстың ауыр-жеңіліне қарамастан, еңбекке жас кезінен араласып, білім алу арқылы биікке көтерілуге болатынын түсінген. Сондықтан да өз өмірінің басым бөлігін ілім ізденуге, ғылым мен білімді терең меңгеруге тырысқанынан, 17 жасынан алғаш училище бітіре сала ақ, жұмысқа ерте бастан араласқанынан анық аңғаруға болады. Ол кісі жай ғана еңбекқор, тәжірибелі хирург қана емес, сонымен қатар жаһандық медицинада айтарлықтай өзіндік үлесі бар ғалым екенінде айту керек.

Материалдар мен әдістер. 82 жылдық өмірінде академик Мұхтар Әлиев ғылыми мұралары ретінде артына 832 ден астам ғылыми жарияланым, оның ішінде 63 монография мен кітаптар, оқу-брошюраларын жазып, КСРО мен Қазақстаннан 173 патент, предпатент пен жаңалыққа авторлық куәлік алған, 28 ғылыми жинақтың Бас редакторы болған. Өзінің жеке медициналық практикасында адам ағзасына 13 000-нан аса операция жасаған білікті маман [2].

Мақаланың арқауы болған биографиялық әдіске сүйене отырып Мұхтар Әлиевтің биографиясындағы ресми еңбек жолы оның, 1950 жылы Түркістан педагогикалық училищесін аяқтап, Шымкент облысы, Шәуілдір ауданына қарасты Тимур ауылындағы жеті жылдық мектепте мұғалімдік кәсіппен бастағанын көрсетеді. Мұғалімдік қызметті атқара жүріп, білімпаздығының арқасында 1951-1957 жылдар аралығында Әлиев өзінің арман-мақсаты болған еліміздің сол кездегі астанасы – Алматы қаласындағы Медициналық университетте оқыған. Оны сәтті тәмамдап келіп Шымкент облысы, Қызыл-Құм ауданындағы Орталық аудандық емханада хирург және Бас дәрігер лауазымында еңбек етті. Онымен тоқтамаған Мұхтар Әлиев 1958-1960 жылдары Алматы мемлекеттік медициналық институтының, факультеттік хирургия кафедрасының, клиникалық ординатурасында оқыды. 1961-1963 жылдар аралығында Қазақ онкология және радиология институтының ғылыми қызметкері. 1963-1969 жылдары Алматы Медициналық университетінде кафедра аспиранты, ассистенті, 1969-1976 жылдарда Алматыдағы дәрігерлердің біліктілігін арттыру институтының кафедра меңгерушісі, доценті болды.

М. Әлиев 1967 жылы кандидаттық диссертациясын, 1974 жылы сәулелену аурулары әсерінен қан-тамыр сырқаттарын хирургиялық емдеудің өзекті мәселелеріне арналған докторлық диссертациясын қорғап шықты. Ал 1976 жылы оған профессор атағы берілді.

1976-1980 жыл аралықтарында өзі оқыған альмаматер Алматы Медициналық университетінде кафедра меңгерушісі болды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап М. Әлиевтің қалыптасқан білікті дәрігер, тәжірибелі маман ретінде карьерасының өсуімен қатар, мемлекеттік қызмет бабымен өрлеу кезеңі де басталады. 1980-1982 Қазақ КСР Денсаулық сақтау Министрлігінің Бас хирургі, 1980-1985 Клиникалық және

экспериментальді хирургия ғылыми зерттеу институтының директоры (қазіргі А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы), 1982-1987 жылдары Қазақ КСР-і Денсаулық сақтау Министрі лауазымдарын қоса атқарды.

1983 жылдан Қаз КСР-ның Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, 1988 жылдан Ғылым Академиясының толық мүшесі.

1998 жылы – Халықаралық Медицина ғылымдарының академиясының (Брюссель, Бельгияда) негізін салушы және оның тұңғыш президенті [3].

Талдау. Ғалымның ғылыми-тәжірибелік мұрасын талдамалай келе Мұхтар Әлиевтің медицина саласындағы үлесі зор екендігін, жеке ғылыми-практикалық әдістемелер енгізгенін, көптеген емдеу операцияларын Қазақстанда тұңғыш жасап, негіздегенін байқауға болады. Атап айтар болсақ, отандық хирургия саласында Әлиевтің бастамасыменен бауыр эхинококкозасын лазер көмегімен оперативті хирургиялық емдеудің жаңа әдістемесі теориялық негізделіп, практикада қолданылуы бұл аты жаман аурудың операциядан кейінгі күрделенуі мен емдеу уақыттарын айтарлықтай қысқартуға, тиімді ем дом шараларын жасауға жаңа мүмкіндіктер ашты. Сондай ақ, Қазақстанда алғаш рет эндоскопиялық жолмен өт қабы, аппендиксті, бүйрек үсті және өкпе кисталарын алып тастау, емдеу операцияларын жасаған маманның бірі.

Мұхтар Әлиевтің тікелей басшылығымен әзірленіп-өткізілген әдістеме арқасында өңеш аурулары хирургиясы саласында хирургиялық емдеудің тиімділігі артып, операциядан кейінгі күрделену және өлімнің мөлшері 40%-дан 3-4 %-ға төмендеген болатын [4].

Замануи қазақстандық торакальді, абдоминальді, жүрек-қан-тамыр хирургиясы, эндоскопиялық хирургия, микрохирургия, трансплантология салаларын айтқанда, дәрігер-мамандар жоғарыда айтылған салалардың барлығына Әлиевтің тікелей қатысы бар, ал тіпті жүректің ишемиялық ауруларын хирургиялық емдеуде, өңеш-асқазан ауруларын емдеуде Мұхтар Әлиевтің енгізген жаңа әдістемелерінің елімізден тыс әлемнің өзге де көптеген елдерінде кеңінен медициналық тәжірибеде қолданылатынын айтады.

Қазақстандық хирургтар ішінен М. Әлиев жүректің ишемиялық дертін емдеуде 50-ден аса аорта-коронарлы шунттауды (аорта-коронарное шунтирование) сәтті өткізген дәрігер саналады. Отандық хирургтар арасында жүрек-қан тамырлары патологиясын емдеу ісіне ерекше мән берген тұлғалардың бірі.

Микрохирургия саласында да, травматикалық ампутация және күрделі аяқ-қол жарақаттары кесірінен, өмірлік мүгедектікке шалдыққан адамдарды қалыпты өмір салтына қайтаратын әдістер мен емдеу алгоритмдерін енгізген.

М. Әлиевтің жетекшілігімен бүйрек үсті бездері қыртыстары ауруларының - адреналдық бездерді – рентгендік-эндоваскулярлық және пункциондық деструкциясы емдеуінің жаңа әдісі әзірленіп, қолданысқа енгізілген.

Зерттеу нәтижелері. Көптеген зерттеушілердің айтуынша, хирург М. Әлиевтің басшылығымен А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында бауыр хирургия бөлімі ашылып, өт шығару жүйесін емдеу мен қалпына келтіру бойынша реконструкциялау операцияларының әртүрлі нұсқалары әзірленіп, жүзеге асырылды. Бұл - көптеген науқастардың өт жолдары ауруларынан емделуіне өз септігін тигізді.

Ғылыми медицинадағы тың ғылыми зерттеулердің бірі - клеткалық терапия заңдылықтарын фетальді клеткалар арқылы негіздеу болып табылады. Бұл тұрғыда Әлиевтің атсалысуымен алғашқы нәтижелері тоқсаныншы жылдардың аяғы мен екі мыңыншы жылдардың ортасында бауыр циррозын емдеудегі гепатоциттерді қолдану бойынша олардың жоғары тиімділігі мен келешегін көрсетті. Ірінді-септикалық ауруларды емдеу үшін спленоциттерді және жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін кардиомиоциттерді қолдану нәтижесінде қызықты нәтижелер алынған болатын.

Жаңа замандағы медицина тармақтарының үлкен жылдамдықпен дамуы күн өткен сайын өзектіленіп отыр. Осы тұрғыда медицинадағы адам органдарын алмастыру, өзге адам органдарын донорлық мақсатта қолдану немесе ғылым тілінде трансплантология деп аталатын сала кең етек жаюда. Академик М. Әлиевтің инициативасыменен Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі тарихындағы органдар трансплантациясының Республикандық орталығы құрылған. Қазақстанда органды трансплантация (бауырды алмастыру) операциясын тұңғыш рет 1996 жылы академик Мұхтар Әлиев А.Н. Сызғанов атындағы ғылыми зерттеу хирургиялық институтында (Алматыда) жасады [5].

Орта Азия елдері мен Қазақстанда трансплантология бойынша ол, алғаш болып науқас жас баланың бүйрек, бауырын алмастыру операциясын, ұйқы безінің ауто трансплантациясын және сусамыр ауырыменен ауыратын науқастың ұйқы безінің жасушаларын алмастыру операцияларын жасады.

Отандық медицина саласын дамыту ісінде де, ғалым-дәрігер М. Әлиев клиникалық, практикалық қызметтерінен бөлек теориялық-концептуалдық тұрғыда қазақстандық хирургтардың академиялық және ғылыми-тәжірибе алмасуы, ұтқырлықта болуы, халықаралық серіктестікті дамыту мен ұйымдастыру мәселелерімен де үнемі айналысып жүрген.

1990 жылы Әлиевтің ұйымдастыруымен (өзі президенті болған) Қазақстан хирургтарының ассоциациясының V-съезді өткізілді. Ал 1997 жылы Қазақстандағы хирургиялық аурулар және оларды заманауи инновациялық емдеу жолдарын талқылауға арналған Қазақстан хирургтарының I-ші Конгрессі өтті.

Қазіргі қазақстандық медицинаның өзекті мәселелерін зерттеу, оны дамыту мақсатында 1995 жылы М. Әлиев Қазақстан медицина ғылымдарының академиясын құрды және оның алғашқы президенті болды. Сондай ақ, медицина ғылымдары шеңберіндегі күрделі тақырыптарды кәсіби көтеріп талқылаған: «Медицинский журнал Казахстана», «Хирургия», «Здравохранение Казахстана», «Денсаулық», «Эндоскопическая хирургия», «Парасат», «Астана медициналық журналы», «Зерде» және т.б ғылыми журналдардың редакциялық ұжымының мүшесі, кейінде бас редакторлық қызметтерді де атқарған.

М. Әлиев әлемдегі бірнеше халықаралық академиялар мен ұйымдардың «мүшесі», «құрметті мүшесі», «құрметті азаматы» және «құрметті полковнигі» болған. Мысалы, Еуропалық Халықаралық медицина академиясының, Халықаралық гастроинтестиналді хирургиялық клубтың, Нью-Йорк ғылым академиясының (АҚШ), Н.И. Пирагов атындағы хирургтар Ассоциациясының (Ресей), Шығармашылық академиясы мен информатика академиясының (Ресей) мүшесі, Солтүстік Каролина Штаты хирургтарының Қауымдастығының (АҚШ), Медициналық білім мен профилактика академиясының (Германия), Қырғызстан хирургтарының қауымдастықтарының құрметті мүшесі, Балтимор қаласының (АҚШ) құрметті азаматы, Кентукки штатының құрметті полковнигі, Нью-Йорк штаты Қазақтары Қауымдастығының мүшесі.

Қазақстандық наградалары мен атақтары да өте көп. М. Әлиев сонымен қатар, әлем мойындаған дара тұлға, әлемдік ірі ұйымдар мен халықаралық кәсіби қауымдастықтардың Лауреаты, Дипломанты, жоғары атақ лауазымдардың ресми иегері болған. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтсек: 2002 жылғы Өндірісті дамыту Қоғамының (Франция) Лауреаты және «Стратегиялық менеджмент үшін» алтын медалімен марапатталған. «Жыл адамы», «Әлемнің жетекші интеллектуалдары», «Медицина саласындағы Атақты Кәсіби жетістіктері үшін», «Әлем азаматы», «Әлем елшісі» лауазымдары, сондай ақ, Американдық Биографиялық Институттың нұсқасы бойынша «Хирургияны дамытуға қосқан зор үлесі үшін халықаралық құрмет грамотасының Дипломанты», Халықаралық Биографиялық Орталықтың вице-президенті және «Ғылыми факультеттің өмірлік мүшесі» (Англия, Кембридж) [4,30-31 беттер].

Қорытынды. Әлиевтің ғалым ретіндегі жүріп өткен соқпақты жолындағы биік белестері бір мақалаға емес, сан кітапқа арқау болары анық. Ол кісінің жеткен жетістіктері туралы әлі біраз санамалай беруге болады. Бірақ осындай қысқа мақалада Мұхтар Әлиев сияқты өз ұлтының мақтаныш-перзенті болған, қазақстанды әлемге танытқан, өз ісінің хас маманы – ғалымның өмірбаянын, ғылыми мұрасын толық сыйдыру мүмкін емес. Сондықтан бұл мақала шегінде біз М. Әлиевтің қоғамдық саяси белсенділігін, отандық денсаулық сақтау саласының заңи-құқықтық нормативтерін жасауға қосқан ерен үлесін және т.б. көптеген іскерліктерін қарастыра алмадық. Дегенмен қорытынды орнына айтсақ, осы мақалада қамтылған М. Әлиевтің өмір және еңбек жолы турасындағы қысқа болсадағы берілген мағлұматтар арқылы оның қандай алып тұлға болғаны туралы түсінік қалыптасады деген пікірдеміз.

Қазақстан медицинасының шамшырағы бола білген - Мұхтар Әлиевтің ғалым әрі талантты хирург ретіндегі зор мұрасы - өскелең ұрпаққа, жастарға, әсіресе медицина саласында білім алушы болашақ мамандарға бұлжымас бағыт, тәлімге толы ғибрат деген ой тұжырым қорытамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Справочник хирурга: справочное издание / М.А. Алиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», - 1997. – 5 стр. - ISBN 5-89800-110-7.
2. С. Сабеков. «Халық қаһарманы» Мухтар Алиев – профессионал своего дела - Международное информационное агенство «Казинформ» 19 октября 2009 года, 19:34 - https://www.inform.kz/ru/halyk-kaharmany-muhtar-aliev-professional-svoego-dela_a2205728 интернет ресурсқа жүгіну күні - 25.01.2022 жыл.
3. Интернет басылым – Казахстанская энциклопедия - http://ru.encyclopedia.kz/index.php/%D0%90%D0%BB%D0%B8%D0%B5%D0%B2,%D0%9C%D1%83%D1%85%D1%82%D0%B0%D1%80_%D0%90%D0%BB%D0%B8%D0%B5%D0%B2%D0%B8%D1%87 интернет ресурсқа жүгіну күні - 25.01.2022 жыл.
4. Биобиблиография ученых Казахстана / Мухтар Алиев: Составители: к.м.н. Б.Ш. Альбазаров., к.м.н М. Кужукеев., Д.А. Жусиев –Академия наук Республики Казахстан – Алматы: - 1993 год. – 27, 30-31 стр. ISBN 5-628-01356-0.
5. С. Ордабеков. «Трансплантация: кеше және бүгін» – НИ: «Казахстанский медицинский журнал» / №6 (30), декабрь 2012. – Алматы: «Signet print». – 49 бет.

Динара ХАМЫТХОЖАЕВА, Фатима БАЙҚОНЫСОВА

*гуманитарлық ғылымдарының магистрі, оқытушы, e-mail: dinara060875@mail.ru,
студент, 2-курс, e-mail: baikonysfatima@gmail.com
Қазақстан-Ресей медициналық университеті,
Алматы, Қазақстан*

ГЕОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МИНЕРАЛДЫҚ-ШИКІЗАТТЫҚ БАЗАСЫН ТОЛЫҚТЫРУ

Аннотация: Геология - Жер туралы ғылым (грекше “гео” - жер, “логос” - ғылым). Жер планетасы ғарыш әлемінде белгілі бір орнымен анықталатын, өзіндік физикалық және химиялық қасиеттерінің ерекшеліктерімен сипатталатын, әр уақытта дамып, өзгеріп отыратын күрделі дене.

Геология - жер қыртысының құрамы мен құрылысын және оның терең

184

қойнауында жүріп жатқан эндогендік процестердің өзіндік ерекшеліктерін зерттей отырып, жердің өткен тарихын қалпына келтіру (реконструкция) арқылы, оның даму заңдылықтарын анықтайды. Қысқаша айтқанда, геология жердің жаратылысын, құрылысын, құрамын және оның эволюциялық дамуын зерттейді. Сонымен қатар, ол жер қойнауында кездесетін алуан түрлі пайдалы қазбалардың құралу және орналасу заңдылықтарын да анықтайды. Бірақ, жердің ішкі терең қабаттарын зерттеу әдістерінің бүгінгі күн тұрғысынан жеткіліксіздігі мен жетілмегендігін ескерсек, әзірше геология жердің ең жоғарғы (беткі) қабаттарын (жер қыртысын) зерттеумен ғана шектеліп келеді деуге болады.

Минералдық-шикізат секторындағы қазіргі заманғы әлемдік беталыстар көп көлемде өндіруге байланысты тиімді пайдалы қазбалар қорларының жаппай таусылуымен, кен орындарын барлау және игеру жұмыстарын жүргізу үшін тым күрделі тау-кен-геологиялық жағдайлармен, олардың тиісті қымбаттауымен сипатталады. Қазіргі уақыттағы әлемдік минералдық-шикізат нарығының жалпы жағдайы мынадай факторлармен сипатталады:

1) түсті және асыл металдармен қатар, сирек және сирек кездесетін металдарға сұраныстың өсу үрдісі, әсіресе технологиялық өндірісі жоғары дамыған елдерде байқалады;

2) минералдық ресурстарға ие болу, шикізаттық әріптестік шеңберінде оларды экономикалық мүдделері бойынша біріктіру үшін елдер арасындағы бәсекелестіктің күшеюі байқалады.

Кілт сөздер: Геология, жер қыртысы, минералды-шикізаттар, пайдалы қазбалар, ғылыми технология, шикізат ресурстары.

Геология саласы, қызметін бірыңғай құқықтық алаңда жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органдарының, түрлі меншік нысанындағы өндірістік және ғылыми ұйымдардың жиынтығы ретінде жер қойнауын озық зерттеуді, елдің минералдық-шикізат қорын толықтыруды қамтамасыз етуге тиіс. Пайдалы қазбаларды айқындау және барланған қорының артуы, жер қойнауын пайдаланудың қауіпсіздігі мен кешенділігі геология саласы тиімділігінің басты белгілерінің бірі болып табылады. Соңғы он жылда жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу шеңберінде, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары жойылған қордың орнын толтырған жоқ (көмірсутегі, темір және алтынды қоспағанда). Темір, марганец, мырыш, алтын қорының өсімі бұрыннан белгілі объектілерді қайта бағалау және жете зерттеу жолымен алынды. Бұдан басқа, 2008-2010 жылдары теңгеріммен есепке алынған мыс, алтын, темір және марганец қорының өсімі негізінен төмен сапалы және жойылған қорға толыққанды балама бола алмайды. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу бағдарламасын іске асыратын, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган, мұнай және газ, қатты пайдалы қазба мен уран кен орындарын барлау және игеру саласындағы ұлттық компаниялар, сонымен қатар жеке компаниялар-жер қойнауын пайдаланушылар Қазақстанда геологиялық барлау жұмыстарын негізгі реттеуші (тапсырыс беруші) болып табылады. Салалар бойынша геологиялық барлау жұмыстарын қаржыландыру көлемі тіптен әркелкі. Қаржыландыру көлемінің 99 %-ына дейінгі мөлшері әлі күнге дейін көмірсутекті шикізатты іздеуге және барлауға жіберіледі. Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушылардың инвестициялар көлемінің мемлекеттік бюджеттік қаржыландыруға қатысты артуы көмірсутекті шикізатқа 300 еседен артық, ал қатты пайдалы қазбаларға 50 еседен артық.

Жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі мемлекеттік уәкілетті орган геологиялық-барлау жұмыстарын мемлекеттік бюджеттен қаржыландырады. Ол әр жылдары дербес салалық министрлік ретінде, сондай-ақ басқа министрліктер құрамында ведомстволық мемлекеттік мекеме мәртебесіне ие болды. Мемлекеттік геологиялық

қызмет құрылымында 1994 жылы жалпы саны мың адамға жуық 14 ведомстволық бөлімше мен ұйым болды. Қазіргі кезде барлығы 8 ведомстволық ұйым бар және 2012 жылға олардың саны 405 бірлікке дейін қысқартылды, сонымен қатар осы кезеңде жер қойнауын пайдаланушылардың саны барынша көбейіп, сәйкесінше қаралатын, бекітілетін және олардың орындалуы бақылауға алынатын техникалық құжаттардың көлемі арта түсті, геологиялық ақпаратты жинау және талдау, ресурстық әлеуетті бағалау жұмыстарының көлемі ұлғайды.

Атаулы сала алдында тұрған үлкен міндеттерді есепке ала отырып, Үкімет мемлекеттік геологиялық қызметті нығайту мәселесін шешу, жаңа кен орындарын қарқынды түрде геологиялық зерттеу мен барлауды ынталандыру үшін жүйелі шаралар қабылдайтын болады. Ол шаралар Қазақстанның индустриалды дамуы үшін тұрақты шикізат базасын қамтамасыз етуі тиіс.

Геология саласын ғылыми-техникалық және ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету. Жер қойнауын геологиялық зерттеудің ғылымды көп қажет ететіндігі геологиялық барлауды ғылыми-технологиялық қамтамасыз етудің маңыздылығын, ғылым мен өндірістің тығыз байланысын, ғылыми-техникалық ілгерілеу жетістіктері негізінде технологиялардың жаңаруын анықтайды. Жер қойнауында пайдалы қазбалардың қалыптасуы мен орналасу заңдылығы туралы геологиялық барлау жұмыстары нәтижелерінің дұрыстығы мамандардың кәсіби біліктілігінің деңгейіне және олар қолданатын озық ғылыми-техникалық әдістер мен технологияларға тікелей байланысты болады.

Жер қойнауының геологиялық құрылымы туралы ақпараттың үнемі жаңарып отыруы, жаңа идеялар мен минерагендік тұжырымдамалардың пайда болуы, сондай-ақ экономикалық және геосаяси жағдайлардың өзгеруі кезінде геологиядағы ғылыми зерттеулер озық түрде дамуы қажет. Олар кен жыныстарының заттық құрамына күрделі зертханалық-талдамалық зерттеулер жүргізу, ірі көлемді геологиялық, геофизикалық, геохимиялық және қашықтықтық мәліметтерді өңдеу мен кешенді талдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Нәтижесінде терең зерттеудің артуы, минералдық-шикізат секторын дамытудың мемлекеттік салалық бағдарламаларын әзірлеу бойынша негізді ұсыныс болуы қажет.

Қазақстанда геологиялық барлауды ғылыми-технологиялық қолдау деңгейі зерттеу сапасы жағынан болсын, олардың көлемі жағынан болсын сын көтермейтін дәрежеде. Отандық аппаратуралық-технологиялық кешендер мен қондырғыларды әзірлеу және жасап шығару мүлдем жоқ. Елімізде түрлі ведомстволарға қарасты жеке-дара ғылыми геологиялық ұйымдар бар. Олар бүгінгі күні мемлекет жер қойнауының минералдық-шикізат әлеуетіне жүйелі уақтылы ғылыми негізделген және дұрыс баға бере алмайды. Қазіргі кезде жер қойнауын геологиялық зерттеу мен пайдалану жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органда салалық институт жоқ. Бұрындары, жекешелендіруге дейін 1994 жылы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі құрамында «Қазжерқойнауы» ғылыми-өндірістік бірлестік, Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық барлау институты сияқты ірі ғылыми ұйымдар болған. Бүгінгі күні геологияда геология ғылымын басқару жүйесі жоқ, ғылыми геологиялық зерттеулердің жеке-дара бағдарламалары нашар негізделген, қайталанады, жалпы алғанда айтарлықтай оңды нәтиже бермейді. Осы проблемаларды шешу үшін, жер қойнауын геологиялық зерттеудің салалық ғылыми-технологиялық орталығын құру мәселесін пысықтау қажет. Орталықта геология саласын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, мемлекеттік ұйымдар мен жер қойнауын пайдаланушылар қызметін ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу жүзеге асырылатын болады. Орталық қызметінің бұл бағыттары іргелі ғылыми зерттеулерге жатпайды.

Геология саласын кадрлық қамтамасыз ету. Геология саласында жас және орта жастағы жоғары білікті кадрлардың – инженерлердің, ғалымдардың, экономистердің және басқарушылардың тапшылығы білінуде.

Көбінесе мұндай жағдай мемлекеттік геологиялық кәсіпорындарға тән. Мұнда түрлі себептерге орай, оның ішінде жас және дарынды кадрларды тарту үшін ұтымды ынталандыру жүйесінің жоқтығынан зейнеткерлік алдындағы және зейнеткерлік жастағы топтар басым болып отыр.

Геология саласын кадрлармен қамтамасыз ету бойынша тиімді қазіргі заманғы тетіктерін, геология саласын инновациялық дамыту сұранысын есепке ала отырып, кадрлар біліктілігін міндетті арттыру жүйесін әзірлеу жөнінде шаралар қолдану қажет.

Сонымен, саланы одан әрі дамыту үшін өзекті мәселелерге және кедергілерге мыналарды жатқызуға болады:

- 1) жер қойнауын озық геологиялық зерттеудің төмен деңгейі;
- 2) әлеуетті кен орындарының тереңдігінің және алыстығының артуы;
- 3) қала түзуші түсті металлургия кәсіпорындарының қормен қамтамасыз етілуінің күрт төмендеуі;
- 4) геологиялық инфрақұрылымның әлсіз деңгейі, сертификатталған зертханалардың жоқтығы, қолданбалы ғылымның құлдырауы;
- 5) мемлекеттік геология қызметі санының және материалдық-техникалық жабдықталуының төмендігіне байланысты жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдаланылуын бақылаудың жеткіліксіз деңгейі;
- 6) кәсіби білімді кадрлардың тапшылығы;
- 7) геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі заңнамалық және нормативтік құқықтық базасының жетілмегендігі.

Минералдық-шикізат секторындағы қазіргі заманғы әлемдік беталыстар көп көлемде өндіруге байланысты тиімді пайдалы қазбалар қорларының жаппай таусылуымен, кен орындарын барлау және игеру жұмыстарын жүргізу үшін тым күрделі тау-кен-геологиялық жағдайлармен, олардың тиісті қымбаттауымен сипатталады. Қазіргі уақыттағы әлемдік минералдық-шикізат нарығының жалпы жағдайы мынадай факторлармен сипатталады:

- 1) түсті және асыл металдармен қатар, сирек және сирек кездесетін металдарға сұраныстың өсу үрдісі, әсіресе технологиялық өндірісі жоғары дамыған елдерде байқалады;
- 2) минералдық ресурстарға ие болу, шикізаттық әріптестік шеңберінде оларды экономикалық мүдделері бойынша біріктіру үшін елдер арасындағы бәсекелестіктің күшеюі байқалады.

Минералдық-шикізат базасының қазіргі жай-күйі.

Қазақстан өз жер қойнауының минералдық ресурстарға байлығы және олардың әртүрлілігі бойынша әлемдегі жетекші елдердің қатарына жатады. Оның минералдық-шикізат базасы отын-энергетика кешенінің (көмірсутектер, көмір, уран), қара, түсті, асыл және сирек металдар кен орындарынан қалыптасқан. Қазақстанның әлемдік қордағы үлесі уран бойынша – 18 %-ды, хром бойынша – 10 %-ды, қорғасын бойынша – 9 %-ды, мырыш бойынша – 8 %-ды, күміс бойынша – 5 %-ды, марганец бойынша – 5 %-ды, мыс бойынша 5 %-ды құрайды.

Ел үшін минералдық-шикізат кешенінің стратегиялық маңызы бар, өйткені ол ІЖӨ-нің 70 %-ына дейінгі және валюталық түсімдердің басым бөлігін құрайды. Қазақстан энергетикалық шикізаттың, қара, түсті, бағалы металдардың ірі экспорттаушысы болып табылады. Атап айтқанда, әлемдегі өндірілетін уранның 41 %-ы және хромның 16 %-ы Қазақстанның үлесінде.

Көмірсутектердің, уран, көмір, қара металдар қорларының маңызы зор, оларды тиімді пайдаланған жағдайда едәуір уақыт: 50-80 жылдан (көмірсутектер, хром, темір) 100 және одан көп жылға дейін (уран, көмір, марганец) республиканың экономикалық және өнеркәсіптік дамуының негізі бола алады.


Бұл ретте қазіргі уақытта экспорттың едәуір бөлігін құрайтын түсті және бағалы

металдардың қорлары шектеулі және 12-15 жылда игеріліп бітуі мүмкін. Қазақстанның өнеркәсібі магний, тантал және ниобий шикізат қорларымен қамтамасыз етілмеген.

Қазақстан кендерінің сапасы негізгі әлемдік өндірушілерге қарағанда төмен. Сапасы төмен қорлардың басым болуы қазіргі уақытта пайдалануға барланған қорлардың тек 35 %-ының ғана тартылғандығының, ал пайдалы қазбалардың (алмас, қалайы, вольфрам, тантал, ниобий, никель, бор, магнезит, магнезиалдық және калий тұздары) 10 кен орнының осы уақытқа дейін мүлдем игерілмегендігінің негізгі себебі болып табылады.

Соңғы жылдары геологиялық барлау жұмыстарының жеткіліксіз көлемі жағдайында өтелетін қорлардың орнын толтыра алмау үрдісі, жалпы олардың санының азаюы мен сапасының төмендеуі байқалды және ұлғаюда.

Пайдалы қазбалардың көптеген басым түрлері бойынша өтелетін қорлардың көлемі барлау нәтижесінде қосылған қорлардың көлемінен едәуір асып отыр. Бірқатар салалар бойынша (темір, марганец, алтын, мырыш) өнеркәсіптік санаттағы қорлардың өсімі ең алдымен бұрыннан белгілі объектілерді қайта бағалау және жете зерттеу арқылы алынды. Теңгерімге есепке алынған, соңғы жылдары барланған мыс және алтын кен орындарының қорлары сапасының төмендігімен сипатталады және өтелген қорларға балама бола алмайды. Бұл Кенді Алтай мен Орталық Қазақстанның негізгі кен орындарының мыс пен полиметалл қорлары 10-15 жыл ішінде таусылатынына себеп болады.



Көмірсутек шикізаты. Қазақстанның мемлекеттік теңгерімімен есепке алынған жалпы алынатын көмірсутек қорлары: мұнай – шамамен 5 млрд. тоннаны, табиғи жанғыш газ – шамамен 4 трлн текше метр, конденсат 371 млн. тоннаны құрайды. Қол жеткізілген өнімділік жағдайында бұл елдің ішкі тұтынуын және экспортты айтарлықтай ұзақ келешекте қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Барлық негізгі кен орындары мен көмірсутек шикізатына арналған келешегі бар алаңдар Каспий маңындағы

мұнай-газды провинцияда және Каспий теңізінің айдынында орналасқан. Көмірсутектерді өндіру жыл сайын өсіп келеді. 2010 жылы шамамен 74 млн. тонна мұнай, 30 млрд. текше метрден астам жанғыш газ (2009 жылға қарағанда, тиісінше 3%, 8 % және 18 %-ға артық), 4 млн тоннадан астам конденсат өндірілді. Барлығы бұл провинцияда көмірсутектерді өндірумен және барлаумен айналысатын 176 компания жұмыс істейді. Басқа қалған шөгінді бассейндерді, оның ішінде едәуір көмірсутек қорларын анықтау болжанып отырған Зайсан және Сырдария ойпаттарына одан әрі зерттеу жүргізу, сондай-ақ Каспий теңізінің қазақстандық қайраңының мұнай-газдылығын жоспарлы геологиялық зерттеуді жалғастыру қажет.



Көмір. Қазақстан расталған көмір қоры бойынша әлемде жетекші орындардың бірін алады, елдің негізгі көмір өндіруші кәсіпорындары ұзақ келешекке арналған өнеркәсіптік көмір қорымен қамтамасыз етілген. Қазақстанда қорлардың географиялық әркелкі орналасуы, олардың Оңтүстік, Шығыс және Батыс өңірлеріндегі тапшылығы көмір саласының басты

проблемасы болып табылады. Оны шешу үшін, оларды пайдалану экономикалық тұрғыдан ақталған объектілерді анықтау мақсатында, осы өңірлердегі барлық кен орындарына, көмір көріністеріне және келешегі бар құрылымдарға геологиялық-экономикалық және болжамдық бағалау жұмыстарын жүргізу қажет. Қарағанды бассейнінің көмір қабаттарында кеңінен шоғырланған метанды өндіру және кәдеге жарату мәселесі зерттеуді талап етеді. Осы мәселені шешу Орталық Қазақстанның халқы мен өнеркәсіптік кәсіпорындарын газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

контактов между людьми, порождаемый потребностями совместной деятельности и включающий в себя обмен информацией, выработку единой стратегии взаимодействия, восприятие и понимание другого человека. Уважая культуру друг друга, людям необходимо находить общий язык во избежании конфликтов. Мы видим и понимаем окружающую нас реальность в зависимости от родного языка, играющего главную роль в восприятии мира. Но даже последствия культурных конфликтов помогают взглянуть на мир по-новому, открыть другие отношения, другие принципы и ценности, новые горизонты общественного сознания и осознания необходимости уважения и терпимости к чужой культуре. Человек должен осознавать последствия столкновения культур, поэтому должен быть толерантным. Это принятие людей, с их особенностями, без критики и осуждения, позволяющее выстроить доверительные отношения. Толерантность – общественное явление, формирующееся на протяжении большого временного промежутка и предполагает отсутствие у человека вражды, неприязни к другим людям непохожим на него по разным признакам. В социуме, пестрящем разными культурами и национальностями – это необходимое явление.

Литература

1. Ведин Т.И. Введение в языкознание: учеб. пособие для педвузов. М.: Высшая школа, 2001. С.23.
2. Чепкасова Е.В. Соотношение естественных и искусственных языковых систем в науке // Известия СПбГЭТУ «ЛЭТИ». Серия «Гуманитарные науки». — 2003. №2. С. 14-16.
3. Мусаев К.М. «Казахский язык», 2012-315с.
4. Тер-Минасова С.Г. Война и мир языков и культур: (Учеб.пособие) - М.: Слово/Slovo, 2008.-344 с.
5. Комиссаров В. Н. Современное переводоведение : учебное пособие. – М. : ЭТС. – 2002. – 424 с.

Оданова С.А.

Сәтпаев университеті
Жобаларды басқару институтының
қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к.

ТІЛДІК ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Аннотация

Мақалада Абай тілінде көне түркі тіліне тән қолданыстар жиі кездесетіндігі талданды. Әдеби тілден өзгеше формалардың қолданылуы, кітаби тілдің, яғни шағатайшаның әсері деп білеміз. Ақын көне түркі тілінің негізгі фонетикалық ерекшеліктерін біліп, оны ұтымды қолдана білген. Өлеңдерінде көбіне ұйқас құрау, буын құру үшін пайдаланса, қара сөздерінде әдейі ескі қазақ жазба тілі үлгісінше қолданған.

Кілт сөздер: Абай, Абай тілі, фонетикалық ескіліктер, тілдік ерекшеліктер, түркі тілдері.

Белгілі ғалым, академик Рабиға Сыздықова ақын-жазушылар шығармаларының тілі оның өз қаламына тән шеберлік тәсілдері мен өзге де тілдік ерекшеліктерін талдау тұрғысынан зерттелуі керек дейді [1, 384].

Біз бұл зерттеу жұмысында Абайдың жекелеген сөз қолданыс ерекшеліктерін,

оның ішінде кейбір ерекше фонетикалық қолданыстары жайында сөз қозғаймыз. Абайдағы ерекше фонетикалық қолданыстар әдеби тілдің қазіргі нормасымен салыстырыла талданады. Абай тіліндегі фонетикалық тұлғаларды талдағанда түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері деректері пайдаланылады.

Ал тақырыбымызда «фонетикалық ескіліктер» деп те атап көрсеткен себебіміз, біз талдайын деп отырған «ұғлы, тұғры, тұғралы, түзік, ұлық» формалары көне түркі ескерткіштеріне тән. Бұлар қазіргі қазақ тілінде қолданылмаса да жекелеген авторлардың тілі мен ауыз әдебиеті үлгілерінде көне түркі тіліне тән формада сақталған.

Фонетикалық ескіліктер деген ұғымды ғалым Р.Сыздықова енгізген болатын. Ғалым ескіліктердің типтері:

- а) «көне сөздер (архаизмдер);
- ә) ескірген сөздер (историзмдер);
- б) фонетикалық, морфологиялық, орфограммалық ескіліктер» деп көрсетеді [2, 272].

Біз Абайдағы фонетикалық ескіліктерді «Сөз ортасында «г/ғ» дыбысының сақталып жазылуы және «Сөз соңында «к/қ» дыбысының сақталуы» деп ажыратып қарастырдық.

Сөз ортасында «г» дыбысының сақталып жазылуы.

Ұғлы «ұлы»:

1. Буынсыз тілің,

Буулы сөзің

Әсерлі адам ұғлына.

Кісінің сөзін

Ұққыш-ақ, өзің,

Қисығын түзеіп тұғрыға [3, 294].

2. Әрбір ғалым – хақим емес, әрбір хақим – ғалым. Ғалымдарының нақлиясы бірлән мұсылман иман тақлиди кесіп қылады. Хақимдердің ғақлияты бірлән жетсе, иман якини болады. Бұл хақимдерден мұрад – мұсылман хақимдері, болмаса ғайри діннің хақимдері – әғәрше фатлұбни тәжидуни делінсе де, дүниенің һәм адам ұғлы өмірінің сырына жетсе де, діннің хақ мағрифатына жете алмағандар (38-қара сөз).

3. Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері тұғралы біраз сөз жазып ядкар қалдырайын (38-қара сөз).

Қазақ әдеби тілінде ұл түрінде жұмсалатын сөзді Абай ескі жазба тіліне сәйкес **ұғыл** (адам ұғлы) фонетикалық вариантында қолданған. Көне түркі тілі мен шағатайшада сөз ортасындағы «ғ» дыбысы қазақ тілінде көп жағдайда түсіп немесе «у»-ға ауысатыны белгілі. Мысалы, көне түркі тіліндегі **уғыл, тұғры, ағу, сығыр, ағыр, йағуқ** сөздері қазіргі қазақ тілінде **ұл, тура, у, сиыр, ауыр, жуық** боп өзгерген. Ескі жазбаларда (шағатай ескерткіштерінде) көне түркі тіліндегі фонетикалық құбылыстар сақталған.

Сол себепті Абай қолданған шағатай тілінің өзгешеліктерін тілдік тұрғыдан зерттеу маңызды. Мысалы, жоғарыда айтылған Абайдың **ұғыл** формасын көне түркі тіліне тән ерекшелік деп қарастырсақ әбден болады.

Қазақ тіліндегі ұл сөзі

орхон ескерткіштерінде **оғыл** (Күлтегін),

көне ұйғыр жазулы мұраларында **оғул** (Maiytrisimit 8-40), Қарахан дәуірі жазбаларында **оғыл/оғул**: *Атасы ачығ алымла йисе оғылының тиши қамар* (мақал) «Әкесе ащы алма жесе, ұлының тісі қышиды» (DLT (Divanu lugatit türk) 421/330);

орта ғасыр Алтын орда, Хорезм дәуірі мұраларында **оғул** (ME. (Mukkadimetul edeb) 196-7...);

қыпшақ ескерткіші Кодекс куманикуста **овул** (CC (Codeks Cumanicus) 60a/22...) түрінде қолданылған.

Ұғыл варианты қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде де сақталған:

1. Ер **ұғыл** тап, еркеленіп жат [4, 119].

2. Жарлының ұғлы болғанша, байдың құлы бол [4, 174].

3. Сыйлаганды сыйла, атаң құлы түңілер, сыйламағанды сыйлама, пайғамбар ұғылы түңілер [«Бабалар сөзі» (2005). 66-69 т. – Астана: Фолиант.].

Тұғры «тура».

Тілімізде *тура* деп жазылатын сөз Абай өлеңінде бір жерде көнеше *тұғры* тұлғасында жұмсалған:

1. Буынсыз тілің,

Буулы сөзің

Әсерлі адам ұғлына.

Кісінің сөзін

Ұққыш-ақ, өзін,

Қисығын түзеп *тұғрыға* [3, 294].

Түркі ескерткіштері мен тілдерінде талдап отырған сөзіміз кең таралған:

Көне ұйғыр жазба мұраларында *тоғру* «тура, дұрыс» (EUTS (Eski uygurca sözlük) 243).

Диуани лұғатит түрkte *тоғру* «қылыш, қанжар немесе пышақтың сабына салынатын ұшы» (DLT 212/182).

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде *тоғру* «дұрыс, тура» (KıpTS (Kıpçak sözlüğü) 279)

Шағатай жазбаларынан Лутфи диуанында *тоғры* «тура» (LD 614).

Анадолы түрік жазба жәдігерлерінде *тоғры/доғры/тоғру/торғу* «дұрыс» (YeniTS (Tarama sözlüğü) 208).

Тұғралы «туралы»: Әдеби тілде *туралы* деп айтылатын сөз, қара сөзде *туғралы* деп көнеше жұмсалған:

Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері *тұғралы* біраз сөз жазып ядқар қалдырайын (38-қара сөз).

Абайдағы *туғралы* деген фонетикалық форма *ұғыл* сияқты мысалдар қатарына жатқызылады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде *туғралы* түріндегі сөз қазіргі қазақ тілінде *туралы* фонетикалық вариантында жұмсалады. Абай қара сөздерінде шағатай тілінің дыбыстық заңына сәйкес *тұғралы* деген нұсқада қолданылған.

Бұл форма қазірі түркі тілдерінде кең таралмаған, шағатай тілінің заңды жалғасы деп саналатын қарлұқ тілдерінде ғана көнеше айтылады. Мысалы:

Ұйғыр т. *тоғрулуқ* «туралы» (YUTS 416); өзбек тілінде *тоғрида* «туралы» (УТИЛ II 261).

Қырғыз бен қарақалпақ тілдерінде у дыбысының ұзын дауысты болып жазылуы оның ертеректе «ғ»-дан келгенін көрсетеді:

Сөз соңында «к/қ» дыбысының сақталуы.

Көне түркі тілінде «сөз соңындағы «ғ/г» дыбыстары» сақталатыны аян. Мысалы, *улуг, торуг, сүңгүг, сарыг, кичиг, елиг, арыг*, т.б.

Ал сөз соңындағы «г/ғ»-лар ескі қазақ жазба тілінде (шағатай т.) «к/қ» дыбыстарына ауысты.

Мысалы, *улук, торук, сүңгук, сарык, кичик, едик, арык*, т.б.

Қазіргі қазақ тілінде болса, сөз соңындағы «ғ» немесе «қ» дыбыстары жазылмайды. Жоғарыдағы сөздер қазақ әдеби тілінде *ұлы, торы, сүңгі, сары, кіші, елі, ару* боп жұмсалады. Десек те, әдеби тіліміздегі *ыстық* (негізі, *ыссы* болу керек), *құдық* (*құйы* (төбесіне *құй* қазу), *ұлық* (*ұлы*), *ұрық* (*ру*) т.б. сөздерде көне вариантында сақталған.

Сондай мысалдарға Абайдағы «**түзік**» тұлғасын жатқызамыз.

Түзік «түзу».

Абай шығармаларында кейбір сөздердің соңында «к/ғ»-лардың сақталғандығын көруге болады. Мысалы, қазіргі тілімізде *түзу* тұлғасында жұмсалатын сөз қара сөзде

түзік болып қолданылған:

Тамам жұртқа бұзық болма, **түзік** бол деп жарлық шашып, жол салады екен. **Түзікті** бейіске шығарамын деп, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіріп, біреуін жаманшылыққа мейілдендіріп, өзі құдайлық құдіретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жаманшылыққа бұрып жіберіп тұрады екен (28-қара сөз).

Р.Сыздықова «**Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол**» дегенде *түзу* орнына *түзікті* Абай тұлғалық параллелизм (бұзық – түзік) жасау үшін пайдаланған дейді [8, 143].

Сонда *түзік* шағатай тілінің әсері емес, *бұзық* сөзіне ұйқас үшін таңдалған тұлға деп тұжырымдайды.

Түзік формасы Шал ақында да кездеседі:

Бұл дүниенің мысалы

Ұшып өткен құспен тең.

Өмірде көрген жақсылық

Ұйықтап өткен түспен тең.

Атадан мирас ақылың,

Түзік айтқан мақұлың

Ләзім болған іспен тең.

Үлкеннен көрген зорлығың,

Ойлап тұрсаң, бозбала,

Дұшпаннан көрген күшпен тең (Шал ақын).

Дүзу «түзу, дұрыс».

Әдеби тілдегі *түзу*, көне ескерткіштердегі *түзік* сөзін Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты мақаласында **дүзу** түрінде де береді:

Ұлұқ/ұлығ «үлкен, жасы үлкен; ұлы (бек, әмір, сұлтан, мырза, басшы, төре, ұлық мағынасында емес)».

Көне түркі жазба ескерткіштерінде *ұлуғ* деп айтылатын сөз қазақ әдеби тілінде *ұлы* деп жұмсалады. Қазақ тіліндегі *ұлық* деген варианты «төре, әмір, әкім, бек» мағынада әрі көне қазақ жазба тілінде (шағатай) қолданылған (ҚТТС 858). Ал Абайда *ұлығ* сөзі бастапқы мағынасында жұмсалған:

1. Естілер де ісіне қуанбай жүр,

«Ел азды» деп надандар мұқаймай жүр.

Ала жылан, аш бақа күпілдектер

Кісі екен деп **ұлықтан** ұялмай жүр [11, 9].

Қыпшақ және оғыз тілдерінде *ұлы* нұсқасында кең таралған. Ал Абайда шағатай әдеби тіліндегідей көне формасы мен мағынасында жұмсалған.

Ұлы ақын тілінде шағатай тілінен бөлек қазіргі қазақ тіліне тән фонетикалық өзгешеліктер де жоқ емес. Қазіргі күні ауызекі тілде, говорларда айтылатын нұсқалар Абай тілінде кездеседі. Ақын шығармаларындағы қазақ әдеби тілінен өзгешелеу қолданылған фонетикалық формаларға төменде келтірілген мысалдарды жатқызуға болады. Қарамен белгіленгендер Абай тіліндені формалар болса, жақша ішіндегілер әдеби тілдегі нұсқалары:

Айлану (әдеби тілде *айналу*):

Мүмин болсаң, әуелі иманды бол,

Бендеге иман өзі ашады жол,

Шыр *айлан* да, таза ойла бір иманды,

Мұнафиқ намаз қылмап па, мағлұм ғой ол (Абай 298).

Р.Сыздық әдеби тілдегі *айнал-* деп қолданылатын етістік ауыз әдебиеті өлеңдерінде, ескі жырларда көбіне *айлан-* деген көне вариантта кездесетінін жазады [2, 107].

Юлдашев *айлан-* етістігінің түркі тілдерінің барлығында дерлік *айлан-* боп

жұмсалатындығын айтып, тек қазақ тілінде *айнал-* боп айтылатындығын ескереді [13, 311].

Орта ғасыр жазба мұралары деректеріне жүгінсек, *айлан-* нұсқасының көнерек екендігін аңғарамыз.

Ашау (*асау*):

«Ең семізін ілейін

Кызық қылып *ашарға*», –

Деді-дағы, аралап,

Жабысты келіп қошқарға (Абай 396).

Р.Сыздық осындағы *ашау* қолданысын көнеден келе жатқан жалғастық деп табады:

«Ашау сөзі бірқатар түркі тілдерінде «тамақ жеу, тамақтану» мағынасын білдіретіні сияқты, ертеде қазақ тілінде де осы мәнде қолданылып келген болу керек. Абайда ол реликт (қалдық) ретінде көрінеді» [1, 140].

Расында, *ашау* етістігінің екі рет қолданылуы сәйкестік емес. Бұған қарап, бұл форманы Абайдың әдейі қолданғанын немесе сол кездегі халық тіліне тән форма екенін аңғарамыз. Жалпы екі дауыстының ортасындағы «с» дыбысының ауызекі тілде «ш» боп айтылуы бек мүмкін.

Өзге түркі тілдерінде *ашады* деп айтылатын сөз тек қазақ тілінде *асады* деп айтылатынын да ескерген жөн.

Беркіну (*бекіну*):

Жігерлен, сілкін,

Қайраттан, *беркін*.

Деп насихат бергенде (Абай 137).

Берік сөзімен байланысты *бекін-* етістігі (ЭСТЯ II 116-120) Абай тілінде *беркін-* деген көне формасында жұмсалған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *беркі-* «беку, шынығу, төзу» етістігі көнерген сөз деп берілген (ҚТТС 127).

Досшар (*дос-жар*):

Ағайынын, *досшарын*

Жиып алып үйіне,

Жылады шағып мұң-зарын.

Болыстық қыл деп күйіне (Абай 391).

Мұнда тілдегі *дос-жар*, *дос-жаран* деген актив нұсқасының орнына ілгерінді ықпал нәтижесінде өзгерген *досшар* деген ауызекі тілде айтылатын варианты пайдаланылған.

Ештеме (*ештеңе*):

Надан қуанар, арсаңдар,

Таңырқап тұра қалсаңдар.

Татымды *ештеме* болмас,

Адамсып босқа талтаңдар (Абай 132).

Орфографиялық ережеге сай *ештеңе* деп жазылатын сөз, ауызекі тілде *ештеме* деп айтылады. Абайда *ештеме* деп айтылуы бойынша берілгенге ұқсайды.

Ылай (*лай*)/**Ылайлау** (*лайлау*):

Малға сат, пайдаға сат қылығыңды,

Ылайла ылай оймен тұнығыңды,

Сонда өмірден алдамшы бола алмассың ,

Ол білдірмей ұрламақ қызығыңды (Абай 263).

Қазіргі қазақ тілінде *лай* немесе *лайла-* деп жазылып жүрген сөз, Абай тілінде айтылуы бойынша жазылғанға ұқсайды. Өйткені қазақ тілінде «л, р» әріптерінен басталып жазылатын сөздердің (лай, лак, лайық, лас, рай, рақмет, разы, рас, рет) алдында айтылуда дауысты дауысты дыбыс қосылады (ылай, ылақ, ылайық, ылас, ырай, ырақмет, ыразы, ырас, ірет).

Абай қара сөздерін қолжазбадан оқығанымызда онда «р» немесе «л»

дауыссызымен басталатын сөзді кездестірмедік, барлығында «ы» немесе «і» дыбысы қосылып жазылған. Мысалы, «Ей қайрат, сенің айтқанұңның бәрі де *ырас*. Ол айтқандарұңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары *ырас*, сенсіз болмай тұғұны да *ырас*».

Жоғарыда келтірген мысалдардың барлығы Абайда бір немесе екі рет қолданылған нұсқалар. Бұл мысалдардың түгелі Абай шығармаларының 1961 жылғы бір томдық толық жинағы мен 1909 жылғы араб жазулы нұсқаларынан алынды. Қазіргі қазақ тілінен өзгешеленетін қолданыстар түпнұсқа мәтінмен де салыстырылып қаралды.

Қорыта келгенде, Абай тілінде көне түркі тіліне тән қолданыстар жиі кездеседі.

Әдеби тілден өзгеше формалардың қолданылуы, ең бірінші, кітаби тілдің, яғни шағатайшаның әсері деп білеміз. Ақын көне түркі тілінің негізгі фонетикалық ерекшеліктерін біліп, оны ұтымды қолдана білген. Өлеңдерінде көбіне ұйқас құрау, буын құру үшін пайдаланса, қара сөздерінде әдейі ескі қазақ жазба тілі үлгісінше қолданған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сыздықова Р. (2014) Абай шығармаларының тілі. – Алматы: «Ел-шежіре». – 384 бет.
2. Сыздық Р. (2009) Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс. – 272 бет.
3. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы (1961). – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. – 696 бет.
4. Бабалар сөзі (2005). 66-69 т. – Астана: Фолиант.
5. Kunos I. (2013) *Kazan Tatar Manileri* (çev. Kaçalin M.). – Ankara: TDK Yay. – 140 s.
6. Ölmez M. (2007) *Tuvacanın Sözcükleri Eski Türkçe ve Moğolca Denkleriyle*. Wiesbaden. – 516 s.
7. Вербицкий В. (1884) Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка. – Казань: 1884. – 494 с.
8. Сыздықова Р. (1968) Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ғылым баспасы. – 336 б.
9. Gulsevin, G. (2016) “What Kind of Oghuz Dialects Were Spoken in the 11th Century?” *BILIG*, pp.269-300, KİŞ 2016 / SAYI 76. http://bilig.yesevi.edu.tr/shw_artcl-791.html
10. Adilov M. (2019) On some Mongolian words preserved in Kazakh idioms. *Turkbilig*. - 2019. V.38.- P.119-142.
11. Абай (1909). – Санкт-Петербург: Восточная печать. – 120 бет.
12. Малов С. (1957). Язык желтых уйгуров, словарь и грамматика. – Алматы: Наука. – 196 с.
13. Юлдашев А.А. (1961). Глаголы чувственного восприятия в тюркских языках, Историческое развитие лексики тюркских языков. Москва: Наука.

АННОТАЦИЯ

В статье проанализированы основные языковые особенности творчества Абая с фонетических точек зрения. Историко-сравнительным методом были изучены фонетические формы в произведениях поэта, характерные для древнетюркского языка.

На фоне фонетических особенностей были рассмотрены такие примеры, как «уғлы, туғры, туғралы, түзік, ұлық» и др. Эти фонетические архаизмы были проанализированы на основе данных тюркских памятников и языков. Сделаны выводы о их причастности к чагатайскому и казахскому языкам. В заключительной части статьи было обсуждено отражение фонетических вариантов, произносимых только на устном языке, в произведениях Абая.

Ключевые слова: Абай, язык Абая, фонетические особенности, фонетические архаизмы, тюркские языки.

All the examples used in the article are variants that were used once or twice. All these examples are taken from the one-volume complete works of Abai and the Arabic written versions of 1909. Unlike the modern Kazakh language, it was compared with the original text.

In his poems, he was often used to compose a sonata, create a syllable, in words of edification, he was used on the model of the old Kazakh written language.

In the final part of the article, we discussed the reflection of phonetic variants, pronounced only in the oral language, in the works of Abay.

Keywords: Abay, Abay language, phonetic features, linguistic characteristics, Turkic languages.

Дармен Қалиолаұлы
Саясаттану ғылымдарының магистрі
Л. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық
Университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасының
аға оқытушысы
(Астана қаласы, Қазақстан)

Ұлттық ділдің қалыптасуының ерекшеліктері

Ұлттық діл қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік әлеміндегі маңызды қазынасы. Онда халықтың сан ғасырлық өмір тәжірибесі мен жадысы, ізденісі мен түсінігі жинақталған. «Халқым қалай десең, салтынан сынап біл» дегендей, ұлттық діл арқылы бір ұлттың мінез-құлқын, үлгі өнегесін, зейін зердесін, даналығы мен даралығын, шешендігі мен тапқырлығын, ақыл-ойын байқауға болады, әрі сол халықтың табиғат пен өмірге, өзін қоршаған жанды-жансыз әлемге деген моральдық, танымдық, этикалық, эстетикалық көзқарастарын байқауға болады. Атап айтқанда, ұлттық діл ұлт рухының өзегі, мәдениетінің діңгегі, тілінің тірегі.

Ұлттық діл қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері бар, оның мазмұны мен формасы күрделі процесстердің туындысы. Діл алдымен адамның туған-өскен табиғи географиялық ортасын негіз етеді, материалдық, әлеуметтік, саяси және идеологиялық жағдайларға сәйкес формаланады. Осынау фундаменталды факторларға сәйкес ұлттық діл біртіндеп адамның ойлау жүйесін, мінез-құлқын, қайрат-жігерін, әдет-ғұрпын, ойын-сауығын және басқа да мәдени-рухани қасиеттерінде көрініс табады.

Әсіресе, жеке адамның өмір сүру салтына, күнделік тұрмысына, уақыт ритміне көмескі және көрнеу ықпал ететін азықтану, климат, топырақ, су секілділердің тарихи ұқсастығы, ортақ тек туралы мифологиялардың таралуы, өзара қан араласу, ұлттық тілдің қалыптасуы, дәстүр және сенім жүйесінің бәріне бірдей болуы ұлттық қасиетті күшейтіп, ұлт бірегей сана ортақтығына ие бола бастайды.

Осынау ортақ қасиеттер тарихи жалғасым ретінде ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, тыңнан сомдалып, біз қарастырып отырған ұлттық ділге ұйиды. Ұлттық діл жеке тұлғалардың өмір кешірімесінде маңызды өлшем ретінде орнығып, сансыз жаңа жағдайларға бейімделіп, көне жағдайлардан жұрнақ алып, ұттық сана негізі ретінде ұлт мүшелерінің жан дүниесінде жарқырайды. Ол өсіп-өркендеу мен әлеуметтік коммуникация барысында әртүрлі нәрселерді белгі етіп, әртүрлі құндылықтарға жүктеліп, ұрпақтан ұрпаққа көшіп отырады, әрі үздіксіз жетілуді, немесе керісі солғындауды бастан кешіреді.

Ділдегі өзгеріс үшін жеке өмірде, қоғамдық кеңістікте, наным-сенім түсініктерінде тарихи сипатты өзгерістер жүз беруге тиіс. Алайда бұл факторлардың өзі ділді түбегейлі

ауыстыруға жеткіліксіз, өйткені ұлттық сананың қорғаныс қабаттарында ұлттық ділді қорғайтын жүйелер үздіксіз іске қосылып, ұлттық қайсарлық арқылы ұзаққа ұласады. Бұл тұрғыда, біз діл өзгерісін жер қыртысындағы тым баяу өзгеріске ұқсатуымыз мүмкін, онда шұғыл жемірілулер болғанымен, тез ауысу сирек жүреді.

Діл әдетте тұлғаның рухани болмысының жасырын сана қабатына тәуелді болғандықтан, ділде бейсаналық элементтер басым болады да, біз оны тікелей бақылап түсіне алмаймыз. Тек маңызды салт-дәстүр ұстанымдарын, өркениетті нышандарды, құндылықтарды, ерекше жағдайдағы ұйымдасу формаларын, өмірдегі ортақтықтарды талдау арқылы ділдің текжайын шамалаймыз. Ұлттық ділді ұлттық музыка мен сурет секілділер жанды суреттейді, дегенмен субъективті ұғым болғандықтан нақты тәжірибелік айқындау амалдарына бағына бермейді, ол қатал формалық нәрсе де емес, демек оны түсіндірудің бірегей әдіснамасы – «философиялық толғамды логика».

Діл әлемін жалпылама адамзаттық діл, ұлттық діл және жекелік діл леп үш қабатта қарастыруға болады. Адамзаттық діл – барша адам баласына бірдей ортақ, мейлі кім болса да тек адам болғаны үшін ие болатын ең жалпылық ділдік қасиет. Жер бетіндегі адамзаттың діл ортақтығы әрбір адамның сана түкпірінде сақталған болады. Адамзаттық діл арқылы жекелер мен халықтар өзара өзгешеліктері мен қайшылықты тұстарына қарамай, ішкі ортақтық сақтап отыр.

Ұлттық діл деп мәлім этникалық ұлттардағы ділдік ортақтық болып, оның мазмұны ұлт тарихы барысындағы дәстүрі мен мәдениетінен аңғарылады.

Ал, жекелік діл дегеніміз мәлім жеке тұлғаның жан дүниесінің арғы түкпіріндегі адамзаттық және ұлттық ділді қамтыған, бірақ өзіндік сезіну мен түйсінуге құрылған діл жүйесі. Онда жекенің қалыптастырған рухани құндылықтар жүйесі, өмірге құштарлығы, аңғарымы мен сезінуі жататыны сөзсіз.

Ұлттық ділдің қалыптасу және тұрақтылық ерекшелігіне орай, оны үйінді діл, иінді діл, таңдалым ділі, жаратылым ділі және айным діл деп беске бөліп қарастыруға болатын секілді. Мұндағы ұғымдардың бәрі шартты, салыстырмалы айтылған. *Үйінді діл* – адам адам болғаны себепті сақталатын, жойылмайтын, тұрақты сипаты басым діл бөлігі болып, біздің адами қасиет деген кезіміздегі рухани дүниеге тән бөліктерді айтамыз. Ұлттық ділдегі ақиқат, сұлулық және ізгілік өлшемдері осы ділдің нәтижесі деуге болады. *Иінді діл* деп жекелерді рухани әлемде тұтастырып тұрған игі ықпалды, аса мәнді діл мазмұндары. Әсіресе адамның өз ұлтының атамұра дәстүрлеріне қарата жауапкершілік сезімі осы бөлікпен байланысты. Ал, *таңдалым ділі* деп сыншыл талғампаздықпен діл мазмұндарын екшеп, бағалыларын таңдауы, уақыты өткендерін шығарып тастауы. Мұндай екшеу ділде өзгерістер жүз беруге оң бағытта көмектеседі. Ал, *жаратылым ділі* деп адамның өз-өзін жаратуы көзде тұтылады. Жаңа нәрселер жаратылып, көне нәрселердің орнын басуы осы жаратылым діліне қатысты деуге болады. Ал, *айным діл* деп мешеу немесе әлсіз ұлттардың діл жүйесіндегі қатып-сему мен қажетсіз бағытқа қарай құлдырауларды айтуға болады. Бодандыққа ұшыраған халықтар діліндегі бұл құбылысты өзі азғындау деп бағаласа да, көбіне оны жеңудің жолын таба алмай, мәдени-рухани қайшылықты күй кешеді.

Қорыта айтқанда, діл ұзақ замандық ұлттық тарихтың туындысы, оның табиғатын тарихи оқиғаларды және тарихи мәдени туындыларды зерделеу арқылы ғана шындап анықтай аламыз. Ұлттық ділдің құрылымы мен тарихи қалыптасу процессін тану бізге ұлт болмысын танудың маңызды кілтін ұсынады.

ӘОЖ 130.2

Мантаева Т. PhD, аға оқытушы,

Ғайыпназаров Б.Б. философия магистры, аға оқытушы

Жаппарбекова А. магистр, аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІ

Резюме

Абай казахский [поэт](#), композитор, просветитель, мыслитель, общественный деятель, основоположник казахской письменной литературы и её первый классик, реформатор культуры в духе сближения с русской, а также европейской культурой на основе просвещённого [ислама](#).

Summary

Abai was a [Kazakh](#) poet, composer and philosopher. He was also a cultural reformer toward European and Russian cultures on the basis of enlightened [Islam](#).

Тұлға мәселесі әлемдік мәдениет үшін де, қазақ философиясы мен мәдениеті үшін де үнемі өзекті мәселе болды. Адамды өзінің ең негізгі зерттеу объектісі ретінде қарастырған философия ғылымының тарихында тұлға – жалпы адам ұғымының ең жоғары мәні, онымен салыстырғанда нақты, мазмұнды, интеллектуалды, рухани дамыған, азаматтық ұстанымы бар, өзін бағалай білетін, этикалық және эстетикалық құндылықтарды бойына жинаған адам. Қазақ халқының түсінігінде «тұлға» ұғымы «кісілік» ұғымына сәйкес, яғни пендешіліктен аулақ, белсенді ойлауға қабілетті, адамгершілігі биік, ұлты мен елінің қамын ойлаушы, өзі өмір сүріп отырған кеңістік пен уақыттың ғана емес, болашақтың дамуын өзгертуші, айрықша ықпал етуші адам. Тұлғаның тағы бір түсінігі – жан мен ақылдың бірлігіне ие, өзін ғана емес, әлеуметтік динамиканы да бақылау қабілетіне жеткізетін интеллект иесі, текті, кемел адам (Абай сипаттаған «Мен» ұғымы). Абай – халқының жарқын, тәуелсіз болашағы үшін күрескен, халқына риясыз қызмет еткен тұлға.

Абай – қазақ руханиятының темірқазығы. Абай мұрасы – тұнып тұрған философиялық тұжырымдар, тәрбиелік мәні бар, дидактикалық сарындағы өлеңдер. Абайдың шығармашылығына, жалпы шығыс ойшылдарының барлығына тән антропологиялық позиция, яғни адамның табиғатын зерттеу, адам руханияты, рухани азаттыққа қол жеткізудің жолдарын сипаттаған. XX ғасырда қазақ руханиятын, адам тұлғасын қалыптастырудың, тәрбиелеудің, жетілдірудің кәміл үлгісін көрсеткен ең кемел ойшыл – Абай. Абай өз замандастарына, өзінен кейінгі ақындарға, ойшылдарға жол көрсеткен данышпан, даналық ойдың алыбы. Адамзаттың ұлы мұраттарының бастысы – ұрпақ тәрбиесі, қателіктерге жол бермей, адаспайтын парасатты азамат қалыптастыру жолындағы ізденістер Абайдай айқын, жеңіл етіп түсіндірген ойшыл жоқ. Ақын өмірінің соңғы жылдарында барша жинап-терген білімі мен өмір тәжірибесін сараптай келе, өлең жолдарымен емес, қара сөзбен қорытып жазған, сол жазбалары кейінгі ұрпаққа «Қара сөздер» ретінде қалғаны белгілі. Абайдың қара сөздері ойшыл ақынның бұрын-соңды оқып, қорытқан ілімінің, пәлсапалық түйіндерінен тұрады. Қара сөздерде өз ұлтымыздың табиғатын, өзге ұлттардан айырмашылықтарымыз бен кемшіліктерімізді жете ашықтап жазған, әрі қазақ азаматтарының болашағы жарқын болуы үшін не істеу керектігін айтып кеткен. Адам тұлғасын қалыптастырудың қыр-сырын өлеңдерінде жырлаған. Жан мен тән, рух, адамның адамдығын арттыратын және адамды тоздырып қор ететін қырсықтықты, керітартпа мінез сипаттарын атап көрсеткен.

Абай философиясы адам болып қалыптасудың, өмір сүрудің мәнін, ақиқатты табудың жолын көрсетеді. Адам – өлуге қабілетті, саналы тіршілік иесі. Бірақ өмірге адам болып келген тіршілік иесі нағыз адам болып өмір сүру үшін өзіне есеп беріп, кісілік келбетті сақтап, өзін-өзі дамытып, жетілдіруі керек.

«Кейбіреулер айтады: «Ақыл жибили болмаса, талап – жибили. Талап берген адам ақылды тапты, талабы жоқ кісі таба алмады» дейді. О да бекер. Талап балада бар, оған талас қылуға болмайды» [1, б. 112].

Абай адамның бәрі тең, тұлғалық болмысын дамыту, білім игеріп, өнер үйрену – бұл әр адамның талабы мен мақсатына байланысты деп санайды. Өзгемен өзін салыстырып, өзгені пір, өзін қор тұту – адамның надандығы мен білімсіздігін көрсетеді. Ойлы, білімді адам өзіне талап қойып, жарыққа ұмтылады.

«Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.
Мені мен сен тең бе едің деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі – ол баяғы.
Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Кез жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!» [2, б. 46].

Уақыт деген – пәлсапалық категория. Уақыт – өмірдің өлшемі, уақыт арқылы кез келген адам өмірінің қаншалықты өнімді, пайдалы, нәтижелі өткізетінін бағамдауға болады. Уақыт жылдам өтеді, сондықтан есті кісі әр минутын тиімді өткізіп, өмірде өз жолын тауып, балалық шағы өтіп, есі кірген уақыттан жеңілмеуге тырысуы керектігін Абай дана қадап айтқан. Адамның өмірден өз орнын табуы, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, тұлға ретінде қалыптасуы әр адамның еңбекқорлығына, талпыну, талаптануына байланысты. «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» деген Абай бабамыз. Адам өмірдегі өз орнын табуы, «атын адам қойғасын, надан болмай, Адам болуы» үшін талаптану, ұмтылу, қиындықтың бәріне төзіп, тынбай оқып, білім алып, «надандық қамытынан» арылудың жолын көрсетеді. Абай қара сөздерінде де жастық өмірдің жалынды ғұмырын ысырап етпей, жанталасып, қай өнерге, қандай мамандыққа икемі, қабілеті, бейімі бар екенін байқап, өнер не кәсіптің бір түрін игеріп, интеллектуалдық қуатын соған бағыттап, өнімді еңбектеніп, жеке тұлға болып қалыптасуының маңыздылығын айтқан.

Абайдың пәлсапасында Еуропа ойшылдары, әлемдік философиялық ой өкілдері болып табылатын көптеген ойшыл, кейінгі ортағасырдың, жаңа дәуірдің ойшылдары айналысқан ғылыми проблема – антропологиялық, яғни адам мәселесі, адам өмірінің мәнін іздеу, мінезін түзеу, жақсы қасиеттер мен әдеттерді бойына қалыптастыру мәселесі кеңінен талқыланған.

Абай бабамыз бала кезінен шығыс шайырларын, шариятты, әлемдік, орыс әдебиеті мен ойшылдарын көп оқып, терең білім алып, ұлттық дүниетаным шеңберінен шығып, әлемдік деңгейдегі гуманист ойшылға айналды. Абайдың дүниетанымы біздің ұлтымыздың шамшырағы іспетті, дәл біздің мінезімізді, кемшіліктеріміз бен артықшылықтарымызды біліп, қазақтың бақытын, қазаққа не керектігін тереңінен білген, ұрпақтарына философиялық жырлары мен қара сөздерінде талдап, түсінікті етіп жеткізген.

Әр халықтың рухани, адамгершілік тіреуі болған даналары бар. Қазақ халқының дүниетанымындағы негізгі тұлғалардың бірі – Абай Құнанбайұлы. Ұлы ақын 18-қара сөзінде: «Тегінде адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық» [1, б. 36] деп жазған.

Абай тәкаппарлық, менмендік, жалған намыс, өзіңді біреуден жоғары ұстау адамды жақсылыққа апармайтынын, адамды шынайы сүйіп, жақсылық жасап, ақиқатты іздеген адам ғана өмірден мән табатынын айтады. Абай танымындағы толық адам біреуге ешқашан қиянат жасамайды, дүниеге, материалдық байлыққа қызықпай, өзін рухани тұрғыда жетілдірген арлы адам, нұрлы жүректің иесі.

Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі [2, б. 59].

Мұхтар Әуезовтің өзі кемелдікке жеткен тұлға болмаса, Абайдың көркемдік-философиялық тұжырымдамасын жан-жақты зерттеп, кемеңгер ақынның тұлғалық ерекшелігін таныта алмас еді. Абай – адамзатты надандықтан, сана дағдарысынан құтқарып, рухани азат болудың үлгісін көрсеткен тұлға.

Адам өмірге келгенде білім, тәрбиесі болмайды, кейін тәрбие мен білім алу нәтижесінде бала жас ерекшеліктеріне сай қалыптаса бастайды. Сөйтіп, кезең-кезеңімен даралық ерекшелігін сақтай отырып, тұлға қалыптасудың деңгейлерінен өте бастайды. Соның барысында адамның идеалдары, мотивтері, әдеттері, сыртқы ортаға, адамдарға деген қарым-қатынас ерекшелігі, тұлғалық қасиеттері қалыптасады. Тұлға мәселесі, адам тұлғасын тәрбиелеу, қалыптастыру мәселесін қазақ ойшылдарының ішінен ең терең талқылаған, шығыс философиясы, ислам діні, шариғат тұрғысынан, сол кезде іргесі қалыптасып қалған психология ғылымы тұрғысынан талдай алған, тіпті белгілі бір деңгейде ғылыми сараптама жасай алған дана – Абай. Абайдың философиясы гуманистік, антропологиялық сипатта – адам мәселесі, адамның мінезін түзеу, өзін өзін тәрбиелеуі, тұлғалық қасиеттері талқыланды. 18-қара сөзінде Абай «Жақсы мінез – жан көркі» деген, адам мінезінің тағдырына әсер ететінін айтқан. Қазақ жастарының адамдықтан аттамай, ар, намысы бар, парасатты азаматы болып қалыптасуын негізгі мәселе ретінде қарастырып, адамгершілік туралы ой қорыта келе «Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіп қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді» дейді Абай 36-қара сөзінде [1, б. 68].

Тұлғалық қатынастар адами принциптер мен рухани игіліктер мен ізгіліктерді тудырады. Тұлға тұлғаны жасап шығады. Кемел адам – болмыс-бітімі, жаратылысы, ойлау жүйесі, танымы өзгеше, парасаты мен мәдениеті биік, білімі терең, Абайша айтқанда, «толық адам». Онымен сұхбаттасу, қарым-қатынас жасау адамға рухани азық, рухани күш береді.

Әрбір қоғамның даму тарихын, әлем сахнасындағы саяси орнын тұлғаларсыз елестету мүмкін емес. Тұлғалардың міндеті – қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеріп, шешімін тауып, қоғамды дертінен айықтыру.

Әдебиеттер

- 1 Құнанбайұлы А. Қара сөздер. – Алматы: Өнер, 2006. – 120 б.
- 2 Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2002. – 296 б.

Бакижанова Ә.Ж.
Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық
консерваториясының аға оқытушысы

Бөкей ордасындағы халық ағарту ісінің дамуы

Қазақстанның тарихында әртүрлі себептермен зерттелмей қалған мәселелер аз емес.

Еліміздің жекелеген аймақтарындағы халық ағарту ісінің дамуын соған жатқызуға болады. Қазақ даласында жоғарғы білімнің қалыптасуы ең алдымен Қазақстанның Ресейге қосылуымен, сауда-саяси факторлармен, қала орталықтарының құрылуымен, бастауыш және орта білім мекемелердің реформасымен, орыстардың демократиялық және батысеуропалық іліммен байланысты.

Ордадағы татар молдаларының саны жыл санап көбейгеніне қарамастан елдегі сауаттылық өте төмен дамыған. Татарлардың осындай діни мектептері Бөкей Ордасында XIX ғасырдың 70-ші жылдарына дейін жұмыстарын жалғастырды. Қазақ балаларының мұсылманша сауат ашуы жөніндегі жетімді мәліметтің XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. 1861 жылы Бөкей Ордасындағы 55 мұсылман мектебінде 1300 шәкірт, 1866 жылы 93 мектепте 3141 шәкірт ал 1872 жылы 154 мектепте 3821 шәкірт оқыған. Халық ағарту министрлігі 1870 жылғы Бұйрықтар жинағында шеттен келгендерге білім беруге байланысты мынандай міндет қойған: «Біздің еліміздегі шеттен келгендерді оқытудағы мақсатымыз оларды орыстандырып, орыс халқына қосу болу керек». Сол 1870 жылы (26 наурызда) патша үкіметі шеттен келгендер оқитын мектептер жөнінде Айрықша ереже шығарды. Осы ереже бойынша өзге халықтардың бәріне орыс тілін оқу міндеттелді. Бұған кейбір татар молдалары өздерінше қарсылық білдірді. Түсінбеушілік болмау үшін Орынбор мүптіі молдаларға мектептерге орыс тілін енгізу жөнінде қаулы таратты. Осыдан соң молдалардың қарсылығы басылды. Қазақ тілі оқытылмай қалды. Ресми мәліметтер бойынша 1872 жылы Бөкей Ордасындағы мұсылман мектептерінің саны 157-ге жеткен. Оларда 3821 шәкірт оқыған. Содан кейінгі жылдарда шәкірттердің саны азая бастаған. Мәселен, Ордадағы мектептер инспекторының мәліметіне қарағанда, 1888 жылы елдегі 52 мектепте оқыған ұл балалар саны 1262 және қыз балалар саны 102 болған. Бөкей Ордасы құрылған сәтінен бастап жойылғанға дейінгі кезеңдегі мұсылман мектептерінің жағдайы осындай болған. халық ағарту ісіне жаңа көзқарас қалыптаса бастаған қазіргі жағдайда жаңа үлгідегі білім мекемелері ашылуда. Міне осы үрдістің алғашқы бастамаларын, әсіресе бастауыш және орта білім мекемелерінің пайда болуын зерттеп, олардың жарғылары мен бағдарламаларын мұқият қарап шығу айтарлықтай қызықты. Өткеннің мәдени мұрасына ғылыми тұрғыдан қарайтын болсақ, қазақ ауылдары мен қала орталықтарындағы халық ағарту ісінің дамуын жалпылама анықтауға мүмкіндік аламыз.

XIX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап-ақ мемлекеттік мүліктер министрлігінде қазақ халқына білім беруді дамыту жөніндегі мәселе бірнеше мәрте көтерілген. 1823 жылғы «Кіші қырғыз ордасындағы сұлтандардың балаларын орыс тіліне және басқа ғылымдарға оқыту жөніндегі мәселелер бойынша» және 1827 жылғы «Қырғыз-қайсақтар арасында орыс тілін тарату шаралары жөніндегі мәселе» секілді мұрағат құжаттары осы сөзімізге дәлел болады.

XIX ғасырдың басында Астрахань өлкесінде небәрі екі орта оқу орны, бір уездік шағын халық училищесі және бірнеше жеке мектептер болған. Бұл жайлы петровтықтардың жалпы жиналысында жасалған хаттамалар мен есептерде жазылған. Аталған материалдарға қарағанда, кедей адамдардың басты халық училищесінде балаларын бес жыл бойы оқытуы мүмкін болмаған. Соның салдарынан көпшілік балаларын жеке мектептерге берген. Олардың ел арасында көп таралғаны да сондықтан. XIX ғасырдың ортасына дейін орыстардан өзге ұлттардың арасындағы сауатты адамдардың мөлшері шамамен 3 пайыздай болғанын айта кеткеніміз жөн. Жергілікті ұлт орыстардан кейін қазақтардың саны XIX ғасырдың соңында 254 мың адамға жеткен. Осы мәліметтер ғылыми қызметкерлердің алқасы дайындаған «Астрахань өлкесінің тарихы» деп аталатын түбегейлі еңбекте де айтылған [1, б. 145].

XIX ғасырдың ортасынан бастап, 1917 жылға дейін Ішкі Орда Астрахань губерниясының құрамында болды. Оның осыдан кейінгі бүкіл тарихы да Астрахань өлкесін және Қазақстанның тарихымен байланысты дамыды. Бөкей Ордасы Астрахань губерниясының құрамына 1876 жылы енген.

XIX ғасырдың соңғы жылдарында Қазақстанда мектептер, медреселер, приход

мектептері, православтық мектептер ашылған. Бұл ақпараттар Кеңестік кезеңде айтылған жоқ. Статкомитет ұсынған «Астрахань губерниясының 1903 жылғы статистикалық шолуы» осының нақты дәлелі бола алады:

Кесте

Атауы	медресе	мектеп	ұлдар	қыздар	Барлығы
Қырғыз даласы	---	74	1438	212	1650
Астрахань	26	96	3550	905	4555

Статистердің есебінде «.... Астраханда, Царевскіде, сондай-ақ Астрахань губерниясының уездерінде және қырғыздардың даласында медресе, мектеп деп аталатын мұсылмандық мектептер бар. Оларда қырғыздарды молдалар оқытады» деп көрсетілген [2, б. 82].

Халық ағарту ісінің қалыптасу және даму тарихын А.В.Алекторов, Н.И.Березин, А.В.Васильев, В.В.Вельяминов-Зернов, Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, А.Н.Харузин және басқа да көптеген төңкеріске дейінгі ғалымдар зерттеген. Осылардың арасында әсіресе А.В.Алекторовтың еңбегі қызықты әрі көлемді жазылған. Онда өлкедегі халық ағарту ісінің тарихы жөнінде көптеген мағлұматтар берілген. Дегенмен осы мәселені зерттеген кезде А.В.Алекторовтың отарлаушы өкіметтің шенеунігі болғандықтан бұл мәселені империяның тұрғысынан мәлімдегенін ескеруіміз керек. Сондықтан оның жинақтаған материалдарының маңызын мойындай отырып, мұсылмандық оқу мекемелеріне қатысты кейбір пікірлері мен көзқарастарына сыни тұрғыдан қараған жөн.

Төңкеріске дейінгі кезеңдегі халық ағарту ісінің даму тарихын үш кезеңге бөлуге болады. Бұл орайда біз бірқатар деректі құжаттарға сүйенеміз:

- 1) діни білім: XIX ғасырдың басы – 1841 жылдың соңы;
- 2) 1841 жылдан бастап Жәңгір ханның мектебі;
- 3) ақсүйектер мектебі (XIX ғасырдың 60-шы жылдары).

Қазақ халқының білім алуына сол кезеңдерде ел аумағында кең таралған мұсылман мектептері де белгілі бір көлемде үлес қосты.

Ондай мектептерге патша үкіметінің қырын қарағаны белгілі. «Астрахань губерниясының аумағында көшіп жүрген калмыктар мен қазақтар жөніндегі миссионерлік жинақта» аталған білім мекемелері былай суреттелген: «.....мектептегі шәкірттер класстарға дұрыс топталмаған, белгілі бір уақытта дәріс оқылмайды. Мұсылман мектебінде баланың ақыл-ой деңгейі және оны алғашқы ақпараттармен қамтамасыз ету деген ұғым да жоқ. Сондықтан онда тіпті ұзақ оқыған адамның өзі де қараңғы әрі сауатсыз күйінде қала береді. Ғылым мұнда схоластикалық ұғымдармен шектелген. Міне осындай біржақтылықтың салдарынан олар діни дүмшелерді оқытқаннан басқа ештеңеге жарамайды» [3, б. 295].

Патша шенеуніктері мұсылман мектептерін, не өздерінің белгілі жарғысы, не тұрақты табысы, не жылдық бюджеті жоқ деп кінәлады. Алайда бұл мектептерде Құранның рухани қағидаттарымен реттеліп отыратын темірдей тәртіп бар болатын. Ал жылдық бюджет мәселесіне келсек, патша үкіметі мұндай білім мекемелеріне әдейі қаражат бөлмейтін.

Әр түрлі мекемелердің іс қағаздарын қарастыру барысында, отарлаушы елдің басқару аппаратына, қазақ даласына патша үкіметінің саясатын енгізуге және басқаруға көмектесетін, қазақтардан іріктелген шенеуніктердің қажет болғаны анықталды. Осы мақсатта қазақ ақсүйектерінің балаларына арнап орыс-қазақ мектептерін ашуға мәжбүрледі. Кейіннен қазақ балаларына жоғары білім алуға мүмкіндік берілді. Енді сол Бөкей ордасындағы орыс мектебінің ережесі қандай болған деген мәселеге келейік.

Мектептегі білім жүйесі «орыс мемлекеттігінің» негіздерімен анықталды. Бұл сөздің астарында «самодержавие, православие және халықтық» ұғымдары жатты. Рас, жергілікті жағдайларға қарай Бөкей ордасында бірқатар жеңілдіктер жасалды. Ордадағы алғашқы

орыс мектебі 1841 жылдың 6 желтоқсанында ашылды. Орысша оқыту үрдісі сол кезден басталған. Бастапқы кездерде Жәңгір хан осы мектеп үшін қазынадан аздаған қаражат бөліп отырған. Бұл мектептің жанынан қазақ балалары үшін пансион ашылған. Ордадағы орыстар мен татарлардың балалары да осы мектепке барған.

Ордадағы мектепті жақсы бағамен аяқтаған беделді қазақтардың балаларына Орынбор қаласындағы Неплюевтің кадет корпусында білімін жалғастыруға мүмкіндік жасалды. Мұндағы әр балаға жыл сайын Ішкі Орданың қазынасынан 130 рубль күміс ақша төленіп отырды. Неплюевтің кадет корпусы қазақ жастарының білім алуына айтарлықтай үлесін қосты.

Егерде Неплюев корпусының құрылу тарихына үңілетін болсақ, 2 қаңтарда Орынборда осы өлкенің алғашқы губернаторы И.И. Неплюевтің (1693 – 1773) құрметіне соның атымен аталған әскери училищенің ашылғанын көреміз. Бұл оқу орнының мақсаты – осы өлкені әкімшілік басқару жұмыстарымен айналысатын, жергілікті халықтың мәдениеті мен тілін жақсы білетін офицерлер мен шенеуніктерді даярлау. Сонымен қатар патша үкіметі жаңа оқу орнының алдына «азиаттардың орыстарға жақындауына жағдай жасау, олардың бойында Ресей үкіметіне деген сүйіспеншілік пен сенім қалыптастыру.....» міндетін қойды [4, Л.3]. Сондықтан бұл училищеге қазақ байлары мен старшындардың және башқұрттар мен татарлардың балалары қабылданған.

Неплюев училищесі ерекше оқу орны болатын. Оның алты жылға есептелген (үш класс әрқайсысы 2 жылдан) бағдарламасында есеп пен шығыс тілдерінен бастап, ашық далада бекіну және зеңбіректің бастапқы негіздеріне дейін әр түрлі пәндердің жиынтығы енгізілген болатын.

1842 жылы Неплюев училищесіндегі оқу процессін ретке келтіру үшін екі бөлімше құрды: еуропалық және азиаттық. Негізінен орыс балалары оқыған бірінші бөлімшеде өзге пәндермен қатар француз және неміс тілдері сондай-ақ артилерия мен фортификация оқытылды. Екінші бөлімшеде әскери ғылымдар болған жоқ, Еуропа тілдері шығыс тілдерімен ауыстырылған, сондай-ақ жер өңдеу және орман шаруашылығына қатысты пәндер енгізілген.

Әскери мектепте шәкірттерге сәл болса да дем алуға мүмкіндік бермейтін қатаң әскери-тәрбиелік жүйе орнатылған.

Бұл училище 1844 жылы кадет корпусы болып қайта құрылған кезде де ішкі құрылымы өзгерген жоқ. Тек оның бөлімшелері ғана бірінші және екінші сегіз жылдық эскадромдар болып қайта құрылды («азиаттар» бөлімшесі екінші эскадром болған).

Екінші эскадромда (ол дайындық, төменгі, орта және жоғарғы болып төрт класстан құралған) мынадай пәндер оқытылған: мұсылман және православ діндерінің негіздері, орыс тілі, араб тілі, парсы тілі, татар тілі, арифметика, геометрия, зоология, минерология, ботаника, жер өңдеу, орман шаруашылығы, тарих және география, сурет, жылдам жазу және гимнастика.

Штаттар бойынша корпуста мемлекет қамқорлығындағы 200-ге дейін шәкірт ұстауға болатын. 30 орын қазақ сұлтандарының, старшындары мен билерінің балаларына арналды, 30 орын башқұрт-мещерактардың әскерлеріне арналды және 30 орын Орынбор мен Оралдағы казак әскерлеріне арналды.

Кейіннен эскадромға айналған азиаттардың бөлімшесі өлкенің мәдени өмірінде жарқын ізін қалдырды.

Олай дейтініміз, XIX ғасырдың 50-60 жылдарының тоғысында Неплюев Кадет корпусының оқу курстарын өзге Кадет корпустарының деңгейіне дейін көтерді. Содан кейін орман шаруашылығы, жер өңдеу және араб тілі пәндері жойылып, олардың орнына физика, есеп пен заңтану ғылымдары енгізілді. Бірінші эскадромда неміс тілінің орнына татар тілін, ал екінші эскадромда минерологияның орнына азаматтық сәулет пәнін оқытатын болды.

1866 жылы Неплюев Кадет корпусындағы төменгі класстар базасында жалпы Ресейлік негіздегі әскери гимназия ашылды (1887 жылы корпустағы екі жоғарғы класстан әскери

училище жасаған. Бірақта кәсіби оқытушылар мен құрал-жабдықтардың жетіспеуіне байланысты 1870 жылы ол жабылып қалды). Соның салдарынан білім мекемесіндегі оқу корпустары барлық ерекшеліктерінен айрылды: шығыс тілдері, азаматтық сәулет тәрізді басқа да бірқатар пәндер бағдарламадан шығарылды, қазақ, башқұрт, татар тілдері алынып тасталды, оқушылардың барлығы бірдей бағдарлама бойынша оқытылатын болды. Тек ниет білдіргендері ғана неміс тілінің орнына татар тілін оқыды. 1882 жылы әскери гимназия Кадет корпусы болып қайта құрылған кезде де осы тәртіп сақталды.

1868 жылы жергілікті әскери мектептің базасында Орынбордың әскери гимназиясы ашылды. Аудармашылар дайындау үшін оның жанынан 40 адамға арналған арнайы бөлімше құрылды. Осы аударма бөлімінің шәкірттері үшінші класстан бастап-ақ татар және парсы тілдерін оқыды. Гимназияны аяқтағаннан кейін олар осы тілдерді тағы екі жыл оқып барып, аудармашы деген аттестат алатын. Аудармашылар бөлімі алты жыл жұмыс істеп, 1874 жылы жабылып қалды.

Хан өлгеннен кейін, 1848 жылы, мектепті қаржыландыру мәселесін жылына 1404 рубль көлемінде алым жинау есебінен шешу жөніндегі патшаның жарлығы шықты. Кейіннен бұл сомаға тағы да 251 рубль қосылды. Мектептегі қызметкерлер штаты мынадай болды: 2 мұғалім, олардың біреуінің жалақысы 250 рубль, ал екіншісінікі 150 рубль, бір бақылаушы, жалақысы 50 рубль және екі қызметші, жалақылары 25 рубльден. Оқу құралдарына 50 рубль, мұғалімдердің тамағына 20 рубль, шәкірттер мен бақылаушыларға және қызметшілерге – 805 рубль, шәкірттердің киімі мен жөндеу және жылыту шараларына – 300 рубль бөлінді. 250 рубль жалақы алатын мұғалімдердің біреуі балаларды орыс тіліне, таза жазуға, грамматика мен арифметикаға оқытты. Ал екіншісі, қазақ, парсы, араб тілдерінен дәріс беріп, мұсылман дінінің қағидаларын үйретті. Бөкей Ордасындағы оқытушы кадрлар мәселесі өте өзекті болды. Кәсіби оқытушылардың жоқтығы білім беру ісіне кедергі келтірді. Сондықтан бұл мектептің алғашқы мұғалімі әрі меңгерушісі Ольдеко деген мал дәрігері болған. Бұдан кейін де мектепте мұғалім болып, кез келген адам, кейде тіпті кеңестің қызметкерлері істеген. Мәселен, 1862 жылы Яковлев деген мал дәрігері орыс тілінен және арифметикадан дәріс берген. Сондай немкеттіліктің салдарынан мектептің жағдайы нашарлап, сабақтар өтпей қалған. Мектеп ғимараты класс бөлмесінен, дем алуға арналған екі бөлмеден, ас үй және карцерден тұратын. Шәкірттер қаз-қатар жатып ұйықтай берген. 1861 жылы мектептің жанынан үш жылдық геодезиялық бөлімше ашылған. Осы бөлімшедегі алты шәкіртті геодезиялық жұмыстары үшін Ордаға жіберілген офицер оқытқан. 1879 жылы Ордадағы училище екі классты болып қайта құрылған. Онда 45 пансионер және 14 орыс-армян балалары оқытылған.

Бастапқыда қазақ мектептері Бөкей Ордасын басқару жөніндегі Уақытша Кеңестің қарамағында болған. Патша шенеуніктері қаткен күнде мұсылман дінінің ықпалын төмендетуге тырысты. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Кеңес төрағасы полковник Герн учаскелік басқармалар жанынан қазақ балаларын орыс тілі мен арифметикаға оқытатын мектептер ашу мәселесін көтерді. Осыдан соң Уақытша Кеңес бұл мәселенің шешілуін күтпей-ақ учаскелік басқармалар жанынан мектептер аша бастады. Бұл мектептер жертөлелерге орналасты, ал жаз айларында арбалы қазақұйлерге көшті. Басқармалардың хатшылары мен аудармашылары мұғалімнің қызметін атқарды. 1866 жылдың 17 қазанында үкімет қазақ балалары үшін учаскелік басқармалар жанынан қазақ 7 бастауыш мектеп ашу жөнінде шешім шығарды. Бастапқы жұмыстары үшін 1050 рубль және 1867 жылдан бастап осы мектептерге төлеу үшін 6580 рубль бөлінді. Мектептердің әрқайсысында 25 бала оқитын болды. Сырттан келіп оқитындарға да рұқсат берілді. мектепті бақылау міндеті мұғалімге жүктелді. Оқу мерзімі төрт жыл болды. Оқу бағдарламасына қазақ және орыс тілдерінде аударма жасау, екі тілдің грамматикалық түрлерін түсіндіру және арифметикалық амалдардың төртеуін меңгеру енгізілді. Оқытудың ланкастерлік әдісін қолдануға да рұқсат берілді. Мектеп ғимараттары старшындардың қаражаттарына салынды. 1867 жылы Орданың барлық аумақтарында аталған мектептер салынды. Олардың орналасу тәртібі мынадай болды: Шолаққопа

көліндегі Торғын мектебі хан ордасынан 7 шақырым жерде орналасты; Шөңгетай шатқалындағы Калмык мектебі Ордадан 55 шақырым жерде орналасқан; Талов бекінісінің жанындағы Талов мектебі 140 шақырым жерде орналасқан; Глинин бекінісінің жанындағы Қамыс-Самар мектебі 180 шақырым жерде орналасқан; Ұялықөл шатқалындағы Нарын мектебі 115 шақырым жерде орналасқан; Каспий жағалауындағы бірінші округ мектебі 320 шақырым жерде және Каспий жағалауындағы екінші округ мектебі 280 шақырым жерде орналасқан. Орданың жанындағы мектептен шекара бөлу ісін оқыған 3 қазақ, осы мектептің және бір түлегі, гимназиялық курсты бітірген бір башқұрт офицері – аталған жаңа білім ошақтарының алғашқы мұғалімдері осылар болды. Қалған мектептерге мұғалімдер жетіспеді. Осыған орай Кеңес төрағасы Қазандағы оқу округы қамқоршысының алдына Бөкей Ордасы үшін мұғалімдер дайындау жөнінде мәселе қойды. Бірақ бұл ұсыныс қабылданған жоқ.

Бұған дейін айтқанымыздай, Ордадағы барлық мектептер Уақытша Кеңестің қарамағында болды. 1874 жылы олар Орынбордағы халық училищелері дирекциясының қарамағына берілді. Министрлер комитетінің 1877 жылғы 14 қаңтардағы ережесіне сәйкес оқу бөлімі Орынбордағы оқу округының қарамағында қалған. 1879 жылы Бөкей Ордасындағы қазақ мектептеріне айрықша инспектор тағайындалды. Содан бастап Ордадағы оқу ісі инспектордың құзырына көшті.

XIX ғасырдың 70-ші жылдарының екінші жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі аралықта Қазақстан аумағында ауыл мектептері бір және екі классты орыс-қазақ училищелері жұмыс істеген.

Астрахань өлкесіндегі, оның ішінде Бөкей Ордасындағы оқу-ағарту жұмыстары ойдағыдай дамыған жоқ. Ресейдің шеткері аумақтарындағы халықтарды жат жерліктер деп кемсіткен патша үкіметі өзге халықтарды бір-біріне айдап салып, ұлтаралық алауыздық тудырып отырды. Ұлттық мәдениеттердің жылт еткен жақсылықтарын тұншықтырып, ұлттық мектептерді құруға кедергі келтірді, «жат жерліктердің» өз тілінде оқуына тиым салды, өзге халықтарды орыс тіліне күштеп оқыту саясатын жүргізді. Орыс-қазақ мектептерінде сабақтар тек орыс тілінде ғана жүргізілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 История Астраханского края. Астрахань, 2000. – 1122 с.
- 2 Статистический обзор Астраханской губернии за 1903 г. Астрахань, 1904. – 100 с.
3. ГААО. Ф.32. Оп.1. Д.295. Л.19.
4. ГААО. Ф.1. Оп.2. Д.109. Л.110.

Жаппарбекова А. магистр, оқытушы,
Тилеубаева Г. магистр, оқытушы, **Қуандық Н.** аға оқытушы,
Гаипназаров Б. аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Жергілікті өзін-өзі басқару билік институты ретінде: әлеуметтік-саяси аспекті.

РЕЗЮМЕ

В статье даны рекомендации по совершенствованию «казахстанской» модели местного самоуправления.

SUMMARY

"In the article, recommendations on improving the model of local self-government "" Kazakhstan""."

Қазақстанда жүріп жатқа демократиялық түрдегі ауқымды әлеуметтік-экономикалық және саяси түрленулер бұрын соңды тарихта орын алмаған. Шыңдап келгенде, олар бір онжылдықта қазақстандық мемлекеттілікті толығымен өзгертіп жіберді. Қазақстан Республикасы Конституциясының қызмет ету мерзіміне қарамастан, жергілікті өзін-өзі басқару тақырыбы өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Егемен Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында ел үшін қоғамның түбегейлі өзгерістерімен, экономикалық және саяси жүйелерді қайта құру және мемлекеттігінің қайта жанданған күрделі кезеңі болды. Бүгінгі күні Қазақстан ұзақ мерзімді «Қазақстан -2030» стратегиясына сәйкес дамуды жалғастырып отыр.

Онда орталық пен жергілікті ұйымдар арасындағы өкілеттіліктерді нақты бөлетін, сондай-ақ, орталықсыздандыру ұстанымын атқару орындарында, орталық пен аудандарда, мемлекет пен жеке секторлар арасында іске асыратын тиімді, кәсіби мемлекет жасау мәселесіне негізгі орын бөлінген. Ұлттық қауіпсіздікті және ішкі саяси тұрақтылықты, қоғамның ары қарай демократиялануын, азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуын, аймақтық ынтымақтастықтың дамуын нығайту жолында дәйекті шаралар қабылданып отыр [1]. Халықтың өмір сүру деңгейі бірқалыпты жақсарып, ондағы әлеуметтік проблемалар жайлап шешіліп жатыр деуге болады. Қазақстандықтар осы жүйенің одан әрі жалғасуын қалайды, ал ол үшін біздің қоғамымызға саяси тұрақтылық қажет деп ойлаймын.

«ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару» Заңының қабылдануы қазіргі замандағы республикадағы жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру үрдістерінің жаңа кезеңі болды. Осы кезге дейін жинақталған тәжірибе заңды іске асыру жолында тек жергілікті өзін-өзі басқарудың материалдық қорын жасауда ғана емес, сонымен бірге заңды бағалау, оның жекелеген ережелері мен нормаларын талдау заң негізінде жатқан жергілікті өзін-өзі басқару концепциясының мәнін ұғыну, сонымен бірге, жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың жалпы ұстанымдарының мазмұнында көптеген қиындықтар туындайтынын көрсетті. Бірақ біздің қоғам мен жергілікті өзін-өзі басқаруды демократияландыру шеңберінде жасалған көп жұмыстарға қарамастан, әлде де жан-жақты зерттеу мен тұжырымдауды қажет ететін мәселелер жетерлік.

Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару мен мемлекеттік биліктің қайнар көзі біреу, ол - халық, олар бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырады немесе керісінше кері әсерін тигізеді. Жергілікті қауымдастық тұрғындарының өмірлік ұстанымдары демократиялық унитарлы мемлекет назарынан тыс қала алмайды, себебі, конституцияда адамның құқығы, еркіндігі өте жоғары бағаланады, ал азаматтардың құқығы мен еркіндігін қорғау мен сақтау Қазақстан Конституциясына сай мемлекеттің міндеті болып табылады. Осылайша, белгілі бір дуализмді көре аламыз: бір жағынан, жергілікті өзін-өзі басқару, яғни, мемлекеттік саясат шеңберінде, мемлекет территориясына және бақылауындағы билік, екінші жағынан, мемлекеттің қатаң тәртібінен тыс өмір сүруге қатысты барлық шешімді өз бетінше тиімді қабылдау.

Жергілікті өзін-өзі басқару азаматтардың өзін-өзі қалыптастыруының формасы болып табылады, сонымен бірге, өзін-өзі басқару принциптерінде көрінетін қоғамдық институтпен теңдестіріледі. Мұнда қоғамдық бірлестіктер туралы айтылып отыр және өзін-өзі басқаруды қалыптастыру үшін ортақ территорияда өмір сүретін адамдардың өздерінің жеке мақсат-міндеттерін шешу барысында өзін-өзі қалыптастырады. Жергілікті өзін-өзі басқару халық пен шекаралармен белгіленген, салық жинау құқығы бар, көпшілік билікке ие саяси құрылымның барлық белгілері арқылы осы жүйедегі саяси кеңістікті анықтайды. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары осы кеңістіктің саяси орталығы ретінде көрінеді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан басқа оған жергілікті партиялық және қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, саяси көшбасшылар кіреді. Ол қоғамның саяси жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл жағдайда саяси жүйенің орталық элементі мен мемлекеттің өзара әсерінің тәсілдері мен формаларына ие болады.

Бельгия Конституциясында көрініс тапқан қауымдық басқаруды ұйымдастыру идеялары алдын француз Туреның еңбектерінде көрініс тапқан. Ол 1790 жылы қауымдық басқаруды ұйымдастыру идеяларына Францияның Ұлттық жиналысында жергілікті басқару реформалары жайлы заңжобасы бойынша өз баяндамасында негіздеме берген. Туре жергілікті өзін-өзі басқару жайлы ілімнің екі мәселесін қалыптастырды, олар, өз кезегінде, жергілікті өзін-өзі басқарудың түрлі теорияларында дами бастады:

а) табиғаты жағынан муниципалды басқаруға тән меншікті қауымдық істер жайлы түсінік;

ә) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекетпен берілетін мемлекеттік істер жайлы түсінік [1].

Өткен ғасырдың бірінші жартысында жергілікті өзін-өзі басқару жайлы ілімнің теориялық негізі жасала бастады. Бұл мәселелерге бірінші болып назар аударған француз мемлекеттік қайраткері, тарихшысы мен әдебиетшісі А.Токвиль болды. 1835 жылы екі тарауы жарық көрген, атақты «Америкадағы демократия» еңбегінде ол былай деп жазды: «Бастауыш мектептер ғылым үшін қандай роль ойнаса, қауымдық институттар тәуелсіздікті қалыптастыруда сондай роль ойнайды; олар халыққа тәуелсіздікке жол ашып, оған сол бостандықты пайдалануға, оның бейбітшіл сипатынан ләззат алуға үйретеді. Қауымдық институттарсыз ұлттар тәуелсіз үкімет қалыптастыра алады, алайда бостандықтың шынайы рухын ол ала алмайды. Өтпелі құштарлық, мезеттік ынта, кездейсоқ жағдайлар тәуелсіздіктің тек көрінісін ғана қалыптастырады, алайда қоғамдық ағзаның ішіне тығылған деспотизм, ертелі кеш қайта сыртқа шығады» [2]. Жергілікті өзін-өзі басқару теориясының зерттемесіне елеулі үлес қосқан неміс заң мектебі. Алғашқыда неміс ғалымдары жергілікті қауымдық өзін-өзі басқарудың болмысы мен табиғатын негіздей отырып, тәуелсіз қауым теориясын ұсынды (қауымның табиғи құқықтарының теориясы). XIX ғасырдың басында қауымдық істер мен қауымдық мүлікке мемлекеттік шенеуніктер еге болған. Бұл жүйе қауымдық шаруашылықты толық күйреуге әкеп соқты. Сондықтан бюрократиялық орталықтың шаруашылықты жүргізудің қауымдық жүйесіне араласуын шектеу қажеттігін ғылыми тұрғыда негіздеу қажет болды. Неміс ғалымдары француздық және бельгиялық құқықтан бастау алған тәуелсіз қауым теориясы бұл міндетті шешу үшін қалыптастырылған. Тәуелсіз қауым теориясы адам бостандығы қандай табиғи және ажырамас құқық болса, қауымның өз істерін жүргізу соншалықты табиғи және ажырамас сипаты болып табылады. Өйткені қауым мемлекеттен бұрын пайда болған, ол, өз кезегінде, қауымдық басқару тәуелсіздігін құрметтеу қажет. Осылайша, бұл теория табиғи құқық идеясына сүйенген. Ол қауымның табиғи қалыптасқан органикалық корпорациясын мойындауынан келіп туған, негізінде мемлекеттен тәуелсіз. Қауымның өзін-өзі априорлы жолмен басқару қауымның табиғатынан келіп шыққан. Қауымның бостандығы мен егемендігін негіздей отырып, аталған теория ортағасырлық қауым тарихына жүгінеді - еркін қалалар, олардың феодалдық мемлекеттерге қарсы тәуелсіздік үшін күресі.

Тәуелсіз қауым теориясы жергілікті өзін-өзі басқаруды бастапқы ұйымдастырудың келесі негіздемелерін ұсынды:

а) қауым мүшелерінің жергілікті өзін-өзі басқарудың органын сайлауы;

ә) қауым жүргізетін өз істері мен мемлекет жүргізетін істерге бөлу жайлы ереже;

б) жергілікті өзін-өзі басқару - бұл қауымның мемлекеттік істерден бөлек өз істерін басқаруы;

в) жергілікті өзін-өзі басқару органдары - мемлекеттік емес, қауым органдары;

г) мемлекеттік органдар қауымның жеке компетенциясына араласуына құқығы жоқ.

Олар тек қауымның өз компетенциясы шегінен шықпауын бақылауы қажет. Тәуелсіз қауым теориясы XIX ғасырдың I жартысындағы заңнаманың дамуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Өз бейнесін Бельгияның 1831 жылғы Конституциясында ерекше

«қауымдық» билік жайлы ережесінде және де қауымның ерекше негізгі құқықтары жайлы бабы бар Франкфурттық Ұлттық жиынның 1849 жылғы Конституциясында көрініс тапты [3].

Қазақстанда жүйелі қайта құрулардың бағдарында қоғамдағы экономикалық және саяси институттар түбегейлі реформаланды. Қазіргі кезеңде еліміздің одан әрі өркендеуіне қажет басты мәселелердің бірі жергілікті жердегі басқару жүйесін жетілдіру болып табылады. Осыған орай, билік органдарын орталықсыздандырып жергілікті буындарға нақтылы өкілдіктің бір бөлігін беру қажет. Бұл үрдісті жүзеге асыру үшін жергілікті өзін-өзі басқару институттарын дамыту шарт. Мұның өзі мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру, басқарудың төменгі буындағы жемқорлық деңгейін азайту, азаматтық қоғамның дамуына ықпал ету сияқты бірнеше стратегиялық мақсаттарға қол жеткізеді. Баршаға белгілі болып отырғандай жергілікті өзін-өзі басқарудың түп тамыры орталық және жергілікті билік органдары өкілдіктерінің шекарасын айқындауда жатыр. Осының өзінде де жергілікті өзін-өзі басқару тұрғындардың еркінде. Ал бұл мемлекет мойындаған жергілікті маңызы бар мәселелерді олардың өзі шешуіне мүмкіндік беретін құқық. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары дербес өзара шарт негізінде орталық биліктің қамқорлығымен өзара іс-қимыл жасайды. Әйткенмен олар орталыққа бағынбайды. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне жергілікті органдардың мемлекеттік істерге өз қызметі ауқымында нақтылы ықпал ету құқы да кіреді. Сондықтан жергілікті өзін-өзі басқару демократиялық мемлекеттің ең басты институттарының бірі саналып, азаматтардың билікпен байланысын қамтамасыз етіп, олардың мемлекеттік басқару ісіне қатысуына мүмкіндік береді. Жергілікті өзін-өзі басқару дамудың Қазақстанда құқықтық мемлекет орнату ісінде ұшан-теңіз маңызы бар. Алайда қазіргі кезеңде жергілікті өзін-өзі басқаруды қоғамдық институт ретінде дамыту үшін қажетті жағдайлар болмай отыр. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі бірқатар нормативтік актілермен реттеледі. Дегенмен де, күні осы уақытқа дейін «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заң қабылданған жоқ. Еліміздегі жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру жөніндегі жобалар ұдайы кешенді сипаттағы нақтылы іс-қимыл көрінбей келеді.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу көпсатылы, ұзаққа созылатын, бірақ кейінгі қалдыруға болмайтын үрдіс. Азаматтық қоғамды қалыптастырып дамытудың өзі елдің әлеуметтік экономикалық дамуының жалпы деңгейі, жалпылай алғанда, жергілікті қауымдастықтың өміріне тікелей ықпал ететін мәселелер мен жағдайлардың бәрі осы үрдіске байланысты. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дербестендірудің негізгі мәселелері жергілікті жердегі жұмысқа қолайлы жағдай туғызып, атқарушы органдардың өз аумағында жүзеге асырылуға тиіс өкілдіктерін соларға беруіне жағдай жасайды. Бұл арада биліктің кез келген деңгейіндегі жұмыстың тиімді болуының басты шарты-халық алдында есеп беріп, соның бақылауында болу, өкілеттілік пен міндеттіліктің шегін айқын анықтау, тұрақты табыс көздері бар дербес бюджетінің және меншігінің болуы. Алайда бұл жағдайлардың бәрі де Қазақстандағы жергілікті билік органдарында әлі жасала қойған жоқ.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде бюджет және материалдық амтамасыз ету ісін реттеп отыру маңызды. Мұнда барлық деңгейдегі бюджеттерді жергілікті өзін-өзі басқаруды нақтылы дамытудың негізгі кепілі ретінде бөлудің маңызы зор. Өйткені қаражат базасының ашық, айқын болмауы биліктің өркендеуіне кері әсер етеді. Аймақтарға субсидиялар мен дотациялар беру тәжірибесінде республикалық бюджетке жергілікті салық қаражатын аударып отыру маңызды. Соған сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына салық салу және қаржыны жұмсау саласында белгілі бір өкілеттік беріледі. Кезінде қабылданған және ұсынылған заңнамалық актілердің жетілдірілмеуі салдарынан жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі бүгінге дейін заңнамалық бекімін таппай алғашқы нұсқа күйінде қалып отыр.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын дамытуға маманданған кадр құрамының жетіспеуі елеулі қиындық келтіріп келеді. Жергілікті билік органдарындағы көптеген қызметкерлердің білім деңгейі атқарып жатқан міндеттеріне сай келмейді. Күні бүгінге дейін елдің бірде бір жоғары оқу орындарында бұл салаға қажет кадрлар даярланбайды. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі өкilderінің, қызметкерлерінің білімін жетілдіру, түрлі коммерциялық емес ұйымдарда халықаралық қорлардың қаржылық қолдауымен жүзеге асырылып жүр. Бірақ бұл ұйымдардың барлығы оқытуды өз бағдарламалары бойынша жүргізеді, ал оның біразы жергілікті тәжірибеге сай келе бермейді. Қоғам арқылы сайланған жергілікті өкілетті органдар жергілікті мемлекеттік басқару жүйесіне енгендіктен, тұрғындар алдында есеп бермейді. Жергілікті атқару органдары жоғарыдан төмен қарай бағынғандықтан, азаматтардың талап тілегіне тәуелді емес. Өзінің заң шығарушылық өкілеттігіне қарамастан, мәслихаттар әкімдіктерге ғана бағынып, сайлаушылардың қажеттерінен сырт қалған. Сондықтан да жергілікті билік органдары өзі көрсететін қоғамдық қызметінің деңгейі мен сапасы үшін халық алдында жауап бермейді. Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыратан дамытудың келешегін белгілегенде жергілікті өзін-өзі басқарудың әжептәуір күрделі институт екені, оның билік, меншік, азаматтық бастама мемлекеттегі демократиялық даму деңгейі сияқты салаларды қамтитыны жеткілікті ескерілмейді. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды еңгізгенде төмендегідей басым жағдайларды іс жүзінде бірте-бірте дамытып отыру қажет. Атап айтқанда, олар: өзін-өзі басқару тиімді дами алмайды. Сонымен бірге, меншігі бар адамның даусы да салмақты болатыны, өзі де азаматтық құқығын жүзеге асыруға ынталы болатыны, ал оның жеке меншігі жергілікті қауымдастықтың аумақты экономикалық тұрғыдан өркендетуге қажет екені белгілі. Демек, Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуда көп мәселені меншік иелерінің ұсақ және орта бұқарасы айқындайды. Сондықтан, жергілікті билікті қалыптастыруға кіші және орта бизнес елеулі әсер етеді, сондықтан оларды дамыта түсу қажет. Ал мемлекет орта тапты дамытпайынша азаматтық қоғамды өркендету мүмкін емес.

Сайып келгенде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жергілікті қауымдастықтың аумақты басқару жөніндегі міндеттерін ойдағыдай атқаруына бірқатар маңызды құқықтар берген абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. [http: // www.chat.ru/ ~kuraguga](http://www.chat.ru/~kuraguga)
2. Токвиль А Демократия в Америке. М.: Прогресс, 1992. С. 65.
3. Гавришин М.П. О сущности местного самоуправления // Материалы научно-практической конференции. Спб., 2002. Сл [http:// diplomnie.com /publ/26-1-0-3271](http://diplomnie.com/publ/26-1-0-3271)

УДК 008

Мантаева Т. PhD, аға оқытушы, **Ағұлықова Ұ.** магистр, аға оқытушы,
Ғаипназаров Б. магистр, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Ақын-жыраулар шығармашылығындағы тұлғалық бейнелер

Тұлғалық бейне, тұлғалық даралық, жалпы қазақ бейнесі ақын-жыраулар поэзиясында дараланып, ерекше сипатталады. Ақын-жыраулар поэзиясынан халықтың тыныс-тіршілігін, мінез-құлқын, билік пен қоғаммен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын, дүниетанымын

танымыз. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тұлғалық даралық ар-ождан, намысымен, тектілік, кісілік қасиетімен, жалпы адамдық болмысымен ерекшеленеді. Ақын-жыраулар шығармашылығында ар-ұят, намыс, адамгершілік, имандылық дәріптеліп, көркемдік-философиялық тұжырымдамасы танылады.

Қазақ әдебиеті мұралары әу баста ауызша формада болғаны белгілі. Сонау көне түркі әдеби мұраларынан бастап, дана бабаларымыздың, XV ғасырдағы ақын-жыраулардың поэзиясындағы негізгі мақсат жас ұрпақты өнегелі, үлгісі азамат болып қалыптастыру, ел аузында аңызға айналған тұлғаларды үлгі ету еді. Жаугершілік замандағы елім деп еңіреген халқының даңқты ұлдары – әйгілі батырлардың жерімізге көз алартқан жаумен шайқастағы ерлігі, елге деген шексіз сүйіспеншілігі қазақ көркем әдебиетінде жырланды. Қазақ көркем әдебиетінде сипатталған тұлғалық қатынастар негізінен, ерлігі мен даналығымен, парасатымен халқының сүйіспеншілігіне бөленген тұлғалар болды.

Қазақтың ой азаттығы, тәуелсіздігі, ел тағдыры – ақын-жыраулар поэзиясының басты тақырыбы. Асан қайғы жырынан халықтың жағдайына қабырғасы қайысып, бірге қайғырып, күңіренген жыраудың үнін естиміз, Бұқар жыраудың жырынан кесектік пен ірілікті, ханның өзінен қаймықпайтын қайсарлықты көреміз, Сыпыра жырынан өмірдің қарапайым философиясын ұғамыз, Шалкиіздің философиялық ой толғамынан өмірдің ащы шындығын табамыз, Ахмет Иүгінеки жыры өмірдің мәні іздетіп, тағдырдың сыйынан үміт үзгізбейді, Махмұд Қашқари жыры – ізгілік жыры, ал Иасауи жыры ақиқатты танытады. Бұл ақын-жыраулардың әрқайсысы қоғамдық институттың қызметін атқарып, халықтың саяси-әлеуметтік тіршілігін зерттеп, рухани тұрғыда жетілдіруде орасан зор үлес қосты. Олардың көркемдік деңгейі жоғары жырлары ғасырдан ғасырларға жетіп, қазақтың философиялық-мәдени мұрасына айналды. Ақын-жыраулар кісілік құндылықтарды дәріптеп, жастарды Отанды, ұлтты, жерді сүйуге баулып, оларды имандылық пен адамгершілікке бауырмалдылық пен мейірімділікке, тәрбиелейді. Ақын-жыраулар шығармашылығында елін сүйетін ер, қаһарман, қайсар, өжет, ар-ожданы биік, адамгершілігі, кісілік қасиеті жоғары тұлғалардың образы жан-жақты, терең суреттеледі. Олардың шығармашылығындағы тұлғалық құндылықтың негізі – тектілік, намыс, ерлік.

Ақын-жыраулар поэзиясынан тарихта аты бар тұлғалардың, хан, би, шешен, батырлардың бейнесін көріп, олардың ұлтқа каншалықты еңбек сіңіргенін, халықпен қарым-қатынасы қандай деңгейде болғанын білеміз. Ақын-жыраулар өз дәуірінде болып жатқан қоғамдық құбылыстарды сипаттап қана қоймай, алда болатын жайттарды шығармашылық адамдарына тән түйсікпен сезіп, ел басқарған азаматтар мен халыққа ескертіп отырған. Кейбір ақын-жыраулардың өз тұсындағы хандармен саяси көзқарастары қайшы келіп жатса да, хандардың «мойындамаған кеңесшісі» деп айтуға болады. Себебі, ақылды хандар ел ішінде танымал, беделді ақын-жыраулардың жырларымен арнайы танысып, олардың сынынан қорытынды шығаруға тырысқан.

Ақын-жыраулар қоғамдық мәселелерге сын көзбен қарап, бірнеше бағытта жұмыс істеді:

- Халықтың әлеуметтік тұрмысын көтеруді мақсат етті;
- Халықтың саяси сауатын ашып, дүниетанымын кеңейтті;
- Ар-ожданды кірлетпей, халықты надандықтан арылуға үндеп, ой-танымдарын арттырды;
- Ұлттың эстетикалық танымын қалыптастырып, сұлулыққа, поэзияға құштарлықтарын оятты;
- Ерлікті талмай жырлап, өршіл, намысшыл халық қана мақсатына жететінін ұқтырды;
- Олар өз шығармаларында ақиқатты іздеді.

Хандық дәуірдегі көшпелі халқымыздың табиғаты, жандүниесі еркіндікке, поэзияға құштар еді. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде жастар үлкенді құрметтеуге тиіс, баласын «үлкеннің жолын кесіп өтуге болмайды, үлкен адамды көрсең, танысаң да, танымасаң да сәлем бер» деп тәрбиелейтін қазақ ақын-жыраулар поэзиясының тәрбиелік мәнін түсініп, философиясын жақсы қабылдап, олар айтқан өсиетке құлақ асып, болмыстарына сіңіріп, өздері де, балалары

да жаттап алды. «Тек, тектілік» сөзі қазақ халқы үшін өте қастерлі ұғым, ақыл-ойы жетілген әр қазақ тектілікке ұмтылады. Тектілік адамның жеті атасының кім екенін көрсетеді. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде тектілік рулық және генетикалық қатынастармен байланыстыра қарастырылады. «Тегі жақсы» деген сөз әке-шешесінің ортасына сыйлы жақсы, қайырымды адам екендерін, тіпті кей жағдайда дәулетті адамдар екенін көрсетеді. Дәулеті жоқ адамдар да текті болады. Тектілік қанмен, сондай-ақ адамның өзін-өзі жетілдіруімен байланысты. Тектілік – адамға керек ең қажетті құндылық, себебі, осы бір сөздің аясына адамгершілік, иман, парасат, намыс, ар-ұят, бәрі-бәрі сыйып тұр. Сол себепті де, ақын-жыраулар тектілік құндылығын шығармаларына аз арқау еткен жоқ. Сөзіміз дәлелді болу үшін ақын-жыраулар поэзиясынан мысалдар келтірейік.

«Бай баласы байға ұқсар,
Байлаулы тұрған тайға ұқсар.
Би баласы биге ұқсар,
Алты қанат үйге ұқсар.
Хан баласы ханға ұқсар,
Биік-биік шыңға ұқсар.
Құл баласы құлға ұқсар,
Мал таптаған гүлге ұқсар» [1].

Сыпыра жырау баланың дүниетанымының қалыптасып, қоғамнан өз орнын табуында ата-ананың тәрбиесі мен қоғамдағы орны ерекше екенін, әкесі құрметті адам болса, баланың да сый-құрметке бөленетінін, әкесінің әлеуметтік тұрмысы төмен болса, аз қиыншылық көрмейтінін өмірдің өзінен мысалдар алып, суреттейді. Қазақ «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дейді, демек, отбасының ортамен қарым-қатынасы, тәрбиесі, мәдениеті баланың қандай адам болып қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Ахмет Иүгінеки шыққан тегінің асылдығын айтып, мақтанып, өзін өзгелерден ерекшелеп көрсеткісі келетін пенделерді жаратпайды. Иүгнекидің түсінігінде, адамның бәрінің шыққан тегі бір, әр адам өзінің нәпсісімен күресіп, өзін-өзі тәрбиелеп, мәдениетті адам болуға ұмтылған кезде ғана өз ортасында дараланып тұрады, мұндай адамды текті адам деуге толық негіз бар.

«Тегім асыл» – деп біреулер мақтанар,
Мен айтайын тура жауап сақтанар:
Бұ халықтың ата-анасы, тегі бір –
Арасында айырма жоқ сақталар» [2].

Хандық дәуірде қазақтар әлеуметтік статусқа бөлініп, «ханның тұқымы, дәулетті, байдың баласы, ақсүйек, текті әулеттің ұрпағы» деп қоғамда оларды ерекшелеп көрсетті, құрметті ата-бабасы бар адамдар өздері де шыққан тектерін дәріптеп, жұрттан сый-сияпат, құрмет күтті. «Біз ханның ұрпағымыз, ақсүйектер тұқымынанбыз» деп айту олардың көпшілігі үшін аса үлкен мәртебе мен мақтаныш еді. Егер халықпен тіл табысып, ауызбіршілікте, үйлесімділікте өмір сүре алмасаң, онда сені шыққан тегің де құтқарып қала алмайды. Өз басыңды зорайтып, өзгелерге өзіңнің шыққан тегіңнің артықшылығын көрсету текті адамның белгісі емес, нағыз текті адам қоғамда адамгершілігі мен мәдениетімен ерекшеленеді.

«Алаш» жалпы қазақтың ұжымдық тотем-тегі болып табылса, кейін ұжымдық тектерді дараланған тарихи тұлғалар ауыстыра бастайды: тарихи текті немесе тұлғаны мифтендіру қазіргі заманға да тән. Мысалы, тоталитаризмде Ленин сияқты басшылар мифтік қасиеттерге ие бола бастады. Қазіргі Қазақстанда да әрбір топтың өзіне арғы текті жасанды түрде іздеуге ұмтылыс сарындары кездеседі.

Өткір тілді ақын-жыраулар «дәулетті, ауқатты адам, болмаса, ханның, бидің, байдың баласы» деп қорқып, қаймықпай, ақылы аз, даңғой, кедей-кепшік, жарлыға қайырымы жоқ пенделерді сынмен түйреп, өлеңдер шығарды. Батырлар елді найзасымен қорғаса, ақын-жыраулар жырымен халқына рухани қорған болды.

Асан Қайғы мына төмендегі жыр жолдарында өзі өмір сүрген дәуірдегі ел басқарған адамдар мен қарапайым халықтың арасы қатты ажырап кеткенін күңірене жырлайды.

«Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер...
Хан менен билер қысқанда
Халық қайтіп күн көрер?
Онда халық түнерер.
Халыққа қысым күш берсең,
Халықтың кегі күшке енер» [3].

Асан Қайғы жырындағы халық – ашынған, биліктен әбден көңілі қалған, бірақ әлі де болашаққа үмітпен қарайды. Халықты ашындырып, кектендіру билік үшін өте қауіпті, бірақ оны түсініп жатқан саналы хан мен әділ бидің жоқтығына күйінеді. Асан қайғы бұл жырында халықты хан мен билерге қарсы қоймайды, керісінше халықтың – үлкен күш екенін, шын қаһарланса, әділетсіздікке төзбейтінін, хан мен билердің ақылға келіп, әділетті жұмыс істеуге тиіс екендерін естеріне салады.

Асан Қайғы өмір сүрген дәуірде де хан мен биге жағымпазданып, оларға мадақ-мақтау өлең арнаған сарай ақындары аз болған жоқ, олардың бәрін уақыт ұмыттырып жіберді. Хан мен бидің шабармандары талантына тұсау, шабытына тежеу болса да, ханнан да, биден де қаймықпай, халықтың сөзін сөйлеген шын ақындардың жырлары ұрпақтан ұрпаққа жетіп, халықтың мәңгілік рухани мұрасы болып қалды.

Қай қоғамда да халықтың үнін, даусын, арманын билік басындағы азаматтарға ақын-жазушылар, жыраулар мен шешендер, жалпы суреткерлер жеткізіп отырған, себебі, олар өз қоғамының құлағы мен көзі.

«Ай, Хан ием, мен айтпасам, білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көзден көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің,
Өзіңнен басқа жан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің?!
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.
...Оны неге білмейсің?!» [4].

Бұл өлең жолдарында қайсар, өжет, шыншыл ақынның образы, халықтың қамын ойламай, жеке басының қызығынан қолы босамайтын думаншыл ханның бейнесі және халықтың ауыр әлеуметтік тыныс-тіршілігі көрініс тапқан. Асан Қайғы образы – халықтық бейне, ханның озбырлығынан қорықпайтын мәдени қаһарман. Халықтың болашағы бұлыңғыр, ханнан үміт аз, енді қайтпек керек, өткір тілді ақын ханның менмендігін, қайырымсыздығын сынап, сілкінетін уақыт әлдеқашан жеткенін жырымен жеткізеді.

«Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп ойладым.

Байды қадірлейін десең, бай жоқ. Бай болса да, өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді? Ешбір байдың өз малының еркі өзінде жоқ. Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалауықтығынан жалынып, малын үлестіріп жүр. Ойлайды: жалынтып бердім деп, ақымақтығынан. Жоқ, өзі жалынып беріп жүр. Қайыр да емес, мырзалық та емес, өз елімен, өз жерімен ойрандасып, ойсыздарға қойнын ашып, малын шашып жүр. Кей байлар, елдегі құттылар, сүттілер берекелесе алмаған соң, кеселді қулар көбейіп кетіп, көп қорқытып, іздеген нәрсесі жоқ, еріксіз кім болса, соған жем болып жүр.

Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп. Біреу пайдама келтірем деп мырза болып жүр.

Болыс пен биді құрметтейін десең, Құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ» [5].

Абай байлығы мен дәулеті бар, халыққа қайырымды болып, қараса ма деген байлардың дүниені мақсатсыз жинап, мақсатсыз шашып жүрген ойсыздығына налиды. Мырзаның мырзалығын да халық көріп жатқан жоқ, олар да өзінің қарақан басының ғана қамын күйттеп, өз қадірін өздері кетіріп жүр. Болыс пен би бұл лауазымды орынға ақылы асқаннан отырған жоқ, сондықтан олар ешқашан халықтың құқығын қорғамайды, халықтың сөзін сөйлемейді деп күйінеді ақын.

Абайдың танымында адамға Құдай дәулетті жарлы мен кедейге болысып, зекет беріп, қайырымдылықпен айналыссын, айналасына сәулесін түсірсін деп береді. Болыстық пен билік – елді ат үстінде басқару емес, халықпен санасып, бағынышты ретінде емес, тең деңгейде сөйлесіп, әділдік пен шындықтың жоқтаушысы болу. Абай өз заманындағы бай мен мырзалардың, болыс пен билердің бойындағы тәкаппарлық пен менмендікті, мақтаншақтық пен даңғойлықты, көрсоқырлық пен пасықтықты, сараңдық пен ашкөздікті, имансыздық пен арсыздықты, білімсіздік пен надандықты аз сынаған жоқ.

Абайдың көзқарасымен Ахмет Байтұрсынұлының да пікірі үндеседі: «Білім жарысының басқадан артық бір жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсатқа тура тиеді. Еуропа байлары мұндай іске ақшасын басы бүтін қиып, жомарттық етеді. Ақшасын пайда қылып, сонымен малын көбейтуге шығармайды, әуелден-ақ жұрт үшін, көп үшін қайтпас қайыр құрбаным деп шығарады.

Біздің қазақ байларында Еуропа байларындай мол байлық жоқ, аз байлықпен халінше жомарттық қылатын байлар қазақта аз, жоқтың қасында. Біреудің малы көп болса да, саңылауы жоқ болады. Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын қазақта адамдар аз болады. Өзге жұрттан оңаша жүріп, қазақ басқа халықтармен бәсекелесіп, жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе. От басына келерлік бәлені ойлап, уайымдамайды. Қуанышы, қайғысы от басынан аспайды.

Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі екі ауылдың, екі таптың я екі рудың намысы деп ұғады» деп жазады Ахмет Байтұрсынұлы «Білім жарысы» атты мақаласында [6].

Сондай-ақ Абай философиясымен Дулат Бабатайұлының дүниетанымы мен көзқарасында да ұқсастық көп. Мысалы, Дулат Бабатайұлының «Сүлейменге» атты өлеңі Абай ойымен үндеседі.

«Батыр деме батырды,
Шеп құрған жауға шаппаса,
Төре деме төрені,
Ел тілегін таппаса,
Қару деме семсерді,
Шапқанда сүйек қаппаса,
Досым деме досынды,
Күле кіріп келгенде,
Күңіріне есік аттаса,
Жыршының аты жыршы ма,
Өркімнен өлең жаттаса?!
Сөз – жібек жіп, жыр – кесте,
Айшығы айқын көрінбес,
Өрнексіз тігіп баттаса,
Шешеннің аты шешен бе,
Таңдайға дәмі үйіріліп,
Даугердің тауын шаппаса?!
Дулатты Дулат деменіз,
Тас ағызып ағыны,
Төре алдында ақпаса» [7]!

Дулат ақынның бұл жырынан өмірге келген әрбір адамның өз миссиясы болатынын, әсіресе, батыр, төре, жыршы, шешендердің өз ісі мен кәсібіне адал болуы керектігін, әйтпесе,

атақтары қоғамдағы орнын айқындамайтынын баса айтады. Батыр, төре, жыршы, шешен – қазақ үшін қастерлі ұғым, сол атқа сай еңбек етпей, арзан атақты малдану – текті адамның әрекеті емес. Тұлғалық деңгейге көтерілген әрбір мәдени қаһарманның тұлғалық ерекшелігі процесс кезінде байқалады. Дулат Бабатайұлы – ел алдында жүрген тұлғаларға ғана емес, өзіне де қатаң талап қойған, ақын ретінде өз миссиясына адал болған зиялы адам.

Үмбетей жырау шығармашылығында Абылай мен Бөгенбай бейнесі ерекше дараланып, олардың болмыс-бітімі, адамгершілігі мен ерлігі, қоғамдағы орны жан-жақты сипатталады. Жыраудың Абылай ханға Бөгенбай батырдың өмірден өтуін естіртуі – бұл жоқтау өлең ғана емес, ерлік пен батырлық туралы, өз халқының бақыты үшін өмір сүрген адамның болмысы туралы жыр. Жаудан елі мен жерін қорғап, халқына қорған болған Бөгенбай батырдың ерлігі мен жүректілігі, адамгершілігі мен өрлігі талай шығармаға арқау болды. Үмбетей жырау жырына хан мен батырдың қарым-қатынасы, ханның жеңіске жетуіндегі батырдың орны, тұлғалық құндылығы арқау болады. Бөгенбай батырдың тұлғалық құндылығының негізі – тектілік, намыс, ерлік.

Жиырма жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда,
Алғашқы бақты тапқанда,
Шарыштың басын қаққанда,
Қанжығаңа бас байлап,
Жау қашты деп айғайлап,
Абылайлап шапқанда...
Ұмыттың ба соны, Абылай?!
Сол ерлікпен хан болдың,
Әлем асқан жан болдың,
Барша әлемге даң болдың,
Ұмыттың ба соны, Абылай?! [8]

Үмбетей жырау Абылай ханның ерлігін мадақтап отырып, ханды «өзін-өзі ұмытпауға» шақырады. Өткенін, бұл күнге қалай жеткенін ұмытқан адам кеуде керіп, айналасындағы адамдарды ұмытып, «адамдық қалыптан» шыға бастайды, бұл әсіресе, ел басқаратын адам үшін – қауіпті сезім. Үмбетей жырау шығармашылығында Абылай хан бейнесі – текті, елін сүйетін ер, қаһарман, қайсар, өжет, ар-ожданы биік, адамгершілігі, кісілік қасиеті жоғары тұлға. Абылай ханның тектілігі ақын-жыраулардың «қолдан жасаған» тектілігі емес, шын мәнінде, дара болмысымен, ақыл-ойының тереңдігімен, ерлігі мен отансүйгіштік сезімімен, парасат-пайымы мен адамгершілігімен, түйсігі мен көрегендігімен көпшіліктен ерекшеленіп туған жасампаз тұлға. Абылай тектілігімен тұтас ұлтқа тірек болып, қазақты қиын-қыстау кезеңнен аман алып шықты.

«Тұлғаның бағыттылығы оның мүдделерімен, бейімдерімен, сенімдерімен, мұраттарымен сипатталады және бұлар арқылы адамның дүниетанымы білінеді. Тұлға – тәрбиеші, өзін де, өнімді де еңбекпен жасайды. Нағыз тұлға – елін сүйген, елін сүйетін ерлер. Олар елдегі кемшіліктерді қалай түзетуге болатынын, оны түзету жолдарын ойластырады, сол үшін айтысады, тартысады. Бірақ кішіні қорлауға, ауыр еңбекпен жазалауға бара бермейді» [9] деп жазады.

Қазақтың ақын-жыраулары халықтың саяси-әлеуметтік тіршілігін зерттеп, рухани тұрғыда жетілдіруде орасан зор іс атқарды. Ақын-жыраулар кісілік құндылықтарды дәріптеп, жастарды Отанды, ұлтты, жерді сүюге баулып, оларды имандылық пен адамгершілікке бауырмалдылық пен мейірімділікке тәрбиеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сыпыра жырау. «Бай баласы байға ұқсар...»: жыр маржаны. – Алматы: Мереке, 2014. – 528 б.
2. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары: қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. / құраст. Ә.Н. Нысанбаев, С.Нұрмұратов. – Астана: Аударма, 2015. – Т.5 – 528 б.

3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2006. – 904 б.
4. Бес ғасыр жырлайды: 2 т. / құраст. М.Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т1. – 24 б.
5. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002. – Т.2. – 107 б.
6. Байтұрсынұлы А. Білім жарысы. – Алматы: Жалын, 1991. – 257 б.
7. Бабатайұлы Д. Шығармалары: өлеңдер, дастандар, мысал өлеңдер. – Алматы: Ана тілі, 2013. – 18 б.
8. Үмбетей жырау. Бөгенбай қазасын Абылай ханға естірту: жеті ғасыр жырлайды: 2 т. / құраст. Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы: Жазушы, 2008. – Т1. – 400 б.
9. Молдабеков Ж. Қазақтану және жаңару философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, – 2009. – 282 б.

Нургуль Абдразакова
Қ.И.Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық техникалық
зерттеу университеті

Қазақ мақал-мәтелдерінің психоанализ іліміндегі мағынасы (психологиялық сепарация)

Түйіндеме

Мақалада қазақ халқының мақал-мәтелдері мен дәстүрлерінің психоанализ іліміндегі мән-мағынасы жан-жақты қарастырылады.

Автор мақал-мәтелдердегі халықтың ғасырлар сынынан өткен, өзінің дұрыстығын дәлелдеген мол тәжірибесіне және психоанализ теориясына сүйеніп басты назарды қазіргі уақыттағы адамзаттың психологиялық мәселелеріне аударады. Себебі, ғасырлық тәжірибеге сүйенген мақал-мәтелдер диагностикалық сипатқа ие. Мақал-мәтелдердің астарлы мағынасы қазіргі таңдағы туындап отырған өмірдің мәні, бала тәрбиесіне, отбасылық өмірге дайындалуға, адамдармен қарым-қатынас құруға деген сұрақтардың жауабын табуда тағылымға толы құндылық болып табылады.

Автордың пікірінше қазақ халқында адамның жан-дүниесінің дамуы кезеңдерін ашып көрсететін, онда болатын мәселелердің алдын-алуға құрылған және салдары астарлы айтылған мақал-мәтелдер өте көп.

Қазіргі ғылым мен техниканың адам мен қоғам өміріне енуімен байланысты туындаған мәселе жан әлемінің сұрақтары болғандықтан, мақалада мақал-мәтелдер психоанализ теорияларына сүйене отырып талданады.

Түйінді сөздер: психоанализ, сепарация, мақал-мәтелдер, тұлға, қоғам.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері мен салт-дәстүрлерінің, өнер туындыларының психологиялық, психоаналитикалық астарын қарастыру ғылымдағы тың тақырыптардың бірі. Психоанализ тұрғысынан алсақ мақал-мәтелдерде, салт-дәстүрлерде тұлғаның психожыныстық дамуының барлық кезеңдеріне қатысты ақпараттар сақталған. Мақал-мәтелдерде, салт-дәстүрлерде, өнер туындыларында символикалық мән-мағына жатыр. Мақалада адамның тұлға болып қалыптасуындағы маңызды процестердің бірі сепарация тақырыбының ұлттық мәдениеттегі көрінісін қарастырып көрелік.

Ассоциативті психологияның дағдарысын жеңу үшін пайда болған психологиядағы алғашқы бағыттардың бірі психоанализ болды. Психоанализдің негізін салушы З.Фрейдтің теориясы құрылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, ізбасарларының саны жағынан да, идеялары жағынан да ғылыми әлемде жетекші орындардың бірін алып

келеді.

Психоанализ – бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас бала дамуының негізгі факторы ретінде қарастырылған алғашқы теория. Фрейдтің зерттеу, бақылау жұмыстары баланың сәби шақтағы жай-күйі, тәжірибесі оның кейінгі дамуында тұрақты және шешуші әсер ететінін көрсетті. Балалық шақтағы тәжірибелердің іздерін ретроспективті тұрғыда зерттеумен айналысқан Фрейд психология мен психиатриядағы жаңа дәстүрдің негізін қалады.

3.Фрейд бала психикасының қалыптасуы мен дамуының детерминанттарын пренаталдық кезеңнен бастап, ересек адамның жетілген тұлғасы қалыптасқанға дейінгі кезеңдерді қоса зерттеді. Фрейд өзінің «Ғылыми психология жобасы» (1894), «Күнделікті өмірдің психопатологиясы» (1901), «Сексуалдылық теориясының үш очеркі» (1905), «Қайғы мен меланхолия» (1917) және т.б. еңбектерінде сепарациялық мазасыздық пен невроздардың пайда болуы барысында жыныстық құштарлық -либидоның маңызды ролі туралы болжауын ұсынды.

Ол психосексуалды даму кезеңдеріне объектімен байланысты туындайтын сезімдер мен қобалжулар және ассоциативті қиялдар арасындағы ұқсастықты анықтай бастайды. Яғни, туылу, ана сүтінен ажырау, бауыр басқан объектісін жоғалту, сүйіспеншілікті жоғалту, жазалау т.б. Ана жатырынан ажырап туылу алғашқы жарақатты білдірсе, сәби шақтан ересек шақтағы кезеңдердегі бөлінулер түрлі жарақаттардың сапасын қалыптастырады..

Фрейдтің тұжырымы бойынша объектімен бірегейлену Эго және Супер-Эго құрылымының қалыптасуында аса маңызды. Баланың Эгосы дәрменсіз болғандықтан, оның бауыр басқан объектісі (ата-анасы) мазасыздығының реттеушісіне айналады.

Фрейдтің тұжырымдауынша балада сепарациялық мазасыздық объект ретінде анасынан ажырау себепті либидиоздық құштарлықтың қанағаттанбағандығынан туындайды. Бұл процестің сәтті өтуі қазақ халқының дәстүрлерінен көрініс табады. Баланың ана құрсағында біткенінен бастап баланы өз алдына бөлек әлем, адам ретінде мойындау «Құсақ шашу» дәстүрінде айқын көрініс тапқан. Бұл дәстүрдің астары дүниеге келер сәбиді қабылдау, оны жеке адам ретінде мойындау. Психоаналитик анализантқа алғашқы сұхбат жүргізу барысында осы кезеңге ерекше назар аударады. Адам анасының құрсағында біткеннен бастап оны анасының, әкесінің, ата-әжесінің қалай қабылдауы, адамның өмір сүру барысына толық әсер етеді.

«Ертеректе асқа тәбеті соқпай, бойында өзгерісі бар келінді байқаған жан оның енесіне келіп, «Келініңіз ақ алғысты болыпты» – деп астарлап жеткізеді. Жөн білетін ене бұл қуанышқа ризашылығын білдіріп, «құлақсүйіншісін» береді. Мұнан кейін сол үйдің енесі ақ орамалды үлкен үйдің оң босағасына байлайды. Бұл келіннің «ақ алғысты» болғанын өзгелерге жеткізіп, жақсылықты жариялау. Сол белгіні көрген ауыл адамдары да оған құрметпен қарап, қол көмегін көрсетуді өздеріне парыз санаған» дейді Зейнеп Ахметова [1].

Құрсақ шашу тойына келген әйелдер «Жерік асын» әкелген. «Жерік асты» аяғы ауыр әйелдің қалаған асына деген қажеттілігін өтеу мақсатында әкелінеді. Бұл медицина тілімен жүкті әйелдің бойында прогесторон гормонымен байланысты өзгерістер десек, психологияда баланың жеке адам екендігін біліп, оның қалауын орындау, оны тыңдау, оны жеке адам ретінде құрметтеп, қабылдау. Бұл дәстүр баланың сепарациядан дұрыс өтуінің алғышарты. Баланы тәуелділікке байлап қоймай, оның өзіндік екендігін білу даналығы. Бұл туралы Н.Молдабайқызы «Өзге бұлақ» кітабында «Психология ілімі адам болмысының қалыптасу іргетасы ана бойына біткен күннен бастап, құрсақтағы өмірі мен туған кезінде-ақ орын алып қоятындығын 20 ғасырда білсе, қазақ оны қазақ оны атам заманнан білген» деп атап көрсетеді [2].

Сепарация процесінің бір кезеңі баланы анасының сүтінен шығару. Баланы аяқ астынан дайындықсыз ана сүтінен шығару, баланы сору рефлексі арқылы ләззәт алу мүмкіндігінен айыру тұлғаның психикалық даму сатысындағы ауыз қуысы кезеңіндегі

бұзылысқа әкеледі. Либидиналды ләззатқа деген құштарлықтардың қанағаттанбауы баланың ата-анасынан табиғи бөліну процесін бұзады және ол баланың тек балалық шағында ғана емес, сонымен бірге есейген шағында да ата-анасына деген тәуелділікті қалыптастыруы мүмкін.

Қазақ халқында «Етекке оратылған емшектегі бала» ұғымы бар. Бұл сөз тіркесінің астарына үңілсек, баланың алғашқы қадам басқан кезеңі мен әлде де басқа ойын балаларына ілесуге дәрменсіз кезі. Шамамен, 9-10 ай мен 1,5 жас. Психотерапевт Н.Молдабайқызы «Өзге бұлақ» кітабында «Деликвенттілік, үрей, депрессия сияқты психологиялық, психиатриялық бұзылыстарды ғалымдар осы кезеңдегі ана мен бала арасындағы көзге көрінбейтін қарым-қатынастың бұзылуымен байланыстырады. Яғни, емшектегі баланың ана етегіне жабысып өмір сүруі-тек қалыпты жағдай ғана емес, сонымен бірге бала дамуының қажетті алғышарты» [2].

Қазақ дәстүрлерінде сепарациядан сәтті өткізуге байланысты дәстүрлер: қыркынан шығару, бесікке салу, тұсау кесу, атқа отырғызу т.б. баланың жас ерекшеліктері байланысты жөн-жоралғылар. Баланың тәрбиесінің психологиялық астарын білдіретін сөз тіркестері, мақал-мәтелдердің: «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қарт келіп сәлем берер», «Он үште отау иесі», «Аяқтану», «Бұғанасы беку», «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Сыртқа тебу», «Бауырына басу», «Отырса опак, тұрса сопак», «Жаламаған балаға емшек қайда», «Балиғат жасы», «Ойын баласы», «Жетіге келгенше жерден таяқ жейсің», «Қызға қырық үйден тыйым, ұлға отыз үйден тыйым» т.б. терең психоаналитикалық астары бар.

Психоаналитик-ғалымның бақылаулары көрсеткендей баланың ересек өміріне балалық шақтағы сепарациямен байланысты кез-келген үзінді тұрақты және шешуші роль атқарады, әсер етеді. Ол ересектерге мүлдем елеусіз болғанымен, баланың жанын терең жаралаған болуы да мүмкін.

Фрейд баланың дәрменсіздігі мен тәуелділігі күрделі эмоционалды қобалжулар мен тәжірибенің пайда болуын тудыратынын атап өтті: баланың алаңдаушылық сезімі, қауіпсіздікке деген қажеттілік және сонымен бірге сүйікті болуға деген ұмтылыс. Психологиялық бөлінудің тұлғалық дамудағы маңызын төмендегі бірқатар ғалымдардың еңбектерінен де көре аламыз.

Дж.Хоффман баланың ерте шақтан ата-анасынан психологиялық бөлінуі тәуелсіздікке жетуі секілді деп қарастырады.

Дж.Бюбли «Теория привязанности» еңбегінде баланың ата-анасымен эмоционалды жақындығының маңыздылығын көрсетті. Егер баламен қарым-қатынаста ата-анасы сенімділік ұялата білген болса, жасөспірім шақтағы сепарация жеңіл өтеді. Және жасөспірім ата-анасынан бөліне отырып, тәуелсіздікке ұмтыла біледі, сонымен қатар ата-анасына деген өзара құрмет, сенім және жақындықты сақтай біледі [3].

Б.Ф.Скиннер, А.Бандураның ғылыми көзқарастарына сүйенсек, баланың анасынан психологиялық бөлінуі балаға үйрету, тәрбиелеу арқылы жүреді, яғни жағымды немесе жағымсыз түрде сіңіру.

М.Боуэннің пікірінше, отбасының қызметі, отбасындағы қарым-қатынастар атан-анадан психологиялық бөліну процесімен байланысты. Ата-анамен қарым-қатынастағы эмоционалды жақындық, сенім, отбасындағы жұмылу білу жасөспірімге психологиялық сепарацияның күрделі процесінен сәтті өтуге көмектеседі [4].

Сәтті және қайшылықсыз өткен сепарация баланың отбасыдан толық бөлінуі және идентификациялануының мүмкіндігі мен гармониясы болып сесптеледі. Бала шақтан тұлғалық дамудың сәтті жүруі үшін ата-анасымен эмоциялық қатынастың сақталуы да маңызды. Психологиялық бөліну немесе ата-анадан сепарациялану туылғаннан бастап жүретін күрделі процесс. Және түрлі жас айырмашылық кезеңінде түрліше: кейде бірқалыпты жүрсе, кейде күшейіп, кейде бәсеңдеп отырады. Психологиялық сепарацияның қалыпты аяқталуының көрсеткіші жас адамның ересек өмірге дайын екендігін, психологиялық саулығын, ішкі еркіндігін білдіре отырып, ата-анасына, қоғамға

құрмет, жауапкершілік, қарым-қатынас құра алу қабілетін көрсетеді.

1. <https://qarmaqshy-tany.kz/zanalyk/ruhaniyt/11959-rsa-shashu-turaly-ne-blesz.html>
2. Нұргүл Молдабайқызы. Өзге бұлақ: балаға қараудың экзистенциялық негіздері. - Нұр-Сұлтан :2022 жыл. – 112 б
3. Боулби, Дж. Привязанность / Дж. Боулби; перевод. с англ. Н.Г. Григорьевой, Г.В. Бурменской. – Москва: Гардарики, 2003. – 447 с.
4. Теория семейных систем Мюррея Боуэна: основные понятия, методы и клиническая практика / под редакцией К. Бейкур, А.Я. Варги. – Москва: Когито-Центр, 2005. – 496 с.

Значение казахских пословиц в обучении психоанализу (психологическая сепарация)

Нургуль Абдразакова
nurgul-abdrzakova@mail.ru
Satbayev University, Казахстан, г. Алматы
Эсмурат Асем
a.esmurat@satbayev.university
Satbayev University, Казахстан, г. Алматы

Резюме

В статье подробно рассматривается значение пословиц и традиций казахского народа в психоанализе.

Основное внимание автор обращает на психологические проблемы современного человечества, опираясь на богатый опыт народа в пословицах, прошедших проверку веками и доказавший свою правильность, и теории психоанализа. Это потому, что пословицы, основанные на многовековом опыте, носят диагностический характер. Метафорическое значение пословиц – это смысл текущей жизни, воспитательное значение поиска ответов на вопросы о воспитании детей, подготовке к семейной жизни, построении отношений с людьми.

По мнению автора, в казахском народе существует множество пословиц, раскрывающих этапы развития души человека, и созданных для предотвращения проблем, которые могут в них возникнуть, и подразумеваются последствия.

Поскольку проблемы, возникающие в связи с внедрением в жизнь человека и общества современной науки и техники, являются вопросами души, в статье анализируются пословицы на основе теорий психоанализа.

Ключевые слова: психоанализ, сепарация, пословицы, личность, общество.

The meaning of Kazakh proverbs in the teaching of psychoanalysis (psychological separation)

Nurgul Abdrazakova
nurgul-abdrzakova@mail.ru
Named after K. I. Satpaev

Kazakh national technical
research university
Esmurat Asem
a.esmurat@satbayev.university
Named after K. I. Satpaev
Kazakh national technical
research university

Curriculum vitae

In the article, the significance of the proverbs and traditions of the Kazakh people in psychoanalysis is considered in detail.

The author draws the main attention to the psychological problems of modern mankind, relying on the rich experience of the people in proverbs, which has passed the test of centuries and proved its correctness, and the theory of psychoanalysis. This is because proverbs based on centuries of experience have a diagnostic character. The metaphorical meaning of proverbs is the meaning of the current life, the educational value of finding answers to questions about raising children, preparing for family life, building relationships with people.

According to the author, there are many proverbs in the Kazakh people that reveal the stages of development of the human soul, and are created to prevent the problems that may arise in them, and the consequences are implied.

Since the problems arising in connection with the introduction of modern science and technology into the life of man and society are questions of the soul, the article analyzes proverbs based on the theories of psychoanalysis.

Key words: psychoanalysis, separation, proverbs, personality, society.

МАЗМҰНЫ

1. Мейрбаев Б.Б. Ұлықпан Сыдықовтың ғылыми еңбектеріндегі руханият және технократия: қабысуы мен қайшылықтары-----	4 б
2. Нұрғалым К.С. Бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық-----	5 б
3. Бердібаев Р.Ш. Ақпараттық қауіпсіздіктің саяси және техникалық аспектілері-----	10 б
4. Салқынбек Д.И., Қалмырзаев Е.С. Ғылым мен ғибрат тұнған ғұмыр-----	19 б
5. Жаксыликова К.Б., Үдербаев А.Ж., Ұ.Е. Сыдықовтың «Тіл – ұлттық рухтың қайнар көзі» қағидасының практикалық аспектісі жайында-----	27 б
6. Сабырбаева Р.Қ., Мұхамадиев Д.Б., Бегманова Б.С. Академик Ұ.Е. Сыдықовтың ақындық әлемі-----	31 б
7. Адилова Ф.А. Ұстаз Ұлы тұлға-----	34 б
8. Әбжанов Х. Қазақ зиялысы және руханият-----	37 б
9. Салқынбек Д.И. Ақпараттық қоғам және тарихи сана-----	53 б
10. Н.М.Зыкова Влияние информационного общества на сознание молодежи-----	57 б
11. Г.А. Давлетова, К.К. Чатыбекова, Значение и роль истории Казахстана в подготовке инженерных кадров. -----	60 б
12. Кенебаев Г.Ж. Роль общественных наук в формировании личности нового казахстанского общества-----	64 б
13. Салқынбек Д. И. Жайықтың төменгі бойы қазақтарының сауда-саттық қарым-қатынасы-----	66 б
14. Абдихапарова Г. А., Амантай И. Қазақ философиясындағы жастардың арасындағы руханилық мәселесінің маңыздылығы-----	72 б
15. Ыдырыс З.М. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің кеңестік кезеңде зерттелуі-----	78 б
16. Абуханов Ш.А. Саяси ғылымының қалыптасуы мен дамуы-----	81 б
17. Қалмұрзаев Е.С. Ақпараттың қоғам жағдайында XX ғасырдағы қазақ көтерілістерін зерттеудің кейбір мәселелері-----	86 б
18. Тумабаев Т. С. Қазақстан Республикасы: рухани жаңғыру жолындағы тәуелсіз қадамдар-----	89 б
19. Манапова С.И. Ақпараттық қоғам философиясы: жаңа идеялар мен мәселелер-----	97 б
20. Кенебаев Г.Ж. Глобализация и преемственность в развитии духовной культуры---	100 б
21. Анасова К.Т., Мургабаева А.С. Жаһандану жағдайындағы құндылықтар жүйесіндегі дәстүрдің мүмкіндіктері-----	102 б
22. Манапова С.И. "Философия" және инженерлік мамандық студенті: ия немесе жоқ.-----	107 б
23. Раджапов Ш. Ф., Анапияева Г.Б. Медицинадағы виртуалды шындық технологиялары-----	112 б
24. Шәпи О.А. Курманалиева Ш. Медицинадағы 3D баспаның даму болашағы-----	116 б
25. Анапияева Г.Б., Чаусов Р.А. Медицина в нашей жизни-----	120 б
26. Қалмұрзаев Е.С. XX ғасырдың 20-30 жж Қазақстандағы саяси-әлеуметтік үрдістердің дерекнамалық негіздерін ашық қоғам жағдайында зерделеу-----	124 б
27. Кабдушев Б. Ж. Әділет халық комиссариаты туралы деректер мен ақпараттарға саяси талдау-----	127 б
28. Қалмұрзаев Е.С. Коммунизм қасіретін ашық қоғам жағдайында қайта талдау-----	132 б
29. Исатаева Г.Ж. Научно-технический прогресс XX века и философия О.Шпенглера-----	136 б
30. Абдиева Г.И. Личностное развитие специалиста ориентированного на успешное будущее в условиях конкурентных отношений-----	140 б
31. Оспанов Т. Т. Национальная идентичность как приоритет модернизации	

общественного сознания-----	143 б
32. Кудерина А. Н. Қазіргі заманауи жағдайындағы руханият мәселелері.-----	145 б
33. Е.Н. Чермухамбетов Идентичность как субстанциональная основа формирования религиозного сознания-----	149 б
34. Қасымбаева Г. Н., Туяқбаева М. Ш. Болашақ мамандарды дайындауда интербелсенді оқыту әдістемесін қолдану тиімділігі-----	154 б
35. Анапияева Г.Б. Развитие современного общества и социальные проблемы-----	159 б
36. Нұрғалиев Қ.Т. Абай дүниетанымының арқауы ғылым және білім.-----	165 б
37. Туганова Э. А. Хиджаб в религиозной культуре современного Казахстана-----	169 б
38. Сарбасова А.Б. Ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық ойындардың рөлі-----	174 б
39. Омарғазы Е., Сумесинов А. Академик М.Ә.Әлиевтің өмір жолы мен өнегесі.----	180 б
40. Хамытхожаева Д., Байқоңысова Ф. Геологияның қазіргі мәселелері және Қазақстанның минералдық-шикізаттық базасын толықтыру.-----	184 б
41. Хамытхожаева Д. Тәуелсіздік тұғыры.-----	193 б
42. Yerbolat Kadenov. Mechanisms for the formation of educational motivation of medical students-----	195 б
43. Демеубекова К. К. Язык как основное средство передачи культуры-----	200 б
44. Оданова С.А. Тілдік құбылыстардың Абай шығармалырындағы көрінісі.-----	203 б
45. Дармен Қалиолаұлы. Ұлттық ділдің қалыптасуының ерекшеліктері-----	209 б
46. Мантаева Т., Ғайыпназаров Б.Б. , Жаппарбекова А. Абай Құнанбайұлы және қазақ мәдениетіндегі тұлға мәселесі.-----	210 б
47. Бакижанова Ә.Ж. Бөкей ордасындағы халық ағарту ісінің дамуы.-----	213 б
48. Жаппарбекова А., Тилеубаева Г. Қуандық Н., Гаипназаров Б. Жергілікті өзін-өзі басқару билік институты ретінде: әлеуметтік-саяси аспекті.-----	218 б
49.Мантаева Т., Ағұлықова Ұ., Гаипназаров Б. Ақын-жыраулар шығармашылығындағы тұлғалық бейнелер.-----	222 б
50. Абдразакова Н.А. Қазақ мақал-мәтелдерінің психоанализ іліміндегі мағынасы (психологиялық сепарация)-----	228 б

